

1234
5678

MAHARAJA



MAHARAJA

Қаз
МЗ

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті

Мәшһүр – Жүсіп

Шығармалары. 3 том.

Павлодар, 2003 ж.

Павлодар-Ертіс өңірі этно-мәдени зерттеулер бағдарламасы
бойынша (2001-2004 ж.)

Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. 3 том. Павлодар қ.:
“ЭКО”ҒӨФ, 2003. — 382 бет.

Кітапқа Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының бұрын басылған таңдамалысына (Алматы, Ғылым, 1990, 1992 ж.) еңбеген тың материалдар, ақынның діни дастандары енгізілген.

Атап айтқанда: көне аңыз дастандары: “Ақыреттің егіні”, “Ібіліс шайтан хикаясы”, “Опасыз әйел”, “Яһуда, Патрос әңгімесі”, “Әдһам диуана мен Ибраһим”, “Екі жігіт пен бір шалдың әңгімесі”; Мұхаммед пайғамбарға арналған қиссалар және одан кейінгі кезеңді бейнелеуге арналған аңыз үлгілері: “Ахтам хазірет пен Ғалы батыр”, “Сараң бай мен Ғалы арыстан”, т.б. топтастырылған. Қазақтан алғаш қажыға барғандар туралы жазылған: “Шонтыбай қажы”, “Жантемір қажы”, “Нүсіпхан” – деректі дастан үлгілері ретінде келтірілген. Кітап қазақ әдебиетін, тарихын, философиясын т.б. білгісі келген мамандар, қалың көпшілік үшін бай материал береді.

Редакциялық алқа:

Арын Е. М., Қирабаев С., Құсайынов А. Қ.,
Мәшһүр-Жүсіп Қ. П. (жауапты редактор), Қасқабасов С. А.,
Нұрғалиев Р., Әбусейітова М. Қ., Негимов С., Дәуітов С.,
Жүсіпов Н. Қ., Жүсіпов Е. Қ.

Пікір жазғандар: А. С. Еспенбетов – Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университеті профессоры, фил. ғыл. докторы;
Д. Б. Скакуды – Д. Н. Тумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің профессоры, фил. ғыл. докторы.

Жинақты ескі араб (халим) жазуынан аударып, баспаға әзірлеп құрастырып, ғылыми түсініктеме беруші – Гүлназ Қуандыққызы Жүсіпова – фил. ғыл. кандидаты.

КІТАПХАНАСЫ

І. Аңыз дастандар

Ібіліс шайтан хикаясы

Бір күні отыр едім кітап оқып,
Тауарих кітаптарын тәптіш етіп,
Құданың құдіретінің тамашасы
Ойыма бір хикаят келді жетін.

Кітаптан жалғаны жоқ оқып көрдім,
Ойланып әрбір қиял ойға кірдім.
Хадистен аят пенен көрген сөзді.
Қазақша переводтап жаза бердім.

Сөзім бар тыңдағандай көрі-жасқа
Қынадай жабысады кара тасқа.
Жаратқан жаһаннамда әуел құдай
Мақұлықты екі түрлі формы басқа.

Деп айтар: “Тәблит, Жәблит” қазақша аты,
Жаралған болып мақұлық, оттан-заты.
Арыстан (арыслан) суретінде болып Тәблит,
Құйрығы жыландай боп қияпаты.

Ол және өзі еркек, ұрғашы емес,
Кітаптан көріп мұны қылдым кеңес.
Бекердей білмегенге айтылған сөз
Молдалар кітап көрген бекер демес.

Жәблиттің формы қасқыр сықылданған,
Құйрығы тасбақадай домаланған.
Жаралған ұрғашы боп әуел бастан —
Бұл сөзім кітапта бар, деме жалған.

Екеуі ерлі-байлы болды жұпты,
Тозақтан жаратылып бұлар шықты.
Қосылып (қатысып) бір-біріне Хақ өмірмен,
Олар да өз заңынша буаз бопты.

Кітаптан корген сөзді қылдым баян,
Болса да бізге — күмән, тәңірге — аян.
Бір қабат шағылысқан екеуінен
Туыпты тозақтағы жылан-шаян.

Бұлардың тозақ болды тұрақ-жайы,
Болғанда бірі — қатын, бірі — байы.
Екеуі және екінші шағылысты,
Қылған соң солай жарлық бір құдайы.

Буаз боп және екінші іші толды,
Бұларға көрсетін түр тәнірім жолды.
Көтеріп бір құрсақтан бала қылып,
Жеті қыз тапқан екен, жеті ұлды.

Ұл мен қыз өсті дейді бойға жетіп,
Біріне бірін қосты неке (никах) етін.
Алтауы ерлі-байлы болып тұрды,
Атаның әр не деген әмірін күтіп.

Біреуі өкпеледі разы болмай,
Өзіне, қосағына көңілі толмай,
Алмастан қалындығын кетті тастап,
Сөзіне атасының мойын бұрмай.

“Жалғаннан өтем — дейді, — алмай қатын,
Құдайдың қыламын, — деп, — ғибадатын”.
Жөнелді ата-ананың тілін алмай,
Дейді екен: “Абулхарис” — оның атын.

Құдайға неше мың жыл құлдық (құллық) етті,
Пәк сақтап (сақлап), өзін-өзі дінін күтті.
Тақуалық, тазалықпен өнері асып,
Мүлкіне сегіз жұмақ (ұжмақ) барып жетті.

Тіл алмай ата-анадан кетті қашып,
Жүрмеді таһаратсыз жерді басып.
Құданың құдіретіне жақын (иқын) болды,
Бәрінен періштенің өнері асып.

Халайық, жалғаны жоқ сөзіме нан,
Құдайдың құдіретіне қаларсың таң.
Мұқараб дәрғаһына болғаннан соң,
Бәріне періштенің сайланды хан.

Жетіліп періштеге хан болыпты,
Бұл сөзім білгендерге таң болыпты,
Тұқымы ана қалған алтауынан
Бірталай өсіп-өніп жан болыпты.

Бү күнде жан нәсілі болған хаят
Хақында кітаптарда (кітаптарда) бар рауаят.
Уалжан жығылте мен Әлнар симум,
Дәлелім бұл сөзіме — құранда аят.

Айтайын Абулхарис хикаятын
Жақтырмас білмеген жан (танымаған) сөздің затын.
Хан болып періштеге сайланған соң,
Ұлығлап: “Ғазазіл” — деп қойған атын.

Білдің бе кім екенін енді мұның?
Артылды дәрежесі сол күнде оның.
Хан болып періштеге сайланған соң,
Әуелі, білші ақыры жақсы (иыхшы) соңын.

Патша боп салтанатты (салтанатлы) мінді таққа,
Жүргізіп һүкіметін әрбір жаққа.
Ұлықтық дәрежеде хадтен асты,
Қылып түр тәңірім оны сынамаққа.

Мұнымен дәурен сүріп көп күн өтті,
Бұрынғы өткен күндер ойдан кетті.
Бет сүртер қолындағы орамалы
Желменен көтеріліп ұшып кетті.

Мінезі болды дейді қиын тарлық,
Ұлықтық (үлүғлық) саясатын қылды барлық,
— Алып кел орамалды, тауып жылдам!—
Деп сонда Жебірейілге қылды жарлық.

Жебірейіл қол астында мұның болды,
Тәңірі оған жақын қылған алыс жолды,
Желге ұшқан орамалды алып келіп,
Бере алмай ебін тауып мың жыл тұрды.

Бір лебіз оған жауап қата алмады,
Тыныш тауып отырып, жата алмады,
“Мінеки, орамалың”, — деп беруге
Ұлықтық мінезінен бата алмады.

Болыпты сондай ұлық болған күнде,
Патша боп періштеге тұрған күнде
Мінезі сондай қатты қиын екен,
Сонша асып шарасынан толған күнде.

Ойда жоқ болам деген бір күн харап,
Мас болған ғапілдіктен (ғапілліктен) ішіп шарап.
Түкірігім жерде түсіп қалмасын деп,
Түкірген созып мойнын көкке қарап.

Аз күнде қылып өткен көп арманын,
Қойған соң құдай беріп бұ жалғанын.
Түспеген түкірігі сонда жерге
Құдайым қабыл етіп ойға алғанын.

Өзіне патша құдай қойды еркін,
Беріпті билігіне дүние – мүлкін.
Ғарыштың (ғаршының) есігінде бір жазуды (иазуды)
Жиылған көп періште көрді бір күн.

Қорқысты періштелер: “Бұ не хал?!” – деп,
Жазыпты: “Көрген пендем, ұғып ал!” – деп,
“Үшбү жүрген мүлкімде бір құлыма, –
Жазыпты – қатты қаһар, лағынет бар!” – деп.

Періште бәрі тегіс шошып кетті,
Патшасы Ғазазілге келіп жетті,
– Біз қорықтық бір нәрсені көріп ғарышта
Дұға қыл, болмағай-ды, тақсыр! – депті.

Ғазазіл сонда тұрып дұға қылған:
“Сақта – деп, –періштелерді!” – қорыққанынан.
Айтпады өзін сақта (сақла) деп сол уақытта,
Әр істі жақсы-жаман құдай қылған.

Мұнан соң не болады, ойла ақырын,
Тауысар сөйлей берсе, пенде ақылын!
Құданың енді болды ирадасы,
Дүниеге келтірмекке біз пақырын.

Дегенім бізден мұрат Адам ата,
Кетейін бәрін сөйлеп біржолата,
Қате сөз жалғыз-жарым бола қалса,
Жарасар пенделікте болса қата (қате).

Топырақтан әбуалбышыр – Адам қылды,
Бір дүние мұның өзін ғалам қылды,
Адамға шарапатты (шарапатлұ) ғылым беріп,
Нығыметін бұған берген тамам қылды.

Адамның періштеден білімі асты,
Нұр құйып Хақ тағала ділін ашты.
“Фасаужүді уәли адам” – аят келін,
Сәждеге көп періште қойды басты.

Сәждеге көп періште қойды басын,
Адамның артық қылды дәрежесін,
Ғазазіл мойын сұнбай, тұрып қалды,
Түсірді қақ мойнына тауиқ тасын.

Бастарын (башларын) періштелер көтеріпті,
Ғазазіл бір сұмдыққа килігіпті.
Қорыққаннан:”Мынадайдан сақтай (сақлай) гөр!”—деп,
Сәждеге және екінші илігіпті.

Ғазазіл наумид болды сол бір кезде
“Ібіліс” деп ат қойылды тағы да өзге.
Сәжденің бірі – парыз, бірі – уәжіп.
Екеу боп сол себепті (себеплі) қалды бізге.

Басына тауқи лағынет жетті дейді,
Құдайым оған қаһар етті дейді,
Бір мінез төкаппарлық қыламын деп
Қуылып дәрғаһынан кетті дейді.

Алхияз балла Кәрім-Рахман
Қорқыныш көп қыламын аһи афған.
Рахман атқа қосам деп қылып фағлан
Ат қойды сонда өзіне Ібіліс шайтан.

Ағузу билламин ал шайтан
Мұңымды хақтан басқа кімге айтам?
Сонан соң ол Ғазазіл тілек тілер,
Аз ғана мазмұнынан қалам тартам.

Лағынның тілек тілегені:

– Жарандар, тыңда (тыңла) сөзім салтанатты,
Тындасаң, бұл сөзімді балдан тәтті.
“Рауаят пайғамбардан! “ – деп сөйлеткен
Сахаба Әнес ибн Мәлік атты (атлы).

Айтады сөздің шынын Мөшһүр ақын,
Құдайға шын сөзді адам болар жақын,

Ғазазіл малғұн шайтан қылып арыз (ғарыз),
Құдайдан талап қылды қызмет хақын:

– Білемін ақыр бір күн өлмегімді,
Шарасыз тағдырыңа көнбегімді,
Ғаламның он сегіз мың патшасысын
Жейсің бе менің құдай еңбегімді?!

– Әзелден біліп едім жалғаныңды,
Шет болып білдің бүтін қалғаныңды!
Бейнесіп ақыреттен мақрұм қалдың,
Жалғанда сұра ойыңа алғаныңды!

Малғұн.

Кимесе қолдан тігіп киім қайда,
Бұрынғы салтанатты күйім қайда?!
Баспана адамдарға бердің үйді,
Сұраймын әуел сенен: “үйім қайда?”

Ж. (Не “Жаратушы”, не “Жаббар”—сөзі болуы
мүмкін—Г.Ж.)

Һәм қалдың көрмей дүкен, жетпей ойың,
Осылай болды сенің жайы-күйің.
Қалдым деп баспанасыз болма арманда,
Дүниеде монша болсын сенің үйің.

Малғұн.

Құлшылық көп қылып ем әрбір жайда,
Болмады бір тиындай жанға пайда,
Оқитын адамдарға бердің құран,
Құраным оқитұғын менің қайда?!

Ж.

– Әуелден пиғылың бұзық, ойың (ісің) жаман,
Кетпедің сол себептен болып аман,
Айтылған домбырамен жиын-тойда
Әй, малғұн, болсын құран өлең саған.

Малғұн.

Жаралған әурелікке менің басым,
Не керек мұнша дәурен сүрген жасым?
Ас, қорек адамдарға тағам бердің,
Көнеки, ішіп-жейтін менің асым?!

Ж.

Еңбегін еш пенденің жемейміз біз,
Өз пиғылың болып тұрған (жүрген) өзіңе кез.
Тағамың сенің малғұн осы болсын:
Ас ішсе егер біреу бисмилласыз.

Малғұн.

Мен бұрын қызметіңе жүрдім жарап,
Бұл күнде құр алақан қалдым қарап.
Сүт-қатық адамдарға (адамларға) сусын бердің,
Канеки, ішетұғын маған шарап?!

Ж.

Адамды қылар батыр қару-жарақ,
Түзейді қыздың коркін айна-тарақ,
Бір жұтса мас қылатын ішкен жанды
Шарабың сенің, малғұн, болсын арақ!

Малғұн.

Басымнан арылмаған қалың сорым,
Жалғанда маған керек әрбір форым.
Адамға аң ұстайтын қақпан бердің,
Канеки, менің қайда қақпан торым?

Ж.

– Сен жолдан шығарарсың ғапілдерді (ғапылларды),
Өзіңе жуық жүрген жақындарды.
Адамды тұзағыңа түсіруге
Еркіңе бердім, – дейді, – қатындарды.

Х Х Х

Хадисте үшбу сөздер қылынған иад,
Біледі кітап көрген барша адамзат.
“Жұмысым мұныменен бітпеді ғой!” –
Дегендей Ібіліс лағын (малғұн) болмады шат.

Ібілістің қылған шайтан асыл затын,
Алладан алып тұр ғой тілеп хақын!
Мұнымен кетсе сөзім қысқа болар,
Айтайын анық қылып переуатын (переводын).

Көңліне ұнамаған болды жері,
Ішінен еркін онша кетпей кірі.
Ойында бір дүдәмал қапы бардай,
Жаркылдап келіспейді ажар-түрі!

[Малғұн]

— Жарайды, мен мұнына деймін “пәлі!”
Көңліме орнықлады мұның бәрі.
Алдым деп қалағаным мәз болмаймын,
Болмады-ау ойымдағы еркін әлі!

[Ж].

— Билігін бұ жалғанның бердім тегіс
Болмайды-ау дүние ісінде сенсіз келіс!
Еркінмен өзін билеп жұмса — дейді,
— Дүниеде қанша болсын алтын-күміс.

— Келмейді-ау шығарғысы қолдан, — дейді,
— Айырылмас бұған жолдас болған! — дейді,
— Дүниемен күміс-алтын алдандырып,
Талайды шығарарсың жолдан! — дейді.

Малғұн.

Қызығы бұл дүниенің жиған малдай,
Көреді дүниеқорлар малын жандай!
Кететін мойынын бұрмай адамдар көп,
Ілтипат мал мен құлға назар салмай.

Ж.

— Жараттым ішіп жейтін жақсы тағам,
Бірін — халал, біреуін қылып харам.
Жібектен (жифакдан) атлас, торғын қылдым киім,
Бұларсыз күн көре алмас жүрген адам.

— Жабыспа қайта-қайта маған! — дейді,
— Жақсы киім, ләззатты тағам, — дейді,
— Дүниеде не қызықты нәрсе болса,
Билігін бердім түгел саған! — дейді.

Малғұн.

— Киер киім, ішер ас-тағам — дейді,
— Бәрін оңай, бере берсең маған! — дейді,
— Осал жіп мұның бәрі үзілетін,
Арқан бер үзілмейтін маған! — дейді.

– Алданып бұларыңа надан токтар,
Қалады әуре болып ақылы жоқтар.
Тоя ішкен аста (алсыт) хымыран мастарың бар.
Қайтпайтын маңдайынан тисе шокпар.

Дүние деп, алтын-күміс малданбайды.
Қызық деп, бұл жалғанды таңданбайды.
Дүниенің (жалғанның) баянсызын білген ерлер
Бұлардың ешбіріне алданбайды.

Жараттың шайтан қылып мені сорға,
Мен жүрмін түсірем деп адамды орға.
Кететін жемге айналмай (айланбай) сұңқарлар көп,
Түспесе үзілмейтін жібек торға.

Ж.

– Арызыңды сенің қабыл көрдім, – дейді,
– Шын біліп бұл сөзіне көндім, – дейді,
– Арак, сырнай, керней, сыбызғыны, –
Тамаша сауық үшін бердім! – дейді.

Х Х Х

Бір Алла бұл малғұнға бәрін берді,
Сол үшін ерікті болып шайтан жүрді.
Алданып біраз көңлі мұныменен
Мырс етіп, бүтін күлмей, жарты күлді.

Дөнікті қалағанын берген сайын,
Жалғанды бергендігі болды дайын.
“Болмады-ау өлі түтел!” – дегендей қып,
Және айтты шайтан лағын мәні-жайын.

Малғұн.

Жараттың жақсы-жаман екі айыр жол,
Адамның бір жағы – оң, бір жағы – сол!
Адаспай жақсы жолдан жүрер түзу,
Кімде-кім болып жүрсе өзіңе күл!

Оң жолға басшы болған пайғамбарлар,
Олардың соңына ерген қанша жандар?!
Көрсетіп мұғжизамен тамаша істі,
Ие боп жақсылыққа кеткен анлар (олар).

Қылып ең мені басшы жаман жолға,
“Дүниеде себеп бол, — деп, — азған құлға!”
Бермесен бұл ісіңе өзің жәрдем,
Оны мен түсіремін қалай торға?!

Болғанда мен бір аушы, адамзат-аң,
Қару бер (өнер бар) көрген адам қалғандай таң!
Ол Мұса Кәйім алла мұғжизамен
Түбінен Ніл дарияның шығарды шаң.

Алсам деп әркім ойлар қуған аңын,
Қызығар: ит-түлкінің жыртса таңын.
Пітнаның бұзықшылық дариясының
Түбінен шығарайын сондай шаңын.

Бұзайын дал-дал қылып, қылып талқан,
Ерікті қыл қолымды, ашып дарқан.
Адамды тұзағыма түсіруге
Маған бер бұзылмайтын (үзілмейтін) бір мықты арқан.

Х Х Х

Ғазазіл, қылып қойған, малғұнды еркін,
Сол үшін бек қызықты дүние, шіркін!
Дегендей: “Саған енді бұл жарай ма?”
Корсетті қатындардың шырай — көркін.

Қараса қиылып тұр кара қасы,
Толғанып оқ жыландай өрген шашы.
Ғақықтан екі ерні қызыл болып,
Алмадай (түймедей) домаланып гауһар басы.

Еті аппақ кара жерге жауған қардай,
Жүзі бар қарға тамған қызыл қандай.
Бұлттан жарып шыққан ай секілді:
Қиғаш қас, сүмбіл шашты, жазық маңдай.

Бойлары райхан гүлдің сабағындай,
Алманың, екі беті, сағағындай.
Ап кетер көрген жанның ақыл-есін
Орыстың мас қылатын арағындай.

Күмістен тартқан сымдай болып қолы,
Қояндай домаланып келіп жоны.
Ғұманның лимонындай емшектері
Алам деп қайтіп үзіп қолыңа оны!

Сынаптай толықсыған екі саны,
Тістері меруерт-маржан дүрдің кені (кәні),
Мамықтай үлпілдеген тамақтары,
Жатқанның арманы не ніскеп, әні (әне)!

Аузынан шырын шекер шыққан сөзі,
Көзіңе болып тотия басқан ізі!
Жаныңды ерікке қоймай алар суырып,
Өзіңе күліп қарап түссе көзі!

Ап кетер ақылыңды бойдан тартып,
Көргенде толықсырсың майдай балқып!
Сабырыңды қалдырмайтын бір жері бар,
Бәрінен бұл айтқанның айтсам артық.

Ғазазіл малғұн шайтан мұны көрді,
Көрген соң көңілі бітіп, шырай берді.
“Болды – деп – ойымдағы енді түгел!” -
Шапалақтап алақанын қарқ-қарқ күлді.

– Көңілімде енді титтей қалмады кір,
Болғанмен, қылмас сабыр, қаншама ер!
Жұмысым ойыма алған бітті, – дейді, -
– Құдая, маған берсең тезінен бер!

Болады кімге залал, кімге пайда,
Әр істің ықтияры бір құдайда.
Адамды тура жолдан аздыруға
Құдайдан сұрап еді күшті айла (хайла)!

Хақ берді қатындарға ажар-көрік,
Наз берді түрлі сурет оған серік,
Еркекте ғақыл, сабыр еш қалмайды,
Болғанмен дін ісіне (денесіне) қанша берік.

Әркімнің әр не қылса өзіне еркі,
Онаша шет жүргенде дінге беркі (берігі).
Ердің ғақыл, сабырынан асып түсті
Түрленген қатындардың шырай (ұрғашының ажар) –
көркі.

Жаратқан қылып зибә әуел бастан,
Нығымет жоқ бұл жалғанда мұнан асқан!
Құл болған қатындарға әрқашаннан,
Патшалар ақылменен жұрттан асқан.

Қатынсыз ойлап тұрсаң дүние болмас,
Әуелден ерге серік қылған жолдас.
Қанша еркек бір қатынсыз бас қосқанмен,
Ақ орда алпыс басты іні толмас!

Отырса қасын керіп кеш қара қас,
Қылады көрінгенді көзімен мас!
Ғұнша ерін, пісте мұрын, лүлу иек,
Дүниеде неше түрлі бар асыл тас!

Су шп көздерінен мейірің қанар,
Болғанмен қанша ақылды, қайран қалар!
Жүзінен шығып тұрған оттарына
Өртеніп, шыдай алмай, көңілің жанар!

Адамды мас қылатын берді көздер,
Көрсө көңіл, еритін, айдай жүздер.
Арганның (органның) неше түрлі дауысындай
Ләззатты, махбубларда шырын сөздер.

Бойыңнан (басыңнан) кетіп қалар ақыл-есің,
Басуға өзінді-өзін жетпес күшің.
Болмаса бұл дүниеде ойға алғаның,
Толады қайғы-қасірет дертпен ішің.

Ашылған гүлдей болып жазғытұры,
Көрініп, жасырынып ішкі сыры.
Жүзінен махбублардың болып зәһәр,
Хақиқы беріп сәуле Хақтың нұры!

Сүмбіл шаш, қиғаш қасты мәкнүн қабак,
Нәркес көз, уажһалары ғақық тамақ.
Өтем деп мұжазыдан ақиқатқа
Дәріс оқып диуаналар алар сабак.

Суретке қалады екен сурет қарап,
Мысқа-жез, күміске алтын іске жарап,
Мағынасын: “Әлиф әбжад” — білемін деп,
Кетеді диуаналар болып харап.

Асыл бар әрбір түрлі адамзатта,
Жазылған үшбу сөздер бәрі хатта.
Сурет (сағатпен) ісі болмас мас болған соң,
Жұмысы пәни әл хақиқат болып затта.

Келсек те қырық-елуге біз баламыз.
Танданып көрінгенге көз саламыз.
Суреттің иесімен болмай жұмыс,
Алданып құр суретке біз қаламыз!



Ақыреттің егіні

Иа, Раббы, Жаббар Хак,
Сөйлесін деп біздерге.
Беріп едің тіл мен жақ,
Өсиет айтам халқыма,
Жар бола гөр, аруак.

Бисмилла — әуелден сөздің басы,
Пенденің көрінбейді өткен жасы.
Айтуға бәрін тегіс жүк болады,
Таусылмас қияметтің мәселесі.

Сөйледім қадір хал білгенімше,
Қылайын хаққа тәубе өлгенімше.
Тілейін жалғыз хақтан жарылқасын,
Көміліп жер қойнына кіргенімше!

Алпыстың біреуіне келді жасым,
Не болар қиямет күн ғаріп басым?!
Қылмаса ғапу рахмат жалғыз өзі,
Кітап корсем түседі ықыласым.

Күнәм көп, сауабым аз мен-бір пасық,
Жүрдік қой жігіт кезде судай тасып.
Бір Алла діліне алмай, фазылына [1] алсын,
Жұмақты біз ғаріпке қылсын несін!

Ғазазіл тіліне еріп, болдық надан,
Еш жаның қалыс қалмас мұнан аман!
Халіміз нешік болар, біле алмаймыз,
Жүрмесек қияметте болып надан!

Тәубені біз қылалық қорқып хақтан,
Өткенде тар сираттан, соны ұқ, мақтан.
Таразы сол мизанға барған кезде,
Біздерге нама келер екі жақтан.

Келеді бірі оңнан, бірі солдан,
Құдая, озың онда жаман жолдан!
Өз еркің өз басыңда болған кезде,
Тәубе ғып жақсылықты әбден қолдан.

Тағат қыл бір Аллаға ақ ниетпен,
Бұл күнде түк болмайсың жүрген бетпен!
Өтірік қылған тағат қабыл емес,
Сақтанғын күні бұрын пәлекеттен.

Я, Алла, рақмет айтам өлгенімде,
Төнімдегі аманатты бергенімде.
Тілегім, Раббым, жарылқағын,
Періште “Ман рәббик” [2] деп келгенінде.

Тілеймін жаралған соң күндіз-түні,
Пенденің бойындағы көп қой міні.
Болмаса жарылқаушы жалғыз хақтан,
Не болар біз бишара көрген күні?!

Жан кетіп, тән барады қара жерге,
Кіреміз бір күн барып тар кабірге.
Періште Мүңкір-Нәңкір [3] келген шақта,
Келмейді ауыз шіркін пәлен дерге!

Құдайым рақым қылса сонда бізге,
Келтірсе тілімізді сөйлер сөзге.
Нәбиім [4] – хақ Мұхаммед, раббым – Алла!” -
Біз айтсақ періштеге келген кезде.

Амалың сонда қылған болса жаман,
Түсірер басыңызға ақыр заман.
Шын ниетпен бір Аллаға құлшылық қыл,
Түзу түс алдындағы жолға таман.

Бойыңнан күш-қуатың кетер бәрі.

Жас бала үлкен-кіші олар кәрі.

Бұл дүние ешбір жанға опа қылмас.

Артында қалар шулап балалары.

Әнбия, мұрсалдардың бәрі де етті,

Түбіне бәрінің де тағдыр жетті.

Дүниенің опасызын тағайындап,


Бәрі де кітаптарға жазып кетті.

Әулие мұждаһарлар бәрі де өліп,

Көңліне тасаттық етті, көзі көріп.

Дүниенің пәни екенін фәһим [5] (бәһім) ойлап,

Кетті ғой ақырында бұған сеніп.



Олардын парасаты, ақылы артық,
Көп сөзді бос сөйлеген біз бір — тантық.
Біздерде ақыл, білім бәрі де жоқ,
Жұтаған жақсылықтан біз бір — жантық!

Айтамыз мақтан қылып — өтірік өсек,
Жатамыз қалың етіп жайып төсек.
Көзіңе құран, кітап көрсетіп тұр,
Алдыңда жамандық бар кесек-кесек.

Қылмаймыз бұған ықырар, өтірік деп,
Көреді жақсылықты бойымыз жек.
Бұған біз тасаттық етіп иланбаймыз,
Шүбәлі көңілімізге біз қойып шек.

Бір Алла пендем десін жалғыз өзі,
Өтірік емес, рас, құран сөзі.
Бұғалық мойнымызға бір-ақ түсер,
Алдыңда құрулы тұр дайын тезі.

Ол күні ерік болмас бір басыңда,
Білмейді қасыңдағы еш жолдасың да.
Сірә, бұл ғайыптан тірілген соң,
Қырық жыл отырармыз көр басыңда.

Болмастай мұның бәрін көріп жүрміз,
Сол күнде тұрар дейсің кім қасыңда.
Білсе де, білмеген боп жүріп кетер,
Құрбы мен тату жүрген құрдасың да.

Айдайды сонан кейін ғарасатқа [6],
Ешбір жоламайды көңілің шатқа.
Басына таразының алып барып,
Қаратар дәптердегі жазған хатқа.

Тағы да қарамайды жақын, жатқа,
Әр түрлі қысас қылар адамзатқа.
Қылмысы асып кеткен кейбір пенде,
Түседі қараңғылық зауал ғатқа.

Құдая, күнәкарлы бізді қылма,
Аллаға пенде болсаң қарап тұрма!
Егер де жазатайым тайып кетсең,
Түсесің жеті тозақ жайған торға.

Ойласаң, ақыреттің бәрі қиын,
Тірлікте ғибадат қып, хаққа сиын!
Бұл күнде жамандықтан тыйылыңыз,
Алланың көрем десең жұмақ үйін.

Бай да, батыр да, патша да өткен,
Көп жасап, еш адам жоқ өлмей кеткен.
Жаралған өз нұрынан расулымыз,
Артында ешбір тұқым қалмай кеткен.

Баянсыз өтірікші дүние пәни,
Көп жасап, өлмей кеткен бар ма, қане, ей?!
Өлмесе Хакім Лұқман жүрер еді,
Көп жасап, аты шығып, болған қари!

Өлімнен аман қалмас жан иесі,
Сөйледім келгеннен соң сөз жүйесі.
Аласың үлкен олжа қияметте,
Әркімнің бас-басына тиесісі.

Аласың жақсы келсең сауап жақтан,
Болады қандай пәрмен жалғыз хақтан?!
Аласың жаман болып қолға тисе,
Сығалап сен жүрерсің әр бұрыштан.

Шайтанмен тіршілікте боламыз дос,
Қылыңыз ғибадатты құдайға қош.
Қиындық толып жатыр алдыңызда,
Бұл күнде жүргеніңнің бәрі де бос.

Кімді алдап өткізбеген дүние жалған,
Істейсің ойдағыны көңілге алған.
Әңгіме алдыңызда толып жатыр,
Болғанша бір жақсылық хақтан пәрмен.

Бұрынғы өтіп кеткен даналары,
Бойында ақылы көп саналары.
Таршылық әрбір жерде қысылғанда,
Басқа жоқ бір Алладан паналары.

Амалың ақыретте жанға сая,
Фазылыңа ал, діліңе алма, иа, құдая,
Мұстақым тура жолға түсе алмасаң,
Өтерсің қыл көпірден тая-тая.

Білсеңіз бізге дұшпан шайтан-дағы,
Бір Алла түзу жолға салсын тағы.
Ақыры өзі ғасы [7] малғұн болды,
Адаммен келісе алмай ынтымағы.

Адамға дұшпан болған әуел бастан,
Жүреді пәле қуып шаршамастан.
Жақсылық бір шықпайды малғұн иттен,
Басынан білсеңіздер бізге қастан.

Денсаулық – жігіттіктің ең рақаты,
Адамға жастық кезде бар ләззаты.
Адамды жас күнінде алдайды екен,
Батшағар сұм дүниенің көп апаты.

Дін шала адамзатта дін мұсылман,
Адам аз хаққа беріліп бір ұсынған.
“Алдымда осындай күн болады-ау!” – деп,
Бір жан жоқ қияметтен бір қысылған.

Жігіттер, қияметтің болуы хақ.
“Рас!” – деп, тасаттық егісіп бақ.
Азырақ қадірімше сөз шығардым,
Артық сөз айтуыма зейінім шақ.

Болмайық ғайпі жапа біле тұрып,
Отырсақ ғалымдармен мәжіліс құрып.
Пайдасы ақыретте сонша артық,
Жүргенде періштелер қойша қуып.

Періште алдына сап айдайды екен,
Еркіне айдамаса қоймайды екен.
Болмаса жақсылықтан еш нәрсеміз,
Сорымыз сонда біздің қайнайды екен.

Бір адам жаннан артық, өзі білгіш,
Бір адам мысқыл сөзбен ел күлдіргіш.
Пайдаға бір өсекті тауып алып,
Тағы да бір адам бар ел бүлдіргіш.

Осының шарифатқа бәрі қылап,
Көз көріп, әрбір жанды жүрміз сынап.
Егер де бұл мінезден тыйылмасақ,
Кетерміз қияметте жарға құлап.

Сабырлы, кешірімді кейбір адам,
Із қарап, түзу жүрін басар қадам.
Неге сөз сөйлемейді, бойын бағып,
Көңіліне келтірмейді ешбір арам.

Жасынан бойын бағып құдай деген,
Айтпайды жаман сөзді Алла деген.
Істеген жақсылығын рия қылмай,
Күндіз-түн ақыреттің қамын жеген.

Тәкаппар бір адам бар паң болады,
Бақканы күндіз-түні заң болады.
“Ақылым менің жұрттан асты ғой!” - деп,
Мақтанып өзіне-өзі таң болады.

Кей адам жолға түскен пақыршылық,
Жүреді күндіз-түні төмен бұғып.
Кей адам бостан-босқа жанжал жасап,
Бостан-бос жоқ нәрсені қылады ілік.

Көрмейді осындайды молдаларым,
Бәрінің мінезіне көңілім жарым.
Табылып бар жамандық өзімізден,
Бұл айтқан молдакеме бір мысалым.

Сөзімді менің айтқан кектемеңіз,
Әрқашан жаман жолға беттемеңіз.
Кемшілік — бас араздық бастарыңда,
Дұрыс деп жолдарыңды ептемеңіз.

Молдалар, тілің майда, дінің қатты,
Салмаңыз қисық жолға адамзатты!
Мінездерің надандардан жаманырақ,
Ғайбат өсек айтасың бұтты-шатты.

Ал енді араздықтан тыйылыңыз,
Үлкенге тағзым қылып қиылыңыз.
Жоғалтып іштеріңнен бетін әлгі,
Бас қосып бір араға жиылыңыз.

Айтыңыз насихат сөз қосып басын,
Шын болып бір Аллада ықыласың.
Ғазірейіл бір күн келіп жаныңды алса,
Дүниеден кетеді ғой ғаріп басың!

Бас қосса ғұламалар мәжілісі,
Сол кезде нұр болмай ма оның іші?!
Алланың хақ кәламын [8] сөйлегенде,
Болмай ма қорқынышпен іші-тысы?!

Мысалын ақыреттің айтқан шақта,
Ойына түспей ме екен бар қылмысы?!
Қауіпті-қорқынышты сөзді естіп,
Тәубеге келер деймін әрбір кісі.

Кетті ғой әдеп, тәртіп бозбаладан,
Сауабы қашады одан, болса надан.
Табиғат, ғибадат жоқ сол сияқты,
Көрерміз жақсылықты біз баладан.

Ол бала шүбһәсіз [9] болса халал,
Тимесе шешесіне ешбір залал.
Иа, Алла ғаділіңе алмай, фазылыңа алып,
Сақтай ғөр сондай күннен иа, зұлжалал.

Күнәм бар басымдағы шашымнан көп,
Тағатсыз бос жүргенім бола ма еп?!
Сол күнде не боларым екіталай,
Алдымда толып жатыр бірталай кеп.

Қателік бірталай іс бастан өтті,
Біз барып шет жайлармыз қиыр шетті.
Табылып айғақ, куә бойымыздан,
Келерміз куәменен бетпе-бетті.

Қылдың деп мойындатар талай істі,
Алдыңа әкеп салар бар жұмысты.
Періште қаһарымен жетіп келер.
Қарасаң келбетіне жаман түсті.

Осының бәрі сонда болуы хақ,
Сайрайды ауыздағы тіл менен жақ.
Жалғанда әр не қылған қылмысыңа,
Тіл сөйлеп, куә болар оған аяқ.

Сол күнде өз бойыңнан қастық шығар,
Осынша жамандыққа болдық құмар.
Аздырған ғазазілдің тіліне ерсек,
Шайтанмен бірге айдайды ұмар-жұмар.

Ғазазіл аты шыққан әуел бастан,
Азғырар адамзатты шаршамастан.
Адамды Хауа ана мен бірге азғырып,
Жұмақтан шығаруға болған қастан.

Айтайын біраз сөзді әйелдерден,
Талақ қып өзін-өзі безіп ерден.
Біреуге бүгін тиіп, ертең шығып,
Тентіреп бай іздейді әрбір жерден.

Ыржақтап күні бойы көрінгенмен,
Мәз болып, мақтаныш қып қасын керген.
Басына орамалын байлап алып,
Айтады қисық-қыңыр сөзді шалып.

Әр күнде әрбіреудің дәмін татып,
Тиеді аяғынан тағы барып.
Осының салдарынан енді бәрі,
Қалмайды өн бойында титтей ары.

Қызықты әйел көрген бозбалалар,
Хал бар ма шал байғұста қозғала алар?!
Тандап ал, соқыр, мылқау, тілі жоқты,
Мейлің біл, мейлің білме, ал, балалар!

Сыртына қызығарсың ішін білмей,
Сыр алып біразырақ ойнап күлмей.
Бір сөз айтсаң, екі ауыз жауап айтып,
Өзінді билеп алар шаппай, желмей.

Осымен күнің өтер қатып басың.
Ағарар басыңдағы барлық шашың.
Жүрген соң өз бетімен тілінді алмай,
Қайтады содан кейін ықыласың.

Мінезін жақсы қатын жазсам, бітпес,
Халалдан, жаман қатын, ерін күтпес,
Көне бер, сен бишара, амалың не,
Салған соң басқа құдай, еш нәрсе етпес!

Осымен сөйтіп жүріп күнің өтер,
Ақыры жаман әйел түпке жетер.
Мысалын әр нәрсенің сипаттадым,
Мұнан жоқ маған зиян келіп кетер.

Бір-екеуі ішінде әйел заты,
Имамдар айтып кеткен жазған хаты.
Жақсысы байын сыйлар қарсы келмей,
Парасат, ол білімді, инабатты.

Түспейді мұндай әйел қолымызға,
Жолықпас, қос үй тіксек жолымызға,
Шараң жоқ тағдырында жазу болса,
Кез болса маңдайдағы сорымызға.

Құдайға қартайғанда тағат қылмай,
Не қызық көрем дейді ол ант атқан.
Мінеки, соның бәрі надандықтан,
Ойына еш кірмейді халалдықтан.
Жеткенше басы жерге бүкірейіп,
Әрқашан сақтанбайды жамандықтан.

Фазазіл ішін кеулеп кеткен екен,
Көңіліне көп егінді еккен екен.
Тәубені қартайғанда бір қылдырмай,
Тұқымды көбірек қып сепкен екен.

Орташа, қара сақал, елу асқан,
Жас көріп өзін-өзі, болып мастан.
Намаз жоқ, ораза жоқ, ғибадат жоқ,
Болып жүр өз жанына болып қастан.

Қарасаң бозбаладай дәл бойына,
Кірмейді тәубе, таупиқ бір ойына.
Бір күні сөйтіп жүріп ғұмыры өтін,
Ақырында барып кірер жер қойнына.

Мен өзім өлең айтқан ақын емес,
Халқыма жаным ашып айттым кеңес.
Ақылсыз кәріптерге (ғарыптарға) жаным ашып,
Шалдарға айтқаным ғой өзім теңдес.

Инабатты ол білім бізге пайда,
Құдайға құлшылық қыл осындайда.
Шүбәсіз көңілімізбен тағат қылсақ,
Боламыз қиямет күн жақсы жайда.

Әуелі-Алла, екінші-пайғамбарым,
Болмайық тіршілікте ешбір залым.
Қараңғы тар қабірге барып түссем,
Не болар сол уақытта менің халім?!

Иа, Алла, рақымың көп, мен бір кәріп (ғаріп),
Басымда толып жатыр әрбір айып.
Иа, Рахман, Рахим атты патшайым,
Өзіне іс қылмадым бір лайық (ылайық).

Тәубе мен уағдаң бар кешем деген,
Мүшкілін пенделердің шешем деген.
“Аяттан ла тахнату” - үмітім бар,
Иншалла кәусар шарап ішем деген.

Фазылына ал, ғаділіңе алма, Құдауанда,
Болмасам қиямет күн мен шарманда.
Зәрінен малғұн шайтан қылғын аман,
Қиын іс алдымда бар талай жаман.

Жүзінді қара сотта көрсеткенде,
Қарарға бір жүзім жоқ саған таман!
Аллаға қара жүзді ғасы болып,
Алдында көпшіліктің кетер баған.

Алдағы болашақтан болған ғапыл,
Қонбайды құлағыңа айтқан ақыл.
Болғанда таңда мақшар, қиямет күн,
Аяқты біз басармыз апыл-тапыл.

Ойыңа қайғы-қасірет сонда түсер,
Сусын жоқ шөлдегенде қанып ішер.
Болмаса иманәһли сол уақытта,
Азаппен бишаралар күнін кешер.

Алмаған хақ қаламын құлағына,
Кәусардың жоламайсың бұлағына.
Жақсы орын, жаман орын мағлұм емес,
Пәнденің көз жетпейді тұрағына.

Мінеді иманды құл пырағына,
Жеткізер желіп кетсе жырағына.
Жұмақта хор қызымен сұхбат құрып,
Жұмақтың барып кірер шырағына.

Сол күнді ойлай-ойлай қатты басым,
Ағарды ойлағаннан баста шашым.
Болса да қанша күнә бойымызда,
Қайтпайды бір Алладан ықыласым!

Ұлығы, патшалығы жетер бізге,
Шайтан жүр тұзақ құрып ізімізге.
Ғаламды он сегіз мың сол жаратқан,
Патша жоқ ұлық болған мұнан өзге!

Білсеңіз: “Құлқу алла!” – құран сөзі,
Мұқтажсыз, мұңсыз, қамсыз болған өзі.
Тумайды, өзі ешкім тудырмайды,
Адамға ұқсас емес бір мінезі.

“Бір!” - деп біл бір Алланы, екі деме!
Көп сөйлеп, күпір болып боқты жеме.
“Екеу!” - деп бір Алланы жолдан тайсаң,
Мінесің қияметте қасірет кеме.

Тіреусіз үстімізге қойған көкті,
Жайнатып жер жүзіне түрлі шөпті.
Жіберін көктен жаңбыр жер жүзіне,
Қүдіреті, қарап тұрсаң, қалай епті?!

Тамаша, мұның бәрін қылсаң байып!
Қүдіреті мағлұм емес алмағайып.
Рас деп бұған иман келтірмесен,
Кетесің махшар күні жолдан тайып.

Нанбайтын бұған тағы адамдар көп,
Бола ма мұһмен болсақ нанбау ғайып [әдет]?!
Барына жаратқанның шек қылмаса,
Келеді айтуыма мұсылман деп.

Бір адам қылар қияс шарифатқа,
Құранға, қарамайды жазған хатқа.
Осындай қисық сөзден бойынды тарт,
Алланы ұқсатпаңыз ешбір затқа.

Тәуекел хаққа тапсыр бір басынды,
Өткізбе надандықпен дер жасынды.
Ғылым мен ғұламаға ғайбат айтып,
Жүрмеңіздер сол үшін жапа шегіп.

Айтпаңыз сіздер оны таңба қылып,
Әр жерде бір сойлеп соны кектеп [қуып]...
Болармыз бір күнәкар осы сөзден,
Ғалымдар кітаптан, көрген көзбен.

Айтамын өзің үшін әлеуметтер,
Тоқталып тыйылыңыз бұл мінезден!

Осы сөз ақыретте жаныңа қас,
Мақтанып дүние пұлға боласың мас.
Ықыласты иманға қылмасандар,
Олгенде ғазап тартар бұл кәріп (ғаріп) бас.

Мұстақым, тура жолға өзің баста!
Өлгенде не болмайды кәріп (ғаріп) басқа?!
Кәрілікті көрем деген ойда бар ма,
Ақ кірді, міне, келіп біздің басқа!

Бұл сөзім бір насихат қарындасқа,
Түп-түгел үлкен-кіші, кәрі-жасқа.
Жеткенше басың жерге ғибадат қыл,
Сұрақ жоқ айтатұғын мұнан басқа.

Осымен тамам болсын сөз аяғы,
Күш-қуат әлім кетіп сол баяғы.
Бір Алла фазылына алып қиямет күн,
Тимесе періштенің еш таяғы.

Осымен бұл да болсын тарау тамам,
Сөз емес ақындықпен айтқан қалам,
Тазартып жаһаннамнан шығарады,
Төнінде кір болмайды мысқал арам.

Ешбір бұл дүниеде жоқ дүр опа,
Әуелі болып келер зауқы сапа.
Қай түрлі жақсы ғазиз болғанменен,
Ақыры көрсе керек қайғы-жапа.

Ажалға патша менен бірдей пақыр,
Момын бол, иа болмаса, болсын көпір!
Әр кісі нәубет пен ажал суын,
Қолынан ғазірейілдің ішер ақыр.

Ғазірейіл жан алушы даяр тұрар,
Әркімнің уақыты бітсе нашар ұрар.
Қай түрлі данышпан адам болғанменен,
Ешкім жоқ қарсы тұрып, ұрыс қылар!

Лұқмандай бұл дүниеде мың жыл жүрсен,
Жәмшиттей патша болып дәурен сүрсен!
Арыстан Аглатандай дана болып,
Айтпастан жер жүзінің ғылымын білсең!

Файсадай мілсім набіс болса демің,
Халелдей отқа күймей тұрса тәнің!
Аспаннан құрбан үшін қошқар келген,
Смағұл зәби алла болса нәмің!

Жер жаста шет мартқа ұшып тұрсаң,
Дәуіттей отқа салмай, дүкен құрсаң!
Нұх нәби пайғамбардай дұға қылып,
Дұшпанның жер жүзінде бәрін қырсаң!

Ғаділ боп Наушеруан, Нәбидей атың қалса,
Қасымдай саңылағың мағлұм болса.
Тахтыңды Сүлеймендей жел ұшырып,
Құс-хайуан исі жынмен тіліңді алса.

Жүсіптей сұлу болсаң жүзің нұрлы
Мұсадай “Көлам Алла” — қылсаң ұнны,
Аюбтай “Нығымал ғабды” — атансаң да,
Өлімге жолығарсың осы түрлі.

Рүстемдей сайып қыран болсаң батыр,
Дәлелдеп әрбір іске тапсаң ақыл.
Уақытыңда Аспандияр болсаң-дағы,
Дүниеден кетсең керек бір күн ақыр.

Перғауындай: “Құдаймын!” — деп аузыңа алсаң,
Шәддаттай жер бетіне жаннат салсаң.
Намардтай: “Алла мен!” — деп ұрыспаққа,
Аспанға қарқас мініп ұшып барсаң!

Һарондай ғани болсаң дүниесі көп,
Әм болсаң барат Мәжнүн ғашықтардың.
Қандай сахыб [10] дәулетті болсаң-дағы,
Дүниеден өлсең керек арманда боп.

Махмұт, Абзал Аннас, Хайроланам,
Әм хатым нәби пайғамбардан.
Бір қалса хақ Расул қалар еді,
Жаралған топырақтан барша ғалам,

Ыскактай сауық болсаң кереметті (караматлы),
Ғұмардай борық болсаң ғадилетті.
Ғұсмандай сапа болсаң сайып қыран,
Ғалідей асад алла шапағатлы.

Хасендей риясыз болсаң бұлбұл,
Хұсайындай сәби болсаң жаннатгүл.
Мұхаммед Қанапиядай шері болсаң,
Дүниеден өлсең керек ақыр бір күн.

Хамзадай сайып қыран болсаң балуан,
Ғаббастай нашар етсең дүние жалған.
Асқаптай отыз үш мың ер болғанмен,
Дүниенің ақырына қалмас ешкім.

Ғабдірахман Аюбтай атың қалса,
Ахмет Жамшидтей даңқың шықса,
Ілгергі ғазизлердің қылған ісі,
Әр-бері кітап болып қалды нұсқа.

Төрт мәзһәб [11]: Имам ағзам, Шафиғы,
Ханбіл, Мәлік,
Бөлінген бұл мәзһәбқа қанша халық.
Хақ жолын көрсетті әрбірлері,
Бастады түзу жолға бұлар анық.

Машайықлар өтті аясы көкке жеткен,
Ғараби алла болып қамден жеткен.
Олардың бірде-бірі қалмадылар,
Дүниеде қанша патша, қанша бектен.

Қалмады ол ерлердің бірде-бірі,
Қалармыз енді не ғып біздер тірі?!
Дүниеден арманменен өтсек керек,
Алладан бұйрықты ажал келген күні.

Алмаймыз неге гибрат өлгендерден,
Көр қазып ағайындар көмген жерден.
Қапылдықпен бірде-бірін ойламаймыз,
Қанша жан өтіп кетті көргендерден.

Жақсылар естіп қара гибрат көзбен,
Жалған деп ойламаңыз шын сөзден.
Дүниеден азды-көпті не көреміз,
Үш қабат несін болсын кебін бөзден?!

Бұл дүние қарап тұрсам сағымға ұқсар,
Тынбастан күні-түні дүние қуар.
Тиыштық бұл дүниеде тиянақ жоқ,
Жылы жүзбен мен мұнда деп мойын бұрар.

Дүниеде мың жыл жүрсең сағаттай біл,
Бар ма екен мұнан артық еш мысал [бір]?!
Дүние ойлап тұрсам түс [секілді],
Бір баққа түнеп ұшқан құсша [өтіп жүр].

Бұл дүние ақыреттің егіні екен,
Уақытында жалқау болмай егу екен.
Құлшылық ғибадатпен барғандарға,
Нығымет [12] екі дүние тегін екен.

Жалғанда артық жаратты адамзатты,
Ығымен алла берген бойға сақта.
Хайуаннан жаман болып жаза күні,
Өзінді өзің ұстап отқа жақпа.

Жақсы адам бұл дүниені болжап (өтер) [тұрар]
Пайдасыз заһарларға болмас құмар.
Алдаушы бір демалыс дүние үшін,
Шүқырына жаһаннамның болмас құмар!

Жаратқан жаһаннамды Алла анық,
Дінсіздер жаһаннамға кірер барып.
Құранның көрсетілген аятында,
Хақ жаббар дінсіздерді қойған (арнап) [салып]!

Жаралған барлық адам құлдық үшін,
Мәңгілік бұл дүниеде қалмайды ешкім.
Дүниенің жарығына мәз боп жүрміз,
Халіміз не болады қандай пішін?!

Қабірдің қарап тұрсам түсі суық,
Балаша мәз боп жүрміз ойын қуып.
Ойласам, көңіл көзім сондай ойсыз,
Қас қаққан екі тамшы судан тойып.

Тоғыз ай қараңғылық жатқан жерім,
Қабірдің қараңғысы болар төрім.
Дүниенің жеткізбейтін айласы көп,
Қайнайды алдын ойлап іште шерім.

Дүниені көп жинамақ мақсатым бар,
Зейнетлеп әдемілеп қойып қатар.
Алладан бұйрықты ажал жеткен күні,
Ажалдан қай дүние арашалар?!

Көрінген көк пен жердің шамасы жоқ,
Ақыл мен ойға сияр бағасы жоқ.
Ойланып ой көзімен қараған құл,
Өзіннің бірлігіне таласы жоқ.

Таң мен түн, күн мен айың, жұлдыздарың,
Қап-қап ұн, миуа, жиде еткен соның бәрін.
Байнаһом аятының тауылларын,
Талдауға халім келмес, ешбір мәнің!

Шың биік, таң тамаша тау мен тасың,
Етегі жазық, сіз қара көрсек басың.
Солар да қаһарыңнан сонша қорқып,
Ағызған бұлақ қылып көздің жасын.

Соншама шексіз түпсіз дарияларың,
Бар қылдың әміріңмен соның бәрін.
Жамылған әлем жүзін ақ көрпедей,
Сағатында нәбәтә [13] тапты жауған қарың.

Дарияда асқар таудай жүрген жайын,
Жетпейді құдіретіңе ешбір пайым.
Соқтыққан толқын судан хасыл қылып,
Забұржат, лағыл, гауһар, - бәрі дайын!

Көз жетпес көлеміне орман ағаш,
Қарағай бойлап біткен бұлтпен талас.
Не түрлі жан сүйерлік тәтті жеміс,
Адамзат пайдасына біткен хауас.

Шат етіп бақыт бердің адамзатқа,
Кей пендең хүкім айтып отыр тақта.
Кей пендең жан сақтауға зар болып жүр,
Біреуді қарық қылдың мал мен басқа.

Кей пенденің басынан бақытын ап,
Жек көрінішті қып қойдың жақын-жатқа.
Ел-жұртым, өткен күннің белгісі жоқ,
Осының бәрі келген біздің басқа.

Біреудің еткен ісін ем ғып тұрсың,
Біреуді қатарынан кем ғып тұрсың,
Кейбіреудің еңбегін екі қылмай,
Таскынды суға кеткен сең ғып тұрсың!

Туғызып бір ата, бір анадап,
Бірін артық, бірін кем ғып тұрсың!
Бірдей болып жаралған бір адам жоқ,
Зауалсыз бұл пәниден ешкім өтпес,
Біреуіне біреуін жем ғып тұрсың!

Тұрмысқа кейбір сабаз таран боп жүр,
Кейбіреу қолда барға сараң боп жүр.
Кейбіреу бар дәулетін ішпей-жемей,
Өзіне-өзі дүниесі арам боп жүр.

Кейбіреу ұстап отыр азын копке,
Бермейді үшқыр көңіл бай мен бекке.
Бәйгеге қара басын қосқан ер бар,
Шыққандай топтан балуан жекпе-жекке.

Зар жетім ата менен анасы жоқ,
Біздей қарт сүйенерлік панасы жоқ.
Жәрдем жоқ, ағайынның пейілі тар,
Өзіңнен басқа, Тәңірім, панасы жоқ!

Бірақ та бәріне ырзық беруші өзің,
Пердесіз құдірет көзбен көруші өзін.
Кейбіреуін сүйіріктей сұлу қылып,
Ақыл-ой кейбіріне бердің сезім.

Такбұзда қойдың жазып бағ мен жоқты,
Мұғдарлап өлшеп қойдың ақи пен тоқты.
Тағдырына еш адам қарсы айтпас,
Қанағат еттім шүкір аз бен көпті.

Саламат сақтауыңа кез келгенде,
Қағасың дарытпастан атқан оқты.
Кей пендең денсаулықтың шаттығында,
Кей пендең жапа тартқан қасірет шоқты.

Кей пендең азаттықтың базарында,
Кей пендең қылмыс тауып көрген соққы.
Жалған шіркін жарасы көрген түстей,
Махшарда нәсіп етпе от пен шоқты.

Көкте – құс, жерде – жандар, суда – балық,
Бұлардың науғымлары қанша халық,
Аллаға бұлар мойын ұсынбағанмен,
Таппақшы іздеп тәңір қайда барып.

Кеудесі тәкаппардың көктен биік,
Халық қанап, жұрт жеген дүние жиып.
Кешірмейтін күнәны істеп алып,
Жүрмейік махшар күні күнге күйіп.

Пейілі тәкаппардың Ғазазілдей,
Азған жоқ па Қадірдің сырын білмей?!
“Адамды артық етіп жараттың!” – деп,
Ақырда лағынет киді күнді күндей.

Тағдыры бір Алланың өзгермейді,
Пенденің қожасына бәрі бірдей.
Неше жыл қайғы шегін жапа тарттым,
Аллаға: “Пенденмін!” – деп, ғазіз айттым.

Өсек сөз әрбір түрлі жыбырлаған,
Аллаға айқай сөздей сыбырлаған.
Өзіңе мағлұм болып тұрған жоқ па,
Қозғалыс құрт, құмырсқа қыбырлаған?!

1919 ж.



Яһуда, Патрос әңгімесі

Кім берді бұл байлықты құдай берді,
Жаратты қолы ашық қып кейбір ерді.
Кәне, біреу берместен тығып бақты,
Қайсысы асты: ақырын ел жұрт көрді.

Жігіттер, бұл айтқаным – кітап сөзі,
Тоқтайды Құран десе дүние жүзі.
Пайғамбарға мұны айтқан: “Жұртқа шаш!” – деп,
Қисса қып айтқан мұны құдай өзі.

Құлақ сал бұл қиссаға, тыңда не дүр,
Адаспай көш басының соңынан ер.
Бұрынғы заманларда болып өткен,
Туысқан ағайынды бір-екі ер.

Құран сөзі әр тарау кеп айтады,
Өткен менен кеткеннен көп айтады.
Қисса қылған сөздерін (сөзларын) кейінгіге
Ол бәни Исрайылдан (Сырайылдан) деп айтады.

Сөз сөйлеумен тарқайды іштегі шер,
Ұғып алсаң, көңілде қалдырмас кір.
Яһуда, Патрос деген ағайынды (ағайынлы), –
Екеуі бір анадан туысқан бір.

Атасы өліп, артында бұлар қалды,
Иеленіп екеуі қалған малды.
Қызыл алтын сегіз мың ділда қалып,
Құрттай санап төрт мыңнан бөліп алды.

Яһуда момын болды күткен дінін,
Шын деп білген не айтса кітап тілін.
Уысына түскенді ұстап қалмай,
Ойламады өзіне керек күнін.

Жұмсады қолда барын құдай үшін,
“Керек, – деп, – сақтайын, – деп, – мұның несін?!”
Өз басына бір пайда келтірместен,
Беруменен өткізіп ерте-кешін.

Өз басына ойламай пайдалы істі,
Құдай үшін жұмсаумен күні кешті.
Жарастығын жалғанның керек қылмай,
Ақырет жұмысымен айналысты.

Хош, енді Патрос қайтті қолдағысын,
Бір тиын жұмсамастан құдай үшін,
Жер-су алып, әр түрлі егін салып,
Түзетті жарастырып іші-тысын.

Көркейіп, қатын алып ажарлы, өнді,
Тон киіп жарастықты жаға — жеңді.
Жалғанның пейішіндей қылып үйін,
Жұмсады неше түрлі құл мен күнді.

Домалап күннен-күнге өрге тасы,
Тап-таза кедейлерден болып қасы.
Бірі — құрма, бірі — мейіз іші толған,
Болыпты екі жерде бау-ағашы.

“Болдырдым, — деп, — өзімнің ісімменен!”
“Ала алмас, — деп, — ешбіреу тегін менен!”
Екі баудың арасын толтырыпты
Жарастықты әр түрлі егінменен.

Сонда мұның егіні қаулап өсті.
Күннен күнге артылып заулап өсті.
Жылдан-жылға өнімі артық болып,
Көргендерге болыпты көкейкесті.

Аяқтыдан тыйылып бұған бару,
Кедейлерге арам боп садақа алу.
Егін шықпай, дүниеге тартылса да,
Мұныкіне бір болмай шықпай қалу.

Сулар ағып егіннің арасынан
Асып сонда, артылып шарасынан.
Екі баудың кетіпті асып құны
Айдап жүрген көп жұрттың қарасынан.

Екі иіннен тұрыпты демін алып,
Есіл-дерті дүниеге кетіп қалып.
Бұл осындай тұрғанда мерекемен,
Кедей болып Яһуда болды кәріп (ғаріп).

Асқындырып кедейлік жауырды енді,
Әркім бұған береді сауырды енді.
Аш-жалаңаш қалған соң, жоқ-жітік боп,
Жанашыр деп, таппай ма бауырды енді?!

Жалт беруі жалғанның көз жұмғанша,
Бұл жалғанда малсыздың күні (құны) қанша?!
Бар күнінде қолынан дүние алғандар,
Сырт айналып кетеді кез боп қалса.

Дүние, малсыз болмайды, білді дейді,
Отырғызбас үйде аштық енді дейді.
Бір туысқан жан тартып, бауырым деп,
Байға кедей мұқтаж боп келді дейді.

Қолда жоқтық мұқатар адамзатты,
Басқа түссе нәрсе жоқ мұнан қатты.
Кедей, мылқау, бай, шешен – бұрыннан бар,
Патрос енді сөйлейді насихатты:

– Керексіз қып дүниені қылдың салдық,
Қалған малды атадан бірдей алдық.
Сақтай алмай, айырылып сен құр қалдың,
Толып жатыр менде алтын неше сандық.

Тиісімен қолыма жер-су алдым,
Неше түрлі жемістен егін салдым.
Түр-түрімен құл, күнді тізіп жұмсап,
Дүниемен лық толып артым, алдым.

– Бір басыңа қылмадың пайда, – дейді,
– Қалып тұрсың бұл түрлі жайда, – дейді.
– Сонан көрген бір тиын опаң бар ма?!
Төрт мың ділда жібердің қайда? – дейді.

Яһуда айтты:

– Сен жер-су алдың сатып,
Жарастығын жалғанның соны ұнатып.
Мен жұмсадым ақырет пайдасына,
“Ертең бір таң бар, – деумен, – бұ күн батып!”

Сен пұлменен жалғанда салдың сарай,
Алданумен соларға қарай-қарай.
Ақырет сарайынан үміткер боп,
Мен талпындым, мал шашып солай қарай.

Сен пұлменен жалғанда қатын алдың,
Құшақтасып жалғанмен дос боп қалдың.
Хор қызына қалың мал бердім мен де,
«Опасы жоқ жалған, — деп, — мен бұл малдың!»

Сен пұлменен жұмсадын құл мен күнді,
“Батпайды, — деп ойлаумен — тұрған күнді!”
Ғылман уладан пейіште бар дегенмен,
Тұра алмадым мен ұстап дүниені енді.

Патрос сөзін сапырып судай төкті,
Жалғыз өзі меншіктеп жерді, көкті:
— Осыны да тұрсың ба сөз деп айтып,
Ту, ақылсыз, шіркін! — деп, жаман сөкті.

— Қолыңдағы барынды несие сатып,
Өзің ішіп, жей бермей сақтап жатып.
Миы қашып, қарны ашып кедейекең,
Сөйлейді екен не болса соны шатып!

Ақылсыз болған ақымақ, інім! — дейді
— Сөйлеген саған есіл тілім! — дейді
— Мен қалай мал мен басқа, сен қалайсың?!
Емес пе үздік артық күнім?! — дейді.

— Үй мынау, жасау мынау жайнап тұрған,
Асулы анау қазан қайнап тұрған.
Мал мен бас, қызық дәурен сүрген жасым,
Бәрі де гөй-гөймен сайрап тұрған.

Менімен еріп бірге жүрші! — дейді,
— Бауына құрма, мейіз кірші! — дейді.
Жетектеп сол қолынан алып жүрді:
— Мінеки, тамашамды көрші! — дейді.

Көрсетті аралатып егін-жайын,
Дәуірлеп айтқан сөзі басқан сайын:
— Кәнеки, таусылар ма мұнша дүние?!
Маған енді кедейлік жоғы дайын!

Осы-дағы қызығы болғандағы,
Әр нәрсенің қалпы осы толғандағы.
Жер өле ме, жіте ме, жоғала ма
Осы тұрған бойымен тұрғандағы?!

Көзге түскен сенікі жалған-дағы,
Не болары белгісіз қалғандағы.
“Ақырет бар, пейіш бар”, – пәлен-түген, –
Деген сөздің бәрі де жалған-дағы.

Жарастығын жалғанның көрер көзді,
Бірдей қылып түзетсе үй мен түзді.
Шын деп, тіпті, көңілімде ойламаймын:
“Соң қиямет болады!” – деген сөзді.

Ал, енді болса бұлақ, құйсын, әні,
“Оны-дағы шын сөз, – дейік, – пәлі!”
Мұнда озған онда-дағы озатұғын,
Құр алақан сендерге дәурен, кәні?!

Байлыққа бізді құдай арнаған-ды,
Екі жұртта бірдей ғып парлаған-ды!
Мұнда да жоқ сендерге, онда да жоқ,
Осы қарғап қойғаны – қарғаған-ды!

Сонда тұрып Яхуда сөз айтады,
Сырттан емес, өзіне көз айтады:
– Мен айтайын, сен бір, – деп, – құлақ салшы!
Кідірместен сол жерде тез айтады.

– Бәрі бос сөз айтқаның, менікі – шын!
Шын деп бұған нанбасаң, сенде жоқ дін!
Болуына қиямет нанбағаның,
Бергендігін құдайдың сен білмедің!

Сені құдай жаратты топырақтан,
Болмаса келіп едің, айт, қай жақтан?!

Үйірліктен аққан бір су едің ғой,
Көрмегендей қыласың несін мақтан?!

Бір есе адал, бір есе арам қылды,
Айдап келіп ақыры адам қылды.
Неше түрлі өстіріп өндірумен,
Төрт бұрышыңды түп-түгел тамам қылды.

Мен айта алман баршасын тамам қылып,
Бізді құдай осындай адам қылып.
Барлық - жоктық, жалғанда: аштық, - тоқтық,-
Әр не болса тұрамын сонан біліп.

Бар қылған жоқтан мені сол құдайым,
Құлдығыңда күні-түні тұрам дайым!
Оған жетер еш нәрсе бар демеймін,
“Жоқ болдым!” – деп, жемеймін тіпті уайым!

Бауыңа алып келдің мені ертіп,
Ісініп, күжірейіп, тасып, бөртеп.
Аузыңа сен құдайды бір алмадың,
Қойды деп жарастырып тәңірім бүйтіп.

Деп тұрсын: “Өзім қылдым, өзім қойдым,
Бәрің өзім ұқсатып, – деумен, – тойдым!”
“Тар жер, тайғақ кешуден” – хабарың жоқ,
Алдында қолат сай бар ойдым-ойдым.

Рас, бәрі сенікі-ақ болған шығар,
Қойны-қоншың алтынға толған шығар.
Мұнша нәрсе жарасып пар-парымен,
Сақтауымен құдайдың тұрған шығар!

Мал менен бас сенде бар, менде жоқ-ты,
Мені емес, жын соққанда сені соқты.
“Өзім болып тұрмын!” – деп айта бердің,
“Құдайдан, - деп ойламай – барды, жоқты!”

Біреу үлкен жалғанда, біреу - кіші,
Ойлау керек: “Не болса, Хақтың ісі!”
Сенен мені бай қылып қоям десе,
Қүдіреттің жетеді әбден күші.

Шын жабысқан Құдайға түзу жүрер,
Құдайлығын Құдайдың ел-жұрт көрер.
Мұнан да артық мал мен бас, бау ағашты
Мұнда берер болмаса, онда берер!

Бүгін аш болған қарын ертең тояр,
Семіруі жеткенді жылдам сояр.
Бергендігін құдайдың білмесең сен
Жалғыз-ақ күн қолыңнан алып қояр!

Бұл бсйыңмен кетпессің бір шалдырмай,
Сені оңай қоюы малдандырмай.
Аспан көктен жұмсаса бір құйынды.
Түбіменен суырар түк қалдырмай.

Не болары белгісіз мұның ақыр,
“Қылам, – десе бір құдай, – сені пақыр!”
Аспан көктен бір пәле келіп тисе,
Жып-жылмағай боп қалар таза-тақыр!

Егінінді қиратса бүршақ жауып,
Жалғыз күнде жоқ қылса жаудай шауып.
Су біткенді жіберсе жер түбіне,
Ала алмассың ешқайдан іздеп тауып.

Яһуда осылайша айтты сөзін
Сөйлетіп тұрған екен Хақ сонда өзін.
Шалынып періштенің құлағына
Келтіріп қабылдыққа тәңірім кезін.

Күн батып, қас қарайып кеш боп қалды,
Аузына әр не десе тәңірім салды.
Құдайдың қаһар, ғазап көп пәлесі,
Сол уақытта бау ағашты қоршап алды.

Бір бүртік, қалмай бүршік енді ол жайда,
Егін мен жеміс түгіл, ағаш қайда?!
Таң атып тұра келсе, дәнеме жоқ,
Быт-шыт боп уатылған майда-майда.

Қараса Патрос тұрып бау ағашқа,
Күн болыпты кешегіден бөлек, басқа!
Қол жайып, айға бата қылмай ма енді,
Маңдайы болып алып аппақ қасқа?!

Бір түнде ауып қайда көшіп кеткен?!
Түтілген жүндей болып ұшып кеткен!
Құдайдың мұндай ғажап шеберлігін
Көрген жан қорқып, жаман шошып кеткен!

Алладан қаһар, ғазап тигеннен соң,
Қарынның киген кебін кигеннен соң,
Сокпай ма алақанын енді шарт-шұрт,
От болып, іш өртеніп күйгеннен соң.

Сақалын екі қолдап жатыр жұлып,
Тұра алмай бір араға ұшып қонып.
Тас қылып кісі кірмес қоятұғын,
Кілтi мен қайда қалды қара құлып?!

Жыртумен жылап жатыр қатын бетін,
Кедейге бермейтін қу шай мен етін.
Жалғыз жер мен су емес күйіп кеткен,
Бұлар да күйіш жатыр болып түтін.

Осындай боп солардың алды өз тұсы,
Жазы бар, қысы жоқ бұ дүние-жылдың құсы.
Ішпей, жемей, кісіге бермей жиған,
Қашан болса, дүниенің қызығы—осы!

Бір кеткен соң алады кім қайырып,
Ара түсіп әперер бар ма айырып?!
Қысып ұстап, қимастан жүрсең-дағы,
Құр алақан қалады қол жайылып!

Көзің-соқыр: толықсып тұрған күнде,
Бір ашылар төбеңнен ұрған күнде.
Жылдың құсын көргенде, құшақтай ал,
Қаз бен аққу көлге кеп қонған күнде!

Жылы жаздың соңында бар бір қысы,
Саған онда арам ғой жылдың құсы!
Уысында тұрғанда, үлестірсең,
Байлық пенен барлықтың қызығы - осы!

Жұртқа жеңіл — бұл сөзім, өзіме — ауыр,
Себебі сол: жан біткен қарабауыр.
Жоқтықтан аяп, азық бөлушіні,
Бұл күнде шабан-семіз, жүйрік-жауыр!

Жұма сайын тер алып, шауып тұрмын,
Жауырлықты жабумен жауып тұрмын.
Бұл екеуі ертеде оңға шығар,
Дәл осы күн өзімнен тауып тұрмын.



Опасыз әйел

Басқаға бір Құдайдан көңіл бөлме,
Нәпсінің, шамаң келсе, тіліне ерме!
Пәледен басым аман болсын десең,
Бой салып бір нәрсені жақсы көрме!

Махаббат күннен-күнге артады екен,
Оралып шырмауықтай тартады екен.
Басқаны бір Құдайдан сүйгендіктен,
Бір залал ақырында тартады екен.

Жастықта (жаслықта) бәрі кешті біздің бастан,
Ит екен үміт еткен ішпес астан.
“Қошқардың ені үзіліп түседі”, – деп,
Күлкі боп дөс, дұшпанға болдық дастан.

Бір істі болар-болмас көңілге алма,
Бой сұнып болмас іске ғапіл қалма.
Дүниеде не қызықты нәрсе көрсең,
Күн бұрын жоламай қаш, назар салма.

Білгенің өз басыңнан кетсе асып,
Бір іске кіріптар боп қалсаң сасып,
Бойыңмен суға батқан кете бермей,
Басыңды құтқарғайсың алып қашып.

Бір іске жарамайды көңіл қойған,
Жалғанның қызығына бар ма тойған?!
Бүркіті Уанасілдің баласының
Алып жеп ақырында козін жойған (ойған).

Батырлар жауға шабар атқа сеніп:
“Жоқ қой, – деп, – маған пәле, жүрсем мініп!”
Атының екпінімен ақырында
Қалыпты қолға түсіп, жаудан өліп.

Мергендер тауды кезіп, мылтық атқан,
Қаңғырып құба жонда аштан қатқан.
Ешкімнің таяғына ұшырамапты,
Жаяу боп, басын қорғап, үйде жатқан.

Соктығып, пәле болар, тигеніңнен,
Не пайда сау боп өзің күйгеніңнен?!
Бір залал ақырында тартады екен,
Табарсың бұл жалғанда сүйгеніңнен.

Пәлеге бастайтұғын мына екі көз,
Білгіш болдық көп таяқ жеген соң біз.
Бұрынғы Хазіреті Ғайса заманында
Сіздерге мен айтайын бір үлгі сөз.

Жарандар, тында, сөзім – (салтанатлы) салтанатты,
Тындасаң бұл сөзімді, балдан тәтті.
Бұрынғы тақсыр Ғайса заманында
Бір жігіт болған екен Ысқақ атты.

Құрағындай өзеннің жағасының,
Бұтағындай еменнің ағашының,
Сонда Ысқақтың бір сүйер жары бопты,
Қызы екен әкесінің ағасының.

Дүниенің бұлтағы көп қамалының,
Жері жоқ құтылатын амалының.
Сондай ол қыз болыпты аса көркем,
Сұлулығы – бет біткеннің заманының.

Ысқақ аса сүйіпті көңіл қойып,
Күнде жүзін көрумен қарны тойып.
Ықтияры басынан кетіп қалып,
Таусылуға тақапты өзін жойып.

Татулығы – арадан өтпейді қыл,
Жолдас бопты бұлбұл мен бір қызыл гүл.
Бал мен қанттай екеуі басын қосып,
Бұл ортада өтіпті бірнеше жыл.

Жарастықты болысып айтқан сөзі,
Жұрт аузында сөз бопты мұның өзі.
Бұл жалғанды қызықпен өткізіпті,
Бір-бірінен басқаға түспей көзі.

Бұл қызығын бұлардың өлім бөлді,
Қылар хайла, амал жоқ бұған енді.
Ұшыратын ләззаттың дауылы соғып,
Көз алдында Ысқақтың қатыны өлді.

Тыя алмады көзінің Ысқақ жасын,
Ұйықтар-ұйқы, ұмытып ішер асын.
Өлім қолдан келмепті, өзге бопты,
Моласына қатынның қойып басын.

Жатқан қатын ол жерден тұрмасын да,
Ешкім мұндай мұбтыла бөлмасын да.
Бір орнатқан сым тастай болып қапты,
Байғұс Ысқақ отырып көр басында.

Көрінбейді көзіне жұрт пен елі,
Тартқан жақтай бүгіліп қыпша белі.
Құлағына ыз етіп бір кірмейді —
Шариғат — қанша жұрттың айтқан тілі.

Жер қарайып, жаз болып, көк шығыпты,
Қар астынан тіріліп шөп шығыпты.
Көз жасымен моланың басы тойып,
Өзге жерден шөп бұған көп шығыпты.

Жұрт аузында әңгіме сөз болыпты,
Бір қуарған шүберек бөз болыпты.
Бұл моланың басына Құдай айдап,
Тақсыр Ғайса пайғамбар кез болыпты.

Бір мүсәпір жылаулы көрді жанды,
Іш бауыры елжіреп тұра қалды.
Жылағанын көрген соң, аяп кетіп,
Жерден басын көтеріп, алдына алды.

— Көздің жасы мұнша неге бұлақ? — дейді,
— Өзен ағып, шөп шығыпты, құрақ! — дейді.
— Неден мұндай бұл халге түскен жансың,
Мұныңды айтшы маған бір-ақ! — дейді.

Сонда Ысқақ жылап тұрып зарын айтты,
Жалғаннан өтіп кеткен жарын айтты.
Татулық, тәттіліктен түк қалдырмай,
Сырының көкейкесті бәрін айтты.

Аяды хазіреті Ғайса іші еріп,
Жылаулы бейшараның түсін көріп.
— Өлімнен мен өшінді әперейін,
Қолыңа қатыныңды алып берін!

– Айырылып мен жарымнан болдым мұндай,
Жатырмын көр күзетіп құба жонда-ай!
Өшкенім өніп, өлгенім тірілетін,
Дариға, күн бар ма, – деп, – маған сондай?!

Хазіреті Ғайса орнынан тұрды ұшып,
Өне бойы дірілдеп, қайрат қысып:
– Жатқан неме, моладан тұр! – дегенде,
Көр жарылып кетіпті, зәресі ұшып.

Ақыреттің жолы бар: бір сара сол!
Даңғыл, соқпақ алдында бар қара жол.
Қақ жарылған моладан тұра кепті,
Өң мен түсі жоқ, көрмеген бір қара құл.

Көрген жанның жүрегі жүр гой сулап,
Жан біткеннің бәрі де жүр гой улап.
Құлақ пенен аузынан ұшқын ұшып,
Түтін шығып мұрнынан будақ-будақ!

Өн төртінен туған айдай болды жүзі,
Сорлы болған, ашылды, жаңа көзі.
Нұры аузынан аспанға шыға берді,
Жарылқанған құл болды мұның өзі.

Ғибрат болды тамаша көрген елге,
Көмген кісі, тірілді, қолдан көрге.
– Ла-илаһа илла алла! – деп, иман айтып,
– Хақ Пайғамбар-Ғайса! – деп, келді тілге.

Не күшті, ойлап тұрсам, Құдай күшті,
Құдайдан кім тоқтатар, болған істі?!
“Құдай – бір, Пайғамбар – Хақ!” – деді-дағы,
Қалпына сылқ етіп, қайта түсті.

Бет ағашын бейіттің қайта жапты,
Ысқақ сорлы не дерін білмей қапты.
– Енді Ысқақтың қатыны, қайдасың?! – деп,
Тақсыр Ғайса ақырып, айғай сапты.

Басымда емес, бақ құсым табанымда,
Мен жылаулы болып тұрмын заманымда.
Мен де сондай далбаса болар едім,
Тақсыр Ғайса бар болса заманымда.

Бұл Ғайсаның қоймасын мола білді,
Сілкінеді қара жер дір-дір енді.
Бейшараның қатыны бір түшкіріп,
Бір елеусіз моладан тұра келді.

Бет-аузын қалған екен топырақ басып,
Топырағын арылтады сілкіп, шашып.
Ерлі-байлы екеуі қосылған соң,
Жүрегі жарылуға жақындасып.

Хазіреті Ғайса қатынды көрді көзбен,
Өлгенмен нұр таймайды көркем жүзден.
— Іздеп алған ауруға ем табылмас,
Не көрсең де, көрме, — деп, — енді бізден!

Өлген қатын тіріліп, қолға кірді,
Күдер үзген нәрсесін Тәңірім берді.
Бір-біріне екеуі жолыққан соң,
Тақсыр Ғайса жөніне жүре берді.

Неше күн қатын үшін көңіл бөлді,
Ойға алғаны түскен соң қолына енді.
Олай-бұлай аяғын бастырмады,
Қоршап алған жаудай боп, ұйқы келді.

Ысқақ айтты:

— Ояулық қатден асты,
Төге бердім жаңбырдай көзден жасты.
Рақат тауып, аз ғана дамылдайын,
Мен тізеңе, жатайын, қойып басты!

Қатын айтты:

— Тілегің болды қабыл,
Иінің мұздар, үстіңе киім жамыл!
Бүйтіп болған жұмыстың керегі не,
Аяймын ба тіземді, алсаң дамыл.

Жастық қылып қатынды жігіт жатты,
Басы тию мұң екен, сеспей қатты.
Жолыққаннан жұмысқа түспеген соң,
Үлкен ауыр қатынға тиді қатты.

Құмар болды арманға қатын жетпей,
Көңлі қайдан жайлансын, жұмыс етпей?
Кестіргендей, бір жауап алмаған соң,
Көкейінен қала ма дәмі кетпей?!

Ат тықыры естiлдi сатыр-сатыр,
Қолда түйгын, басында алтын шатыр,
Ат-тұрманы күнменен шағылысып,
Бір патшаның баласы келе жатыр.

Көзге төтеп бергендей, денесі зор,
Сағымданып көрініп жүзінен нұр.
Қатын тұрып ойлайды көргеннен-ақ:
“Байға тимей мынандай, болдым ғой қор!”

Леп бергенде, сіріңке жанбаған соң,
Ал дегенде, иекке алмаған соң,
Мұндай байдың барынан — жоғы жақсы,
Құмар тарқап, мейірің қанбаған соң!”

Хан баласы келеді бұған төніп,
Қатын отыр құйқылжып, өңіне еніп.
“Тіл қатуға бір-екі ауыз келе ме?” — деп,
Екі көзі ішіп-жеп барады өліп.

Хан баласы атының тартты басын,
Тамаша етіп қатынның көз бен қасын.
Қарағанын білген соң, ширатылып,
Төгіп-төгіп жіберді көзден жасын:

— Сенің отың ішімде жансын! — дейді,
Бір құшақтап мейірім қансын! — дейді.
— Алтын сарай, ақ орда — сенің орның.
Мұнда не ғып отырған жансың?! — дейді.

— Мені көрсең, бұл күнде, жанның қоры,
Қызық көрмей жалғаннан жүрген тірі.
Әлек қылып, әуре ғып, жібермей жүр
Мынау жатқан баукеспе, қарақшы ұры.

— Ақ жүзінді көрген соң, көңілім толды,
Сөз айтып, меніменен алсаң қолды.
Алтын сарай ішінде үлпілдетіп,
Кигізейін жібек пен холла (құлла) тонды!

Тұра келді орнынан қатын ұшып:
— Арманым жоқ, өлсем, — деп, — сені құшып!
“Өлі менен ұйқы тең” — деген сөз бар,
Бір бас қалды сылқ етіп, жерге түсіп.

Хан баласы қатынды алып кетті,
Алақанға аялап салып кетті.
Көр басына қалғанды сөз қылайық,
Оянатын батырдың уақыты жетті.

Көзін ашса, қасында қатыны жоқ,
Бір аһ ұрып, жүрекке қадалды өк!
Не қыларын біле алмай алас ұрды,
Күйіп кете жаздады от, жалын, шок.

Не қыларын білмеді, есі кетті,
Үйден-үйді қыдырып, елді тінтті.
“Хан баласы бір сұлу қатын апты!” -
Деген сөзді есітіп, соған жетті.

Барғаннан соң айналып тұра қалды:
— Қатынымды берші! — деп, айғай салды.
Хан баласы жіберді:
— Біліп кел! — деп,
— Бұл кім өзі, мезгілсіз тынышымды алды?!

Барған кісі жолығып, қайтып келді,
Естігенін, білгенін айтып келді.
Қатын айтты:
— Әнеугі ұры шығар,
Қалмай жүрген соңымнан менің енді!

Хан баласы жүгіріп, қарсы шықты:
— Не былшылдап тұрсың?! — деп, ұрып жықты.
“Көпке топырақ шаша ма?” жалғыз кісі,
Қайратты болғанменен, қанша мықты?!

Қызметкер жүгірді анталасып:
— Қарашы, — деп, — тұрғанын тайталасып!
Түс-тұсынан жабылып, сабаса да,
Сонда-дағы қоймады жанталасып.

— Қатынымды берші — дейді, — ханның ұлы?!
Құшақтатып қоймаймын саған оны!
— Мә, қатын! — деп, аузына қалар қойып,
— Не былшылдап тұрсың?! — деп, күң мен құлы.

Аузы қанап, тістері сынып жатыр,
Жығылса да ішінен тынып жатыр.
“Обал болды-ау байғұсқа!” — дейтін жан жоқ,
Бір кісіге білгенін қылып жатыр.

Даурығымен бұлардың жұрт жиылды,
Көзі аққырдың көзінен жас тыйылды.
Өлгеніне мұнша аза тұтамын деп,
Өлімнен де бір күшті көр қиынды!

Өз басына адамның өз тілі жау,
“Жасқаншақтың – деген бар, – екі көзі сау”.
Баласымен бір ханның талас болып,
Бір қатынға мұнша үлкен зорайды дау.

Желкілдеп жүгіре басып, қатын келді:
– Бұ кім? – деп, – шулықтырған осынша елді?!
– Әлі күнге өлтірмей тұрсындар ма,
Былышылдатып сөйлетіп бұл итті енді!

Қатыннан тұрған жандар кеп сұрады,
Жиылған көп халайық көп сұрады:
– Бұл сенің бұрын көрген танысың ба,
Құдайлық, шыныңды айтшы! – деп сұрады.

Қатын айтты:

– Дәмі жоқ жаласының,
Келеріне, ұмтылмай, шамасының.
Бала жастан қолында ойнап өскен –
Мен гүлімін патшаның баласының.

Езу тартып өмірімде күлген емен,
Бай деген қандай болар, білген емен!
Мұндай түрсіз, жұғымсыз жексұрынды
Өңім түгіл, түсімде көрген емен!

Ысқақ айтты:

– Сен менің қатынымсың,
Қыздай айттырып алған қосағыңмын.
Әкемнің ағасының қызы емес пе ең,
Өлігінді күзеттім бірнеше күн.

Қатын айтты:

– Мен сені танымаймын,
Шошқа жолдас болған ба көктегі аймен?!
Орны жоқ өтірікке кім нанады,
Кім отырар бір сағат сендей баймен?!

Баласы айтты патшаның:

— Сөзінді қой,

Қоймасаң, мұнан да артық көресің той!

Біздердің арамызға жел салам деп,

Бір тапқан амал ойлап, қулығың ғой!

Жаққа-жаққа ұрады:

— Патшағар! — деп,

Құлдарына бұйырды:

— Тарт, шығар! — деп

— Дау-жанжалын бұлардың басып кел! — деп,

Бір қазыға бұйырды патша:

— Бар! — деп.

Бұйрығымен патшаның қазы келді,

Жүгініске түседі бұлар енді.

“Өліп қайта тірілді!” — деген сөзден

Естіген көп халайық жалған көрді.

Ысқақ айтты:

— Бұл қатын — менікі анық,

Бұл сөзімді, Оллаһи, деме танық.

Өліп қалған жерінен душар болып,

Хазірет Ғайса тірілтіп берген алып.

Қазы айтты:

— Айтқан сенің сөзің жалған,

Дау екен бір өтірік жала салған.

Ол заман мен бұл заман — бар ма, сірә,

Өлген жанды тірілтіп, қайтып алған?!

Қатын сонда қуанды:

— Құлдық, бас! — деп,

Орынсызға соқтыққан не еткен мас?! — деп.

— Мұнан былай өтірік дау болмасын, —

Бұйрық қылды:

— Бұл итті дарға (дараға) ас! — деп.

Жеңдеттер іліп алып жөнеледі,

Түзетіп дар ағашын бөгеледі.

Мойнына арқан тастай берген шақта,

Хазіреті Ғайса пайғамбар кез келеді.

– Тақсыр, маған жете гөр, өлдім! – дейді,
– Өзім іздеп өлімді келдім! – дейді.
– Өзіңіз тірілтіп берген қатынымнан
Қызық дәурен, көп істі кордім! – дейді.

– Бір патшаның баласы тартып алып,
Айдалада шоңқиып, “дат!” – деп қалып.
“Сені қашан көрдім” – деп, бет бақтырмай,
Бұрынғы жолдастықтан кетті танып.

Құтылмастай пәлеге басым қалған,
Сізден бір қолқам еді тілеп алған.
Сіз тірілткен емес пе анау қатын?
Жұрттың бәрі менікін қылды жалған!

– Бұл сөзің рас, – дейді – байғұс бала-ай,
Қиналған қатын үшін есіл жан-ай!
Мен тірілтіп, өнеугүні кетпеп пе едім,
Ей, қатын, бұл сөз шын ба, мұның қалай?

Қатын айтты:

– Мүнікі өтірік, жалған,
Өтірікті өңдеп айтса, әркім нанған.
Мен қызымын патшаның асыранды,
Жұмыртқамнан уыздай шайқап алған.

Шыныңмен сіз де соған нанасыз ба?
Сөзге нанып орынсыз, баласыз ба?!
Бір қатынды рас шығар тірілткенің,
Ұрғашыға назар, көз саласыз ба?

Байқаған жоқ шығарсыз анық қарап,
Ұрлап алып кеткен шығар бәдау араб?!
Өтірікші жәдігөй бұған еріп,
Көп ішінде қылмаңыз мені харап!

Мен қайдан тірілемін, өлгенім жоқ,
Өлімді ойлап, көңілімді бөлгенім жоқ.
Жаза басып жүрмеңіз, жазым соғып,
Жүзіңізді еш бұрып көргенім жоқ.

Баласы айтты патшаның:

– Бұл менікі,
Адал сауда, халал мал, теңгенікі.
Жазым сөз пайғамбарға жараса ма,
Уақа емес қанша айтса да өңгенікі!

Ғайса айтты:

– Қатын, сөзге қойшы құлақ,
Қатын деген: “шашы ұзын, ақыл шолақ”.
Аузыңнан шыққан сөзді сөйле абайлап,
Өзінді оңды, өнгені қылмай олақ.

Сөз болар онан-мұнан айтсам құрап,
Қамыс па ең иілетұғын қолмен бұрап?
Өлген қатын емес пе ең әлдеқашан,
Тірілтпеп пе ем Құдайдан өзім сұрап?!

Қатын айтты:

– Жоқ, тақсыр, мен емес ол,
Көрген әйел емеспін мен бұрын жол.—
Бұл сөзіне қатынның шыдай алмай,
Дұғаға Хақ пайғамбар көтерді қол:

– Бізді көрді бұл қатын оңай! — дейді,
– Керек емес, болмаса былай! — дейді.
– Сөзім жұртқа шын болсын, жалған болмай,
Бергенінді өзің ал, Құдай! — дейді.

Қатын сонда сылқ етіп жерге түсті,
Көрген жұрттың бәрінің зәресі ұшты.
Бір мегежін болды да, өліп қалды,
Көзге солай көрсетті Құдірет күшті.

Мегежін болып қалыпты қатын өліп,
Қатын үшін жұрмендер көңіл бөліп.
Жұрт жығылды Пайғамбар аяғына,
Қойдай шулап, қозыдай маңырап келіп.

Патша болды жығылған жұрттың — басы,
Бұлақ болып, көл-дария көздің жасы:
– Кеше гөр, — деп-ай, тақсыр, — білместігім! —
Өгіздей өкіріпті хан баласы!

Ғайса айтты:

– Жұрт, құлақты салыңыздар,
Көзбен көрдің, көңілмен наныңыздар!
Тамаша, Тәңірім қылған әрбір істе,
Мұнан ғибрат баршаңыз алыңыздар!

“Болам, — деп ойлайды ғой әркім, — онды”.
Онды болар, ондаса Тәңірім жолды.
Кәпір өліп, мұсылман боп тірілген, —
Көрдіндер тамаша етіп қара құлды.

Мұсылман еді қатын, көзің көрді,
Бір басты қайта келіп қара жерді.
Бір өліп, бір тіріліп, өуре болып,
Мінеки, ақырында кәпір өлді!

Жемтікке алданғаннан болдың қарға,
Қатын десен, құрулы бардың дарға!
Мұнан артық сөз ғибрат қандай болсын,
Баста миы, маңдайда көзі барға.

Қатынды аса жақсы Ысқақ сүйді,
Күйгенде, бұл жалғанда сонан күйді.
Өзі мен қатынына түк пайда жоқ,
Шарапат, жақсылығы құлға тиді.

Мұндай сөз таба алмассың, берсең де ақшан,
Алтын сырға құлаққа алып тақсаң!
Бір қатынды баққанша, жүз итті бақ,
Жаныңа қылдың залал, қатын бақсаң!

Өз ойыңды ойлайсың: “Бұл — менікі,
Өзімдікі, емес — деп, — өңгенікі”.
Сенен гөрі қарулы жан жолықса,
“Емеспін, — деп кетеді, — мен сенікі!”

Бұл сөз шын: “Жоқ, — деп ойла, — мұның қалты”.
Аты қатын болған соң, бір ғой салты.
Ынсапты, тоқтауы бар әйел болса,
Еркекке тиянақты алтын саты.

Баяғы байғұс Ысқақ қайтып кетті,
Босатып оны дардан азат етті.
Енді қатын алмасқа тәубе қылып,
Қаңғырып, жылап жүріп, шөлдерді өтті.

Кітаптан мұның бөрін көзім көрді,
Білген жоқпын мұнымды, өлер жерді.
Ақ күмістей айырып алыңыздар:
Жүз “он”-мен, он “тоғыз”-бен — оннан бірді.

Сөзімді ұқпай қалма, тыңдай алмай,
Ұқпасаң: “ах, ты боже!” (акты божым) — дерсің талай.
Сөзімді сөз білгенге сөйлеп бақтым,
Кеткенге, дау-дау деймін, әрмен қарай.

Бірі — алтын, бірі күміс ұққаныңа,
Керек қып жанды жанға соққаныңа!
Итеріп найзаменен кіргізе алман,
Құлақты мақтаменен тыққаныңа!



Әдһам диуана және Ибраһим

Жаратқан жан біткенді жаббар халық,
Күнелткен аяқ-колсыз суда балық.
Бұрынғы замандарда бір ғәділ хан,
Балыхта қылған екен патшалық.

Бітсе де қанша дәулет көз тоймаған,
Өтерін бұл жалғаннан кім ойлаған?!
Патшаның ғәділ болған заманында,
Қасқыр мен қой, жылан мен бала ойнаған.

Дариядан көктей өткен көпір салып,
Күншығыс, күнбатысқа даңқы барып.
Самарқанд, Бұқар, Ташкент-бәрін билеп,
Қытай мен Үндістаннан алым алып.

Дастан боп жұрт аузында қалған сөзі,
Айтуға тұрарлық боп мұның өзі.
Жалғанда арманы боп бір ұл перзент,
Болыпты бір бойжеткен жалғыз қызы.

Ұялған күннің көзі көрсе көркін,
Тұрады кімге дүние емін-еркін?!
Перілер сұқтанысып қарайды еркін,
Басына киіп шықса кәмшат бөркін.

Сипаты десең болар хорлығайын,
Ажары арта берген күн-күн сайын.
Бетіне алақандай сыйғызыпты,
Құдайым шеберлікпен күн мен айын.

Мұндай жан көрмеген көз мұнан бұрын,
Нөркес көз, ғұнша ерін мен пісте мұрын,
Жарық қып қараңғы үйде шам жақпаған,
Жүзіне Рахымахман төккен нұрын.

Жастықта біз білмедік нәпсі тыя,
Кез келіп бір биік шың қызыл қия.
Сол қыздың ажар-көркін түгендеуге,
Шақ келмес қалам, қағаз, қара сия.

Ойласаң, жалған кімге опа етті?
Айтуға екі ауыз сөз келді, кетті.
Мың ұлға балап жүрген жалғыз қызға,
Бір күні бігіп тағдыр, қаза жетті.

Қисайып құлап кетті қыңыр заман,
Нәрсе жоқ бір қисайса мұнан жаман.
Басы жұмыр пендеде жан көрдің бе
Өлімнен әуел ақыр қалған аман?!

Әркім-ақ бұл жалғаннан дәурен сүрді,
Біреуге-ерте, біреуге кеш кеп жүрді.
Хан болсын, қара болсын-бәрі бір бас,
Өлген сөң жататұғын жайын көрді.

Қатындар жанталасып қызды жуды,
Аударып оң мен солды, құйды суды.
Үш қабат ең болғаны орап бөзге,
Тұмшалап бас-аяғын құрмен буды.

Таласып қожа, молда сықат (расход) алды,
Бір өлімтік дене боп босқа қалды.
Сүйрегендей шығарып еріксіз үйден:
— Салатын жаназа! — деп айғай салды.

Көтерді жаназасын оқып жерден,
Бұрынғы салтанатты кетті төрден.
Апарып терең қазып көміп тастап,
Көп адам қоя барған қайтты көрден.

Неше гауһар қалмады жерде жатып,
Ыстық шілде жаз күнде мұз боп қатып.
Бір диуана бар екен оған ғашық,
Маңайына келе алмай жүрген батып.

Жұлдызы оң боп, сәтті күн туған екен,
Екі бетін көз жасы жуған екен.
Диуананың ғашығын біліп патша,
Бұл шаһарға жолатпай қуған екен.

Ықтиярсыз диуана кеткен екен,
Патша қаһар байғұсқа еткен екен.
Хан қызына ғашық боп, қолы жетпей,
Бұл ортада жеті жыл өткен екен.

Қыздың өлген хабары бұған жетті,
Отыра алмай орнынан ұшып кетті.
“Өлген қыздың моласын қори ма?!” —деп,
Шаһар жаққа түзейді енді бетті.

Аузынан-жалын түтін дау-дау жанып,
“Иа, һу!” — деп, анда-санда тыныс алып.
Жаңа өліктің моласы ескіре ме?!
Сұрамастан ешкімнен білді танып.

Моласының басына келіп тұрды,
Тіршілікте қыз қашан мойнын бұрды?!
Пенде қайдан біледі көрсетпесе,
Шеберлікпен құдайдан болған сырды?!

Жаймашуақ жаз болар, қақырап қауыс,
“Ырыс-жұғыс, - дегендей, - ғақыл ауыс”.
Көр күзеткен кісідей тұрғанында,
“Мені ал, мені ал,!”-деген келді қыздан дауыс.

Қыз дауысын естумен есі кетті,
Диуана боп жүргенмен несі кетті?!
“Шын дауыс па, отірік бір нәрсе ме?!”-
Біраз тыңдап дауысты тамаша етті.

Болжайтұғын ғайыпты жіті көз жоқ,
Басқанменен қара жерде қалған із жоқ.
Бой тоқтатып құлағын салып тосса,
“Мені ал, мені ал!”- дегеннен басқа сөз жоқ.

— Мен диуана ел кезген Әдһам атлы,
Кісі елерлік кісі емес, текті, затлы,
Бұл айғайың қай айғай, жөнінді айтшы,
Не қылмысты пенде едің, қай сипатты?!

— Пенде ісін мойныма артқаным жоқ,
Көр ғазабын өлгенмен тартқаным жоқ.
[Зор]лық пенен нумилық қиын-қыстау
Қысым көріп біреуден жатқаным жоқ!

Өтірік өлмей, шын өліп көрге түстім,
Алтын тақтан айрылып, жерге түстім.
Ұйысқан қан денемнен тарқаған соң,
Мен осындай тіріліп күйге түстім.

Тірілгелі білмеймін көп күн өтті,
Айғайлаумен бар әлім құрып бітті.
Кім де болсаң, моламды ашшы жылдам!
Өліп кетсем, мойнында құным кетті! —

Мұны естумен Әдхамда ес қалмады,
Бары-жоғын дүниенің ойға алмады.
Екі қолдап топырақты шашып жатыр,
Кетпен, күрек, бір сайман қолға алмады.

Сорғалағты маңдайдан ащы терді,
Тас-топырақты лақтырып тастай берді.
Бір сағатта дал-дал қып аршып алды,
Кісі бойы қазылған терең көрді.

Қүдіретіне құданың қайран қалып,
“Иа! һу!” — деп, анда-санда демін алып.
Лақат қылып қалаған кірпішлерін,
Бір-бірлеп тауысыпты бәрін алып.

Арылтқан соң моланың топырақ-тасын,
Қыз сілкініп көтеріп алды басын.
Бұрын еркек көрмеген ибалы жас,
Дәрмен жоқ, қымтаған боп жатыр шашын.

— Кетіп қапты әл-қуат бәрі! — дейді,
— Он бес жаста болыппын кәрі! — дейді.
— Ата-анама көйлекшең көрінбеуші ем,
Алысырақ түр, Жәкежан, әрі! — дейді.

Әдхам кейін шегінді бір-бір басып,
Тап-таза қып моланы аршып-ашып.
Екі-үш қабат ұмтылып тұра алмады,
Не қыларын біле алмай, қатты сасып.

Келтірмеді тұруға қыздың ебін,
Ашаршылық әкеткен күштің көбін.
Бұлқынғанмен босатып жібермеді,
Ширатылып оралып қалған кебін.

— Жақсы адам, келші жақын бері! — дейді,
— Болғаным құрсын бүйтіп тірі! — дейді.
— Тұрғызшы қолтығымнан сүйеп мені,
Құдайдың бұл бір тосқан жері! — дейді.

Әдхам келіп тұрғызды сүйеп қызды,
Жаға-жеңсіз оралған қымбат бөз-ді.
— Жұрт көзіне түсірмей жылдамырақ,
Апар, — дейді — үйіне енді бізді!

Басын буган, бес қамыс баспанасы,
Соған зорға жетерлік қыз шамасы.
Көрем деген мұндайды ойда бар ма?!
Тәңірім басқа салған соң, жоқ шарасы!

— Базарға, кел кешікпей барып! — дейді,
— Ине, жіп пен бір оймақ алып, — дейді.
— Кебінімді өзіме көйлек қылып,
— Басқа жаулық қояйын салып! — дейді.

Базарға құр алақан барып келді,
Ине-жіп пен оймақты алып келді,
Жоқтық шіркін арқансыз қолын байлап,
Жүрегі қуанғаннан жанып келді.

Көйлек киіп, басына салды күндік:
— Қылғанына құдайдың бізлер көндік,
Бір молданы алып кел халалдыққа,
Саған тиген диуанам бұл бір теңдік!

Бір бейшара молданы алып келді,
Келген молда құтбасын оқып берді.
Ойда жоқтан қиюын келтірген соң,
Шеберлігін құдіреттің танып білді.

Оқыған соң құтбасын, молда кетті,
Бір-бірінің мұратын хасыл етті.
Игіліктің жоқ екен ерте-кеші,
Құдер үзген нәрсеге қалай жетті?!

Жігітлер, бұл айтқаным кітап сөзі,
Еркі бар әр не қылса тәңірім өзі.
Қылған соң Құдірет өзі не талас бар,
Кедейге болса қатын ханның қызы?!

Көрсетіп шеберлігін Хақ тағала,
Бере салды жылына жетпей жөне (жана).
Оң жұлдыз, ізгі сағат, сәтті күнде,
Жарқ етіп туды күндей бір ұл бала.

Баланың Ибраһим деп қойды атын,
Жаратқан тәңірім өзі нұрдан затын.
Әркімнің маңдайына біте бермес,
Көтеріп мұндай ұлды тапқан қатын.

Аз жылда жеті жасқа бала жетті,
Таң қалып шаһар халқы есі кетті.
Молдаға оқытуға мұны беріп,
Көрген жан сол баланы тамаша етті.

Балалар жұма күні азат болды,
Ойнаған көп балаға көше толды.
Таң қалып шаһар халқы қарайды екен:
“Тапты, — деп, — қандай қатын мұндай ұлды?!”

Ішпей-жемей тояды көрген жүзін,
Көзге алып сүрме қылып басқан ізін.
Бір қатын бұл балаға қарсы ұшырады,
Емізген бала күнде ханның қызын.

Моншаға барып қайтып келе жатып,
Баланы көрді тұрған таңдай атып,
Жаңа туған айдай боп жарқ еткен соң,
Қатын сорлы сілейіп қалды қатып.

Көзіндей құралайдың көзі жайнап,
Бала жүр көп баламен асық ойнап.
Бойы балкып, бұл қатынның есі кетіп,
Сүт саулап емшегінен ақты қайнап.

Баладан тұрды қатын көзін алмай,
Көрген соң не ғып тұрсын іші жанбай?!
Өзі қолдан өсірген хан қызына,
Ұқсапты түп-түгел боп аумап-талмай.

Құшақтап сүйді қатын қысып-қысып,
Балаға пәруана боп мейірі түсіп.
От болып өртенуге жақындайды,
Жүрегі қуанғаннан алып-ұшып.

Үйіне қатын сорлы ертіп барды,
Өрік-мейіз, қант пенен берді нанды.
— Күнде-күнде келіп жүр, қарағым! — деп,
Жолына құрбан қылды шыбын жанды.

Қалтасына ділда мен теңге салып,
Керек қылған нәрсесін береді алып.
Дүниесіне болмапты қатын ие,
Есіл-дерті балаға кетіп қалып.

Мұныменен алданып көп күн өтті,
Хан қызының орнына мұны күтті.
Баламенен басқаның жұмысы жоқ,
Үш-төрт қатын бас қосып кеңес етті.

Басты әр жаққа бастайтын кез болыпты,
Көп қаңғырған әр іске кез болыпты.
“Неге жақсы баланы көреді?!” — деп,
Таусылмайтын көп өсек сөз болыпты.

“Бір кедейдің баласы-мұнша дәрі,
Үйір қып жүр бойына қайдан, әні?!
Құлағына ханымның салайық!” — деп,
Қатын біткен жиылып барды бәрі.

— Ханым, сізге бір сыр бар сақтап жүрген,
Кісіңізден ши шықты мақтап жүрген.
Енекеңіз жасырын ойнас бопты,
Диуанамен ел кезіп ақтап жүрген.

Үйір қылып Әдһамның бір баласын,
Тауысатын берумен барлық асын.
Айналасы шашқаны — сіздің дүние,
Кімнің—дос, айырмайсыз кімнің қасын.

Дәнекерін біз білдік арасының,
Алып жүрген арадан парасының,
Тамыр болып Әдһаммен алғандықтан,
Барлық асы аузында баласының.

Есіткен соң ханымды ашу қысты,
Өз-өзінен от болып күйіп пісті:
— Енекені алып кел жылдам! — дейді,
— Көрсетейін мен оған әртүрлі істі!

Қуанғаннан бір қатын жүгіріп кетті,
— Ханым шақырып жатыр! — деп, алып жетті.
Келісімен қолға алды отырғызбай:
— Жаным, сені неден жын қағып кетті?!

— Баста миың қай жаққа кетіп қалды?!
Неден мұндай есіңді құдай алды?!
Көр күзеткен Әдһамның баласына
Қалай бергіш боп жүрсің пұл мен нанды?!

– Рас, мен беріп жүрмін пұл мен нанды,
Нан түгіл берсем керек барлық малды.
Мен нан берген баланы көрсең өзің,
Денеңдегі берерсің ыстық жанды.

Қылған ісін құдайдың таң көремін,
Бір көрумен тоймаймын, сан көремін.
Дәл өзіңнің қызындай боп тұрған соң,
Сүйіп-сүйіп құшақтап нан беремін.

Сөз қылсайшы баланы көріп өзің,
Қанша айт, онша айт, онан соң маған сөзің.
Қалай шыдап тұрасың сен нан бермей,
Аумаған дәл өзіңнің өлген қызың.

Баланы естіп, ханымның көңілі көшті,
Жүрегіне дерт болып бір от түсті.
“Өлген қызың сықылды” – дегеннен соң,
Мұның өзі сөз болды көкейкесті.

Жылады қызы есіне түсіп кетіп,
Өртенумен барады өмірі өтіп.
Абырахмат жаңбырын аспандағы
Шығарады дүр қылып садап жұтып.

Өлген қызын ұмытпай арман етіп,
Қайғыменен таусылып түгел бітіп.
“Қанттың шыққан қамысы қандай екен?”
– Деуменен ынтызар боп есі кетіп.

“Аһ!” – дегенде, жалыны ғарышқа жетті,
Көрмей жатып баланы есі кетті.
Енекеге жалынды: “Тұр жылдам!” – деп,
“Алып кел!” – деп, баланы жарлық етті.

Қуанғаннан Енеке жүгіріп барып,
Дедектетін баланы келіпті алып.
Дүниесіне болмады ханым ие
Есіл-дерті балаға кетіп қалып.

Ханым өуелі “аһ!” – деп, аузын ашты,
Не қыларын біле алмай жаман састы.
– Айналайын, келді, – деп, – қызым қайдан?!
Жас баланы бауырына қысып басты.

Сүйді дейді бетіне бетін таяп,
Не болады мал мен жан мұнан аяп?!
Неше түрлі жемісті қойды алдына,
Жан-жағына толтырып аяқ-аяқ.

Телмірумен балаға көзін сүзіп,
Бір көрумен мал-жаннан кетті безіп.
Мал деген ит күн туса неге керек,
Ауырмаса, беретін жаннан үзіп?!

Ақ сабынмен қол-басын жуындырды,
Алтын кемер беліне буындырды.
Күдірет шебер емес пе мұндай қылған?! —
Айдын көлден лашынға қу ілдірді.

Басына алтын тәж беріп, ғауһар таққан,
Бір жорғаны мінгізді судай аққан.
Неше түрлі үстіне тон кигізді,
Патша екен деп ойлайды көрген баққан.

Жалған, шіркін, өтеді жанды қинап,
Әуре болдық кім үшін бір мал жинап?!
Жібереді баланы енді үйіне,
Қалдырмастан дәнеме осылай сыйлап.

Баланың тойды көріп нұр сипатын,
Жан білмес диуананың түпкі затын.
— Қызыма аумай-талмай ұксап туған,
Тапты екен мұндай ұлды қандай қатын?!

Анасын шақырып кел, көрелік біз,
Қандай жан диуанаға боп жүрген кез?!
Тапқан қатын мұна ұлды тегін емес,
Аузынан есітелік бір жақсы сөз.

Құс екен қандай жерде ұя салған,
Аң екен өсіп-өнген қай аралдан?!
Құтан мен қытайдың киігі ме
Жерінде жүрген-тұрған жұпар қалған?!

Елшіні екі ортада қыздан салды,
Жасанып бірнеше қыз оған барды.
— Қараша үйде ханша болады екен! —
— Деп бұлар көркін көріп қайран қалды.

– Ханым сені шақырды, қатын! – дейді,
– Көрдің бе балаң мінген атын! – дейді.
– Барсаң, саған көп дүние пұл береді,
Зердің зергер таниды затын! – дейді.

– Біздер – қарға, ей, қыздар, сіз – бидайық,
Үйімізде ас-су жоқ сізге лайық
Өз теңімен жүрсе әркім жарасады.
Ондай жайға біз барып не қылайық?!

Үйімізде ет-нан жоқ жалғыз түйір,
Барсақ бізге, дейді ғой: “Бір жіп иір!”
“Тең теңін олжалайды” – деген сөз бар,
Қарға мен бұлбұл болған қашан үйір?!

Отырмыз үстімізді жамап бүріп,
Итіміз жоқ шығатын: “әу!” – деп үріп.
Ханым шошып кетпей ме, қарақтарым,
Осы түрмен үстіне барсам кіріп?!

Жолда көрген әркімдер күліп жүрер:
“Не алады, – деп, – сыйқы жоқ кісі көрер?!”
Бізді сықақ қылмаңдар, шырақтарым,
Деген сөз бар: “Көп күлген басқа келер”.

Қатын сөзін тауысты майда тілмен:
– Ісіміз жоқ біздің, – деп, – күртпен, елмен.
Қызлар келіп ханымға баян қылды,
Әңгімесін естіген көрген-білген.

Ханым айтты:
– Рас қой айтқан сөзі,
Суыртпақтық үйінде жоқ қой бөзі?!
Үсті-басы жамаулы шоқыт шығар,
Қорғалап отырған ғой сонан өзі.

Сілкіп киер үйінде жоқ боп киім:
“Жүретұғын жоқ қой, – деп, – еш жай-күйім,
Бастан-шашым, аяқтан шуым шығып,
Қалай барып көрем, – деп, – ханның үйін?!”

Жаулық апар, жабылсын баста шашы,
Көйлек, камзол, шапан мен кебіс-мәсі.
Неше түрлі киімді апарыңдар
Асыл бұйым өртүрлі зор бағасы.

Және кыздар сау етін жетіп барды,
Мұнан түгел жабдығын етін барды.
Бастан-аяқ киімнің бәрін сайлап,
Әкелуге-ұлығлап күтіп барды.

– Бармаймын, шырақтарым, қыспа! – дейді,

– Кигенмен келіспейді нұсқа! – дейді.

– Аяқ басып жүруге дәрменім жоқ.

Әуре мені қылмандар босқа! – дейді.

– Дәмі жоқ күр ендігі айтқан сөзің,

Жүрерге-аяқ, көретін сау ғой көзің!

Ерік алдыға қоймастан ап кетеміз,

Жүре ғой абыройыңмен онан да өзің!

Апармай қоймайтынын енді білді,

Киімді амалсыздан үстіне ілді.

Көркейтп дүние жүзін шыққан күндей,

Сәулесі жарқ-жүрқ етіп кіріп келді.

Пендесі көз салмаса төңірекке,

Жеткізер Жаббар ием не керекке.

Күдер үзген нәрсесі көлең етін,

Кіріп келді жанған шам көбелекке.

Туралық, түзулікте болса кісі,

Өз-өзінен оңалар оның ісі.

Хан қызы хақтан көңіл бұрмағаннан,

Қайта қонды басына дәулет құсы.

Бүркеншігін анасы жұлып алды,

Бір-ақ келді “а!” деуге, есі таңды.

– Мұсылманлар, өңім бе, түсім бе?! – деп,

Құлындағы құраққа даусы барды.

– Көрем деп пе ем мен мұндай атқан таңды,

Менің өшкен шырағым қайдан жанды?!

Жеті жылдай жоғалтқан гауһар тасым,

Қайдан келін қолыма түсіп қалды?!

Жаным менің қарағым, тәнім менің,

Жеті жылдай түн болған күнім менің!

Иа болмаса, ақылдан адастым ба,

Жынды емес, сау еді ғой денім менің?!

Қызы айтты:

– Ей, анажан, мақұл сөзің,
Мен сенің жеті жылғы өлген қызың.
Алған құдай өзіңе қайта берді,
Бойыңды басып, буыныңды бекіт өзің!

Ел-жұрты, мұны естіп аң-таң қапты,
Патшаға сүйінші деп, кісі шапты,
Өшкені өніп, өлгені тірілген соң,
Көрге қойған перзентін төрден тапты.

Қандай боп қуанды екен ата-анасы?!
Қолына орнаған соң дүр данасы.
Жоқтан бар қылған Хаққа бұл қиын ба?!
Аллаға шек келтіріп, болма ғасы!

Көрген соң ата-анасы ақ дидарын,
Жарылып ақ түйеден жатыр қарын.
Қыз өзі бастан-аяқ баян қылды,
Қалайша тірілгенін айтты бәрін.

Кім айтар: “Өлген қайтып келмейді!” – деп,
“Құдайдың оған-күші келмейді!” – деп.
Әдһамға патша тұрып ашуланды:
– Алған соң маған хабар бермейді! – деп.

Қызы айтты:

– Ей, ұлығлар патшасы,
Әдһамның бұл турада жоқ күнәсы.
Мен оны менсінем бе, теңсінем бе,
Киген соң үйге келіп атлас шаһы?!

Сөз қалды сөйлейтұғын тіл мен жақтан,
Пайда жоқ күн туған соң алтын тақтан.
Апарып бір қараңғы көрге салды,
Айырып еріксіз құдай алтын тақтан.

Тірілдім өз-өзімнен көрде жатып,
Көрмедім жарық сәуле бір таң атып.
“Мені ал, мені ал!” – деуменен күнім өтіп,
Шаршадым көрде жатып сілем қатып.

Келді де, сырттан біреу көрімді ашты,
Білген соң қыз екенім қайта қашты.
Орнымнан қанша ұмтылып тұра алмадым,
Көтеріп алсам-дағы көрден басты.

Жалындым:

“Ей, жақсы адам, бері кел! – деп,
– Қолыңның құдай үшін ұшын бер!” – деп.
Тұрғызып көрден мені әрең алды,
Су ағып маңдайынан, тепшіп-терлеп.

Ойладым: “Тағы жүгіріп үйге барсам,
Үстіне алтын тақтың мініп алсам,
Бұл сорлыға мені әкем бермес!” – дедім,
Түріне, нұсқасына көзім салсам.

Басқа бір өзім теңді берер байға,
Бұл сорлы құр алақан қалар жайға!
“Қарсылық құдіретіме қылдың!” – десе,
Ойладым: “Не деймін, – деп – соң құдайға?!”

“Бізге көр жұрт: “Өлді!” – деп қазған екен,
Тіріде менің пейілім азған екен.
“Жалаңаш көрге ап келіп жабыстырып,
– Ойладым, – бұған тәңірім жазған екен!”

“Қой енді бас бұрмайын мұнан!” – дедім
“Ат болар дөнен шықса, құнан!” – дедім.
“Алланың жазуына тоқтамасам,
Басыма түсер тағы тұман!” – дедім.

Сонымен бердірмедім сізге хабар,
Болмаса бұл байғұста не билік бар?!
Жүргенмен жылан қанша иір-иір,
Ақырда шыққан інін түзу табар.

Атасы бұл сөзді естіп, түсті дейді,
– Өзімнен шықты қызым есті! – дейді
– Түспеген жұрт көзіне қайдан білсін,
Құдайдан болған пәрмен істі! – дейді.

Әдһамды баласымен алдырыпты,
Шырағын оның құдай жандырыпты.
Мүлкінің қақ жарымын бөліп беріп,
Өзі өлген соң оларға қалдырыпты.

Патшаның көп кешікпей болды опаты,
Берілді Ибраһимге дәптер хаты.
“Бадақшан-балых шаһарының патшасы!” – деп,
Күншығыс, күнбатысқа кетті аты.

Неше жыл патшалықпен дәурен сүрді,
Қызығын дәулетінің ел-жұрт көрді.
“Қой үстіне бозторғай жұмыртқалап”,
Жылан мен бала бірге ойнап жүрді.

Құс салып, аң аулады мылтық атып,
Дүниеге бір күн шалқып, бір күн батып.
Кез болды көз ұшында бір құланға,
Жапанда жалғыз өзі келе жатып.

Сенімді астындағы аты жүйрік,
Мұны ұрып алайын деп болса бұйрық.
Алыстан қуып еді аттатпай-ақ,
Жақындап соғар жерге келді жуық.

Файыптан құлағына бір үн келді,
Кісі жоқ сөйлегендей, сөз естілді:
— Аң қуып арсалаңдап әлі күнге,
Жүргенмен не бітірдің, айтшы енді?!

Шаңына қашқан құлан көңіл бөлмей,
Қамынды ойла қазулы көрге кірмей!
Басың-бұлбұл, аяғың дүлдүл болсын,
Сөйткенмен қаламысың ақыр өлмей?!

Өлімнің келмес бұрын жолын көзде,
Есіл өмірің өткізбе бекер түзде.
Пайдасы жоқ аң қуып шаршағанша,
Жанға пайда болатын құдайды ізде!

Жалт қарады артына қашқан құлан,
Қиыстырып сөз айтты онан-мұнан:
— Аң қусын деп құдайым жаратты ма?!
Өлмек үшін жаралған туған ұлан!

Бұл сөзді естіп құланнан зәресі ұшты,
Ұмытпастай сөз болды көкейкесті.
Енді құлан қумасқа олда-білдә,
Ант етіп, қайтып келіп үйге түсті.

Ішсе, жесе, тамақтан өтпейді ас,
Тыйылмайды көзінен домалап жас.
Ұзын түнді өткізді ояулықпен,
Түні бойы жастыққа қоя алмай бас.

Жатқанменен көзіне ұйқы келмей,
Патшалықты өзіне дәурен білмей:
“Бұл дүниеде сүргенмен жүз жыл дәурен,
Қалам ба — деп — сөйткенмен ақыр өлмей?!”

Әуелден-ақ ұйқысын бөлуші еді,
Түн жарымы болғанда тұрушы еді.
“Жануарға обал, — деп — таң атқанша!” —
Өз қолынан атқа жем беруші еді.

Өзге түннен бүгін түн ерте тұрды,
Аттың жемін бергелі солай жүрді.
Тап-тап басқан кісінің табанындай
Үй үстінен есітті бір тықырды.

— Өлімді ойлап жүрегім дүрсілдейді,
Бұл не қылған мезгілсіз дүрсіл?! — дейді.
— Кімсің өзің, жөніңді айт, не еткен жансың,
Үй үстінен не қарап жүрсің?! — дейді.

— Кірекеш едім мен өзім бәдәуи араб,
Жоқ жоғалтып, ақылым алты тарап.
Түзде жүрдің, көзіңе түсті ме екен,
Түйеші едім бір жүрген түйе қарап?!

Естіген соң бұл сөзді патша күлді:
— Мұнан артық бола ма ақымақ енді?!
Ол заман мен бұл заман, — бар ма, сірә:
“Үй үстіне, — деген сөз — түйе келді?!”

Ақымақтығың білінді айтқан сөзден,
Іздесейші түйенді жапан түзден.
Ей, бейшара, есіңнің кеткені ме,
Тақта отырған, түйенді сұрап, бізден?!

— Мен ақымақ емес, патша — ақымақ өзің,
Болған жоқ па құдайды іздер кезің?!
Дәнемені көрмейтін көр болыпты,
Түздегі аңның тозаңы басып көзің!

Ішіп-жеумен күндіз-түн қарның тойған,
Жоқ нәрсеге сарп қып өмірін жойған:
Жатқан саған келе ме құдай өзі,
Кім орнатып құдайды таққа қойған?!

Қолда садақ болғанда, белде—қылыш
Ит дүниеге қыласың күн-түн жұмыс.
Тақта отырып құдайды іздейді екен,
Бәрекелді, кісі екен мынау дұрыс!

Бұл сөзіме қайыра жауап берші,
Құдай қайда, айтайын, бермен келші!
Өзіндікі ойында жоқтығыңнан,
Түйешімін дегенім болды ма ерсі?!

Жоқ жерден оқыс сөзді патша есітті,
Тағынан ықтиярсыз құлап кетті.
Шыбын-шіркей үйінен шығып кетіп,
Құдай жаққа түзеді енді бетті.

Ешбір жан бұл кеткенін сезбей қалды,
Талақ қылып тастады дүние малды!
Үш күн, үш түн жол жүріп жапа жалғыз,
Далада отар жатқан малға барды.

Қотан-қотан қойлар бар түсіменен,
Қос-қос жылқы ішінде қосыменен,
Аяқ алып жүре алмай жатқан малдан,
Сегіз күнді өткізді осыменен.

— Қожайынымыз қанша елдің ханы! — дейді,
— Дәулетінің болмаған саны! — дейді.
“Кімдікі?! — деп сұраса, жолыққаннан:
— Ибраһим Әдһамның малы! — дейді.

Мұнша дәулет барлығы келмейді ойға,
Айналмастай боп кетті айт пен тойға.
Ол шеті мен бұл шеті көз жеткісіз,
Тағы келді бір бөлек отар қойға.

— Жұрт асқан патшамыздың ойы! — дейді,
— Тал шыбықтай бұралған бойы! — дейді.
— Онан басқа кімде мал болушы еді,
Ибраһим Әдһамның қойы! — дейді.

Бір кісіге аямай берген құдай,
Құдай берген кісіге бәрі де оңай.
— Отар жатқан малының шеті осы ма,
Тағы қойы бар ма, айтшы, мұнан былай?

– Жылқышының қарайған қосы! – дейді,
– Дүние іздеген-шайтанның досы! – дейді.
– Мұнан былай малы жоқ отар салған,
Шаруасының ең шеті осы! – дейді.

– Енді қойшы аузыңды адамға ашпа,
Айтқан сырды ішіңе тық та, таста!
Бас-аяғын дүниенің қыдырсаң да,
Ибраһим Әдһам жоқ менен басқа.

Талақ қылып дүниені безіп кеттім,
Құдайды іздеп тентіреп кезіп кеттім.
Бір қарауға артыма мұршам келмей,
Мен артымнан күдерді үзіп кеттім.

Азат қылып босаттым өз басыңды,
Емін-еркін тыныштықпен іш асыңды.
Қойдың бәрін ал жинап, бердім саған,
Ие бол меншіктеп тау-тасыңды.

Шекпенінді қи маған, байғұс балам,
Атлас тонды киіп бол бір түрлі адам.
Алған малың өзіңе болсын халал
Хақ жолына мен: “һу!” – деп, бастым қадам.

Қараңыз қойшы олжаға батқанына,
Қой жүн шекпен атласқа сатқанына
Әбден разы болғандай осы қойшы,
Неше жылдай қой бағып жатқанына.

Бір түн түнеп қойшыға жатып кетті,
Атлас тонды шекпенге сатып кетті.
“Жаяулық пен жалғыздық құмар ісі,
Қарқ олжаға – демендер – батып кетті!”

– Көп жаңбырдан не пайда қара тасқа,
Үйір болма бойыңа сінбес асқа!
Кім сұраса, “Көргем жоқ!” – деп айтқайсың,
Бір өзімдей қаңғырған құлдан басқа.

Амандасып қойшымен жолға түсті,
Тұрғызбайды жүрегі алып ұшты.
Өз-өзінен бүлініп, әлек болып,
Лағын шайтан өртеніп күйіп пісті.

Жаны ашыған кісі боп, келді жетіп:
— Бейшара — деп, мүсәпірсіп аяп кетіп.
Мұныменен жетесің сен қай жерге
Жасисың ғой қорлықпен өмірің өтіп?!

Не таптың желге тиіп, күнге күйіп?
Шықпапсың жөні түзу киім киіп.
Түйең жоқ аяқ артар шаршағанда,
Табаның үш күн болмай қалар тиіп.

Қоржының жоқ ет пен нан салатұғын,
Торсығың-сусын құйып алатұғын.
“Ас-адамның арқауы”, — деген сөз бар,
Сендей жаяу әр-жерде қалатұғын.

Сұлтан айтты:
— Барамын бұл барғаннан,
Бара алмасам, құтылдым мен арманнан.
Тәуекелді тамам қып өлген артық,
Жан тынышы үйде жатып құр қалғаннан!

Жетеді пенде қайдан түйе мініп,
Хайуанға алданады хайуан сеніп.
Бір құдайдан басқаға көңіл бөлмей,
Өмірімді өткізейін жаяу жүріп.

Осы үшеуін серт қылдым бір басыма
Ортақ қылып жүрейін кімді асыма?!

Тәуекелдің таяндым таяғына
Болсын куә періште көз жасыма.

Озінді іздеп үйімнен шықтым, құдай,
Қылма мені арсалаң бұрынғыдай!
Бір басқа екі бас намаз оқып,
Мұныменен барамын жүріп солай.

Азықты алған жанлар ала берсін,
Болымсызға алданып қала берсін.
Азық артып жанымды қинарым жоқ,
Шыдамаған жан болса, бара берсін!

Мұны естіп лағын шайтан қайтып кетті,
Насихатын осылай айтып кетті.
Қылған серттен табанын тайдырмастан,
Бұл жүріспен арада төрт жыл өтті.

Бізге мұндай таң қайда анық атқан,
Жарық сәуле көре алмай құр түн қатқан?!
Көп керуенмен біраз күн жолдастасты,
Жолы бір боп бәрінің бара жатқан.

Жылдан-жылға барады заман өтіп,
Қалып жатыр жаманлар, жақсы кетіп.
Әлек қылып көңілін арбайын деп,
Лағын шайтан тағы да келді жетіп:

— Тәуекел осылай ма, сертің қайда?!
Міндетім деп шығып ең бір құдайда.
Өлмес қамын, бейшара, қылыпсың ғой,
Ойламаймын деуші едің жанға пайда!

Жан сақтапсың керуенге жанасалап,
Бақ болмаса, не керек таудай талап?!
Қамынды өлмейтұғын ойлапсың ғой,
Артылғанын бұлардың ұрттап жалап.

Сені есіркер керуеннің аяп іші,
Жұрт үстінен күнелтпек пұлсыз кісі.
Бұл қалыпты болмаса керек еді,
Тәуекелді шын қылған нардың ісі.

— Әуре болма бұлайша маған нансаң,
Көз сүзбес ең бұларға үйден алсаң.
Көлігіне мінгізіп әкетеді,
Жол үстінде жүре алмай шаршап қалсаң.

Айтқан сөзі малғұнның ащы тиді,
Айырылуды керуеннен көңілі сүйді.
Жолсыз жермен қаңғырып жаяу кетті,
Тірі пенде әр түрлі көрмек күйді.

Үш күн, үш түн ас ұрттап, ішпеді су,
Жан қиналды басынан бұрқырап бу.
“Қаңғырып өлсін елсізде!” — дегені ғой,
Ескі дұшпан, ежелгі жаны қас қу.

Таңдайына жабысып тілі қатып,
Бір ұрттам су болса деп көзін сатып.
Аяқ басып жүруге дәрмені жоқ,
Айдалада әлсіреп қалды жатып.

Шыбын келіп үймелеп конып жатыр,
Тышқан түтіп киімін жұлып жатыр.
Қара шіркей, сары маса ұзын аяқ,
Бір кісіге білгенін қылып жатыр.

Инелік пен көбелек о да бірге,
Жеңіп алған бұрыннан бит пен бүрге.
Ит пен құсқа жем қылып қалдыра ма?!
Енді құдай мүсіркеп келді жерге!

Жақсы-жаман дүниеде сөз болыпты,
Басты әр жаққа бастайтын көз болыпты,
Бір бәдәуи астында түйесі бар,
Құдай айдап үстіне кез болыпты.

Бізге құдай осындай таңды атыр,
Таң атса болар едік біз де батыр.
Тірі-өлісін, дал болды, айыра алмай,
Нұры балқып жүзінен біреу жатыр.

Айдалада айқайлап сүрен салды,
Құр шулатып құлақтың тынышын (тыйышын) алды.
Өкпесіне қараса қолын салып,
Шығар шықпас кеудеде жаны бар-ды.

Біле қойды жатқанын аштан талып,
Демі құрып сілесі қатып қалып.
Іш-бауыры елжіреп тұра қалды,
Мөлт-мөлт төгіп көз жасын іркіп алып.

Бәдәуидің домалап көзден жасы,
Не көрмейді ат пенен адам басы?!
Қайда барса өзінен қалдырмайтын,
Шырын-шәрбәт бар екен сусын асы.

Кеуіп жатқан аузына құйды сүтті,
Бір қызырға жолықты жолы құтты.
Кеңірдек пен өңеші жібіген соң,
Ар жағынан дем алып, сылқ-сылқ жұтты.

Сенбегендер Құдайға қалады екен,
Шын сенгендер көп олжа алады екен.
Айдалада қалса да ассыз-сусыз,
Азық әкеп аузына салады екен.

Ар жағына дәнекер корек барды,
Денедегі тасытты қызыл қанды.
“Ас – адамның арқауы” – деген сөз бар,
Біраздан соң есі әбден кіріп қалды.

Көзін ашса, бір пенде қасында отыр,
Екендігі қандай жан асында отыр.
– Не керек? – деп, жанында ебелектеп,
Пәруана боп иіріліп, басында отыр.

Есін жиып өз-өзіне әбден келді,
Шеберлігін құдіреттің танып білді.
Қылған ісін құдайдың тамаша етіп,
Ие болмай өзіне өзі, сылқ-сылқ күлді.

Мұны көріп бәдәуи есін танды,
Тізесінің үстіне басын салды.
– Құп, диуана екенсің ғажап, – дейді.
– Арсыз күлкің қай жерден келіп қалды?!

– Мен диуана емеспін, есім бүтін,
Сыртым бүтін болғанмен, ішім-түтін.
Ойда жоқ жерден құдай береді екен,
Бұрмай жүрсе құдайдан пенде бетін!

Бұл бәдәуи оқыған ғалым ер-ді,
Аят оқып тәпсірден мағына берді.
“Қылған еңбек кетпейді бекер босқа,
Тәңірім босқа қалдырмас талапты ерді!”

Бұл бәдәуи кісі екен жақты, жанды,
Түйесіне мінгізіп алдына алды.
Жайылып-жастық, иіліп төсек болып,
Меккетұлла шаһарына алып барды.

Барса сұлтан, Байтулла орнында жоқ,
Деп ойлады: “Екеуіміз жол жаңылдық!”
Іздеп келген нәрсесі жоқ болған соң,
Күйіп кете жаздады от, жалын, шок.

– Ешкім нанбас жоқ деген сөзімізге,
Килікті ме бір нәрсе өзімізге?!

Жансыз нәрсе орнынан қайда кетер,
Жабысты ма бір нәрсе көзімізге?!

Аң-таң болып бұлардың есі кетті,
Сүйген құлға Хақ жолын несіп етті.
Не қыларын біле алмай тұрған шақта,
Құлағына ғайыптан бір үн жетті:

— Аң-таң болып, Ибраһим, ғапіл қалма.
Бір басылған аяқты кейін салма!
Құмар болған жалғыз-ақ сен бе екенсің,
Жүре берсең, қорерсің: жоқ па, бар ма?

Бір достымыз бар еді бізге құмар,
Несін саған қылайын ұзын-сонар?!
Іңкәрлігі өзгеден артылған соң,
Шығып соның алдынан кеткен шығар!

Мінәжат қылды сұлтан мұны естіп,
Өзі өзінің есінен шығып кетіп.
— Мен құрмалдық тоқтысы болар едім,
Жолықтырсаң, мені оған душар етіп!

Қандай күнде жараттың оның өзін?!
Көзге сүрме қылайын басқан ізін!
Құтты өзінді көргендей қуанайын,
Өзің сүйген достыңның көрсет жүзін!

Кім есептеп жүреді өткен күнін,
Шауып тастар қисық деп кім өз мінін?!
Көргенімше көңлім дауаласын,
Маған таныт күні бұрын аты-жөнін.

— Құдіретіме ертерек жеткен даты,
Басып шығар бір-екі қалды саты.
Баһара деген шаһардан шыққан жалғыз,
Жынысы — әйел, ісі — еркек, Рабиға аты.

Мұны естіп түседі сұлтан жолға.
Тәуекелдің таяғын ұстап қолға.
Рабиғаға кез болды жол үстінде
Ит алданар әркімнен қалған тұлға.

Дария болар су ағып тасқан сайын,
Көтерілер ат белден асқан сайын.
О да екі бас келеді намаз оқып,
Әрбір жерге аяғын басқан сайын.

Бір құнақта екі жүз жерді басып,
Басқанынан екі жүз намазы асып,
Жерде жатқан күндей боп жарқ-жүрқ етіп,
Домаланып келе жатыр нұры тасып.

Құдайына келеді көңілі кетіп,
Шыбын жанын жолына құрбан етіп,
Қажылардың ихрамды байлайтұғын,
Тақалғанда орнына жаңа жетіп.

Жаннан кешіп барады ердің ері,
Арманына пенденің жеткен жері.
Енді ихрамды байлайын деп тұрғанда,
Келіп қапты бойына етек кірі.

Ихрам киіп, қажылар рида салды,
Керек қылмас сол күні ешкім малды.
Намаз бенен рузасы дұрыс болмай,
Байлай алмай ихрамды жалғыз қалды.

Тақалғанда арманға жаңа жетіп,
Тәңірім мұндай бір ауру душар етіп.
Айдалада бұл күймей, кім күйеді,
Есіл еңбек бір жанбай босқа кетіп?!

– От үрледім жеті жыл: “Жаншы, жан!” – деп,
Жарлық қылдың жаңбырға: “Жауа сал!” – деп.
– Мені биыл қалдырмай бұл парыздан,
Болмаса, – қылды нала – жанымды ал! – деп.

Алла тағала наласын қабыл етті,
Тап-таза боп бойынан дерті кетті.
Құйынуға су іздеп аласұрып,
Су таба алмай елсізде, шаршап бітті.

Су іздеген киіктей жортып желді,
Бір құйынар су болып арманы енді.
Көріп қойған кісідей көп бұлтармай,
Бір құдықтың басына тура келді.

Қауғасы жоқ алады қалай суды,
Шешіп алып көйлегін мес қып буды.
Кесіп алып шашбауын арқан қылып,
Таза сумен етінің кірін жуды.

Керек қылмай кеткен соң жұрт пен елді,
Тәңірім қылды болыстық, мұнан білді.
Шөлдегеннен аузына тілі сыймай,
Екі көзі төрт болып бір ит келді.

Көйлегімен су алып итке құйды,
Емін-еркін ит ішіп әбден тойды.
Екі көзі шырадай жанғаннан соң,
Итке тәңірім салады бір жақсы ойды.

Құдайына ит ұлып қақсады зар:
— Бұл пенденің жүрегінде не мақсат бар?!
Мені қандай қуантса, сондай қылып,
Мұратына жеткізіп, жүрегін жар!

Иттің қылған дұғасы қабыл болды,
Жазы жапан айдала нұрға толды.
Жаңа киіп көйлегін тұрған шақта,
Басына кеп Байтұлла орнап тұрды.

Лтипат қып Рабиға көз салмады,
Келді ме, келмеді ме ойға алмады.
Шам-шырақтай келеді қатын жайнап,
Қолшатырдай басынан қозғалмады.

Басқан ізі жазылған хаты болып,
Тау мен тасқа түп-түзу саты болып.
Қабығы жоқ қолында ағаш таяқ,
Алласының аузында аты болып.

Көрінгеннен қарасын, шайтан қашқан,
Жері алтын ізі боп, аяқ басқан.
Хазіреті Мұсадай қайрат қылып,
Нұр тауына өрмелеп жоғары асқан.

Сондай болып Рабиға келе жатыр.
Қағбатұлла басында болып шатыр.
Дастан болып артында сөзі қалған,
Жынысы әйелден шыққан — ол — бір батыр.

Қол қусырып алыстан, тағзым етіп,
Еріткен майдай толықсып, балқып кетіп.
Қажылардың бәрін де соңынан ертіп,
Қарсы алдынан Ибраһим келді жетіп.

Домалантып көзінен төкті жасты,
Әйел демей, алдына қойды басты:
— Ұлы сәске тал түсте тұрған күндей
Көзге түстің, қалайша бағың асты?!

Қағбатұлла алдыңнан қарсы шыққан,
Мың сан еркек өзіңнен қойдай ыққан.
Ілтипат қып сен оған көз салмайсың,
Тәкаппарлық болмай ма ұлығлықтан?!

Рабиға айтты:

— Көңілден кетсін дағың,
Шірімесін сөз айтқан тіл мен жағың!
Айтып тұрсың әншейін маған жорта,
Артық екен менен де сенің бағың!

Машақатсыз келіп тұр Қағба маған,
Қылған істен пайда жоқ қызбай табан.
Ерте піскен жемісте дән болмайды,
Жетік молда бермеген тағлым саған.

Әр нәрсені қадірлер, шыкса пұлы,
Болмасын деп кім айтар жүрген жолы.
Мехнатсыз, машақатсыз қолға түскен,
Нәрсенің, сірә, болмас қадір құны!

Тарау-тарау сөзім бар әр бір кептен,
Көріп тұрған пайдам жоқ қауым көптен!
Және Сұлтан сұрайды Рабиғадан:
— Қағба шықты алдыңнан не себептен?!

— Сөзге сөз келіп қалса — сөз атасы,
“Сөз-сөзден туар” — деген жоқ қатесі.
Байтұлланы басымнан айналдырған.
Бұралқы түзде жүрген ит батасы.

Бір-екі ауыз сөзбенен бұ да бітті.
Көп қажылар тауап қып қайтып кетті.
Рабиға да қайтыпты өз жұртына,
Қалды Ибраһим Меккеде ,көр: не етті?!

Бір орыннан қозғалмас Темірқазық,
Басы жұмыр пендеде көп тұр жазық.
Мың алтын берді бір бай Ибраһимге:
— “Киім-кешек, өзіңе қыл, — деп, — азық!”

Тамақ – олжа: бір күнгі қарны ашқа,
Қой жүн шекпен атластай жалаңашқа.
– Өмірімше шашымды алып тұр! – деп,
Мың алтынын беріпті шаштарашқа.

Қайыр сұрап бір кедей сонда келді,
Мың алтынын шаштараш түгел берді.
– Бірін берсең жүрмей ме, құдай үшін,
Неге бердің біржола бәрін?! – деді.

– Саған берген бай оны қайдан берді?!
Маған қылған жақсылық-пайдан! – деді.
– Құдай үшін беруге мың көп пе екен,
Сендей жүз мың иеледі жайдан! – деді.

Мұны естіп Ибраһим қайран қалды:
– Шоқ тәубе ме, – деп, өзіне бір ұпай салды.
Айтқанына өкінді пұшайман боп:
“Жүр екем, – деп – ұмытпай әлі малды!”

– Қате қылдым, жаңылдым, мен адастым,
Жақсы көрсем, жалғаннан неге қаштым?!
Көңілге алып, дүниені көзге іліп,
Неге аяқты хақ жолдан қисық бастым?!

Алласы ашқан айыпты кім жаба алар,
Қолың қанша былғанса, су тазалар.
Қас пен көздің, кірпіктің арасында
Талайсызға тікен боп тіл қадалар.

Күн өткізді Меккеде жазы-қысы,
Құлшылықтан басқамен болмай ісі.
Тауға барып бәйшешек, жантақ теріп,
Бір отыншы белгілі болды кісі.

Бір арқа отын арқалап алып келіп,
Одан алған тиынын үшке бөліп.
Жетім-жесір, міскінге үлестіріп,
Қайда дәруіш бар болса, тамақ беріп.

Жарасады жүк артса шалқұйрық нар,
Айыр өркеш түйе мен болмас бұл пар,
Ұзын түнді өткізді ояулықпен,
Құдайына мінажат қылумен зар.

Жалғаннан біреу қашып кетіп жатыр,
Жабдығын ақыреттің өтіп жатыр.
Кейбіреулер дүниені талмай қуып,
Бәріне де бір құдай жетіп жатыр.

Дүние — қоян, арсалаң адам — тазы,
Бар да, жоқ та тұра алмай, өтіп жазы.
Қарақшыға жете алмай жолда қалып,
Мұнымен таусылып бітіп шары.

Ақылсыздар бейнет қып дүние жиып,
Дұшпанларын семіртіп жатыр күтіп.
Кейбіреулер бар-жоғын ойламастан,
Жүндей сабап дүниені, жатыр түтіп.

Айналасы кереге, төбесі — уық,
Сол сағатта тәубең де тұр ғой жуық.
Екі күні бірдей боп тұрмайды еш,
Бір күн ыстық болғанда, бір күн — суық.

Ер басына не келіп, не кетпейді,
Күн — бүгінгі, ертеңге көз жетпейді.
Бұ жалғанды деймісің мәңгі бақи,
Күн мен жұма, ай менен жыл өтпейді.

Зар боп қалар кей бір күн бай бір пұлға,
Үнемі қонып тұрмайды дүние қолға.
Бақ пенен тақ, патшалық қалар тиіп,
Ескерусіз есікте жүрген құлға.

Баяны жоқ жалғанның ісі ғайып,
Бай-кедей болуы оңай, кетсең тайып!..
Көбең малдай елендеп, оскырады
Жалғыз атты кедейден — жүрген байып!

Бір күн семіз боларсың, бір күн-арық,
Отыз күндік бір айдың жарымы — жарық!
Өткен өмір, кеткен күн — белгісі жоқ,
Маған десең қырық жыл қыл патшалық!

Жан көрдің бе өлместен жүрген тірі,
Ер басына қазулы тұр ғой көрі.
Кім келмейді жалғанға, кім кетпейді,
Адам ата, Нұх нәби, — сонан бері?!

Мәңгі бақи дүниеде қалған жан жоқ,
Құр алақан кетесің, алғаны жоқ.
Жетсең де арман бұ дүние, жетпесең де,
Құдайды іздеп өлгеннің арманы жоқ!

Сұлтанның артында қалған қатын — баласы туралы.

Бұл сұлтан құдайды ойға алып еді,
Оң жолға тәңірім өзі салып еді.
Зұлхия халал жары жүкті болып,
Қыршын жас дер күнінде қалып еді.

Тірідей қалды да тұл, күйіп бақты (бақыты),
Болды да біреуге олжа алтын тақты (тағы-тақыты).
Кеткен соң патша үйден көп ұзамай,
Жүзі айдай, көзі күндей бір ұл тапты.

Айырылып бақ құсынан қалды қатын,
Сарғайтты сана менен нұр сипатын.
“Тұлпардың тасқа басқан тұяғы!” — деп,
Баланың Сұлтанмахмұт қойыпты атын.

Бар екен әуелден-ақ тумaq-өлмек,
Басқа құдай не салса, пенде көнбек.
Әркімді әр нәрсемен жұбатады,
Қатынға туған бала болыпты ермек.

Баһары қаз алатын лашындай,
Бойы бар тік сандалдың ағашындай.
Мінезі, түсі, түгі дәл атасына
Ұқсапты сауысқанның баласындай.

Көк шыбық солқылдаған өрім талдай,
Мінезі тәп-тәтті боп ғылуа балдай.
Алмадай екі беті албырап тұр,
Туады мұнан артық бала қандай!

Жаралған түп-түгел боп, жоқ боп міні,
Аққудай саңқылдайды шыққан үні,
Отырды үй үстінде бір күн бала,
Қазақша — шек, ертең айт деген күні.

Анасы серік болып қасында отыр,
Жетімлік, жесірлікпен басында отыр.
Болған сөң айт ақшамы, шырақ жағып,
Әркім барып бір көрдің басында отыр.

Көрмеген мұндайлықты бұрын бала,
Балаға көргеннен сөң түсті сана:
— Жай жатқан көп өліктің тынышын алып,
Мынау жүрт не қылып жүр, ей, жан ана?

Аузына қарай қалды анасының,
Жықлайды сөзін ана баласының.
— Шырақ жағып жүргендер ғой, бата қылып,
Басына өлген ата-бабасының.

— Отырмыз біз бозарып мұнда не ғып?!
Көзінен жас ағыпты мөлт-мөлт тамып.
— Менің өлген әкемнің көрі қайда?
Келейін мен де барып шырақ жағып.

Анасы бір аһ ұрды, есін танып,
Аузынан шыққан жалын дау-дау жанып.
— Атаңның бұл шаһарда моласы жоқ,
Қайтпасан құр бозарып босқа барып.

Біз жарлы болып қалдық, жасқа байып,
Бақ құсым, жазатайым бастан тайып.
Шырағым, сенің әкең өлген жоқ-ты,
Бір түнде болып кеткен тірі ғайып.

Баланың жасқа толды екі көзі,
Аузында атасы боп сөйлер сөзі.
— Не дейсің, қайда кетті дейсің, ана,
Кісі еді қай форымды әкем өзі?!

Көзіңше кетіп пе еді, рас, тірі,
Жан еді не сипатлы кескін, түрі?!
Мен тумамай ғайып болып кеткен болса,
Бір хабар білмедің бе сонан бері?

Анасы айтты:
— Құлағың сал, балам! — дейді.
— Айтайын саған сырды тамам, — дейді.

– Атаңның жайы-күйін мен сөйлейін,
Дүниеге келмес ондай адам! – дейді.

– Сенің атаң бұл жұрттың еді ханы.
Болмаған дүние-малдың ешбір саны.
Мен – жесір, сен жетім қалғаннан соң,
Ішіп-жеп құл-құтандар кеткен, өні!

Есептен кеткен асып дүние-мүлкі,
Ит жүгіртіп, құс салып, аулап түлкі.
Бітсе де қанша дәулет желікпеген,
Жөк еді, тіпті, өзінде ойын-күлкі.

Ұйқысын бөліп бір күн түнде тұрды,
Ешкімге шығармады ішкі сырды.
Мен жаттым: “Тысқа шығып келеді” – деп,
Келмеді, сол кеткеннен ғайып болды.

Көргенім менің баққан болды сол-ақ,
Көз жасым аға берді болып бұлақ.
“Меккеде аман-есен жүр, – деп, – тірі” –
Айтады еміс-еміс ұзын құлақ.

Жалаң аяқ, жалаң бас, төсін ашып,
Арқалап жаяу таудан отын тасып.
Алған пұлын өркімге үлестіріп,
Көріп касер міскінге болып несіп (нәсіп).

Таныпты анық түсін өркім көрін:
“Жүр – дейді, – отын жинап, шөпшек теріп.
Түскен пұлын қолына тұрғызбастан,
Жетім менен жесірге бөліп беріп.”

Анадан тумас енді ондай кісі,
Аумаған дәл өзіндей өңі, түсі.
Құдайдың күндіз-түні құлшылығы –
Атаңның қылып жүрген бұ күнгі ісі.

Шешесі қозғағаннан сөздің басын,
Жіберді төгіп бала көздің жасын.
Орнына отыра алмай алас ұрды,
Ұмытып ұйықтар ұйқы, ішер асын.

– Ей, ана, жібер мені жабдық беріп,
Атамның қуанайын жүзін көріп.
Бір барып тірлікте өзім жолығайын,
Қалмасын көңілде арман, кетсем өліп.

Анасы айтты:

– Жанымнан шырын балам,
Тірі, жалғыз артыңда қайтіп қалам?!
Атаң үшін кейігенім аз ба маған,
Енді сенің отыңа қалай жанам?!

Бар, жарығым, сен едің менің көрген,
Аз күн ермек болсын деп Ием берген!
Енді сенен айырылсам не боламын,
Қарашығым көзімнің күнде көрген?!

Ей, балам, кім бұзады азалыны,
Шаршаймын несін айтып қазалыны.
Аһ ұрып, енді күйіп, оттай жанып,
Оқиды сонда анасы ғазалыны:

Бұ не қасірет, бұ не күлнат,
Бұ жалғанда жоқ боп ұлхат (шәрбат)!
От боп өртеп кеше-күндіз,
Өзегіме бәрі пархат!

Қиялымда жоқ іс еді (есімде),
Сүйген жардан жұда болмақ!
Бұл жалғанның отына өртеп,
Денеден жан пида болмақ!

Кім еркімен болған өзі,
Әр не қылса, құдай қылмақ!
Алланың қылған ісіне
Білген пенде разы болмақ!

“Қиямет күн қатты!” — дейді,
Көзі жеткен қырағылар.
Қиямет анық сол екен:
Сүйгенінен жұда болмақ!

“Тозақ оты қиын!” – дейді, –
Жұрттың бәрі солай сөйлеп.
Мұнан артық от болар ма,
Зағыпырандай жүзі солмақ?!

Иа, Алла, бұл не қасірет бұл жалғанда,
Бойымда толып жатқан көп арман да!
Айрылған дер кезінде сүйген жардан,
Бар ма екен естіген[де] мендей пенде?!

Кім тіленіп осындай болады өзі?!
Салған істі – пенденің көрер көзі!
Ешкімнен мұны көріп, жыламаймын,
Алланың, бұл қайғыны, салған өзі!

Баласы айтты:
– Мейірбан мағшық анам,
Көрінбейді көзіме ешбір адам.
Мені жерге қаратпай, ризалық бер,
Жан барында әкемді ізлеп табам.

Өзімдей балалардың әкесі бар,
Мен көшеде тұрамын телміріп зар.
Енді жүрер жолыма бөгет болып,
Өткелсіз су болмаңыз, кешусіз жар.

Жата алмаспын бұл үйде мен жайланып,
Аяқ пенен қалмаса қол байланып!
Барайын да, қайтайын, коп кешікпей,
Пәруана боп басынан бір айналып.

Анасы бұза алмады бала сөзін,
Көрген соң жаспен толған екі көзін.
– Бар, – дейді – енді сенің жолың болсын! –
Аманат бір құдайға қылып өзін!

– Үстінде жақсы болып тұрса заман,
Атаңа есен жетіп, барсаң аман.
Бір-екі күннен артық тұрмағайсың,
Қайтқайсың бері айналып бізге таман.

Жалғаннан не көрмеген сорлы басым,
Тамақтан әрі өтпейді ішкен асым.

Қарағым, көз қуаныш, жарық сәулем,
Тыйылмас сен көрмей көзден жасым!

Жүректе басылған мөр-атаң-дағы,
Анаңның болды жуық өлер шағы.
Екі ауру бірдей келсе өлгені де,
Сен енді келмей қалсаң және тағы!

Сөз айтты қалдырмастан баласына,
Баласы разы болып анасына.
Екеуі елсіз жерде қоштасқанда,
Бұлардың жер, көк балқыр наласына.

Бір жолға тәуекел қып, басты байлап,
Қаңғыртып ықтиярсыз Тәңірім айдап.
Екі-үш күн кір жуғызып, ас пісіртіп,
Жүретін жол жабдығын әбден сайлап.

Жүрерде анасынан сұрайды сөз:
— Атама болып несіп, ұшырассам кез.
Айдалада құр кімге жабысамын.
Жазып бер түсі-түгін қағазға сіз.

Анасы айтты:

— Меккеге барсаң, балам,
Базарына отынның бассаң қадам.
Беп-белгілі ішінде түрі бөлек,
Бір араға бас қосса мың сан адам.

Ұзын бойлы, шырайлы, қызыл иүзлі (жүзді),
Көрінгенге күлумен қадап көзді.
Қара сақал, қыр мұрын, ат жақтылау,
Тілі төтті, сөйлесе шырын сөзді.

“һу!”—деп келер, жалаң бас, жалаң аяқ,
Балтасы бар белінде, қолда таяқ.
Анадайдан танырсың көрген жерден,
Жан-жағыңа аландап қарамай-ақ.

Намаз оқыр екі бас әр басқанда,
Ешкімменен ісі жоқ, козі аспанда.
“Осы екен!” — деп ойларсың, сұрамастан,
Жетім-жесір, міскінге пұл шашқанда.

Алдына жетіп егер тұрсаң барып,
Көргенде қуанарсың жүрек жарып.
Айтқайсың бастан аяқ көргенінді,
Сұраса: “Аман ба, —деп, —анаң ғаріп?!”

Айтқайсың: “Осылай, — деп, —анам халі!”
Ұзын өмір жас керек сөйлеуге, әні!
“Аяқ басып жүруге дәрмені жоқ, — деп, —
Кеудеде құр шықпаған ыстық жаны!”

Дегейсің: “Көңлі қайдан болсын бүтін,
Аузынан “ah” дегенде, шыққан түтін.
Кетеді қаптап иісі тамам жұртты,
Кісінің анау-мынау шарпып бетін.

Қаптайды бір қараңғы тұман болып,
Қоңырсып шаһар іші кетер толып.
— “Ah!” — ұрған Зұлқияның лебізі!”—деп,
Деп айтысар: “Тұр ғой, —деп, —сонан болып!”

Борандай басылады барып-барып,
Лапылдап бірде сөніп, бірде жанып.
Бауырының күйген иісі мұңкіп шығып,
Иісіндей қуырдақтың мұрын жарып!”

Айтқайсың осы сөзді әуел ақыр:
“Қу дала, болып қалдық, мидай тақыр!
Аманат көп-көп сәлем-арызын айтып,
Артымда қалды-ау зарлап анам пақыр!”

Не айтса бәрін бала ұғып алды,
Анасы қош айтысып жолға салды.
Айырылып амалы жоқ жалғызынан,
Телміріп екі көзі тұрып қалды.

Дүние-ай, күнің екен бұл бір харап,
Боласың сен жағымды кімге жарап?!Бала белден асқанша көз айырмай,
Артынан боздап жылап тұрды қарап.

Қой, жыла, қой жылама, кетті өз тұсы,
Көрген, баққан қызығың болды-ақ осы!
Көзіңді шелей қаптап қалғаның да,
Қолыңнан бір кеткен соң дәулет құсы.

Айрылды жаннан артық сүйгенінен,
Жалаңаш қалды — үстіне кигенінен.
Денеді құр шықпаған жан бар-дағы,
Жыр жырлап, ғазал сөйлеп күйгенінен.

Сонда ғазал, жыр айтқан,
Есіткен жанды мұнайтқан:
— Тірі айырылмақ мұң екен,
Қуарып мұнша сарғайтқан!

Аллаға айтқан наласы,
Ұлғайып жүрек жарасы.
Шөлдеп бір қалды шаңырқап
Ортайып толған шарасы.

Ақты бір еріп су болып,
Бауырдың кесек парасы!
Батып бір кетті-ау жоғалып,
Көзімнің ақ пен қарасы!

Аязды күні айналған,
Бұлтты күні толғанған...
Алланың қылған ісіне,
Пенденің бар ма шарасы?!

Тар құрсағын кеңейткен,
Тас емшегін жібіткен,
Ғұмырында көрген сәулесі —
Кеткен соң жалғыз баласы!

Уаһи менің жойып өмірімді
Денемді өртеп жанған от!
Айырып алтын тағымнан
Бақытымды бастан алған от!
Дәулетімнен айырып,
Кедейлікке мұндай салған от!

Алтын едім, мыс болдым,
Гауһар едім, жез болдым.
Жылы жаз едім күншуақ
Зымыстан суық қыс болдым!
Бағамды (баһамды) мұндай алған от!

Жапанда бұлбұл құс едім,
Түспейтін қолға кісі едім.
Түсірмей жұрттың көзіне
Жапалақ пен байғыздай
Кебепке бүктеп салған от!

Ұжмақтың едім дауысы,
Тозақтың салып күніне,
Қарғаның салып үніне,
Қорлыққа мұнша салған от!

Жұпардың едім киігі,
Таудың зор үлкен биігі,
Қына мен тасты жастанып,
Күл болып, сөніп қалған от!

Бақшада қызыл гүл едім,
Базарда қымбат пұл едім,
Хан басымды құл етіп,
Тірідей жесір тұл етіп,
Сүйгенімнен айырып,
Тірлікте кетіп іштегі
Көріме бірге барған от!

Жас бала кетті жолмен жаяу жүріп,
Екі етегін беліне алды түріп.
Есен-сау ауырмастан, сырқамастан,
Меккеге көп күн өтпей барды кіріп.

Белгілі ішіп-жейтін ас және жоқ,
Қорғалар жаңбыр жауса баспана жоқ.
“Шаңырқап, шолдеп қапсың!” – деп айтатын,
Мүсіркер маңайында ата-ана жоқ.

Жаяулық, жалғыздық пен кешті бастан,
Қатып қап қара ағаштай бала жастан.
Жол азабы жоқтықпен қабаттасып,
Жаңа туған айдай боп бүгілді аштан.

Бәйгі атындай аштықтан әбден жарап,
Ақыл мен ой жан-жаққа кеткен тарап.
Базарына отынның барып бала,
Кешке шейін ертеңнен тұрды қарап.

Базарлы жер әрқашан ұлы жиын,
Тамақ алып ішуге, кәні, тиын?!
Сонша жаннан бір адам танымаған,
Бұл жалғанда іс екен ол бір қиын.

Құса болып ішінен бала тынды,
Жоқшылық сау кісіні қылар жынды.
Телміріп көрінгенге көз салса да,
Кез болмады анасы айтқан сынды.

Бір мезгілде қарайды көзін салып,
Екі жоқтық бір келіп қабатталып,
Бір аһ ұрып жіберді жылап бала,
Мөлт-мөлт төгіп көз жасын іркіп алып.

Баланың ғазалы:

Уа, менің басымды,
Базарға салған-жетімдік!
Ойнап бір күлер шағымды,
Қолымнан алған — жетімдік!

Табанымды жерге тигізіп,
Ыстық бір күнге күйгізін,
Жамаулы киім кигізіп,
Әр түрге салған жетімдік!

Ішерге жоқ қып асымды,
Ағызып көзден жасымды,
Домалантып басымды,
Шығарған үйден—жетімдік!

Елден елді кездірген,
Туған жерден бездірген,
Жұртқа көзім сүздірген,
Жөргекте сокқан — жетімдік!

Көрінген менен қашады,
Артымнан топырақ шашады,
Көмірдей жерге басады,
Қалдырған жерде — жетімдік!

Жерім де қалып жарысқан,
Келіп едім алыстан,
“Осында бар, — деп, — арыстан”, —
Көрсетпей қойдың—жетімдік!

Әкем — бір жаным, қайдасың?!
От болып балаң қайнасын!
Тауыстың ғой хайласын
Жалғыздың бүйтіп, жетімдік!

Айырылып қала бердің мал туардан,
Жаспенен екі бетті көз суарған.
Жапырақ күз болғанда қуарады,
Айдын көл де шілдеде бір қуарған.

Жолында көрдім бейнет жазы-қысы,
Ешкімнің меніменен жоқ жұмысы.
Аштық-тоқтық, алыс пенен жуықтықты,
Біледі көрмей дамыл жүрген кісі.

Әкем деп құрып ынтам, келіп едім?
Ойланып, түн ұйқымды бөліп едім!
Көре алмай атам жүзін қалғаным ба?!
Әдейі көрем ғой деп келіп едім!

Жылады өксіп бала бұл сөзді айтып,
Жыларлық іс болған соң тұрсын қайтіп?!
Кім жылар, бұл жыламай, дүниеден зар,
Қойған соң жастай құдай шын мұнайтып.

Талықсып біраз тұрды есін танып,
Кісіге өткен-кеткен көзін салып.
Мең-зең боп, орнында тұрып қалды,
Көруден—көз, сөйлеуден тілі қалып.

Көркейіп нұрға толды базар іші,
Көзіне жылы ұшырай беріп түсі.
Жалаң аяқ, жалаң бас, ұзын бойлы,
Келеді: “yh!” — деп қызыл жүзлі кісі.

Үстіне кигені және қара киім,
Өзіне нардың жүгі емес бұйым.
Алып келген отынын базарға үйді:
— Апарып жағатұғын жоқ, — деп, — үйім!

“Лә ила илла алла!” — айтқан сөзі,
Қызыл иүзге (жүзге) жарасып нәркес көзі.
Әр басқанда, екі бас намаз оқып,
Өзге жұрттан форымы (бірден) бөлек өзі.

Анасының айтуымен танып тұрды,
Лапылдап тал отындай жанып тұрды.
Елжіреп іші бауыры алып ұшып,
Жуықтап маңайына барып тұрды.

Базарда тұрып Сұлтан айғай салды,
Үйліп төбе болып отын қалды.
— Адал еңбек сіңіріп алып келдім,
Алындар ақ ниетпен адал малды!

Бір адам үш құрышқа (ғаршыға) отын алды,
Үймелеп кедей біткен жетіп барды.
Жетім-жесір, міскінге үлестіріп,
Алған жанның бөрі де мәз боп қалды.

Бұзылған келді сұлтан ханасына,
Мәз болып Аллаға айтқан наласына!
Есіктен сәлем беріп бала кірді,
Сайланып барды атасының панасына.

— Уағаләйкум уәссалам, балам! — дейді,
— Көп бөтен келмеуші еді адам! — дейді.
— Кіріп келдің бас салып танығандай,
Оңға қарай басылсын қадам! — дейді.

Өксіп бала солқылдап жылай берді,
Көздің жасын көл қылып бұлай берді.
— Мен сықылды түрің бар, жылы ұшырайсың,
Қайдан жүрсің, жаным?! — деп, сұрай берді.

— Алыстан аңқам құрып келдім өзім,
Телміріп күніменен екі көзім.
Болмаса әдепсіздік бір аз ғана,
Бар еді айтар сізге арыз сөзім.

— Шырағым, жүрексінбей сөйле сөзің,
Жөніңді айт, бой тоқтатып, кімсің өзін?
Аяқ-қолды бір уыс қылып кеттің,
Ішімді елжіретіп екі көзің.

Жылады өксуменен бала зарлап,
Екі көзден бірдей жас ақты парлап.
— Шайқалмай жұмыртқамда қалған жанмын,
Дүниенің келіп тұрмын жүзін шарлап.

– Су ішіп, жедің отын қандай жердің?!
Ойыңда өзің мені кім деп келдің?!
Аузыңнан сүтің шыққан жас баласың,
Шырағым, перзенті едің қандай елдің?!

– Жете алмай жолда қалды талай атты,
Ат түгіл, жету қайда құс қанатты.
Әкемді, өзім-дағы танымаймын,
Шаһардың баласы едім Балых атты.

– Менің де туған жерім еді Балых,
Құр сөйлеп өткен күнді не қылалық?!
Қай дінде және кімнің баласы едің?
Жөніңді айт, сұрасумен танысалық.

Баланың бұл сөзді естіп, кетіпті есі,
Бұзылып бір түрлі боп ажар-түсі.
Өз әкесі кімсің деп сұрап тұрған,
Құдайдың тамаша бір қызық ісі.

Біраздан соң бала есін жиып алды:
– Туған шешем артымда жалғыз қалды.
Өзім іште жатқанда, қашып әкем,
Керек қылмай кетіпті мал мен жанды.

Патшалық пен қалдырып алтын тақты,
Көңілге алып, көзге ілмей, дәулет-бақты.
Зұлқия атлы қатынын тұл қалдырып,
Жаяу жалғыз кетіпті ізлеп Хақты!

Мен шарана қалыппын іште жатып,
Өмір бойы түн болып, таң жаңа атып.
Кедейлікке байлығын айырбастап,
Атлас тонын шекпенге кеткен сатып.

“Меккеде аман-есен жүр, – деп – өзі!” –
Әңгіме бұл заманда жұрттың сөзі.
Алыстан әкем бар деп, аңсап келген,
Мен едім тұғырында қалған ізі.

– Алыс жолдан келіпсің жақсы, балам,
Жетті деуге жарарлық болып адам.
Ибалы жас, иманды көрілерден,
Біз көрген жан аман ба тегіс тамам?

Сұрамай мені қайдан білдің танып,
Көп жерден келіп тұрсың ашып-арып?!
Тірідей тұл қалумен күйік тартып,
Немене бар ма сорлы, анаң ғаріп?

– Өлген, өліп, өлмеген қалып жатыр,
Хабарыңыз тірі деген барып жатыр.
Қайғымен кеш те, күндіз қапаланып,
Бейшара болды-ау сорлы анам пақыр!

Ертеңді – кеш ақылдан адасады,
Қай түрлі қып айтсам да, жарасады.
Аузынан “ah” дегенде, шыққан түтін,
Ғаршы менен күрсіге таласады.

Түтінмен кетер толып шаһар іші,
Танымал болған бұған үлкен-кіші.
Деседі бір-біріне сөйлеген жұрт:
“Бауырының Зұлқияның күйген иісі!”.

Сұлтанның есі ауыпты мұны естіп,
Жаны ашып естуменен аяп кетіп.
Есін жиып демін алып тұрғанында,
Бір дауыс құлағына келді жетіп:

– Ибраһим, алдандың ба балаңменен,
Болды ма сенің көңілің алаң менен?!
Бір қынға екі қылыш сыйғызып бақ,
Өзіңнің бар күшіңше шамаңменен!

Көруменен балаңды шығыпты есің,
Болмай кетті дәл бүгін бізбен ісің.
Не балаңмен, болмаса, не бізбен бол,
Бір тойда екі жар жоқ, білемісің?!

Мінеки, естің анық шығар жері,
Қалды да амалсыздан зорға тірі.
Қайтармақ сөзге жауап оңай іс пе,
Қиналып қысылғаннан ақты тері.

– Сені іздеп, безіп едім алтын тақтан,
Лағып қашып едім мал мен бақтан!
Еңбегімді-еш, тұзымды сор қылмастай,
Адастырмай оғымды тигіз ақтан!

– Шарабын мұхаббаттың іштім! — дейді,
– Өзінді іздеп бұ жолға түстім! — дейді.
– Боламын не болсам да өзіңменен,
Разымын, мен баламнан кештім! — дейді.

Хақ жарлығы осылай болып қалды,
Кім толықсып, дүниеде тұрып қалды?!
Хазіреті әзірейіл Хақтан келіп,
Баланың тырп еткізбей жанын алды.

Дәрігер керек жазатын ауруды емдеп,
Кімге айтуға шара бар: “Қисық, жөн!” — деп?!
Хақ жарлығы осылай және түсті:
“Көп сақтамай балаңды, жуып көм!”—деп.

Құдайдың разы болды бергеніне,
Өлімін жалғызының көргеніне.
Елжіреп іш-бауыры жылай берді,
Бейнет қып сонша жерден келгеніне!

– Әдейі келіп едің ізлеп мені,
Бас салды жігітлікте өлім сені.
Қиылған қыршыныңнан, құлыным-ай,
Уыз жас бөйшешектей деген күні.

Лепіріп: “Атам бар!” — деп, келдің тасып,
Тау асып, дария кешіп, тасты басып.
Бинесіп жігітлікте кеттің, балам,
Қылығың біреуінен біреуі асып!

Құмарың тарқамады-ау мені көріп,
Еңбегің еш болды ғой келген жүріп!
Көк шыбық өрім талдай дер кезінде,
Ағаш боп жетілместен кеттің өліп!

Тапсырдым бір құдайға сені, балам,
Жоқты бар қылған өзі Хақ тағалам!
“Өлді!” — деп, қабыл етсе, соны ойлайын,
Болмаса бір өлмек туған адам!

Анаңның жол үстінде екі көзі,
Сен болып күндіз-түні, сөйлер сөзі.
Сарғайып санаменен бітеді ғой:
“Балам қашан келеді?!” — деумен өзі.

Хабарың сенің өлген барса жетіп,
Таусылар дәл сол күні демі бітіп.
Қайғымен қапаланып бітеді ғой,
Әл-дәрмені таусылып түгел бітіп.

Қан қақсап бұл сөзді айтып жылады зар,
Жылатқан сүйген құлын Қадір жаббар!
Атанған: “Сұлтанмахмұт зиараты”,
Бұл күнде жұртқа таныс күмбезі бар.

Қолынан қойған жуып сұлтан өзі,
Жуған – қолы, су құйған – екі көзі.
“Иннаһи, илайһи ра жиғун!” – деп, қойып көрге,
Езіліп, жылап сонда айтқан сөзі:

– Іздесем де, таба алман,
Қайдасың ботам, балам-ай!
Көргелі келдің жүзімді,
Сағынып, аңсап, балам-ай!

Күйгенімнен бұлбұлдай,
Сайрасын атаң, балам-ай!
Қияметтің күнінде
Жүзіңді көрсем, балам-ай!

Аузымнан шыққан жалын от,
Қаптар бір жұртты, балам-ай!
Алланың ісі – ақ өлім,
Өлді деп оған күймеймін!
Мерзімді жетпей уақытыңда,
Қазан бір жеткен, балам-ай!

Жүрегім талды үзілін,
Көзімнің жасы тізіліп,
Еріп бір ақты езіліп,
Күйгенімнен, балам-ай!

Демеңдер мені жанбады,
Ақыл-естен таңбады.
Сөйлеуге шамам қалмады,
Дәрменім кетіп, балам-ай!

Ойымнан кетпес өлгенше,
Басым бір жерге кіргенше,
Тіріліп қайта көргенше,
Басылмас көңілім, балам-ай!

Түспейтін қолға асыл тас,
Кетіп бір қалдың, қыршын жас,
Өмір бойы таусылмас,
Қасіреттің күні, балам-ай!

Фарасат болмай көру жоқ
“Күйгенмен қанша өлу жоқ,
Жақсыға, — деген, — жүру жоқ”, —
Шын екен мақал балам-ай!

Көзімнен жас сорғалар,
Жер таппас жаным қорғалар,
“Ah!”, — деген даусым жер жарар,
Естілмес саған, балам-ай!

Жаңбырдай жауған көз жасы,
Жүректің дертін қозғашы!
Қызарып шыққан қызғалдық
Көзімнің қаны, балам-ай!

Жылаумен күнім кешеді
Мінезің көкей кеседі!
Мұндай зор қайғы қасіретті
Ұмытқан жақсы деседі.

Ұмытайын десем де,
Күн сайын зорлап өседі.
Ұмытпастай іс қылып,
Өртеп бір кеттің, балам-ай!

Мен шыдамсыз ер ме едім?!
Нәпсіге тізгін бермедім.
Қиындық қанша кез келсе,
Инедей көңіл бөлмедім.

Әкетті бойдан күшімді,
Жаңылтып ақыл-есімді,
Күйіктен ауыр нәрсе жоқ,
Жан болып өзім көрмедім!

Шын ғаріптік осы екен
Білдім ғой енді, балам-ай!
Жүрегімнің қоры едің,
Көзімнің раушан нұры едің,
Жанымның кескін түрі едің,
Қалмады еркім, балам-ай!

Жалғанда менің жиғаным,
Өлгенде жолдас-иманым
Көз жасым, қайтсем, тыйғаным,
Өмірімде көрген мейманым,
Қонағасы ішпестен,
Аттанып бір кеттің, балам-ай!

Көгеріп талдай өскенің,
Алмадай болып піскенің,
Өксітіп көкей кескенің, —
Қолымнан татпай сыбаға,
Бинесіп кеткен, балам-ай!

Ғажайып мұндай қарайып,
Көрініп таудай зорайып,
Созылып тұрдың мұңайып!
Қалқайып келіп, қарайып,
Жана түсіп шоқ болып,
Көріне түсіп жоқ болып,
Жастай бір кеткен, балам-ай!

Қанлы жас жуып жүзімді,
Телміртіп екі көзімді!
Дариядай ағып қайнасам,
Тауыса алман айтып сөзімді!

Өлгенмен мұнан құтылмас,
Есіме түсіп, жан балам!
Көрде бір жатып, “ah!” десем,
Кебінімді өртеп күл қылып,
Күйдірер көрде өзімді!
Көз алдымда елестеп,
Тұрып бір қалдың, балам-ай!

Көзімнен кетіп жанарым,
Қалмады сабыр қарарым.
Қоярға жанды жер таппай,
Білмедім қайда барарым!

Өзімді мұнша қуантты.
Үйден бір алған хабарым,
Қармасам қолды жоқ екен —
Уайымнан басқа табарым!
Мидай бір тақыр шөл болып,
Құрып бір қалдың, балам-ай!

Атаға бала ермек-ті,
Қызығын аз күн көрмек-ті!
Пенденің бар ма шарасы
Жазбаса тірі жүрмек-ті!

Жаратқан тумак, өлмекті,
Пендесі оған көнбек-ті!
Шеберлікпен үйреткен
Пенделігін білмек-ті!

Иенің Жаббар өзіне
Айналып арты келмек-ті!
Жаратқан өзі және де
Аз күн бір көңіл бөлмек-ті!

Қыларға қайрат-күшім жоқ,
Сабырдан басқа ісім жақ,
Жылаудан титтей пайда жоқ,
[Өлімге] хайла жоқ,
Аман бол, енді, балам-ай!

1911 з



Екі жігіт пен бір шалдың әңгімесі.

Айтайын аз әңгіме, құлағың сал,
Өлеңге қарапайым болмайды обал.
Бір үшеу жолдас болып шыға қапты,
Солардың екеуі — жас, біреуі — шал.

Екі жас өз-өзінен ерігіпті,
Жеріне тез жетпестей көрініпті.
“Бір нәрсе осы шалға қылайық!” — деп,
Екі жас өз-өзінен желігіпті.

— Қасына екі жастың жалғыз шалсын,
Алданып әңгімемен жол қысқарсын!
Үш ауыз ер басына сөз сөйлейік,
Үш ауыз сөз таппаған азапталсын!

Байғұс шал мақұл көріп:
— Жарар! — дейді!
— Ойланып білгенінше қазар, — дейді.
— Екі жас үш ауыздан сөйлегенде,
Ішінде жалғыз көрі қалар!—дейді.

— Өленді таба алмаған сырын айтсын,
Жүргенде таба алмаса, тұрып айтсын!
Үш ауыз айтарға сөз таппағанды,
Жүгендеп ерттеп қана мініп алсын!

Екі жас үш ауыздан сөз сөйлейді,
Ұзартып кешіктірмей тез сөйлейді.
Екі жас міндетінен құтылған соң,
Баяғы байғұс шалға кезек келді.

Екі жас бір көріні мазақтайды,
Байғұсты: “Өлең айт!” — деп, азаптайды.
Үш ауыз әңгімені шал таба алмай,
Байғұс шал сасқалақтап алақтайды.

Жаздырып шал байғұсты ерттеп алды,
Айтысқан үшеуінің серті бар-ды.
Бірі мініп, біреуі жетелейді,
Әбден-ақ шаршатады байғұс шалды.

Бірі мініп, біреуі жетелейді,
Арасын тау мен тастың төтелейді.
Арада бірнеше күн өтуменен,
Кез болып бір шаһарға жетеді енді.

Шаһарға кіріп келді жүруменен,
Ерттеп ап шал байғұсты мінуменен.
“Адам мінген бұларды білейік!”—деп,
Жиылды шаһар халқы күлуменен.

Шал байғұс есі кетіп қалжырады,
Есінен екі жігіт тандырады.
Қатыны патшаның мұны көріп,
Шақыртып үшеуін де алдырады.

Көп ұрсып екі жасты қатты қысты:
— Қылдың, — деп, — неге мұндай бұл байғұсты?!”
— Атаңдай ақсақалды қатты қинап,
Қылыпсың кешілместей жаман істі!

Сөзінің екі жігіт бәрін айтты,
Қорықпастан қалың топты жарып айтты.
Үш ауыз әңгімені шал таба алмай,
Дағдарған әңгімеден жерін айтты.

Екі жігіт сонда тұрып:
— Тыңда!—дейді.
— Өтірікті қойып, нан шынға! — дейді.
— Біз мініп бұл көріні кинамадық.
Айтысқан уағда бар мұнда! — дейді.

Сонда ханым айтады:
— Токта! — дейді,
— Тұра тұр, екі жігіт, қорықпа! — дейді.
— Сақалың ағарғанша, көрі байғұс,
Бір сырың бастан кешкен жоқ па?—дейді.

Сонда тұрып шал айтты:
— Тақсыр ханым,
Адасқан ақылынан мен бір шалың.
Айрылып жалғызымнан, диуана боп,
Біле алмай бір хабарын біткен халім!

— Жаман шал, уағдаңнан жаңылғаның,
Атындай барымтаның сабылғаның.
Айтуға бір үш ауыз сөз таба алмай,
Көргенің мұнша бейнет не қылғаның?!

Дүниеде не ғып жүрген сен, кәрі шал?!
Үш ауыз сөз таба алмай болыпсың дал.
Күн көзді, ай ауызды хан қызы едім,
Айтайын өз көргенім, құлағың сал.

Қызы едім ардақтаған мен бір ханның,
Жақпаған ешбіреуі жүрген жанның.
Ішінде алтын сарай отырдым да,
Кісіге базардағы көзім салдым.

Базарда бір жігітке көзім түсті,
Көргенше отыра алмай ішім пысты.
Шақыртып бір кемпірден алдырдым тез,
Жоқ едім қылған мұндай бұрын істі.

Қасыма шақырған соң келді жігіт,
Ойымды менің бұзық білді жігіт.
Жегізіп түрлі тамақ, төсек салдым,
Қылуға енді сұхбат қылып үміт.

Жігіттің қолым салдым мойынына,
Кетсін деп бір түн жатып қойыныма.
Құдайым таупық берген халал жігіт,
Сөзіме менің айтқан мойыды ма?!

Жігіт айтты:

— Құдайға күл — мен! — дейді,
— Күнәны біле тұра қылман! — дейді.
— Сенімен бір түн ойын-қызық үшін,
Қараны ақ жүзіме салман! — дейді.

— Бірігіп сеніменен жатпан! — дейді,
— Қорқамын жаратушы хақтан! — дейді.
— Ойнаған аз ғана күн қызық үшін,
Ақыретті жалғанға сатпан! — дейді.

— Жарқ етіп көзге түстің қайдан? — дедім,
— Бойында жоқ екен-ақ шайтан! — дедім.
“Жабысты ханның қызы болмадым! — деп,
— Сырымды көпке барып айтар!” — дедім.

Маскара боларымды енді білдім,
Жігітке қайырылмастай мен не қылдым?!
Ілтипат қылып мойнын бұрмаған соң,
Жігітті өлтіруге ыңғай бердім.

Жігітке келдім жайып құшағымды,
Көрсетпей тығып келдім пышағымды.
Пышақпен қақ жүректен салып едім,
Жығылып байғұс жігіт жанын берді.

Бітіріп бұл ісімді алдым енді,
Күнәға кешілместей қалдым енді.
Астында тас орданың қазған қойы,
Жігітті сүйреп соған салдым енді.

Ешбір жан бұл сырымды біле алмады,
Бір күн қызым бар еді таң қалады:
“Баласы пәлен байдың жоғалды!” — деп,
Шулатып жұрт құлағын жар салады.

Маңыма келе алмайды бір жан батып,
Ешкіммен сөйлеспеймін бір тіл қатып.
Бір жеті, оннан аса күн өткен соң,
Сасыды өлік дене орда жатып.

Сырымды менің мұндай жан білмейді,
Хан қызы бұрынғыдай сәнденбейді.
Сүйреп-ақ түн ішінде тастар едім,
Жігітке арыстандай (арысландай) әл келмейді.

“Бұл істі неге қылдым әуел бастан?!
Ажалы болып бізден өлді арыстан!”
“Сарайы хан қызының сасыпты! — деп,
Айтар!” — деп, енді жаман сонан сасқан!

Сол кезде ханшаңыз қатты сасқан,
Жалғанда не өтпейді ғазиз бастан?!
Шақырып оңашада қасыма алдым,
Бар еді бір кара құл қызылбастан.

Кара құл мұны естіп, күлімдейді:
— Ханша, ұнайтын сөз — мұның! — дейді.
Өлікті бір аударып қойды-дағы:
— Табайын енді мұның жөнін! — дейді.

Біле алмай не қыларым, есім кетті,
Қара құл мұратына тағы жетті.
Ажал жетпей, шыбын жан шықпайды екен,
Алданып қара құлмен бір түн өтті.

Шақырдым әуел неге қара құлды,
Басыма құтылмастай пәле болды.
Қоймады ықтиярға қара залым,
Жүруге күнде келіп уағда қылды.

Шаһардың еш білмейді даналары,
Дүшпанның білсе қанар табалары.
Бір күні отырысып мақтаныпты
Жиылған бай мен бектің балалары.

Теп-тегіс айтысыпты тамырларын,
Құл тыңдап отырыпты мұның бәрін.
Мақтанып өңшең мырза болғаннан соң,
Құл айтыпты ханшаға қылғандарын:

— Бірің — болат, бірің — құрыш; көп абзал бек,
Бар екен ортаңызда осындай кеп.
Қызымен патшаңыздың ашына жаймын,
Мақтану сізлерден де бізлерге еп.

Сонда отырған мырзалар күле берді:
— Жаман сасық құл шірік ер ме?! — деді.
“Құл құтырса, құдыққа қармақ салар”, —
Деген осы екен-ау деп күле берді.

Қара құл сонда айтады:
— Тыңда!— дейді,
— Мені мазақ, мырзалар, қылма!— дейді.
— Сөзіме менің айтқан нанбасаңыз,
Хан қызын ап келейін мұнда! — дейді.

Онда отырып біреуі:
— Жарар, — деді,
— Ойланып білгеніңше қарар, — деді.
— Ханшаны осында ертіп келсең,
Сөзіңе сенің айтқан нанар, — деді.

Біле алмай не қыларым, есім кетті,
Қара құл мұратына тағы жетті.
Ажал жетпей, шыбын жан шықпайды екен,
Алданып қара құлмен бір түн өтті.

Шақырдым әуел неге қара құлды,
Басыма құтылмастай пәле болды.
Қоймады ықтиярға қара залым,
Жүруге күнде келіп уағда қылды.

Шаһардың еш білмейді даналары,
Дұшпанның білсе қанар табалары.
Бір күні отырысып мақтаныпты
Жиылған бай мен бектің балалары.

Теп-тегіс айтысыпты тамырларын,
Құл тыңдап отырыпты мұның бәрін.
Мақтанып өңшең мырза болғаннан соң,
Құл айтыпты ханшаға қылғандарын:

— Бірің — болат, бірің — құрыш; көп абзал бек,
Бар екен ортаңызда осындай кеп.
Қызымен патшаңыздың ашына жаймын,
Мақтану сізлерден де бізлерге еп.

Сонда отырған мырзалар күле берді:
— Жаман сасық құл шірік ер ме?! — деді.
“Құл құтырса, құдыққа қармақ салар”, —
Деген осы екен-ау деп күле берді.

Қара құл сонда айтады:
— Тыңда! — дейді,
— Мені мазақ, мырзалар, қылма! — дейді.
— Сөзіме менің айтқан нанбасаңыз,
Хан қызын ап келейін мұнда! — дейді.

Онда отырып біреуі:
— Жарар, — деді,
— Ойланып білгеніңше қарар, — деді.
— Ханшаны осында ертіп келсең,
Сөзіңе сенің айтқан нанар, — деді.

Қара құл мұны айтты да, шығып кетті,
Уағда мырзаларға қылып кетті.
Хабарсыз дәнemedен отырғанда,
Қасына ханшаның кіріп кетті.

Қара құл сонда айтады көргенлерін,
Уағданы көп жақсыға бергенлерін.
Қасына ханшаны ертіп алып,
Бармақ боп түн ішінде келгендерін.

Еркіне бармайтұғын еш қоймайды,
“Бармасаң, ал айтамын!” — деп ойлады.
Сонда тұрып есімді жиып алып,
Ойладым: “Қылайын—деп—бір хайланы”.

— Қадірлі қара құлсың биге лайық,
Осындай алтын сарай үйге лайық.
Бұ дағы біле білсең абырой ғой,
Екеуміз мырзаларға сый қылайық.

Қара құл бұл сөзді естіп, күлімдейді:
— Ханша, ұнайтын сөз мұның, — дейді.
Хайласын ханшаның қайдан білсін,
— Өзім де ойлап келдім соны! — дейді.

Түрлі ас дастарқанға орап алдым,
Толтырып төрт шыныға арақ алдым.
Шынының біреуіне улы салып,
Ішіне мырзалардың бара қалдым.

Сол құлға, түн ішінде еріп келдім,
Боларын бір сұмдықтың біліп келдім.
Ішіне мырзалардың кіріп барып,
Қасқайып күрек тісім күліп келдім.

Сол құлға еріп келген мені көрді,
Бір пәле құтылмастай маған болды.
“Айтқаны пәлекеттің шын екен!” — деп,
Қарасып бір-біріне бәрі күлді.

— Ас даярлап ап келдім көпке лайық,
Ойнап күліп бұл түнде отырайық.
Қылмаңыз түнде жүр деп бізді айып,
Азырақ сізлерге біз сый қылайық!

Сонда бұлар бәрі де асқа отырды,
Ханшаның көңілі басқа отырды.
Арақ пенен шараптан баса беріп,
Жиылған жанның бәрін мас болдырды.

Қаза болды-ау беклерге берген асым,
Өз көңлімде дайын тұр қылған қасым.
Баса құйып заһарды беріп едім,
Елден бұрын жығылды қызылбасым.

Бір жаман қиын істі, тағы қылдым,
Күнәны кешілместей өзім қылдым.
Арақ ішіп естерін танғаннан соң,
Бір аяққа толтырып уды бердім.

Адам білмей, бұл үйден шығып кеттім,
Пенде қылмас бір істі қылып кеттім.
“Сырым жұртқа әшкере болады!” — деп,
Үй тола жанның бәрін қырып кеттім.

Таңба салды қара құл сүйегіме,
Ханның қызын қоймады сүйеріне.
Даңқы шыққан бір ханның баласы едім,
Не бетімді айтамын күйеуіме.

Күйеуді келеді деп хабар келді,
Үш жұма келмес бұрын шабар келді.
Күн көзді, ай ауызды ханның қызы,
Нәрсені отіп кеткен табар ма енді?!

Ол нәрсе болмаса, ол күнде қиын іс-ті,
Қатты қайғы ішіме бір от түсті.
“Ханның қызы ханышада қыз белгі жоқ” —
Деген өсек басыма бір жүк түсті.

Тағы алдырдым баяғы кемпірімді,
Кемпір келіп көреді секілімді.
“Жаным, саған не болды?” — дегеннен соң,
Кемпірден жасырмадым мен сырымды.

— Елге қарар бет жоқ бізде! — дедім,
— Алтын-күміс берейін сізге! — дедім.
— Бойы менен кескіні маған ұқсас,
Бір қызды тауып келші, ізде! — дедім.

Кемпірім айтқан сөзді мақұл көрді:
— Ханша, жарайтын іс мұның! — деді.
Алтын, күміс ақшаны теңдеп артып,
Алды-артына қарамай жүре берді.

Алты күнде айналып [айланып] барып келді,
Дәм татпай, ұйқы көрмей, арып келді.
Алтын-күміс ақшаны аясын ба?!
Жарлының жалғыз қызын алып келді.

Шәлі орамал басына салындырдым,
Иа інжу-маржан, иақұттан (жақұттан) тағындырдым.
Көңілдегі қызымды ап келген соң,
Қазынаға кемпірді малындырдым.

Сұлулығы өзімнен қалыспайды,
Хан қызынан бөтен деп таныспайды.
Күйеуді келеді деген хабары бар,
Арасы күннен күнге алыстайды.

Неше күнлер өткен соң күйеу келді,
Елін, жұртын шақыртып хан той қылды.
Тойын тойлап халайық болғаннан соң,
Жеңгелерім күйеуді алып келді.

Алып келді күйеуді жеңгелерім,
Кіргізбедім әлгі қыздан өзгелерін.
Қалыңдық қайсы екенін танымады,
Ісімнің енді білдім жөнделерін.

Күң қызы мен хан ұғлы сұхбат қылды,
Ханшаңыз қасында қарап тұрды.
“Әрі-бері болған соң тұра ғой!” — деп,
Бұрын айтып қойып ем мұндай сырды.

Жұмысы екеуінің аз болмайды,
Түр деуге біз бейбақта сөз болмайды.
Ақырындап қолымды салып едім,
Құшақтасып қалыпты, қозғалмайды.

Басқа шықты битіміз балақтағы,
Келгенімді күң қызы жаратпады.
Ақырындап қолымды салып едім,
Ханшаны қасына жолатпады.

Хан баласы ол қызды қия алмады,
Қарап тұрған өзімнен ұялмады.
Екеуінің қылығын көре тұрып,
Ханшаңыз көз жасын тыя алмады.

“Малғұн мені аздырған шайтан ба?” — деп,
“Өзі тұрар бармай-ақ қойсам ба?” — деп.
“Болады тағы тартсам бір маскара, —
Ойладым, — жарлы қызы тұрмас па?!” — деп.

Күң қызы көкірекке салды дертті,
Айтысқан алдындағы бұзды сертті.
Бір жерден отын алып үйдім — дағы,
Астына алтын сарай қойдым өртті.

Өрт жанған соң жүгіріп үйге бардым,
Қызды жігіт қойнынан сүйреп алдым.
Қаранғы үйдің ішінде қақтықтырып,
Жарлының жалғыз қызын отқа салдым.

Бір жаман қиын істі тағы қылдым,
Күнәны кешілместей оңай білдім.
Күйеуімді өзіме бермеген соң,
Жарлының жалғыз қызын күйдіргенім.

Тұрмағаны өзіне болмай пайда,
Күйіп қалды сорлы қыз бір сарайда.
Күйеуді алып барып оңашаға,
Қосылып көңіл тынып жаттық жайға.

Сондай қылдым мен қатты қиын істі,
Өрт шыққан соң халайық жиылысты.
Хан ұғлы мен ханша аман екен,
Ел-жұртым бізді көріп сүйіністі.

Сол күйеу сасқанынан сандалады,
— Қалдық, — деп — құдай сақтап! — таң қалады.
— Әлгіңіз кім еді? — деп, наздық қылсам,
Алданып бұл сөзіме малданады.

Осындай күнлер кешті біздің бастан,
Сол кезде ханшаңыз қатты сасқан.
Тырнақтай сыр кешпесе сіздің бастан.
Көп жасап не пайда бар ұзын жастан?!

Пәле боп мақтанғаны, құл да қалды,
Бірталай құл тілімен мырза қалды.
Әлін білмей, астамшылық қыламын деп,
Жарлының жалғыз қызы отқа жанды.

Жаман шал, уағдаңнан жаңылғаның,
Атындай барымтаның сабылғаның.
Азаптан бір сөз тауып, құтыла алмай,
Көргенің мұнша бейнет не қылғаның?!

Ханша жынысы әйелдің данасы екен,
Құдайдың бұған берген панасы екен.
Алғашқы көркем жігіт қыз өлтірген,
Қаңғырған шалдың жалғыз баласы екен.

Шал байғұс естіген соң аһ ұрады,
Даусымен дүние толып жаңғырады.
— Көрген көзің болайын құрмалдығы,
Түгі-түсін сөйлеші! — деп сұрады.

— Көркіне бір кенелдім мен де тойып,
Берейін түгі-түсін қолмен қойып.
Емес пе құр көрумен күйгендігім,
Тастадым жарқыратып бірақ сойып.

Мінезден асығыстық атандым қар,
Қалды ма, айтыңдаршы менде ұят-ар?!
Апармай тәңірі алдына жақсы келдің,
Ал қылыш, балаң үшін, тілгілеп жар!

Шал айтты:

— Разы болдым, ханым! — дейді,
— Керек қой айтқан сөзге наным! — дейді.
— Аузыңнан айтқан ғана айналайын,
Дауалап көңілім, тынды, жаным! — дейді.

— Сыймаған маңдайыма бір бала еді,
Тағдырдан қаза жетсе, кім қалады?!
Сондай балам бар еді-ау деп айтқанмен,
Көрген өзін болмасаң, кім нанады?!

Бір жанын Құдай үшін берген-балам!
Ақ ниет адал жолмен өлген балам!
Баламды көріп күйген сені көріп,
Тірілді, біле білсем, өлген балам!

Жоғалтқан бір жоғымнан бердің тілді,
Тамсантқан қылған ісің қауым елді.
Сондай жанның әкесі екендігім,
Мінеки, сен айтқан соң, ғалам білді.

Кез болдым қылып тәубе қайтқаныңа,
Жұрт нанды артқаныңа, тартқаныңа.
Балам түгіл, өзімнің жаным құрбан,
Риза болдым ықырар боп айтқаныңа.

Жарайды, жан екен де ханым да жас,
Мөлтілдеп домалапты көзінен жас.
Жүгіріп келіп ұстады шалдың қолын,
— Кессең, міне, басым, — деп, — алдияр бас!

— Жепірейіп қалғам жоқ, желім болып,
Қыдыр болдың дәл бүгін келім болып.
Түр қасымда, сенікі — қара орманым,
Өмірімше күтейін келін болып.

Бұл сөзбенен тырп етпестен шал да тұрды,
Өңі еніп, гүл-гүл жайнап, болды нұрлы.
Құдай бағын ашқан соң, оңалмақшы,
Болғанмен әуел баста қанша сорлы!

Шал байғұс Құдай оңдап болды бақты (бақытты),
Ханым ісі құдайға әбден жақты.
Ақырында әулие болды ханым,
Құлағыңа сырға қып, тақ құлақты!

1918 ж.



II. Мұхаммед пайғамбарға арналған дастандар

Хаятбақшы.

Ақ қағаз, қара сия, қалам алып,
Жауһарға тойғызайын келші талып.
Беруші ем жанды жанға қосқандарға
Қантты сүтке қайнатып, балға малып.

Енді бір жегізейін халуа жасап,
Болмайын ешкі менен қойға қасап.
Білерлік астың дәмін өзің болсаң,
Тегін ас, ақшалы емес, көрсейші асап.

Ас емес Сарыарқада беретұғын,
Құлқын болса, сен де бол өтетұғын.
Дәмін татқан: “Дариға, бір тойсам!” – деп,
Өмір бойы ынтық боп кететұғын.

Көшіп барып қамалмай, қоныс сайла.
Қанжығаңа кеппен шот, байлан қайла.
Тұщы теңіз емессің, ащы сорсың,
Мидай тақыр боп қалмай, су боп қайна!

Неге жала жабысты саған, Мәшһүр?!
Мойныңа алмай жаланы ақталып көр!
Атқа сенсең қаларсың жерге қарап,
Қонатұғын жеріңе ұмтыла жүр!

Сипап жүрме, бос қалып, сақал-мұртты.
Құр аузыңда, дөнене жоқ, толтырма ұртты.
Жалған Мәшһүр боп жүрме, шын Мәшһүр бол,
Қыла көрме өтірікші тамам жұртты!

Жарқыраған, ежірейтпей жап көзінді,
Тілді қойып, көңілден, айт сөзінді!
Танығанмен көп жұртты не табасың,
Керек болса танымал, таны өзінді!

Не бар дейсің жарқырап тұрған көзде?!
Тышқаншы иттей лағып жүрген түзде.
Ол итінді шынжырлап байлап қой да,
Көрсететін бойыңды айнаны ізде!

Жарық жансын шам десең, түндікті жап,
Қоршап тұрған жау болса, “Аллалап” шап!
Өз бойыңнан не көрсең таң-тамаша,
Қолдан соғып шығарған ұстаны тап!

Елден шықтым мен аулақ оңашаға,
Келмесін деп қасыма бала-шаға,
Айдалаға орнаттым алтын шатыр,
Жан бар ма баратұғын тамашаға?!

Өлік болсаң, қайтейін, өне, көрің,
Жеген-желім, ішкенің болып ірің.
Маған еріп сейілге шықпайсың ба,
Жалғыз-жарым ішінде болса терің?!

Менің айтып тұрғаным-жанның аулы,
Соқыр, мешел бара алмас, өңшең даулы.
Алтын деймін айтуға ұнамды асыл,
Қазықлары-ғауһардан, жауһар баулы.

Сендер сөздің жүрсің ғой тортасында,
һуасы (әуесі) жоқ ешкімнің дүр тасында.
Менің құрған шатырым қайда десең,
Фирдаустың [1] бағының ортасында.

Мұндай жайды кім көрген салтанатлы,
Ат түгіл, жету қайда құс қанатлы!
Көрем десең айтайын, саған орнын,
Жерді тапсаң, табарсың Ғадін [2] атлы!

Анау-мынау деп жүрме, бір осал жай,
Жетемін деп жілікте қалмады май.
Тақ Сүлеймен сықылды ол майданда,
Болғанына есікші дейді алақай!

Барып қайтқан кісі жоқ жайлап, қыстап,
Алынбаған түлкіні тұрмын тыстап.
Зұлқарнайын Ескендір-даяшы боп,
Келген-кеткен кісінің атын ұстап.

Мың таздан бір таз барар солай асып,
Жолшыбай қалған көп боп аузын ашып.
Хазіреті Дәуіт барып тамаша үшін,
Жіберер музыкантқа басып-басып!

Аты екен бұл базардың”Хаятбақшы”,
Жай болмас қанша іздесең мұнан жақсы.
Таптым деп зор дәреже ойлайды екен,
Хызырлар пияла ұстап, болса аяқшы.

Жіберіп барлығынша мидың күшін,
Ал, енді тамаша еттім іші-тысын.
Осындай жай түзелін, орын жасап,
Бүлінді бұлар мұнша, біл, кім үшін?!

Құрылды оның үшін алтын шатыр,
Қоймастан көп зерттеп, білдім ақыр.
Топайлы екі ғалам: Шаһи, Миғраж,
Дүниеге енді сырғып келе жатыр.

Ішінен алтын шатыр шықтым тысқа,
Сөйлейін көп ұзартпай, қылып қысқа.
Жіберді құдіретімен сайлап өзі,
Күншығыс, қылып патша күнбатысқа.

Ибраһим халал [3] төккен көздің жасын,
Арман ғып: “Көрмедім,—деп, күүрдін (дүрдін) тасын”.
Мұса, Ғайса, Дәуіттер жолын тосып,
Соқпағына омақа қылған басын.

Әнбие [4] айтып өткен мұрсал [5] нәби [6],
“Жарайды, болсаң бол,- деп,- пәлі, пәлі!”
Көктен түскен сақаба-жүз жиырма,
Мақтауменен сөйлеген бәрі де, әні.

Таурат, Забур, Інжіл мен Құранды көр,
Қуа келсе, бәрінің соқпағы бір.
Мақтағаннан басқа жоқ айтар бөлек:
“Шарапатлы туар, — деп, — бір ғазиз ер!”

Кітап оқып көргеннің бәрі жазды,
Жалғыз түрткен мен емес ақ қағазды.
Бүтін дүние жиылып жазса-дағы,
Қара малда төбелдей онан да аз-ды.

Нұхтың өмірі жаза алмас мыңнан бірін,
Аз да болса сөзімнің байқа түрін.
Жарқ еткізіп тастайын отырған жұрт
Ай мен Күндей анадан туған жерін.

Рабиғы алаууал айынан он бірі өтіп,
Он екіге дүйсенбі келді жетіп.
Атқан таңмен таласа бірге туды,
Ай мен күннен сәулесі асып кетіп.

Меккеде – туған жері, шаһар іші,
Жарк етті өзгеше боп өңі-түсі,
Анасына көрінді сәулесімен,
Шам, Шәріп, Басра менен іші-тысы.

Көп қалдыра бермейін сөзден шартық,
Ар жағында көзі мол, емес тартық,
Анасына түскендей мұндай сәуле,
Аруақларға түсіпті онан да артық.

Керек қылып ойға алмай ата-анасын,
Сәждеге туысымен қойды басын:
“Азат қыл үмбетімді отыңнан!”-деп,
Жіберді мөлт-мөлт төгіп көзден жасын.

Балқытты көздің жасы таудың тасын,
Былғанған шаң-топыраққа кірпік-қасын.
Жалғыз қылдай бүгіліп ол иіліп,
Аяғына ол қағба қойды басын.

Әрбір түрлі сөзі бар буын-буын,
Базар қызды, білемін, тігіп туын.
Қара жердің жүрегі қақ жарылып,
Қуаныпты ессіз боп қалмай буын.

Нұры пак дүрс еткенде жерге түсіп,
Жер қозғалып орнынан тайды көшіп.
Қуанғаны, қорыққаны бәрі ішінде,
Кете жаздап оңалды аспанға ұшып.

Олай-былай қара жер аударылды,
Тар мықынды неме ғой, кең қарынды.
Дүниеде жеті ғажайып, тамашаның,
Бірі еді: “Айуан кәсірі” қақ жарылды.

Әр кітаптан шаң берген көзге түсіп,
Көп шығар мұз үстімен жүрген көшіп.
Дүр амал ғып дүмбілез астай қылмай,
Түсіндіріп кетейін түйінін шешіп.

“Кәсірі” — деп айтады екен ғажам ханын,
Білмеген көптігінен ешкім санын.
Пай тақыты патшасының Бағдат екен,
Наушеруан ғаділ екен патшасы оның (әнің).

Мұндай ешкім қоспаған жұрттың басын,
Өңшең саңлақ жинатқан сайдың тасын.
Бір айуанды жасатты дүние шашып,
Қалдырам деп артына тамашасын.

“Айуан” деген — тамаша салған сарай,
Жұмсалған есепсіз мал оған талай.
Биіктігі пәлен кез деп болмайды,
Созылып кете берген көкке қарай.

Беті ашық сайын дала — бір жағы оның,
Жаңбыр мен күн тигізбес үсті соның.
Жүз мың кісі болса да жұғын болмас,
Отырарлық жай болған асты мұның.

Кірпіш болып қаланған алтын, күміс,
Адамзатқа не керек, онда тегіс.
Анау-мынау патшалар қылдыра алмас,
Дүние малын шашса да мұндай жұмыс.

Көк күмбез жиырма екі мұнарасы,
Сықылды асқар таудың бір дарасы.
Басындағы кетеді бөркің түсіп,
Есебі жер мен көктің екі арасы.

Неше түрлі орнатқан шөптің гүлі,
Сондай жайда ашылған бұлбұл үні.
Бірден он төрт құлапты мұнарасы,
Дүниеге хақ пайғамбар келген күні.

Сегізі құламастан тұрып қапты,
Іс болды таң-тамаша бұл бір бапты.
“Мұның сырын білерлік жан бар ма?”-деп,
Дүниенің төрт бұрышына кісі шапты.

Бір ғажайып тамаша тұрмастай көз,
Талай жұрттың аузында болыпты сөз.
Бір кілемнің төселген ұзындығы —
Саудагердің кезімен жүз сексен кез.

Және бар Наушеруанның көрген түсі
Қүдіреттің бұл бір ғажап қылған ісі.
Нұғман деген арабта бір патша өткен,
Кең ойлы, аса білгіш, мило кісі.

Наушеруан жіберіп түр Нұғманға елші,
Жібергенде не дейді:

– Барып келші,
Мезгілі жоқ айуанның құлағаны
Бір келіссіз іс болды жаман ерсі.

Нұғман деген патшаға елші барды,
О да естіп дал болды бұл хабарды.
“Мұның сырын білетін жан бар ма?” – деп,
Дүниенің төрт бұрышына хабар салды.

Іркілместен безейіп мен тілімді,
Көтеріліп соғатын мезгілім-ді!
Ол заманда ілінген жұрт аузына
Сатық атты [атлы] бар екен бір білімді.

Жатады ел-жұрттан шет оңаша,
Мұны біраз сөйлейін жұртқа ұнаса.
Қүдіретімен құдайдың жаратылған,
Мұның өзі жан екен бір тамаша.

Бір жан екен білімге іші толған,
Мөлшері жоқ аруақтың оған қонған.
Екі қатын болумен айқыш-үйқыш,
Шеберлігі құдіреттің бала болған.

Ағытылып барады біткен тиек,
Тұра алмады ие боп жақ пен иек.
Былқылдаған мыс екен Сатық өзі,
Өн бойында жоқ екен жалғыз сүйек.

Бұ жалғанда ісім жоқ шатылмаған,
Маған құдай шын таңды атырмаған.
Сүйегі жоқ ет болып туғандығы
Себебінен еркектің қатылмаған.

Жатады екен бір аулақ шеткі жайда,
Жұрт көзіне ондай жан түсу қайда?!
Өмір бойы сонымен өткен екен,
Тысқа бір-ақ шығумен он екі айда.

Жүреді екен кілемге оны салып,
Шығады екен есіктің алдына алып,
Бір жылғаша не болып, не қоюын,
Айтады екен біліммен бәрін танып.

Данқы кеткен жан екен алты алашка,
Ақыл екен бір тұрған кәрі жасқа.
Айтқанындай айтқаны болады екен,
Бір ауызы далаға кетпей босқа.

Патшалардың елшісі бұған келді,
Талай жұрттың, міне, айуан көңілін бөлді.
Сөздің басын айтқаннан түсе (түсіне) калып,
Ағытылып Сатекең шешілді енді:

– Уа, ху – дейді, – сұмдықтың басы! – дейді,
– Патшалардың берілер асы, - дейді.
– Пайғамбардың таусылған сарқыншағы
Келген екен жүзіктің қасы ! – дейді.

– Шыққан екен би баһа садаптан дүр,
Патшалардың бәріне қазылды көр.
Жасыл туды көтеріп дін исламға
Шарапатлы дүниеге келді бір ер.

Көп құдайға болмайды бұл іс жақсы,
Айырылады жынынан балгер , бақсы.
Дін исламның базары көтеріліп,
Жаудыратар көздерді соның нақышы.

Амандасты тағына патша мен хан,
Өлетұғын ханларға жоқ есеп сан.
Ғажам деген ну қалың күшті жұрттан
Енді патша болады сегіз-ақ жан.

Болғанмен бірлі-жарым жылдан аспас,
Біреуіне біреуі болып қастас.
Не жүйіктің қан түсіп аяғына
Мұнан былай келіспес аяқ тастас.

Жерде қалар дәмалап талай бастар,
Көл дария боп төгілер көзден жастар.
Жеті ықылымды билеген патшалықтар
Бақытысына бұл ердің болмайды астар.

Патшаларға сәлем де, демін бассын,
Енді ұйқыдан оянып, көзін ашсын!
Тас біткенді лақтырсын айдалаға,
Бір құдайдан басқамен амандассын!

Көп құдайдың заманы толды жасқа,
Ешкім енді сенбесін жансыз тасқа!
Белгісіне әр жерден шаң берілген,
Толып жатыр шындығы мұнан басқа.

– Бар, тұрма, жөнел! – дейді, – сыбағаң бұл!
– Бұ дүниеден тап-таза жуылды қол.
Көптен күтіп тұрғаным бір осы еді,
Енді мен де кешікпей жүрермін жол!

Мұны естіп салбырап қайтыпты елші,
Айтқан сөзі – Сатықтың бір түрлі ерсі.
Жанбыр жаумай, су болып, сүмірейіпті,
Ұнамайтын хабармен келіпті елші.

Қаза жетіп көп тұрмай Сатық өлді,
Бұл турадан алған соң әбден тілді.
Осы айтылған Наушеруан шаһарына
Хазірет Ғұмар уақытында тура келді.

Соған шейін жетеуі өлген екен,
Сегізінші Хысырауға келген екен.
Заманында Хысыраудың қырғын тауып,
Бордай тозып, быт-шыт боп бұлген (бүлінген) екен.

Ғалы бас боп батырлар барып келді,
Наушеруанның шаһарын алып келді.
Жүз сексен кез кілемнен тақсыр Омар,
Жайнамаздық Ғалыға кесіп берді.

Енді анадан ер тумас Ғалы атты,
Туысымен көпірге тиген қатты.
Алсымен қолына жайнамазды,
Елу мың қызыл ділда пұлға сатты.

Қай орынға алғанмен жаратыпты,
Бағындырып көп жұртты қаратыпты.
Қалтасына салмастан жалғыз тиын,
Жетім менен жесірге таратыпты.

Кешке таман Ғалының күні келді,
Көні қылып жатқан соң тамам елді.
— Бүгін түндік базардан ас алуға
Керек болып қалды, — деп-тиын енді.

— Тиынсыз боп жүргенмен, өлгенім жоқ,
Түрі қандай екенін, көргенім жоқ,
Жалғыз көрген тиыным осы ма екен,
Сенің жетіп келерің[ді] білгенім жоқ.

Тиын сұрап шығарма өнерінді,
Кесіп ұста күн бұрын тілдерінді.
Қайдан ұстап қолыма отырайын,
Бар, көре бер бұрынғы күндерінді!

Һәмматына пар келмес ол күһы қап,
Бет алдынан бұзылған неше мың сап.
Барлық малы дүниенің қолға түссе,
Төгіп-шашып бір күнде қылады сап.

Жомарт болсаң, жарандар, Ғалыдай бол,
Туа қалмас анадан мұндай боп ұл.
Бір тараумен лағып [ұлағып] кетіп қалып,
Қала берді-ау бір жақта бұрынғы жол.

Тағы қайта түселік жолға барып,
Біз ат емес: қалатын көп жүрсе арып.
Сұрап алған біреуден су емес қой,
Естігендер кенелсін әбден жарып.

Дүниеге хақ пайғамбар қай күн келді,
Барша дүние жүзі алды мұнан тілді.
От ұшып, су тартылып өздігінен,
Сауе дария жоқ болып, жерге сінді.

Жиырма төрт шақырым екен шамасында,
Шіркеу қанша [қінше] көп екен жағасында.
Жұртқа таныс бір терең теңіз екен,
Рие шаһары мен һамадан арасында.

Жоқ болып жалғыз түнде кетті батып,
Басында ауқат кешірген көп жан жатып.
Шөлдеп өліп қаларлық болды дейді,
Таңдайына жабысып тілі қатып.

Дағдарды су таба алмай тамам көпір,
Күн туып бастарына заман ақыр.
Сықылды неше жылғы оттың орны,
Бір түнде болып қапты мидай тақыр.

Шіркеу сала беріпті мойнын созып,
Жаңылтты жалғыз күнде күйісін бұзып.
Шөлдеп өліп қалсын ба құба жонда,
Быт-шыт боп бас-басына кетті тозып.

Кәпірлер қолдан жонып жасаған пұт,
Бәрінің уақыты осы екен болар быт-шыт!
Бәріне ту боп тұрған бұл бір шіркеу,
Сөнбестен жанып тұрған мың жылдай от.

Хақ пайғамбар туған күн қалды сөніп,
Бір жанбапты жақса да қанша от беріп.
Тарқасып тұс-тұсына кете берген,
Құдайдың қылғанына еріксіз көніп.

Жаңылды сасқанынан су ағысын,
Әкететін болған соң қолдағысын.
Күйгенінен жоғалды жерге сіңіп,
Көрген соң замананың көз қағысын.

Өшіп қалды, ұмытып от жанысын,
Жаңылып қап бұрынғы демалысын.
От пен судан осындай білдірмесе,
Мұның мұндай екенін кім танысын?!

Нұрдың оты дүниенің отын жақты,
Көздің жасы болып от, су боп ақты.
Су от болып өртенді күйгенінен,
Кететінін білген соң дәулет бақты.

Келе жатыр бір-бірлеп сөз сарасы,
Ақ пен кара айырылып шекарасы.
Құлап жатыр сатырлап талай жерде
Не қақайған шіркеудің мұнарасы.

Жауһарымда бір қаяу болып жарық,
Және кез боп ысқаяқ оған шарық.
Бу мен түтін қосылып екі жақтап,
Болмай тұрған кезі еді шамның жарық

Көңілдегі, қолыма, түспей есік,
Онша ұзармай, болып тұр тілім кесік.
Жерге кетіп жатыр ғой есіл суым,
Бір ыдыста болған соң екі тесік.

Жауырлықтан ер мінбей, мініп желком,
Күнде бір ат мінбес пе ем болса жылқым?!
Аяқ ақсақ болғанда, құйрық-шолақ,
Келе жатыр бір тұлпар жұлқым-жұлқым.

Және айтайын бір түнде болған істі,
Қараңғылық жоғалып қарасы өшті!
Үш жүз алпыс Қағбада пұт бар еді,
Бәрі үзіліп, саудырап жерге түсті.

Қараңғы екен бұ дүние, бұрын тұман,
Көрген кісі жоқ екен сәуле мұнан.
Перішtedен ұрланып, жасырынып,
Шығады екен көктерге шайтан сонан.

Жоғары өрлеп аяқты басады екен,
Қараңғыда қалтылдап қашады екен.
Перішtedен сөзді ұрлап естіп алып,
Дүниеге келіп жария ғып шашады екен.

Бүгін ондай болмады, болды жарық,
Көзге түсті бадырайып айқын анық.
Қуаланды болыпты әр жерден-ақ,
Бой тасалар жер таппай қылар салық.

Текке шауып болдыртты шайтан атты,
Тіпті түн жоқ жап-жарық бір таң атты.
Жығылнаһар Жұмалшиятин
Түс-тұсынан жұлдызбен патырлатты.

Атылған оқ жұлдыздан тиіп жатыр,
Оттан кебін талайы киіп жатыр.
Өртте қалған тезектей опыр-топыр,
Әр жерде бір тоңқайып күйін жатыр.

Желкесінен талайды оқ кесіп жатыр,
Бірнешесі күл болып өшіп (үшып) жатыр.
Қанат пенен құйрықтан тап-таза боп,
Көбі жерге домалап түсіп жатыр.

Енді көкке шығудан күдер үзді,
Бір сұмдықтың болғанын біліп сезді.
Күшті дөкей Ібілістен ақыл сұрап,
Тамаша көрген-білген айтты сөзді.

— Дүниені айналындар тегіс жүріп,
Неден мұндай бір күнде кетті бүріп (бұрып)?!
Мен білдім: көрмесем де, не болғанын,
Нанарсындар: келсеңдер, көзбен көріп!

Алыс пенен жуыққа жортып желді,
Күншығыс, күнбатыс пен кезіп елді.
Нұры көкке тіреліп тұрғаннан соң,
Тамаша етіп Меккеге бұлар келді.

Нұр шығады бір үйден аспан көкке,
Түгел түсіп сәулесі төңірікке.
Шыпырлаған шабақтай періштелер
Қарасады құмар боп бір көрмекке.

“Сүйінші! Сүйінші! — деп, шапқыласып,
Бірінен бірі естіп, ала қашып.
Жеті қат көк қуанып, сегіз ұрмақ,
Қор қызлары қарасып, есік ашып.

Мұны көріп шайтандар қашты дейді,
Барып қойды Ібіліске басты дейді.
— Бізден дәурен кетті! — деп бір аһ ұрып,
Төгін- төгіп жіберді жасты дейді.

Бү ғаламға бұл бір ер болған пайда,
Айтқан сөзің болды дұрыс әрбір жайда.
Мәнгісіндей құланның қаңғып қалдық,
Енді бізге баяғы дәурен қайда?!

— Бұрынғыңнан боп қалдың өзге, — дейді,
— Мыштай болып көріндің көзге, — дейді:
— Бұрын мұндай мұңайып томсармаушы ең,
Бұл кім еді, білдірші бізге?! — дейді.

Ібіліс айтты:

— Пәле екен бүтін бізге,
Енді біздің мәніміз болады өзге.
Мұнан ауыр біздерге күн болмайды,
Түсіндіріп айтайын, түссең сөзге.

Пайғамбарлар ішінде жүзік қасы,
Мұның орны — құдайдың дәл өз қасы!
Он сегіз мың ғаламның баршасынан,
Асып туған бұл бір ер тамашасы!

Мұның діні қуатты өзге діннен,
Жұрттан артық жері бар әрбір жөннен.
Анық атқан бұл бір таң адамзатқа,
Жарық болған сәулесі ай мен күннен.

Бар ғұмырында боп жүрсе біреу кәпір,
Құлшылықтан дөнене жоқ, таза тақыр.
“Мұхаммед!” — деп, өлерде аузына алса,
Апарады пейішке еріксіз ақыр.

Кәні, біреу мейілінше болды пасық,
Өмір бойы құлдықтан жүрді қашып,
Шын көңілмен оқыса бір салауат,
Сегіз ұрмақ есігі оған ашық.

Дәл табады құдайды мұны сүйген,
Қармап тауып алады талай күйген.
Шапағаттың билігі махшар күні,
Ақ патшадан бұйырылып бұған тиген.

Маған десең, біреуді азғыр жүз жыл,
Ертіп алып соңыңнан, күшіктей қыл!
Таңда махшар күн болса ара түсер,
Жібермеске тозаққа үмбетін бұл!

Өмір бойы қасыңа жүрген алып,
Айырыласың жолдастан “Дат!” — деп қалып.
Жұлып алып кетеді ерікке қоймай,
Өз басына мың түрлі пәле салып.

Жалған емес, ер осы шын Мұхаммед
Таудан да зор өзіне берген һәммат.
Жібермеске тозаққа жарлық алған,
Мейлі ит болсын болғандығы аты — үмбет.

Жұртты жалқау тартқызбай, сөзді тауыс,
Қыркүйек бол, қараша, болмай қауыс.
Мұны естіп көп шайтан аза тұтып,
Ойбай салып, бет жыртып, қылды дауыс.

Бакыты күйш, шайтанның өлді байы
Оларға – түн, бізге боп күн мен айы.
Пайғамбарға сүйінші бермейсің бе,
Мұхаммедтің үмбеті, бір құдайы.

Білмегенге білдіру маған парыз,
Рапорт жасап үстімнен, қып жүрме арыз.
Қуанар деп, сүйінші сұрағаным,
Қуанбасаң, қылмаймын тіпті қарыз.

Қол жалайын мен де бір жазған хаттан,
Қырман қылып үйейін тон мен аттан.
Үмбет болсаң, бұл үшін һәммат көрсет,
Қашқандарың жүре бер үмбет аттан.

“Қой, қозы!” – деп кішірейтпе, жылқы мата,
Әркім шамаң келгенше атын ата.
Құр алақан бөлғанға құдай үшін,
Ат-түйеге бергісіз бір-бір бата.

Туды нұрың, жарық боп дүниені алды,
Қараңғылық зым-зия кетіп қалды.
Бай мен кедей бірдей боп қуанғаннан,
Ойламады ешбір жан ол күн малды.

Ай мен күннен жарық боп нұрың келді,
Он сегіз мың қуанып ғалам күлді.
Адамзаттың ұрпағы көңілі тасып,
Ішіндегі пейіштің көркіне енді.

Билеп кетті жаһанды нұрың алып,
Дүние айналған мұқиттай иыр айналып.
Жан мен дене балықтай суға жүзген,
Бір қанды ғөй сусыны мейірі қанып.

Бұ ғаламға жарқ етіп нұрың түсті,
Неше түрлі гүлденіп шөптер өсті.
Аяғымен бір басар күн бар ма деп,
Қара нәркес мөймілдеп көзін төсты.

Неше түрлі құлпырып нұрдың назы,
Қысы кетіп замана, шықты жазы.
Бұ заманның құрылып бау-бақшасы,
Айдын көлде аққу мен жүзіп қазы.

Сөздің терің сөйледім сарасынан,
Маңдайдағы қаскасын-қарасынан.
Барып тұрған алтынның ең тазасы,
Асыл кеннің шықты енді арасынан.

Мұнан артық айтайын қандайынан,
Сөздің жанған, сөйлейін, шамдайынан.
Бұ дүниеге бір гауһар орнатылды,
Барып тұрған садаптың маңдайынан.

Бір гауһар су құйылды алтын тасқа,
Көзге түсіп көрініп айдай қасқа.
Таңдайынды суырып, татсаң дәмі,
Сортаң жердің суынан болды басқа.

Түсіп сәуле бұл судан жас сүнбілге (суенбілуеге),
Киік білді, білмеді онан өңге.
Жұпар болып аңқыды соның үшін,
Иісі кетпей мұрыннан әлі күнге.

Маңдайынан аққан тер тамып жерге,
Тікен кірді құбылып әрбір түрге.
Мұрынға хош тиген соң ғәтір иісі,
Соның үшін жұрт ынтық қызыл гүлге.

Қамыс танып, шұлғыды иіп басты,
Домалантып көзінен төгіп жасты.
Қамыстан қант қардай боп бораған соң,
Жеп отырған аузынан тастады асты.

Бұл дәулетке өлхамдулилла [7] дейін,
Салла ғали [8], Мұхаммед мұнан кейін.
Мыңнан бірін орнына келтіре алман,
Таң атқаннан сөйлесем кешке шейін.

Шамдай болсын ортада мәулід сөзің,
Қанбағанның сусынын қандыр өзін.
Бұрын, соңғы, — бәрі де болды арманда,
Әбден ынтық іңкәрі болып жүзін.

Көп құмардың біреуі: біз — шын құмар,
“Көрмеймін”, — деп, кісі жоқ, көзін жұмар.
“Көремін!” — деп, көре алмай, күйгендіктен,
Желмен ұшқан шыдамай ұшқын шығар.

Туғанына қылыпты Қүдірет тойды.
Тапты екен деп шек қылма, қайдан қойды?!
Достысының ғақиқа құрбаны үшін,
Яһуд пен насараны түгел сойды.

Қолқасы екен үмбетті алған қалап,
Құмарланып құдайдан қылған талап.
Көк қошқардың есебі қылды оларды
Мұхаммедтің үмбетін арашалап.

Керек қылмай жалғанда көбін-азын,
Үмбет үшін қыс қылды жылы жазын.
Алшысынан тымағын салып келді,
Лағымүрәк басына киіп тәжін.

— Тамаша қыл құдіретім күшін, -дейді
— Отындықтан шықты оқтық мүсін, -дейді
— Бастан аяқ құдіретпен қылған ісім
Бір сенің тірлігің үшін! -дейді.

Басқа жанға айтпаған арнап мұны,
Әр жерде асқан жері бар қадір құны.
Лаулақ тамма халқатала палак болған
Келгенінде дүниеге келген түні:

“Бір сен үшін жараттым мұнша көпті!” —
Анар салнак хақында аят кепті:
“Егер сен болмағанда, иа, Мұхаммед,
Мұның бәрін жаратпас едім!” — депті.

Құранда бастаған сөз таһа аятын,
Аятпенен айтып тұр хикаятын.
Тоғызды беске қоссаң, болады он төрт,
Шақырған он төртінші ай деп атын.

Атының қойған тәңірім бірі—”Иасин”
Бастаған құрметі үшін сөздің басын.
“Иасида лабашыр” — деп шақырғаны,
Егер білсең Иасиннің мағынасын.

“Уалшымыс узхиһа” — деген сөзін,
Мұны махшұқ атаған ғашық өзін.
“Уаллайыл азайғышы” — шашын айтқан,
Аңғартайын түймедей түйін сөзін.

Мөлдір тұнық, лайсыз су ішірейін,
Тілмаш қылып тілімді түсірейін.
Аят пенен хадистен сом (дым) тастамай,
Отқа ағызып жібермей, пісірейін!

Қайдан құлақ шығарсам, өзімде ерік.
Ұстаз пірдің һәммәті болып серік.
Немен соғып жатыр деп таңданбандар,
Тілім-балға, тісім-төс , аузым-көрік.

Айналайын құдайдан қылған мұндай,
Соның үшін жалғанда жүрмін тынбай.
Қара темір дәуітке (даууыдқа) болса қандай,
Балқып кетті әр мағына маған сондай!

Ал енді бұл сәждеде жату қанды,
“Уәлсуеф иүғетик” — қолқаны алды.
— Шапағаты лаһил әлік байір деп,
Мінәммәті аузымен айтып салды.

Бірі аят, бірі хадис, - шын сөз анық,
Жанларға мағына білген емес танық.
Жаны жоқ құр қақайған сурет болсаң,
Не керек бары-жоғы соған жарық.

Туды енді көк пен жерге шашып нұрын,
Кенелді кеңсірігі ашық мұрын.
Арманда өз әкесі кеткен екен,
Келер жаннан кетер жан алты ай бұрын.

Тізейін өңшең сөздің дүр данасын,
Аузына салып байқа бір (ғанасын) қанасың.
Үш күннен соң бұлжытпай таниды екен,
Жаңа туған жас бала ата-анасын.

Коз қарауға келгенде жалт-жұлт өтіп,
Арғы-бергі жағынан қоймай өтіп.
Ата-анасын көргенде ыржақ қағып,
Қуанады мәз болып, есі кетіп.

Ата-анаға болған соң қарайтын шақ,
Арба жатыр бұзылған бір сынар жақ.
Бір күрсініп қойыпты жоғын біліп,
Сәлемдеме құдайдан ең тұңғыш дақ.

Бұл күрсінү күшейер күн-күн артып,
Тұрған күндей түнеріп құр мұнартып.
Бәсең бола береді әр нәрсесі,
Жарқ-жүрк етпей қабағы кірбең тартып.

Байға бұйрық түсіп тұр: “Кедей ек!”-деп,
“Кедей келсе үйіңе, көрме жек!”-деп.
Іші-бауыры қалады мұздай болып,
Қатын-қалаш сүйгенде: “Жетімек!” – деп.

Міне, кара – құдайдың сүйген құлын,
Өзі білер құлының қадір пұлын.
Тайға танба басқандай белгілі қып,
Жетімдікпен жаралап қойды дүлін.

Қалай қылса еркі бар тәңірім өзі,
Айтып, кәне, өтеді кімнің сөзі?!
Жетімдіктің тозаңы жүзіне ұрып,
Іштейінен үйренді жасқа көзі!

Қашан жетім көркейген көңілі өсіп,
Күнде зәулі басына аспан түсіп.
Періштелер аузында сөз болыпты,
Қылысканда әңгіме: “Жетім!” – десіп.

Жетімдікті құдайым ғазиз қылды,
Қайғы ғамға көп салмақ сүйген құлды.
Әр не қылған ісіне болып риза (ырза),
Пенде қысқа ұстаса керек тілді.

Тәңірім айтты:
– Әрқашан басындамын,
Жетім қылдым досымды жасында мен.
Кімде-кімнің боп жүрсе көңілі сынық,
Әне, соның күндіз-түн қасындамын!

Жеткізбей-ақ қойындар сендер мақтап,
Періштелер, сендер де сөйле шақтап.
Жай жетім емес достым, дүр жетім,
Әлі-ақ адам қыламын өзім сақтап.

Көрсетіп тұр құдіретін шын құдайлық,
Денсаулықты біліндер асқан байлық.
Ай басына бітіріп жылдың ісін,
Бала болып талпынды алты айлық.

Жаңа тұтап келеді от шаласы,
Көбі кейін, бұл әлі аз ғанасы.
Ырзалығы Алламның осы болып,
Дәл алтыайлық кезінде өлді анасы.

Мен де талай қыдырдым мұсылманды,
Су орнына көп жұттым қызыл қанды.
Іші еритін балаға тапшы жанды,
Ата-анадан шапағатлы мейірбанды.

Атасы мен анасын бірдей алып,
Сасқан шығар жалтақтап жетім қалып.
Есіл гауһар жүрді екен көп толқында
Әлдекімнің қолында жұмаланып.

Қара күндер басына салды дейді
Ата-анадан бірдей жас қалды дейді.
Дос бергеннің түсіне қарамады,
У берсе де, бал көріп алды дейді.

Таңып салған бойымен жатқан бала
Бесігінен басқа оған жоқ баспана.
Тамақ сұрап жыласа шырт ұйқыда,
Кім ұйқысын бұзады оған және (жана)!

Патша құдай болған-ды өзі пана
Ашитұғын пенденің білер және.
Қанша айтқанмен бұл сөзден сүт шықпайды,
Жас балаға емшек пен керек ана.

Ол заманда бар екен көшпелі ел,
Көшпелі елден алайық енді бір тіл.
Емізуге баланы жалдануға
Тұрады екен дамылсыз келіп жыл-жыл.

Жүреді екен әр жерден бала тасып,
Бала асырауға жалданып, қылып кәсіп.
Бай кісінің баласы душар болса,
Болады екен оларға үлкен несіп (нәсіп).

Көшпелі ел келген екен көшіменен,
Бала-шаға үйінің ішіменен.
Бала туған үйлерді қыдырады,
Онан өзге ісі жоқ кісіменен.

Жүгіреді қатындар анталасып,
Баласына байлардың жанталасып.
“Ата-анасы жоқ жетім!” – деп есітіп,
Жоламады сырт беріп көбі қашып.

Кәне, біреу қылса, дер едік зорлық
Дей береміз іс шығар бір қамқорлық.
Қатындардың жоламай қашқандығы –
Жетімдіктен он есе артық қорлық.

Қиын екен жалғанда жетім қалған,
Оныменен елдеспес мына жалған.
Асқа, тойға барғанда, көзге түсіп,
Әкесі бар жілікті бұрын алған.

Кісі болмас жетімге козін салған,
Көзін сүзіп мұңайып тұрып қалған.
Әкесінің жоқтығын арман қылып,
Сырты бүтін болғанмен, іші-жанған.

Жетім емес баланы әркім алған,
Маймылдай ғып ойнатар дүние жалған.
Халима атты бар екен сүйкімді әйел,
Қатарына ере алмай кейін қалған.

Тақыр екен тап-таза дүние малдан,
Бір кебежесі бар екен иген талдан.
Жалғыз түйе өзі арық қотыр екен,
Жергілікте айрылған өркеш-жалдан.

Бү жалғанда кетеді озып малды,
Болғандықпен қол ұзын бұрын алды.
Нашарлықтан бұл байғұс көшке ере алмай,
Қатарынан өзінің кейін қалды.

Күнді аударып шаһарға келді дейді,
Бұрын келген сықақтап күлді дейді:
– Бар баланы үлесіп алып қойдық,
Қалған бала жоқ шығар енді, – дейді.

– Ойлаппын ба: “Мен кейін қалайын!” – деп,
“Мұндай атақ жалғанда алайын!” – деп.
Өзім теңді кедейден қалай шықпас,
Не де болса шаһар жаққа барайын, – деп.

Үйден-үйді қалдырмай іздеді енді,
Кеш боп қалған асығып көріп күнді.
“Қайдан қатын ұшырайды?!” — деп отырған—
Бір ақсақал бабайға тура келді.

— Осында бар менің бір балам, — дейді.
— Ата-анасы тып-типыл тамам, — дейді
— Қанша дүние сұрасаң, аямаймын,
Жетім ғой деп көп болма алаң! — дейді.

Қатын айтты:

— Бір жанмын малым біткен,
Ерікке қоймай жоқшылық тентіреткен.
Бір басыма-бір емшек: о да өлшеулі,
Оң емшегім бұрыннан құрып кеткен.

Аузым тола ішетін үйімде ас жоқ,
Төртті-бесті балам бар, артық бас жоқ!
Бір байым бар қақайып қатып қалған,
Онан қатты дүниеде қара тас жоқ.

Жаудырап бір нәресте жатыр көзі,
Кісіге ішпей-жемей тамақ — өзі!
“Бір жетім бар: жолама!” — деген қақсап,
Байымның да бар еді айтқан созі.

Бір балам бар бесікте емшек емген,
Екі көзі баланың маған төнген.
Сыбағасын мен соның қидым бұған,
Өз баламды есепті қылдым өлген.

Шыдамады балаға көзі түсті,
Іші-бауыры елжіреп алып-ұшты.
Сол емшегін қойнынан суырып алып,
Жас баланың аузына тақап тосты:

“Болып кетті-ау ақылым алты тарап,
Қайтсем жұртқа жағамын іске жарап?!”
Емшегіне қатынның аузын салмай,
Өксіп-өксіп жылайды теріс қарап.

“Жатырқады” — деседі көрген жандар,
Маңайында жоқ болып мейірбандар.
Оқыс-оқыс жердерде ой бұзылып,
Сия орнына езілді қызыл қандар.

Мұны көріп қатында қалмады жан,
Шығып кетті есінен жейтұғын нан.
Оң емшегі бұлақ боп келе жатыр,
Үш жүз алпыс тамырдан қозғалып қан!

— Сенен үзбен, шырағым, — деп — күдерді,
— Оң емшегін ұсынып қатын көрді.
Бақытына (бақтысына) шөлді көл қып берген соң,
— Оз несібем! — дейді де, еме берді.

Енді дүние бола алмас қатынға қат.
Маған десең, зым-зия көрінбей жат.
Жарқанатқа күннен жоқ жарық сәуле,
Онан басқа хайуанға бір мұғжизат [9].

Бұ қатынның түйесі болды семіз,
Қосақталып әр нәрсе келді егіз.
Дәулет құсы қолына қонғаннан соң,
Келе берер тіркеліп жеті-сегіз.

Құрып жатқан бұлақтың көзі ашылды,
Құдай қолға берген соң бір асылды.
Маған-дағы бір дәурен тиіп еді,
Айырылып қап, ағыздым мен жасымды!

Бірде беріп, бірде алар патша құдай,
Шаттық пенен қапалық - ел екі ұдай.
Шарапатлы ғазиздің ізі құтты,
Құдай айдап кез қылып, болыпты бай.

Шын ділімен Халима мұны күтті,
Айырып беріп жүріпті судан сүтті.
Жауқазындай (жауқасындай) аршыған аппақ болып,
Өзі ішерлік өз асын жасқа жетті.

Енді емшектен айырылып қарады асқа.
Өзі теңдес баладан формы басқа.
Бабасына әкеліп тапсырыпты,
Аяқ басып шыққан соң алты жасқа.

Сөзді өрбітіп келемін қозғап түртіп,
Ақсақ құлан жосыған күйін шерттіп.
Бағып, қағып жүріпті пәруана [10] боп,
Енді Ғабдол Мүтәлаб қасына ертіп.

Көшетұғын қоңырауын керуен қакты,
Қимылдауға келтірмей тіл мен жақты.
Бабасы да жөнелді ұзын жолға,
Ағаш атқа мініп ап төрт аяқты.

Күні құрысын баланың ата-анасыз,
Қүдіретіне Құданың таң қаласыз!
Дауыл соғып, басынан үйді ап кетіп,
Қала берді-ау сопайып баспанасыз.

Мұсылмандар, тұтыңыз бұған аза,
Туған жанға өлім бар бір жаназа.
Бү жалғаның жүзінде бір болыпты,
Бір құдайдан басқадан тақыр таза!

Бұған шаттық (шадлық) жері жоқ бір жуысқан,
Қайғы бастас болуға бел буысқан.
Отырарлық бас қосып мұң айтысып,
Тым болмаса емшектес жоқ туысқан.

Ойлай берсем, езілген бауыр-етім,
Қылған ісі өзінің Қүдіретім!
Сегіз жаста сергелдең күйге түскен,
Мұхамедтей бар ма екен болған жетім?!

Бү жалғаннан жан емес тұрған жарып,
Болған, сірә, жан бар ма мұндай кәріп?
Жамырағанда, әр қойға бір жүгірген,
Зар қақсаған қозыдай жетім қалып.

Өз-өзінен жүрген-ді от боп жанып,
Күйіп-піспей, сонда да біздей налып!
Әкесімен өзінің бір туысқан,
Енді қолға алыпты Әбутәліп.

Қуындай боп шақпақтың от алыпты,
Қасірет оты ішінде тұтаныпты.
“Екі дүние шырағы” — хақ Мұстафа —
“Әбутәліп жетімі” — атаныпты.

Бұған, Мөшһүр, тарылып, болма қапа,
Әуелден-ақ жалғанда жоқ-ты-опа.
Бас-аяғы болған соң хараф, ғаллат,
Алты екіге бөлінсе, болар жапа.

Айнасынан көңілдің кетір шанды,
Қашан көрдің жалғанда түнсіз танды?!
Шаттықпен ғам емшектес аға-інілі,
Бірін бастан кешірсең, бірін аңды!

Бұ қайғының дариясы шыннан кеткен,
Ар жағына адам жоқ жүзіп жеткен.
Бұ жалғанның жүзінде бір кісі жоқ —
Аман-есен құтылып мұнан өткен!

Біреуге - үлкен, біреуге келіп кіші,
Естілмейді қайғысыз болған кісі!
Сүйген құлға қайғыны баса салмақ —
Құдіреттің өзінің ғадет ісі!

Сүйгендіктен, сүйкеніп қылған назы,
Көбі — оларда, қайғының біздегі-азы!
Емес пе еді Мұхаммед құдай досы (досты)?!
Он сегіз мың ғаламның баста төжі!

Пайғамбарлар ішінде жүзік қасы,
Қап қосын ауа діні дәрежесі.
Бұ жалғанның жүзінде бір жарқ етпей,
Тыйылмастың көзінен кеткен жасы.

Қанша қайғы келсе де, қайғы білмей,
Сіңіп кете беріпті қара жердей.
Басқан жерден табанын тайдырмапты,
Қайғы, шаттық барабар болып бірдей.

Бірде семіз көк дөнен, бірде арық,
“Бабы жоқ!” — деп, бас тартпай, жарысалық!
Ай бұлттан айырылып шыққанында,
Көрінеді күндізгі күннен жарық.

Бір жаңадан ай туар болып қылдай,
Болатұғын күндер бар: бір күн-жылдай.
Он төртінде көрсең ай қандай толық?!
Бір күн сондай бұ жалған, бір күн мұндай.

Бүктемеді бұ сөздің көбі кетті.
Әр жасында біртүрлі тамаша етті.
Бес жыл ұдайы жүріпті қойды бағып,
Өйтіп-бүйтіп жиырма жасқа жетті.

Алдымыздан құдайым ашса бір жол,
Аяндайық, тұрмайық ұстасып қол.
Бір-ақ ауыз сөзбенен тамам болды,
Бір дем құрлы жоқ екен қанша өткен жыл!

Жәрдем – тізгін, тәңірімнен тисе қолға,
Не бар қарап тұратын оң мен солға?
Арқам соқпақ болғанда, бас-омақа,
Талапты ерлер бар болсаң, хақ Расулға!

Түсе берме жалғанда ұзын ойға,
Сенемін деп құр қалған түйе бойға.
Бү жалғанда екі күн жас жасасаң,
Килігерсің бір күн ас, бір күн тойға.

Бү дүниенің жоқ екен қадір құны,
Еш адамның болмайды мұнсыз күні.
“Алддүния жиғытта” – деп айтқанменен,
Еш нәрсенің дүниесіз келмес жөні.

Болып қара, бозбала, бір күн малсыз,
Ішіп байқа құр суды, көне, нансыз!
Талай ғазиз бұл иттің кемдігінен
Көріптікке (ғариблікке) түсіпті ықтиярсыз.

Мұхаммед, ол Мұстафа-хабиб [11] Хақ
Белгілі екендігі құдайға нақ!
Отырып Әбутәліп қылды уайым –
Болғанын мүкі-тақы күнкөргіш шақ.

Қамықты Мұхаммедтің қамын ойлап:
“Қашан көңілі өседі?! – деп – күліп ойнап.
Малым болса бір қызды айттырмас па ем –
Келе жатқан өсуге жаңа бойлап?!”

Жабырқап Әбутәліп отырды енді,
Көңіліменен шарқ ұрып көк пен жерді.
Таңертеңгі хош есіл таң желіндей,
Тиіп лебі хақ Расул кіріп келді.

Әлі Расул болған жоқ жадағай кез
Сөйлемейді сонда да несие (несиан) сөз.
– Айналайын бойыңнан, қарағым-ай,
Сенен аулақ болсын да тіл менен көз!

Біз партия боп тұрмыз жылқы, қойға,
Қойсыз кісі кенелмек терең ойға.
Буының өсіп, бұғанаң қатқан екен,
Жарасарлық әр киім кисең бойға.

Кәне, саған айттырсақ бір сұлу қыз,
Болып қалса алғара қиғаштан кез.
Бота форым, ақ мамық, үлпілдектен,
Қолға түссе, тастаймыз қайсысын біз?!

Ешкім бермес теңі деп өзіне сай,
Мал болса, - “ит те, құс та” қатынға бай.
Көтін жу да есектің, мал табындар,
“Қыздың байы – мал,” – деген, - дүние, уай-хай!

Жоктық, шіркін желкеңнен бір түспеді,
Жастан басқа екі көз су ішпеді.
Екі жүз қырық ай қысты көрдің, балам,
Алтын қорек астынан жел еспеді.

Жетімдік сүйегіңнен кеткен өтіп,
Жұлынынды кесуге тақап жетіп.
Жалған құрғыр, осымен кетесің бе,
Көңіл құрғыр, қуанбай, бір селт етіп?!

Деген байдың өзіміз: ой – көп, қой – жок,
Соның үшін біздерге күнде той жок.
Терең суда болады тұңғыықтар,
Ондай суға омыраулар бізде бой жок.

Мен бір ақыл айтайын, саған жақса,
Мың сөзден де бір тыйын артық ақша.
Түк өнбейді құр сөзден, қол қимылдат,
Түсер сөзден дәнене жок, мың жыл қакса!

Қол ойнамай , ауызың ойнамайды.
Мұны неге бозбала ойламайды?!
Ұзын ойға түскенмен, ешнәрсе өнбес,
Ой түбіне жан жетіп бойламайды.

– Балам, бүйтіп мұнайып отырмалық,
Қармағы жок, ұстатпас, қолға балық.
Қолымызға белгісіз не түсуі,
Олай-бұлай тырманып, тыпырлалық.

Дейсің ғой: “Мал табамыз барып қайда?
Басымызға қыламыз қайтсек пайда?”

Бір бай қатын миллионшік жұрт асып тұр,
Онан асар бір жан жоқ жарлы-байда.

“Шынжыр балақ, шұбар төс” – шыққан заты,
Жер жүзіне тұрған жан жетіп даты.

Тамам жұрттың таңдайы тақ етеді,
Жұрт аузына ілініп Хадиша аты.

Неше түрлі зейнетлеп салдырған жай,
Екі иінінен дем алып, болып тұр бай.
Күллі араб жұртына ұйытқы болып,
Күндіз болса, Күн боп тұр, түн болса-Ай!

Хадишадан күн көріп талайлары
Күннен-күнге артылып талайлары,
Селтендеген текешік, бұқашықтың
Бәрі-соның шіркәншік, малайлары.

Тұл қалумен қосылған жесір санға,
Қор қылды патшалар мен тимей ханға.
Байға тимей отырып қалған өзі,
Мойын бұрып қарамай ешбір жанға.

Талай байлар өзінен көтерме алып,
Дәулетінен көп шығар жүрген жарып.
Үш-төрт жылда кетеді дөңгеленіп,
Қалжыраған, қарны ашқан соған барып.

Саны жоқ тауар пұлдың жиған тамға,
Жейтін уыз табылмақ тегін нанға.
Бозбаланы ай кесіп жалдап жатыр.
Жүк жөнелтіп күнбе-күн Мысыр, Шамға.

Әбутәліп сөйледі сөз ұқтырып,
Ер жігітті пайдаға қызықтырып.
Томағасын бүркіттің сыпырғандай,
Жалтаң жерден түлкіге көзіктіріп.

– Болады екен дүниесіз бұ қол тартық,
Қолы тартық қалады, болып шартық.
“Бейнет көрмей, рақат жоқ” – деген сөз бар,
Пайда қайдан табылса, барған артық.

Әне, мұны естіді бала жетім,
Есер жетім емес қой, дана жетім.
— Мал табудың соңына түсейін мен,
— Бір жапырақ қонымнан қалғанша етім.

Ала алмаспыз біреуден өтірік алдап,
Өтірікші жалғанға болған жалдап.
Пайда тапқан жігіттен мен кем бе екем?
Ертіп бар да, жіберші мені жалдап!

Мұхаммедтің талабын жақсы [иакшы] көрді,
Тәңірім босқа тастамас талапты ерді.
Хадишаның жалдауға керуеніне
Қасына ертіп інісін жолға кірді.

Екі сүлтік сүмғаңдап [сүмендеп] келе жатыр,
Жалға жүрген кедейде құн бар ма ақыр?!
Келген-кеткен ешкіммен жұмысы жоқ,
Төсегінде Хадиша ұйықтап жатыр.

Құдайымнан көрерсің көп қызық іс,
Болатұғын нәрсе жоқ құдайға күш.
Әбутәліп, Мұхаммед келе жатса,
Ұйықтап жатып Хадиша көрді бір түс.

Хадишаның оралды қол мойнына,
Кіріп келді көктегі Ай қойнына.
Адамдай боп Айменен шағылысып,
Түшіркеніп мейірі қанды ойынына.

Ұйқысынан Хадиша тұра келді,
Ай қойнына кіруі көңіл бөлді.
Түс жорымпаз бар екен бір ағасы,
Жылдам кісі жіберіп, алдырды енді.

Жорытты ағасына көрген түсін:
— Көргенің рас болса бұ түсті шын.
Келеді ақыр заман пайғамбары —
Ұйіне саған күйеу болу үшін.

Түгелдеп айтып берді түгі-түсін:
— Ұстай ал бұл сықылды келсе пішін.
Құдайдың да құдайлық - қылған ісі,
Бір соның достығының құрметі үшін.

Бір жүзік кидің қолға асыл тастан,
Бұйырылды саған несіп уыз астан.
Беріп қой сүйіншімді күні бұрын,
Айтқаным құтты болсын осы бастан!

Ағасы қуантты да, шығып кетті,
Бір шаттық (шаддық) Хадишаға мінез бітті.
Қуанғаннан мүлде есі шығып кетіп,
Ұмытты ішер ас пен жейтін етті.

Жан сүйсінбес құр ет жеп ішкенмен шай,
Қанша айтқанмен еркексіз, белгілі жай.
Бұ жалғанның жүзінде ең керекті,
Еркекке әйел зар өрт, қатынға-бай.

Бұ жалғанның қызығы - ұйқы-тұйқы,
Ұйқы-тұйқы жоқ болса, қикы-жикы.
Бірін-бірі иіскесіп жатпаған соң,
Түні бойы елегізіп, көрмейді ұйқы.

Езбе мылжың болмайын сөзді ұзартып,
Үсті-үстіне күнәні тиеп артып.
Аға-інілі екеуі кіріп келді,
Қаһарбадай шөп-шарды еріксіз тартып.

Әбутәліп жетімі – Мұхаммед-ті,
Мұхаммед деп айтқаным қандай тәтті?!
Айтқан сайын аузыңды аясаң да,
Анда-санда айтып айтып қой салауатты!

Екеуінің келгенін қатын көрді,
Көре сала орнынан ұшып тұрды.
Дастарқанын қолына ала жүгіріп,
Жылы жүз, жақсы сөз бен шырай берді.

Түнде көрген түсімен көңілі өсіп,
Ағасының жоруы ойға түсіп.
Мұхаммедті көргеннен болып інкәр:
“Арманым не, болса”, - деп, - мынау несіп!”

Қонақ қылып сыйлады, қуанғаннан,
Шығып кетті жей алмай бұлар наннан.
Наннан шықты дегенге таң қалмаңдар,
Шықты безіп Хадиша малдан, жаннан.

– Жолдар болсын, жоғары астыңыздар (астыңыздар),
Біздің бақты қыдыр боп аштыңыздар!
Бастан-баска басатын аяқтарды
Біз кәріптің (ғарібдің) үйіне бастыңыздар!

– Жол болса, әлей болсын бізден! – дейді
– Жол қылмақтың тетігі сізден! – дейді.
– Мына бір жас талап қып келіп отыр,
Еркектік қып, ойы боп түзден дейді.

Жетімдікпен көңілінде болған қаяу.
Жуас қана бала еді, өзі баяу.
Жоқшылықтың жалғанда күні құрсын,
Өлмесе де, өліге жақын таяу!

Талап қылып, талпынып жалданғалы,
Шырмау үшін аяғын қамданғалы,
Тапқан малын қалыңға беру үшін,
Болмаса, қызықпаймын малданғалы.

Бір сапар керуеніңе қосып қара,
Бұрын жолға шықпаған бозаң бала.
Іске жарап, көңілге қонып келсе,
Жұрт қатары берерсің еңбек және (жаңа).

Алданышы жоқ артында қарайларға,
Несіп болып тұр едің талайларға.
Ұрсып, жекіп жүрмесін, озбырлық қын,
Қадағалап айта көр малайларға!

Деп айтпаймын: “Ақысын мен алайын!”
Шырмау үшін аяғын, қамданайын.
Жал-құйрығын бір сапар созып тұрмын,
Сынамаққа өзінің бақ талайын.

Хадиша айтты:

– Сөз орнын тапты жетіп,
Арғы-бергі жағымнан кетті өтіп.
Көп жалданған жігіттің бірі қылмай,
Алтындай қып сақтайын құрмет етіп.

Кигізейін үстіне жақсы тонды,
Шамам келсе қылайын пұлды, құнды.
Аман келсе қылармын айтқаныңдай,
Бірді берсем өзгеге, бұған онды.

Ер жігітке мал таппақ-жақсы талап,
Құр алақан талапсыз қалар қарап.
“Қабағы мен қасына қарап тұр!” – деп,
Тапсырайын бәріне қадағалап.

Өз көңіліме көргеннен қалды жарап,
Бәрі мұның қолынан тұрсын тарап.
Алған-салған ақшаның кілтін ұстап,
Бақташы боп үстінен жүрсін қарап.

Керек десе, қыз алып берем өзім,
Қалжыңы жоқ ішінде, бұл шын сөзім!
Бұл сапарда сөз болсын-осынікі,
Құтты өзімнің есепті болсын көзім!

Әбутәліп қуанды мұны естіп:
– Іс ілгері басты, – деп, – қырсық кетіп,
Аплақ деген тапсырды бір құлына:
– Жүріңдер, – деп – құрметтеп, жақсы күтіп!

– Менің айтқан, ай, Аплақ, ал тілімді
Сені менен менен бұл көп білімді.
Мұның аты Мұхаммед-Амин болсын,
Сендер мұны адам деп біл сенімді!

Аманатқа қиянат қылмайды бұл,
Мұны күтіп келіндер бір сапар жол.
Мен есепті, келгенде, мұнан алам,
Бәріңе де тапсырып, айтқаным – сол!

Бәрің бұған беріндер төрден орын,
Мен десең, болмаңдар бұған қырын.
Аман – есен қайтсаңдар ойнап-күліп,
Мұны оздырып бәріңнен жібер бұрын!

Хадишаның сөзіне көңіл толды,
Тәңірі осындай қылады оңдар жолды.
Қара таяқ малайдың есебі жоқ,
Хат пен шот білетіні үш қос болды.

Үш қосында – үш кісі – керуенбасы,
Біреуі – Әбубәкір – жан жолдасы.
Бірі – Хамза – керуеннің бақташысы,
Біреуі – Әбужаһил – отағасы.

Түзу емес әуелден мұның іші,
Аяйын деп жүрген жоқ, асса күші.
Бұзғыштыққа келгенде жан шыдатпас,
Мұнан қайта бір жасы шайтан кіші.

Көне, керуен түйесін жолға салды;
Шыға берді шаһардан жүктің алды.
Жөнелгенін керуеннің тамаша етіп,
Қатын-қалаш қадалып қарай қалды.

Әкесінің әкесі шықты бірге,
Шығарып сап баласын біраз жерге.
Сүйемелеп түйесін айдасады,
Тырмысқанда бір кезең биік өрге.

Шешесінің шешесі жүгіріп келіп,
Пәруана боп бала үшін көңілін бөліп:
— Айналайын, қарағым, аман бол! — деп,
Қайта үйіріліп кетеді төніп-төніп.

Кейбіреудің зінгіттей бар ағасы,
Інісі үшін ағып жүр көзден жасы.
Қош айтысып: “Аман бол, шырағым! — деп,
Біреудің апа, біреудің - қарындасы.

Жан көп болды керуеннен жыбырлаған,
Бәрі әшкере, бір сөз жоқ сыбырлаған.
Жан-жағына қараса нұр Мұхаммед,
Құлағынан басқа жоқ қыбырлаған.

Жалғыз жетім екенін жаңа білді,
Іркіп алды көзінің жасын енді.
Қоршап алған жан-жағын жау сықылды,
Заңғар биік таудай боп қайғы келді.

— Жаяу түйе жетектеп шықтым елден,
Түз татарым белгісіз қандай жерден?!
Әке-шешем шыныңмен қалғаның ба,
Бір көтеріп қарамай басты көрден?!

Аман бол тұрмасаң да, ата-анам!
Жат елге, танымаған жұртқа барам.
Артымнан қарап қалар бір кісім жоқ,
Болғанша көзден таса менің қарам!

Жұрттың әке-шешесі қарасып тұр.
Қарасқаны жалғанға жарасып тұр.
Маған қарай көз тіккен жалғыз жан жоқ,
Менің көзім алақтап адасып тұр.

Айтар кісі маған жоқ: “Болсын жол!” – деп,
Қош айтысқан бір жан жоқ: “Әкел қол!” – деп,
Бір айтарлық кісінің болмағаны –
Қиын екен : “Шырағым, аман бол!” – деп.

Бір ілгері, бір кейін жұрт далақтап,
Бір-біріне қарасып, арсалақтап.
Маңайыма қарасам, дәнеме жоқ,
Екі көзім төрт болды-ау текке алақтап!

Өлін қалған жақсы екен бір-ақ жола,
Меніменен бастас бол, маса-сона!
Енді айналып көргенше, кім бар, кім жоқ,
Аман-есен болыңдар жатқан мола!

Сендер де аман болыңдар, таудың тасы!
Сарқыраған бұлақтар, судың басы!
Қара жолдың аман бол екі жағы,
Қоштасады бәріне көздің жасы!

Тау мен тасқа жөнелді мұңын айтып,
Керуен кетті, жұрт қалды тарқап қайтып
Көтерілер көңілдің жерінен соқ,
Салбыратпай бұ жұртты, құр мұңайтып!

Ыстық шілде кезі екен жаздың күні,
Ол жолдардың белгілі сусыз шөлі.
Малдың, жанның тер ақты пұшпағынан,
Шөлдегеннен аузына сыймай тілі.

Ыңғайланып әр нәрсе келе жатыр,
Келгенінің ең алды, міне, батыр.
Көп бұлттан бөлініп бір ақ бұлт,
Мұхаммедтің басына болды шатыр.

Келе жатыр күш-көмек енді достан,
Ескен жел мен жіберіп, ұшқан-құстан.
Тәңірім сыйлы жаратқан пендесіне
Жазы-жапан, айдала-болар бостан!

Әуелден-ақ біреуге-біреу несін,
Күллісі айтылған себептесіп.
Судан кемдік көрмейді қарап тұрсаң,
Арқасымен күріштің күрмек ішіп.

Білем десең бұ сөзді, байқа жансыз,
Кемшір де жоқ, қыз түгіл-қалың малсыз.
Жолда көрген айтайын тамашасын:
Бірді-екілі күріш бар, күрмек-сансыз!

Қарап жаңа әр нәрсе бермен басы,
Бел астық, ендігі жер - құламасы.
Жол үстінде жай салып жатыр екен,
Насариннің бір дөкей ғұламасы.

Алып байқа аузыңның демін енді,
Бұрын татып көрмеген бір ас келді.
Жетпіс құлаш шыңыраудың су шығарып,
Егінжай қып қойыпты сусыз шөлді.

Молда екен жетпіс екі білген тілді,
Бір алты жүз өткізген санап жылды.
Ғайсадан соң осы екен заманында
Бастан-аяқ жат білген ол інжілді.

Әр қауылдың құба жон қылған тұрақ,
Жұрттан өзін жерге ұстап алыс жырақ.
Өзі ғылымның бұлағы болған үшін,
Ықтиярсыз ағызған шөлден бұлақ.

Берер болсаң айтайын сөзге қонақ,
Көзің жұмып байқашы, салып құлақ.
Судан безер боларсың қанбақ түгіл,
Жаңа саулап келеді тыңнан бұлақ.

Хазірет Ғайса айтыпты оған бір күн:
— Кімге опа қылады дүние, шіркін!
Құдай досты Мұхаммед пайғамбарды
Көресің, — деп, — жолығып емін-еркін!

Көп-көп сәлем айта гөр, ұстап қолын!
Лағымірек тәж келген сол ләуләк тонын!
Шек күмәнсіз кез болып жолығуың,
Керуенінің Меккенің тоссаң жолын!

Белгісінің, ақ бұлт — болар басы,
Оған қарай домалар таудың тасы.
Ағаш біткен иіліп, сәжде қылып,
Қу ағаштың көгерер және басы!

Түгі сондай өзінің, түсі сондай,
Айтқан екен ұқтырып оған мұндай.
Естіген соң құмар боп бір көруге
Жатады екен жол тосып құба жонда-ай!

Санап қолдан өткізіп ай мен күнді,
Қосып алып өзіне күндіз-түнді.
Жол үстіне көз салып, керуен тосты:
“Жүретұғын болды-ау, — деп, — мезгілі енді”.

Іздей берсе, бір жету бар ғой ақыр,
Жүре берсе, таусылар мидай тақыр.
Қарап тұрса, бір керуен келе жатыр,
Бір ақ бұлт басында, бар қолшатыр.

Көрісімен қуанып жерге түсті,
Бір шой қара бар екен құлақ кесті.
— Келе жатқан керуеннің алдын тос! — деп,
Қадағалап тапсырды оған істі.

— Әр түрлі асты даярлап пісір, — дейді.
— Қонып қалса алысқа көшір, — дейді.
— Мал түгіл, адам жерлік от, суы бар,
Қорық жайға ап келін түсір! — дейді.

Құл бастап кеп түсірді бау ағашқа,
Азық пен тон аш пенен жалаңашқа.
Аузы бардың жейтіні, — бәрі түгел,
Табылатын керекті жаннан басқа.

— Қозғалмандар тырп етіп қостан! — дейді
— Ұры, өтірік, мұнда жоқ, дұшпан! — дейді.
— Көздеріне көрінген бәрі мұбах
— Бәрі тегін сатусыз бостан! — дейді.

Басын түріп жіберді бұлар малды,
Тақалыпты ұшуға жұрттың алды.
Көлеңке мен жемісі, суық суы, —
Бәрі бірден душар боп, мәз боп қалды.

Ыстық шілде кезі еді, күннің аптап
Мал да, жан да жайылып кетті қаптап.
“Бәрін қонақ керуеннің қыламын!” — деп,
Пісіртіпті әр түрлі тамақ баптап.

Шөлдеп келген көп керуен шаңырқасып,
Кенеліпті арқасын тыр-тыр қасып.
— Неден мұндай иіді — деп, — құдай мұны?! —
Таң қалып, сөз қылыпты таңырқасып:

— Өтіп едік бұ жерден талай жүріп,
Бүйткен емес еш жанға ынта беріп.
Бір шыбығын кісіге ұстатпайтын:
“Қайтып берем өзіңе, — деген, — көріп!”

Бұлар мұнда отырсын б[ек] қарасып,
Берекесіз даурықпен құр таласып.
Ғұламаның бір құлы жетіп келді,
Көйлектерін киісіп қалды сасып.

— Біздің хазірет сіздерді шақырды асқа,
Бас-басыңа даярлап орын басқа.
Қадағалап тапсырды қайта-қайта
Жалғыз жанды үш қостан тастамасқа.

— Қалған бір жан жоқ болды аяқтыда,
Еріп жүрді тайлы да, таяқты да.
Басы жеткен бұлтқа мырза қалды,
Күн кешірген туғаннан абақтыда.

Меймандарды құрметтеп алды күтіп,
Бақылдасты текелер жоғары өтіп .
Керек қылған өзінің кісісі жоқ,
Көреміп деп, ынтығы тұрған кетіп!

Тысқа шығып қараса, ақ бұлт жоқ,
Қосында тұр керуеннің топталып шок.
Мен һәм жасап жатырмын бір сыяпат[зыяпат],
Ішпей-жемей, естумен боларсың тоқ!

Қанша созсам құлаштап жетер қарым,
Бидай қайда, бұл әлі — арпа, тарым.
Хазірет айтты керуенге жұмсақ сөзбен:
— Қоста қалған бар ма, — деп, — жалғыз жарым?

Әбужаһил айтады:

– Болды, болды,
Келістіріп келгенге қылсаң жолды.
Қос күзетіп бір жетім тазша қалды,
Кісі іздейтін кісі емес құнды-пұлды.

– Сен саулама сақалым, аузыңды ашпа!
Мұнда ешкі жоқ, бақылдар жерің басқа!
Көрмесем де, мен соны танып тұрмын,
Анадайдан көрініп айдай қасқа!

Айта берсем әңгімем толып жатыр,
Қостарында дәулет құс қонып жатыр.
Бұ күнге сый-сыяпат жамандарға –
Құрметі үшін бір соның болып жатыр!

Мен сөйлемей, кеңеске жарымайсың,
Бұл сапарда ашығып арымайсың!
Жарқанатқа жарықтан сыбаға жоқ,
Соның үшін сен оны танымайсың!

Аузың барып, ұялмай дейсің: “Құнсыз!”,
Айтқан сөзің әр жерде болар пұлсыз.
Бір сол үшін шашылып, мен төгілдім,
Халал емес сендерге жесең онсыз.

Қиып тастап кеттіндер не деп онда,
Жылдам барып біреуің ап кел мұнда.
Онсыз құның бәріңнің бір-ақ тиын,
Менің көзім сол үшін жатты жолда.

Емес екен қос тағы тым онша алыс:
– Шырағым, жүре ғой! – деп, барды Қарыс.
– Біз айтпай-ақ сыртыңнан біледі екен,
Қайда жүрін болғансың бұған таныс.

Қарыспенен қосылып келді бірге,
Көлеңке жоқ сәулесі түсін жерге,
Келген жерден қолынан ұстай алып,
Отырғызды апарып дәл қак торге.

Мұндай молда болды екен қандайынан,
Дүр төгілген кісі екен таңдайынан.
Тысқа шығып қараса ақ бұлтты,
Килігіпті есіктің маңдайынан.

Көзі жетті қырағы мұнша жаннан,
Озып шыққан жүйрік қой мың мен саннан!
Төбесінен тік тұрып қызмет етті,
Айырылып қап есінен қуанғаннан!

— Мен неше жыл бұл ердің тостым жолын,
Танымайтын кісі жоқ оң мен солын.
Хазірет Ғайса тапсырып ауызба-ауыз:
“Менің үшін, — деп еді, — ұста қолын!”

Әлі түспей керуендер аң-таң қалып,
Тұрған шамды көре алмай саулап жанып:
— Керек қылған кісіңіз бұл екенін,
Біз айтпастан білдіңіз қайдан танып?

— Сендер нені айтасың, өңшең соқыр?!
Тамағыңа той-дағы, тып-тыныш отыр!
Молда оқиды білгенін ақ қағаздан,
Көрінгенді көзіне қарға шоқыр.

Тақсыр Ғайса білдірді маған тілді,
Жылдан асып алты жүз жасым келді.
Шаһарынан Меккенің шыққан күні
Күшіктей боп ақ бұлт қасына ерді.

Жер қуанып жүрегін жарып жатыр,
Басқан ізі қыдыр боп дарып жатыр.
Анандайдан қарасы көрінгеннен,
Ағаш пен тас алдына барып жатыр.

Қозғалысты орнынан бәрі көшіп,
Байқап тұрдым алыстан көзім түсіп.
Бір қу ағаш түбіне отырса бұл,
Көгереді жалма-жан, жемісі пісіп.

Көлеңкесі түспейді мұның жерге,
Қайда барса, ақ бұлт қалмай бірге.
Қырық жасына жеткенде, пайғамбар боп,
Бұ дүниені салады басқа түрге.

Саған қарар қабылмын, хақ Мұхаммед,
Қолыңды ұстап алдыңда болдым үмбет!
Қай күн ажал құдайдан келсе маған,
Жаназама келгейсің, қылып һөммәт!

Аттандырды керуенді сыйлап күтіп,
Естен қала қоймастай көп іс етіп:
— Сақ болыңдар бұл ерге, ұйытқын-осы,
Қосқа жалғыз, жүрмендер, тастап кетіп.

Бірқатар жер шығарып салып қайтты,
Білген ақылын тастамай бұларға айтты.
Аты-шулы Мысырға керуен кірді,
Не тамаша іс болды, енді қайтті?!

Бір араға керуендер қосын тікті,
Таудай қылып тастады тиеп жүкті.
Түс-тұсынан сауданы қылып жатыр,
Алшы-тәйке, айырып шік пен бүкті.

Қыбырлаған жан біткен бөрі тыста,
Ер атымен әрбірі бір жұмыста.
Дәнемемен ісі жоқ нұр Мұхаммед,
Отырады мұнайып жалғыз қоста.

Шаһарға барып біреу, біреу келіп,
Өз есебін бір жан жоқ жүрген біліп.
Біреу үшін біреу боп қызыл өңеш,
Ұшқын өссе, жоқ жерде қалады өліп.

Әуел бастан бұл жалған-сондай заман,
Мұнан кеткен кісі жоқ есен-аман.
Бір күн өкше көтерді шаһар жаққа:
“Барайын, — деп, — мен де бір солай таман!”

Келген екен шаһарға сейіл құрып,
Жатыр екен бір ұста шық-шық ұрып.
Төсі менен балғасы балқып кетіп,
Аузын ашып аңқиып қалды тұрып.

Темір біткен толқыды еріп майдай,
Бұл ұстаның ұйқысын ашты шайдай.
Мұғжизаттың алғашқы бастағаны —
Толып туған он төрттен толған айдай.

Мұны естіп, жиылды ұста біткен,
“Шық-шықпенен!” — әуре боп, есі кеткен.
“Не себептен болды, — деп, — темір мұндай?”
Жолыққаннан сұрайды өткен-кеткен.

Мұхаммедке тікіленді сұрап жөнін,
Іркілместен саулатты бұ да жөнін.
“Бәни һәңім, Құрайыш-қыбыласы,
Және өзінің танытты кім екенін.

Жөйт деген пәле жұрт шуылдаған,
Бір жиылыс боп қалды дуылдаған:
“Міне, дінді бұзатын — осы!” — дейді,
Керуендердің жүрегі суылдаған.

Шапыр-шұпыр тобелес болып қалды,
Базар жүзі кісіге толып қалды.
Хамза батыр ақырып жетіп келіп,
Жөйттердің қолынан жұлып алды.

— Енді қайтып шаһарға кірме!” — дейді,
— Жұрт көзіне көп түсіп жүрме! — дейді,
— Андып тұрған ісі екен өздерінің,
Жөйттерге көріне берме! — дейді.

Елден көп пе, жолаушы жаман сасқан,
Талай толқын болғанда, Хамза басқан.
Қостан келіп тінтетін болғаннан соң,
Қапқа салып арқалап ала қашқан.

Әбубәкір бұл істі қылып жүрген,
Десін деп: “Қап арқалап тезек терген!”
Жетіп келіп:

— Немене арқандағы? —

Деген жанға шын сөйлеп жауап берген:

— Мына тұрған керуеннің қосы, — дейді
Шошы, балам, күн бұрын шошы! — дейді.

— Көзіңді ойып өзіңе жегізетін,
Керек болса, Мұхаммед — осы! — дейді.

— Бізді жолдан құр бөгеп қалдырғалы,
Әңгімемен сілейтіп талдырғалы,
Кісі арқалап кісіні жүре ме екен?!
Айтып тұр ғой қулықпен нандырғалы! —

Деп, нанбастан бұ сөзге жүрін кетті,
Құтылуға түзеді бұлар бетті.

— “Мұхаммед” — деп, неге айттың әлгілерге?! —
Деп, кішкене сазарып өкпелепті.

– Өтірік айтып жоқ жерде бар ма жыным,
Жалған сөзден кісі жоқ көрген тыным.
Қашан болса береке шында емес пе?!
Есен-аман құтқарған айтқан шыным!

Қасиет шында екенін анық білді,
Атанды: “Әбубәкір шыншыл” – енді.
Неше күн, неше түндер жүріп керуен
Бір белгілі бұрыннан суға келді.

– Артық екен батырдан жолды, – дейді
– Әбден көңіл бұ жолда толды! – дейді.
Хадишадан сүйінші сұратуға
Оздырмақшы біреуді болды дейді.

Аплақ айтты:

– Тапсырған мынау-сөзі:

Есепті қып жіберген мұны “өз көзі”.
“Мұхаммедті жібер! – деп, - сүйіншіге,” –
Әдейі арнап әуелде айтқан сөзі.

– Олай болса, Мұхаммед барсын! - дейді.
– Бір нашарлау түйені алсын! – дейді.
– Жүкке керек болады семіз түйе,
– Астындағы түйесі қалсын! – дейді.

Айта берсек бір талай шимай жатыр,
Түк қалдырмай сөйлеуге сыймай жатыр.
Әбужаһил көніркеп ішін жарып,
Жөні түзу түйені қимай жатыр.

Арық түйе бар екен, болған қатпа,
– Жолда түсіп, дамылдап, – дейді, – жатпа.
Ыстық қылып ішем, – деп, – әуреленіп,
Қара судан басқа астан заһар татпа.

Қатпа қотыр түйеге мініп алды,
Түйе болды сеп-семіз өркеш, жалды.
Жұнттай болып жазылды қотырынан,
Көрген ұстап жағасын, қайран қалды.

Күні бойы жолменен жалғыз жүрді.
Түн болды, білмеді енді ық пен желді.
Әбужаһил лағынның апасының
Жағып қойған әр жерге отын көрді.

Ұмтылды отты көріп, соған таман,
Жоқ боп сөніп қалады келген заман.
Бұйдасынан түйенің біреу келіп,
Ұстай алды айтысып есен-аман.

Бұрып ала жөнелді қыңыр жолға,
Ерік қоймастан қарауға оң мен солға.
Екі езуін жия алмай бара жатыр:
“Оңай түсіп қалды, — деп—не ғып қолға?!”

Патша құдай патшалық көрсетті іс,
Жебірейілге бұйырды:
— Түр, жылдам ұш!
Адастырып қылмастан әуре сарсаң
Кетіп қалы-ау достымның қолынан күш!

Айтқан ауыз жиылмай, жетіп келді,
Желкесінен лағынның бір түйді енді.
Сонан бері: “Желкем-ай, желкем-ай! — деп,
Сарнауменен өткізер күндіз-түнді.

Кіріп кете жаздапты сонда жерге,
Қарынбаймен болуға бастас бірге.
Дүниеқорлар тұрсын деп сабақ алып,
Керек үшін қалдырған көрге, жерге.

Жебірейіл бір бөдәуи кебін киді,
Көз жасын достысының тәңірім иді.
Алып келіп түйесін жолға салды,
Әңгіме айтып әр түрлі, шертіп күйді.

— Кісі емессің сен жай қаңғып жүрген босқа,
Түр шығады сөзіңнен әрбір нұсқа.
Бұрын ешкім айтпаған әңгіме айтып,
Жылдай түнді қылсайшы сөзбен қысқа!

— Жарайды, енді құлақ сал, үйқынды ашып,
Үйір болдық елсізде жолдастасып.
Аңырғаны адамның - жусағаны,
Сөйлеспесе, кетеді үйқы басып.

Жолдастықтың белгісі — жол қысқарту,
Онан — мұнан сөз қылып әңгіме айту.
Не ғып асып кеткенін білмей қалар
Қатпар-қатпар белдерден арту-арту.

Жалғанда не көрмеген дейсің бұ бас,
Көрмеген дөнемені, - сен-уыз жас.
Осы өзіндей кез болып бір кезенде,
Хазіреті Ғазірейілмен болдым жолдас.

Жақсы жолдас әркімге болмас несіп,
Несіп болса, сөз сөйлер көңілді ашып.
Жолдастықпен сұрадым Ғазірейілден,
Бойға бой үйір болып, жуықтасып:

Жан біткеннің қолына кілтін берген,
Сенің қолың нұсқалған сеспей өлген.
Қанша жанды қиратып алып жүрсің,
Аяп кісің болды ма рақымың келген?!

– Бізді қылды жауынгер өлер жанға,
Жеккөрініш көрсетіп көп наданға.
Жан аларда ойыма түк келмейді,
Екі жерде қынжылдым екі адамға.

Бірі – сол: бір кеме жан суға кетті,
Толқын соғып кемені быт-шыт етті.
Бір тақтаймен бір қатын қала берді,
Буаз екен, табатын уақыты жетті.

Сүңгіп суға келеді толқын жұтып,
Және қинап келеді толғақ тұтып.
Құрғағына дарияның тақалғанда,
“Жанын ал!”-деп, - бір бұйрық келді жетіп.

Келсем, қатын өкпесін соғып жатыр,
Толқын суды мұрнына тығып жатыр.
Бір жас бала шырқырап тамақ іздеп,
Ықтиярсыз зорлықпен шығып жатыр.

Жәкең сонда қатынның жанын алды,
Шырқыраған бойымен бала қалды.
Қатын өлді, іштегі бала тірі,
Не болғанын білмеймін: кетті, барды.

Бір кеме жұрттан қалды жалғыз бала,
Шырқыраған бойымен туып жаңа.
Маңайында мүсіркек жан жоқ еді,
Не қылды оны білмеймін Хақ тағала.

Тастады ма өлтіріп толқын соғып,
Иа болмаса, жел айдап құмға тығып.
Балық жұтып қойды ма бір-ақ қылғып,
Қайдан адам болады, қалай шығып?!

Не болғанын білмедім ақыр-соңы,
Онан күшті жан болмас қайғы-мұңы.
Енді бір рақымым келіп аяғаным:
Әңгіме қып айтайын және де оны.

Бір көңірдің патшасы дүниені алды,
Берді тәңірім аямай бақ пен малды.
Асып-тасып құдайлық дағуа (дағуы) қылып:
“Мен де пейіш қылам!” — деп, сарай салды.

Дәурен сүрді бұл патша тоғыз жүз жыл,
Дүниемен арасынан өтпеді қыл.
“Мен бір пейіш жалғанда жасаймын!” - деп,
Он жыл ұдай жинатты жабдықты бұл.

Ұста — жүз, әр ұстаға шәкірт — мыңнан,
Өңшең қу өткерілген неше сымнан.
Бау-бақшалы бір шарбақ қылдырды жай,
Ағызып жерді қазып, суды тыңнан.

Алтыннан су жағалай ағаш тікті,
Зәбіржат [12] пен жақұттан жапырақ екті.
Судың ағар жолына алтын төсеп,
Құм орнына меруерт пен маржан төкті.

Бірі — алтын кірпішінің, бірі — күміс,
Жалғандағы асыл тас түгел тегіс!
Асыл тастан жасатқан аудармастан,
Алма, өрік, мейіз, жаңғақ - түрлі жеміс.

Дүниенің бір өзіне келген шағы,
Зор күшті арман болды мұның-дағы.
“Арамзат алғымад” — құранда айтқан,
Осы екен аты шулы Иран (Ирам) бағы.

Есеп жоқ төгіп шашқан бұған пұлда,
Және сан жоқ жұмыскер күң мен құлда.
Жүз мың ұста жабылып дем алмастан,
Бітіріп болған екен үш жүз жылда.

“Бітіріп болды!” — деген хабар тиді,
Енді патша ойланды көруге үйді.
Он жылдай тағы сонын жабдығы үшін,
Адамға керектінің бәрін жиды.

Толтырды мүкәммалмен іші-тысын,
Ұшырды сандуғаш пен бұлбұл құсын.
Бәрін соның түгелдеп бітірген соң,
Ырғып-жырғап келеді көру үшін!

Мұның өзі шын құдай атқан екен,
Тастай шымырап дүниеге батқан екен.
Әбден тамам болғанда көремін деп,
Өмір бойы бір көрмей жатқан екен.

Ат-тұрман әбден түзеп тұрды дейді,
Жер қайысқан көп қолмен жүрді дейді.
Жарқ-жүрк етіп күнменен шағылысқан,
Иран бақты алыстан көрді дейді.

Басында екен патшаның алтын шатыр,
Мұнан асқан бұл күнде жоқ қай батыр.
Сырнай-керней тарттырып, өлеңдетіп,
Жер дүниені күңіrentіп келе жатыр.

Мұны қалай қылады тәңірім енді,
“Мынау жөнсіз-деу қайда, — мынау жөнді!”
“Көрсетпестен сол үйді жанын ал!” — деп,
Хақтан маған асығыс жарлық келді.

Бір сахырайы сықылды бола қалдым,
Басыма көнетоздау сәлде салдым.
Көптігімен күштілік қыла ала ма,
Қарсы алдынан қасқайып жетіп бардым.

Мені көріп шошыды бір селк етіп,
Өңменінен барады көзім өтіп.
— Сөзің болса айт! — дейді, — алыс тұрып,
Онша төніп қасыма келмей жетіп.

Жаратпай тұр сені онша менің ойым,
Әлсіз болып барады тұла бойым.
Бейнетпенен салдырған пейішіме
Күнім еді қылатын үлкен тойым.

Мен айттым:

— Кісі қорқар жоқ жаманат,
Ел-бейбіт, жұрт — тып-тыныш, сау-саламат.
Алдыңызға келіп ем арыз айта,
Бір адамға қойып ем бір аманат!

Сұрап барсам сонымды, шайқайды бас,
Қойып едім аманат бір асыл тас!
“Аманатқа — қиянат” — дұрыс па екен?!
Тамам жұртқа естіртіп, публигің шаш!

— Аманаттың иесі келсе сұрай,
Оған не бар дейтұғын олай-бұлай?!
Сөзге келмей, бас бұрмай беру керек,
Бізге салсаң билігің, жарлық солай!

— Пәлі, берген төрене тоқта! — дедім,
Өз бойыңда аманат жоқ па?! — дедім.
— Құтқармайтын мойныңа құрық түсті,
— Салынады басқа енді нокта! — дедім.

— Мынау сөзден жүрегім дүрсілдейді,
Тайсалмайтын сен не еткен ерсің?! — дейді.
— Маған қарай қадалдың қайың оқтай,
Аты-жөнің айтшы өзің, кімсің?! — дейді.

— Періштемін жаралған нұрдан затым,
Жан алуға қолымда бұйрық хатым!
Жарлығымен құдайдың келіп тұрмын,
Ғазірейілмін ел-жұртқа таныс атым!

Болып кетті батырдың өңі сары,
Буын-буын әлсіз боп, бәрі сары.
— Бір көрейін салдырған мұккамалды,
Оған шейін тұр, — дейді, — тоқтап әрі!

Мен айттым :

— Деп тұрмысың күн баяғың?!
Күшің болса, қолыңа ал таяғың!
Ат үстінде жұмысың бітсе керек,
Енді жерді баса алмас екі аяғың!

— Кішкене босатсайшы аял берін,
Мен жанымды берейін үйге кіріп!
Неше жылдай салдырған мұкамалды
Тым болмаса кетсін де көз бір көріп!

– Жоқ, енді сөйлеп ауыз ашпа! – дедім
– Сен болдың бұрынғыңнан басқа! – дедім
Қайымдасып сенімен тұрамын ба?
Қан алғышты қадаймын басқа! – дедім.

Атынан түсейін деп ыңғайланды,
Бір аяғын шығарып жерге салды.
Бір аяғы тұрғанда үзеңгіде,
Жарлық болып солайша жанын алды.

Сылқ етіп арам дене жерге түсті,
Келін қалса, өлімнен не бар күшті?!
Мал-мүлкі, қанша дүние иесіз қалды,
Елжіреп ішім соған, мейірім түсті! –

Деп еді ол ғазірейіл маған мұны,
Қынжылдым естіген соң мен де соны.
Қанша көп болғанменен дүние шіркін,
Күн туғанда жоқ екен титтей құны.

Естіп хақ Мұхаммед күлді дейді:
– Сөз аяғы бір жерге келді! – дейді.
– “Екеу” деп сөйлегені – бір-ақ кісі,
Түспеген соң, “екеу” деп білді, – дейді.

Шеберлікпен көрсеткен Хақ тағала,
Бұған жетпей білімі жүрген және.
Осы патша еді ғой: аты – Шадад,
Баяғы тақтайдағы қалған бала.

Жел айдады тақтайды тақыр жерге,
Жарлығымен Қүдіреттің айдап өрге.
Өлген қатын дарияға ағып кетіп,
Шығып еді тақтаймен бала бірге.

Бір шаһарға түспа-түс шығып жерден,
Тауып алды бір патша анда жүрген.
Жас баланы құндақтап алып кетті:
“Несін екен бізге, - деп, - тәңірім берген!”

Кім бұзады құдіреттің қылған ісін,
Біреу жемес біреудің несібесін!
Бірі екен тау мен тасқа бас ұрғанның
Екі көзі төрт болып перзент үшін.

Тауып алды қуанып есі кетіп,
Өсіп бойы, азамат болды ер жетіп.
Патша өлген соң, орнына патша болды,
Тамам жұрттан бақыты (бақтысы) асып кетіп.

Күн шығыс, күн батысқа даңқы барды,
Иран бағы қылам деп шаһар салды.
Қанша пұлды сарып қылып қайғыны(дүниені) алды,
Есіл еңбек бір жанбай босқа қалды.

Бір жоңқа мен бір жанды қалдырғаны:
Аз ғана күн шырағын жандырғаны:
“Сен емессің, мен-құдай, танып тұр! – деп,
Қалай жанын жоқ жерде алдырғаны?!”

Жебірейіл таңырқады қайран қалып,
Есебі өз сөзінен өзі ұялып.
Жөніне хош айтысып, жүре берді,
Түп-түзу адаспастай жолға салып.

Діңкілдетпей: “Көш, көш, - деп, - күн бұрын көш!”
Көр мен жерге алдансаң, күн болар кеш.
“Түс оңалмай, - деген бар, - іс оңалмас”
Ұйықтап жатып Хадиша көреді түс.

Түс жоруы белгілі: өркім білді,
Екі көзі жолда боп, телмірді енді.
Ақ бұлттан басында қол шатыры,
Мәдина мен Меккенің көркі келді.

Аман-есен келгенін ел-жұрт көрді,
Хадишаның көңіліне қуаныш кірді.
Соңғы керуен, - олар да келіп қалды,
Қаңғыр-күнгір думан қып жүрген жерді.

Аптығып біреу кіріп, біреу шығып,
Шаршаған жан көп болып текке жүріп.
Малайлардың есебін шотқа қағып,
Толық қылып бәріне ақы беріп.

Ақы алғандар қуанды шала байып,
Көбең малдай едірендеп, адырайып.
Мұхаммедке ақы жоқ, еңбек те жоқ,
Көп ішінде құр қалды, бір мұңайып.

“Беремін”, не “бермеймін” — деген сөз жоқ,
Болжайтұғын ғайыпты (қайыпты) жіті көз жоқ.
Құр алақан сопайып үйге қайтты,
Қолға ұстаған шұлғаулық жалаң бөз жоқ.

Әбутәліп демей ме:

— Ақың қайда?

Жастың бәрі өзіндей тапты пайда!
Қолы ұзындар қол созып алып жатыр,
“Үялғандар құр қалған” (деген қайда?!) әрбір жайда!

Әбутәліп естіп, ашу қылды:

— Не ғып оңай кеттік, - деп, - біз сонша енді?!

“Айттырмай-ақ алдымен бермеді!” — деп,

Түс суытып, түксиіп жетіп келді.

Хадишаның алдына барды жетіп,
Алай-түлей бораңдай ұйытқып кетіп.

— Мұхаммедті мұңайтып, бос қайтарып,
Сенің жүрген кісің кім мазақ етіп?!

Бұрын мұндай сұмдықты кім бар көрген,

Жеті атамнан емес ем жалға жүрген!

Қолындағы ноктасы жетімдіктің,

Ат болса да, басынан кетпей жүрген!

Қожасымыз арабтың, ата терсең,

Таныр едің малсыз боп байқап көрсең!

Жалға жүрер ер ме еді, затын білсең,

Өзгеден сыйлап басын, бұрын берсең?!

Ашуланып келгенін білді дейді,

“Бұған қысқа ұстайын тілді” — дейді.

— “Батыр-аңғырт, бай — салғырт,” — деген осы-ау!

— Деп, Хадиша сақылдап күлді дейді.

— Менің мұным болды ма сізге ерсі?!

Мұхаммедтің өз басын маған берші!

Асқан сұлу бір қатын алып беріп,

Өз қасыма қояйын қылып корші.

Онан аяп не етемін малды, жанды,

Айдай әлем аттырған жұртқа танды!

“Кекеп айтып отыр!” — деп, Әбутәліп,

Хадишаның сөзіне ашуланды.

Су бетінде жүреді өкпе қалқып,
Соның үшін түседі көзге шалқып.
Жанған оттай дауылдап кейбір сөздер,
Ұшқынымен бірталай жерді шарпып.

– Анау-мынау біз сенің қазағың ба?!
Ойының ба, шының ба, мазағың ба?!
Жұрт қатары ақысын бермегенің:
Бү бір түрлі кедейге азабың ба?!

Әбутәліп теріс қарап, мойнын бұрды,
Қайдан білсін, айтпаса ішкі сырды?!
– Енді сізге шешіліп сөйлеймін! – деп,
– Сонда орнынан Хадиша ұшып тұрды.

– Ойын сөз деп ойлама, шын менікі,
Бәрі өз дүнием емес қой, өңгенікі!
Көк пен жерді жаратқан, құдай әзір (хазір),
Мал түгіл, мал иесі мен сенікі!

Менде бай жоқ белгілі, онда - қатын,
Сөздің сізге сөйлейін ақиқатын(хақиқатын)!
Онымен сіз туысқан бауырсыз ғой,
Сізден де артық танымын оның затын.

– Шын деп қалай ойлайын, ойын демей?!
Жаңа ғана келеді босап көмей.
Не байларға тимедің алам деген,
Саған қайдан пұлданды құнсыз кедей?!

Хадиша айтты :

– Жетім ғой, рас нашар,
Сонда да онда мінез бар көңіл ашар.
Оған ғашық болғаным әлдеқашан,
Ойнап жүрген күнімде сегіз жасар.

Бала күнде мен өзім бір түс көрдім,
Көрген соң-ақ сол түсті көңіл бөлдім.
Күллі Иамаен жұртынан жан жақтырмай,
Сол түсімнің жоруын іздеп келдім.

Жаңа келді орнына көрген түсім,
Мұнан былай оңалар қылған ісім.
Былтыр мен биыл емес – ойлағаным,
Бала жастан ол менің құмар кісім!

Ақсақал, үйіне бар, тұрма тоқтап,
Сенен де артық жүргенмін оны жоқтап.
Мен бұ жұрттың енді ішін күйдірейін,
Аузына әлі жетпеген жүрсін боқтап.

Түсе берме қиял боп, ұзын ойға,
Мен ұнамды кісімді таптым бойға.
Жіберетін күйеуді қам қыла бер,
Көңілге алған кісінді шақыр тойға!

Әбутәліп естіп тасты дейді,
Аяғының ұшынан басты дейді.
“Хадишаның тойы бар қол ұстатар!”
— Деген сөзді дос-жарға (иарға) шашты дейді.

Мұны тегіс есітті Мекке халқы,
Жұрт көзіне бір түсті гауһар нарқы.
Дүние бетін көрсеткен кезі болды,
Диірменнің айналып оңға шарқы!

Естіген соң: “Той бар! — деп, жұрт жиылды,
Жалғыз-жарым әр жерде дос сүйінді.
Әбужаһил көніркеп от боп жүрді,
Онан артық болмады еш күйінді.

Керней, сырнай Хадиша қойып жатыр,
Түйе, қойдан есепсіз сойып жатыр.
“Пұлсыз астан бір соғым”, - деген мақал,
Бар да, жоқ та кенеліп, тойып жатыр.

Имансыздар күн бұрын қашып жатыр,
Апалары жібермей басып жатыр.
Қуанғаннан мүлде есі шығып кетіп,
Бұ күн малды Хадиша шашып жатыр:

— Тастамастан жатырмын келгенді ойға,
Баратұғын талапкер жоқ па тойға?
Табынғандар құдайға ұмтылындар,
Шоқынғандар қала бер жылқы, қойға.

Толып жатыр кезең жер, алдында — асу.
Жындылық қой орынсыз малды шашу.
Иман масы, ессізін барсындар ма?!
Бар болсаң, даярлай бер тойға шашу.

Мұнан артық асыл тас айамда жоқ,
Жеміс түгіл, көбіне саям да жоқ.
Осы тойға қуанбай қалғаныңа,
Қырықты жүз қыл, той түгіл, маям (мим) да жоқ.

Бү сөзімнің кешіргеі хақ қатесін,
Мұсылмандар бергей-ді ақ батасын!
Мына тойдан мақрұм боп қалмағаның,
Көк өгіздің етінен бір татасын!

Енді күйеу киініп даярлансын,
Әбубәкір Сыдықты ертіп алсын!
Білген білер, білмеген қарап қалар,
Көп өлеңнің ішінде кетсін, барсын!

Жерде болар құрулы көкте шатыр,
Мұндай бір күн отыз-қырық жылға татыр.
Бірі – күндей, біреуі айдай болып,
Хадишаның үйіне келе жатыр.

Күйі түсіп жақсылар судай тасты,
Жамандардың салбырап құты қашты.
Төрт жүз құл, күң алдынан тосып тұрып,
Бастарына күйеудің шашу шашты.

Тіке тұрып жер мен көк болды ларзан,
Жаманға қат мұндай сый, жақсыға арзан.
Құрт аралас бауырсақ емес екен,
Лағыл, жақұт, зәбіржат, меруерт, маржан.

Келетұғын жолына кілем жайып,
Тастар төсеп кететін шыбын тайып.
Бай мен кедей болысып опыр-топыр,
Шала түгіл қалыпты бүтін байып.

Хадишадан дүние, мал табылғандай,
Көрінбейді бір тойдан аңырғандай.
Күйеу кірген үйіне көз тұрмайды,
Көрген адам есінен жаңылғандай.

Құтты болсын айтындар екі жасқа,
Қуанбаған, қуанған екі басқа.
Хадиша да Иамаеннің ғақығы еді,
Ұнап кетті үйлесін гауһар тасқа!

Жарастықты, қолайлы екі жасты,
Бірдей қылып әр ұста жасамас-ты!
Абрахмет жанбырдың тамшысына
Бір садаптан басқа кім аузын ашты?!

Жана дүние – дүние боп жарасып тұр,
Деген бір жан табылмас; “Адасып тұр”!
Жеті көктің есігі ашық қалып,
Тамашаға хор қыздар қарасып тұр.

Балалар да ойнап жүр тыпырласып,
Жақсы, жаман аралас топырласып.
Періштелер жер, көкке сыймай кетті,
Ақ шабақтай судағы шыпырласып.

Тауыса алман бұл тойға қылған сыйды,
Тауыспайық шаршатып текке миды.
Өз заңынша әр жұрттың соқпағы бар,
Әр краймен поптары неке қиды.

Жұрт тарқасып үйіне қайтып кетті,
Екі ғашық мұратқа солай жетті.
Байлық деген бір-ақ күн, жоқтық та сол,
Екі ауыз сөз айтуға келді-кетті!

Бір ілінді өмірінде байлық атқа,
Соның үшін жазылды сөз боп хатқа.
“Уа уа жадақа ға фағыны алаят” –
Сөз ақыры тоқтады бұл аятқа.

Ойламасын болуға ешкім мендей,
Қасиеттен дәнене жоқ менде мендей.
Көзге түсті жарқырап осы жерде,
Ұлы сәске тал түсте тұрған күндей.

Болмайтұғын жұмыс бар күндіз енді,
Соның үшін шақтады қолға жеңді.
Ақ тамақтың айдынын жасырсын деп,
Сүмбіл (сүнбұл) шаштай жіберді жауып түнді.

Неге жерде қалдырсын асыл тасты?
Әр нәрсе орны табылып, тіпті ұнасты.
Қүдірет өзі көтерсе бір пендесін,
Болған оңбас онымен өшті-қасты.

Бақытына (бақтысына) жұлдыздың туып оңы,
Бір құдайдан басқаға жоқ боп мұны.
Жарылқасын құдайдан болған жанның,
Әуелгіден түзелмек ақыр соңы.

Сөз бар ма, айтшы, құлақтың менен қалған?!
Істігім жоқ саңырауға сұғып алған.
Жан боп өзі әуелден жаралғаннан,
Жері бар ма аузынан үмбет қалған?!

Қолқасы екен құдайдан тілеп алған,
Талай жерде айтылып құлақ қанған.
Досына (достысына) жоқ екен ырзалығы,
Бір үмбетін тозақта көрсе жанған.

Жетім күнде құдайым қалай бақты?!
Маңдайынан саулатып шырақ жақты!
Қара тасты балқытып басқан шақта,
Құрып қалған емшектер көл боп ақты.

Қүдірет өзі көтеріп қолтыққа алды,
Қарағанның телміріп көзі талды.
Неше түрлі пәледен қағас қылып,
Адастырмай түп-түзу жолға салды.

Нәрсең болса жоғалтқан таны менен,
Түгендеп ал өзінің саныменен.
Кедейліктен құтқарды бір – ақ күнде,
Хадишаның байытып малыменен.

“ Естіп, қор ” – деп, беріп тұр, құлақ пен көз,
Түйме ғой деп ілгек пен жай жүрміз біз.
Әр нығыметтің [13] соңында бір міндет бар,
Енді мұның міндеті - үш ауыз сөз.

– Жетім көрсең жексұрын көрме! – дейді,
– Көз алартып, жиреніп жүрме! – дейді.
– Берсең оған қайырды, шаттанып бер,
Нұқып, түртіп, жек көрін жүрме! – дейді.

Домбыранды сөйлетші шерте бермей,
Неге мұнша сарғайттың ерте бермей?!
Мыңқылдаған қатындар естіп қой,
Жекіп, нұқып, жетімді түрте бермей!

Неден мұндай қатынды құдай атқан,
Құшақтасаң қойнында ит те жатқан!
Пайғамбарың емес пе хақ Мұхаммед:
Жетімдіктің жөргекке дәмін татқан?!

Құдай үшін тіленші келсе есікке,
Зарықтырып сорлыны, көп кешікпе!
Бар мен жоқтың жаратқан бәрін құдай,
Қастас болып кедеймен, тіпті өшікпе!

Жетең болса жетпеген сөз қалды ма?!
Тірі түгіл өлі жан қозғалды ма?!
Бұ кедейден жаман боп кедейлігің,
Сен де бір күн барасың өз алдына.

Жолдас болып жүрместің мен қасыңа,
Үйретіп қой, жігіттер, жолдасыңа.
Сен кедейге не қылсаң бұ жалғанда,
Таңда махшар келеді өз басыңа!

Бұ сөздің жана келді үштен бірі,
Басталғаннан осы еді керек жері.
Миынды ашып бір салсаң жан құлағыңды,
Бұрын өлі болсаң да, болдың тірі!

“Тас боп қалған көңілді аш!” – деп айтқан,
“Сарандықтан бас алып қаш!” – деп айтқан.
Тәңірі берген нығыметті тығып қоймай,
Жұрт көзіне түсіріп шаш!” – деп айтқан.

Зөр нығыметі – құдайдың құран сөзі,
Мұныменен көркейер дүние жүзі.
“Жұртқа менің сөзімді есіттір! – деп,
Мұхаммедке аятпен білдірді өзі.

Нығыметтің қадірін біліп, сыйлап-күтіп,
Көп шығар жүрген жандар үміт етіп.
Мұндай нығымет беруші кім екенін,
Шала-шарпы ұғынсын әбден жетіп.

“ Фазыр уауали Алла!” – деп маған шапсын,
“Мінген аты тұқырып, жерді қапсын!
Өз бетімен шабуға жүрексіңсе,
Ортасынан қолайлы басшы тапсын!

Кітап сөзім болғанда, құран-өзім,
Бет алғанның алдында даяр жүзім.
Пайғамбардың сүннетін махкам [14] тұтқан,
Фамал қылған ғалымдар — дәл өз көзім.

Нығметіме әшкере болған пенде,
Жарылқаған құлыма күнде — күнде!
Нығыметімнен дән татып дәнiккен соң,
Ол пендемнiң болады көңiлi менде.

Жерге түспей әрқашан жүрер қолда,
Түскенiмен қалмайды жатып жолда.
Жалаңаштап кеудесiн аша берсе,
Тазаланса болармын мен де сонда!”

Мен де мұны құраннан оқып көрдiм.
Өзi емеспiн диқанның, масақ тердiм.
Құдай сөзiн қылғалы жұртқа таныс,
Алды-артыма карамай жаза бердiм.

Бү сөзiмнiң басы едi — “Хаятбақшы”,
Бү шимайдың бәрi де соның нақышы.
Уалзыхбиннiң тәпсiрiн бiлген жанға,
Әуелiнен ақыры оң келдi жақсы.

Заманында сөйленген сөздiң алды,
Бары-жоғын бiлдiрмес қысқа таңды.
Осы сөздiң iшiнен қала берген,
Тағы бiр сөз ойыма келiп қалды.

Онда асығып кеткенiм қызып тойға,
Тойға барсам, толар деп алдым қойға.
Пахидаштың мәнiсiн сөйлеген соң,
Әлiм нашарых түсiрдi бү сөздi ойға.

Халиманың қолында жүрген шақта,
Бес-алтыға таянып келген уақытта.
Бiр-екi ақ құс келдi де, ұстай алды,
Көп балалар жүргенде әр бiр жақта.

Бiреуi екен: Жебiрейiл — жастық салды,
Кiндiгiнен жоғары iшiн жарды.
Ауыртпастан, еш жерiн қанатпастан,
Қолқасы мен жүрегiн суырып алды.

Даярлады Микаил алтын тасты,
Біз тас дейміз арабша аты – “ташты”.
Су ап келді зәмзәмнан оған құйып,
Періштелер жабылып жабырласты.

Ол жүректен ұйысқан алды қанды,
Қасиетті жүректі нұрға малды.
Қаннан тамшы жүректе қалдырмады,
Түк тастамай сүліктей сорып алды.

Тағы бір тас келтірді саф алтыннан,
Ғылым хикмет топ-толық нұр иманнан.
Қанның орнын толтырып соныменен,
Дәрежесін артылтты басқа жаннан.

Мұныменен тазалап ділін ашты,
Туған күндей жан-жаққа нұрын шашты.
Ашқан аузын жүректің қайта қосып,
Махаббаттың нұрынан мөрді басты.

Сонда ұсталар сұраған тауып суын,
Бір шыбынның айырып балдан уын.
Денесіне ләззаты жайылған соң,
Тамыр-тамыр, балқиды босап буын.

Жүрек қанын ысытып, іш суынды,
Жылқы болып жүрміз ғой біз қуынды.
Бірі – Миғраж, біреуі – қырық жасында
Мұныменен жүрегі үш жуылды.

Он сегіз мың ғаламнан кең ғып ішін,
Тау мен тастан артық қып қуат-күшін.
Тастай батып кетеді, судай сіңіп,
Түскен нәрсе жоқ болып соның үшін!

...Артқан екен сол үшін ауыр жүкті,
Талай нарлар бақ етін жерге шөкті.
Жауыр қылып арқасын шүрқ-шүрқ тесік,
Титтей қабақ шытпапты оған тіпті.

Сүрме болды көздерге жазған хаты,
Хақ қасында қабыл боп шапағаты.
Өз атымен Алланың қосақталып,
Көк пен жердің арасын алған аты.

Дүниеде көрді күндер (күнлар) әрбір қиын,
Көрмекші ақыретте оның сыйын.
Меккеде үркердей боп, тоз-тоз болып,
Барған соң Мәдинаға болды жиын.

Не деп бұйрық қылып түр тәңірім енді?!
“Елші болып жеткіз, — деп, — жұртқа тілді!
Онан қолың тигенде, құлшылық қып,
Аз ғұмырыңда өткізбе босқа күнді!

Намазбенен сал маған қара жолды,
Қош көремін иілген момын құлды.
Намаз оқып болған соң бейқам болмай,
Қажет (Хажат) тілеп, дұғаға көтер қолды!

Болдым ғой деп тыныш тауып тұрма қарап,
Орны-орнына жайлансын әр іс тарап!
“Үмбетімнің күнәсін ғапу қыл” — деп,
Үсті-үстіне сұрай бер: “иа, Аллалап”!

Мұныменен қысқартып қойма сөзді,
Жаратқан жоқ бекерге тәңірім бізді.
Қүдіретімді тамаша қылуға ойлан,
Ашып алып, тірілтіп көңіл көзді!”

“Құлдық” — деген ат емес оңай, жеңіл,
Күдер үзіп дүниеден ерте түңіл.
Арсалақтап әр жаққа қарай бермей,
Көз айырма Құдайдан, қойып көңіл!

Табылмайды жалғаннан саған жора,
Қыла берме итінді ерке шора.
Беретұғын жерді мен біліп тұрмың,
Не сұрасаң, Құдайдан қоймай сұра!

Ақ қағазды шимайлап мұнша ластап,
һазараспынды тұтатып жұртты аластап.
Екі көзі мөлдіреп уалтиын түр,
Өкпелейтін кісідей кеттім тастап.

Құнан, дөнен мінгенім асау тарпаң,
Осы күнде құла ала деген жайпаң.
Бұл иттен де жаяуым тыныш екен деп,
Қаздай басып келеді байпаң-байпаң.

“Уалтиын уалызитун-хақы үшін,
Ағаштың інжір, зәйтүн-көр жемісін!
Інжірдің зәйтүн менен қасиеті,
Адамның дерттен таза қылады ішін.

Бойыңа жесең інжір, сіңеді асың,
Аурудан аман болар іші-басың!
Қақырық, жөтелдердің бәрін жоқ қып,
Рақатпен өтер дәурен сүрген жасың.

Көп пайда бар бауасиыр деген желге,
Құрсақ, қуық пайдалы және пелгі.
Жүрек, бауыр, талақтың бекігенін
Ашып және науқасқа ем онан өңге.

Зәйтүн және сүйікті жақсы жеміс,
Жемісін жеп, табылса, майынан іші!
Қасиеті аят пен хадисте бар,
Іштен, тыстан кетіреді дертті тегісі!

Түр сынын хақы үшін айтамын мен,
Жалғаны жоқ, жігіттер, сөзімен сен.
Құдайменен сөйлескен Мұса Калим (Каим),
Дүниеде Тор тауының барлығы шын.

“Ухза албылда ламин дүр” - құран сөзі,
Хақында Мекке шаһары келген өзі.
Өзге жайдан Меккенің артықтығын,
Теп-тегіс біледі оны дүние жүзі.

Мажазе мағына бұл жерде тамам болды,
Өтіп алсаң көпірден, таптың жолды!
Әрбір сөздің ақиқат мағынасына,
Көз үстіне қарайық қойып қолды.

Уалтин дүрден ғылымы, білсең, әні,
Дін ғылымынан табылар ғылым кені (кәне)!
Уал зәйтүн мағырипат жемісі дүр,
Білем десең өзіңді, өзің таны!

Мағырипат өз алдына ғылым болған,
Құдайым бір көңілге құйса нұрдан.
Мақамын ғылым алықын түгел кезіп,
Көріптер (ғарыптар) білер мұны нұрға толған.

Түр сынын делінген сөзден мұрат,
Ол-рух Мухаллай, хақ Мұхаммед.
Тажылы хаққа мазһыр болғаннан соң,
Қалдырған үмбетлерге әрбір ғибрат.

“Мұраде набилда ламин” – деген сөзден,
Естіп жұрт үйренсін мұны бізден.
Көңілі дүр ол Мұхаммед, Мұстафаның,
Сөйледім мен тәпсірдан көріп көзден.

Бұл сөзде көп мағына бар білінбеген,
Құлақ естіп, еш көзге ілінбеген.
Алданып дүние, ақырет ешбіріне
Өзі бүтін шаһар боп, бүлінбеген.

Бір Алла айтып жатыр қысым етіп,
Білеміз қайдан бәрін зейін жетін?!
Біздікі болар болмас бір аз ғана,
Ғалымдар тәпсір қылған жүндей түтіп.

Қиссамның жауабы бұл : құлағың сал,
Түбінен терең дария гауһарын ал!
“Жараттық, – дейді, – Алла біз адамды,
Фиықсан такдым әр түрлі хал.

Адамға әуел бердік сымбатты бой,
Сүйікті қылдық және жүзін хошрой.
Тірілік және білім, естіп, көру,
Ішіне салдық және ақыл мен ой.

Шүбуты сегіз сипат құдайда бар,
Адам да соның бәрін қылды заһар.
Өзгеден адамды артық қылғандығын
Құранда неше жерде берді хабар.

Қолға алдым әңгіме қып қиын жерді,
Сөйлеуге білмей қалдым кезім келді.
“Хақ алла адам ғали сүрте!”

– Дәп бұған ғұламалар тәпсір берді.

Айтқанмен мұнан әрі өте алмаспын,
Тереңге аса сүңгіп кете алмаспын.
Нығыметін адамзатқа берген тәңірім,
Мен сөйлеп мөлшеріне жете алмаспын.

Бү сөзбен көтерілді адам шалқып,
Леп ұрып шайқатылып, судай қалқып.
Білгендер сөз мағынасын, кетеді елтіп,
Толықсып еріп тұрған майдай балқып.

Қош, шымырддына аят келді,
Қайтардық ол адамды біз тағы енді.
Аспыл-сапылын төмендетіп
Мекен-жай қылды бізге қара жерді.

Адамның асып сонда тасқан жері,
Жігіттік дәреженің асқан жері.
Көрілік ол аспыл-сапылын дүр
Көңілді, қара жердей, басқан жері.

Жалғанның керек емес жарлы-байы,
Өлгенде жарылқаса бір құдайы.
Дүниеде өзі түзу жүрмегеннің,
Тозақта баз пенденің болды жайы.

Аспыл-сапылынды соған алған,
Деп айтқан: “Өңалмайды оған барған!”
Иман мен ізгі ғамал қылғандарды,
Бұлардан аста шына қып, бөліп алған.

Дүниеде Хақты есіне алғандарға,
Өлген соң тірілуге нанғандарға.
“Фалһим ажырғир мүминім”, -деп айтылған
Иманымен біте қайнап барғандарға.

Жігіттіктен саулықта, қылса тағат
Жастықта тартқан болса көп риясынат.
Тағат пен ол сабырының қолқасына
Құдайдан жақсылық бар бинаһаят.

Қылған іскерлік те жүрмес ходқа
Алмады оны есептеп расчетқа.
“Өтказ”, - деп, көрілікте қылған істі –
Дүниеде патшалар да алмас шотқа.

Тағатпен жас күнінде ғұмыры өтсе,
Төрк қылмай әр (ғадатын) әдетін жасқа жетсе!
Қылмаса да, қылғандай жазылады,
Қыла алмай шамасыздан қойып кетсе.

Шамамыз осы болды жеткен біздің,
Тауыстық қарай-қарай майын көздің.
Мағынасы тәпсірлерде осылай екен,
“Фалһим ажырғыр мүминін”, – сөздің.

Өзім өліп қалғанмен, олмес атым,
Өлмейтіннің біреуі – жазған хатым.
Күнде қорсе өзімді жан танымас,
Таныс болған - үш жүзге хикаятым.

Жабырқап жүрген күнде жүдеп, азып,
Өлең түбін шишмадай күнде қазып.
Алпыс сегіз жасында сиыр жылы,
Бұл нұсканы қалдырған Мәшһүр жазып.

Талай жан нұсқа қылып көшіріпті,
Мәшһүр атын тып-типыл өшіріпті.
Патша-құдай өшірмей өсіруге,
Өз көзіне Мәшһүрдің түсіріпті.

Кәріліктен шораяк жүрген қажып,
Бәйге атындай пыскырып, құр құлазып.
Есіл сөзім қор болып қалмасын деп,
Ақ қағазға қотарып алды жазып.

Мың тоғыз жүз жыл еді жиырма бес,
Декабрьден жаңаша күн қалды бес.
Бес күннен соң жазылып жиырма алты,
Күнпаякун тұржағун – болады бес.

Дүйсенбі күн қағаз ап, қалам жонды,
Жонып алып төпеді оңды-солды.
Бейсенбінің түнінде, жұма ақшамы
Сағат сегіз жарымда тамам болды.

1925 ж.



Пайғамбардың дүниеден өтуі

Алма ақы ешкімдерден қылып борыш,
Болаттан ағып түскен, — мен-бір құрыш.
Аз ғана пайғамбарды тамамдайын,
Нұсқаға естуімше болса дұрыс.

Меккеде елу үш қарар етті,
Сол кезде бес намазды парыз етті.
Мәдина шаһарында он жыл тұрып,
Ұстапты жиырма үш жыл набуд [1] атты.

Он бір жыл намаз оқып ғұмырында,
Отырған алтын тәжді (тәжлі) жұрт төрінде.
Сегіз жыл ораза оқытып пайғамбарым,
Тағаттар істеп өткен сол күнінде.

Жетіпті сөйтіп жасы алпыс үшке,
Құдайдан аят келген бір күн кеште.
“Аллесум әкімлітлігім — дінім” — деп,
Бұл аят себеп болды жол жүрмекке.

Онан соң өтерінен хабар білді,
“Зауал бар өр қамалға”, — мөтел келді...
Нығасат пайғамбарға уағы болып,
Бұл аят тағы хақтан ендірілді.

Қорқыңыз: ақырында өлерсіз бір,
Аллаға қайтып жөне көнерсіз бір!
Әркім өзі ісінен күнө табар,
Ешкімге өлім қылмас паруардігер!

Білөлға өмір қылды, жұртты жиды,
Мешітке сахабалар жиылды енді.
Жаннаты мен жаһаннамнан хабар берді,
Қуантты дін мұсылман барша ерді.
Қорқытты бір Құданың ғазабынан,
Әр түрлі калам сөйлеп, інжу терді.

Қозғалтты қара жер мен аспан көкті,
Қандырып мәселеге қауым көпті.
Жиылыстан басы ауырып үйге қайтты,
Салдырып жатып алды сол төсекті.

Мұхаммед қапаланып ол күн жатты,
Таянып сихым садық, әм таң атты.
—Тура сол мен бүгін бір түс көрдім!—деп,
Келді де, Әбубәкір түсін айтты.

— Мен бүгін жатып едім жалғыз текте,
Кіре алмай қайта шықтым бір есікке.
Уаһи, сізден аулақ болсын-дағы,
Басымнан ұшып кетті сәлдем көкке.

Мен өзім шошып жаман сонда ояндым,
Иананы бұл түсіме ғажапландым.
Сіз кетіп бір сапарға, мен қалыппын,
Бір сәлде сонда сізден алып қалдым.

Сонда Набакин естіп күрсінгені:
— Не ғып сен сәлде ұшырып жүрсің?!—деді.
— Мен боламын басыңнан ұшып кеткен,
Қүдіретін бір құданың көр сен!—деді.

Мен өлген, соң орнымда қаларсың сен,
Жолаушы ұзын сапар жүрермін мен.
Шешуі бұл түсіңнің осы болар,
Ғазірейіл маған бұл күн келмес пе екен?!

Естіп Әбубәкір жылайды зар,
Дүниенің, міне, осындай жапасы бар.
— Шошыдым бір түс көріп айтайын! — деп,
Зар жылап кіріп келді ғаділ Ғұмар.

— Тая ма өлмей, тақсыр, менің бағым?!
Көп болды бір түс көрін қайғы дағым.
Тақсыр, сізден жырақ болсын бірақ,
Түсімде қалды сынып тартқан жағым.

— Иа, Ғұмар, ренжіме құдай салса,
Шариғат, мақсатым сол, жолым қалса!
Мен болармын қазаға тура келген,
Қайтейін, ризамын жанымды алса!

Қайғырып Әбубәкір, Ғұмар шықты,
Зар тұтып, шыдай алмай күйіп, тіпті!
Тағы бір түс көріп шошынғаннан,
Ол Ғұшман залнұрайын кіріп кепті.

– Иа, тақсыр, балаң ғажап күн кешірді,
Бір түрлі құдай маған ой түсірді.
Түсімде құранымның өшіп хаты,
Жан-жаққа қағаздарын жел ұшырды.

– Дүниеден мен кетермін, балам!—дейді,
– Болғаны уахи енді тамам!—дейді.
– Жетпіс үш үмбетлерім парық болдыр,
Бұл күндерім— алда дәм саған!—дейді.

Мұнымен жылап, еңіреп шықты Ғұшман,
Пайғамбар екі қызын сүйіп қосқан.
Теңселіп денесінен кетіп буын,
Есіктен кіріп келді Ғалы-арыстан.

– Сауытым үстімдегі дал-дал болған,
Зұлпықар ортасынан жөне сынған!
Болмасын бұл жаман түс атам сізге
Осындай бір түс көрген бүгін балаң.

– Мен едім, білсең, балам, қорған саған,
Сауыт, қалқан, дулыға болған саған.
Өтермін бұл дүниеден мен кешікпей,
Қуатың мен бардағы болмас тамам.

Естіп батыр Ғалы мұны білді,
Зар тұтып бәрі тегіс жылайды енді.
Хасен менен Хұсайын шаһзадалар,
Бабасының қасына жетіп келді.

Барады бәрінің де іші күйіп,
Көрген түстер көңілге оқтай тиіп.
– Бері кел, шырақтарым, дәл пендем!—деп,
Екеуін құшақтады сүйіп-сүйіп.

– Ай, ата, көзіміз—қан, көңіліміз—жас,
Жұқпайды бойымызға ішсек те ас.
Аспанда тақ үстінде сіз болдыңыз,
Астында жүрдік біздер жап-жалаңаш.

– Қарағым, балаларым, қылма уайым!
Ол тахит, ер орта бүт—менің жайым.
Сіздер оның астында жүгірерсіз,
Әрқашан бабаңызды жоқтап дайым.

Мұхаммед қапаланып ол күн жатты,
Таянып сихым садақ, әм таң атты.
—Тура сол мен бүгін бір түс көрдім!—деп,
Келді де, Әбубәкір түсін айтты.

— Мен бүгін жатып едім жалғыз текте,
Кіре алмай қайта шықтым бір есікке.
Уаһи, сізден аулақ болсын-дағы,
Басымнан ұшып кетті сәлдем көкке.

Мен озім шошып жаман сонда ояндым,
Иананы бұл түсіме ғажапландым.
Сіз кетіп бір сапарға, мен калыппын,
Бір сәлде сонда сізден алып қалдым.

Сонда Набакин естіп күрсінгені:
— Не ғып сен сәлде ұшырып жүрсің?!—деді.
— Мен боламын басыңнан ұшып кеткен,
Қүдіретін бір құданың көр сен!—деді.

Мен өлген, соң орнымда қаларсың сен,
Жолаушы ұзын сапар жүрермін мен.
Шешуі бұл түсіннің осы болар,
Фазірейіл маған бұл күн келмес пе екен?!

Естіп Әбубәкір жылайды зар,
Дүниенің, міне, осындай жапасы бар.
— Шошыдым бір түс көріп айтайын! — деп,
Зар жылап кіріп келді ғаділ Ғұмар.

— Тая ма өлмей, тақсыр, менің бағым?!
Көп болды бір түс көріп қайғы дағым.
Тақсыр, сізден жырақ болсын бірақ,
Түсімде қалды сынып тартқан жағым.

— Иа, Ғұмар, ренжіме құдай салса,
Шариғат, мақсатым сол, жолым қалса!
Мен болармын қазаға тура келген,
Қайтейін, ризамын жанымды алса!

Қайғырып Әбубәкір, Ғұмар шықты,
Зар тұтып, шыдай алмай күйіп, тінті!
Тағы бір түс көріп шошынғаннан,
Ол Ғұшман залнұрайын кіріп кепті.

– Иа, таксыр, балаң ғажап күн кешірді,
Бір түрлі құдай маған ой түсірді.
Түсімде құранымның өшіп хаты,
Жан-жаққа қағаздарын жел ұшырды.

– Дүниеден мен кетермін, балам!—дейді,
– Болғаны уахи енді тамам!—дейді.
– Жетпіс үш үмбеттерім парық болдыр,
Бұл күндерім— алда дәм саған!—дейді.

Мұнымен жылап, еңіреп шықты Ғұшман,
Пайғамбар екі қызын сүйіп қосқан.
Теңселіп денесінен кетін буын,
Есіктен кіріп келді Ғалы-арыстан.

– Сауытым үстімдегі дал-дал болған,
Зұлпықар ортасынан және сынған!
Болмасын бұл жаман түс атам сізге
Осындай бір түс көрген бүгін балаң.

– Мен едім, білсең, балам, қорған саған,
Сауыт, қалқан, дулыға болған саған.
Өтермін бұл дүниеден мен кешікпей,
Қуатың мен бардағы болмас тамам.

Естіп батыр Ғалы мұны білді,
Зар тұтып бәрі тегіс жылайды енді.
Хасен менен Хұсайын шаһзадалар,
Бабасының қасына жетіп келді.

Барады бәрінің де іші күйіп,
Көрген түстер көңілге оқтай тиіп.
– Бері кел, шырақтарым, дәл пендем!—деп,
Екеуін құшақтады сүйіп-сүйіп.

– Ай, ата, көзіміз—қан, көңіліміз—жас,
Жұқпайды бойымызға ішсек те ас.
Аспанда тақ үстінде сіз болдыңыз,
Астында жүрдік біздер жап-жалаңаш.

– Қарағым, балаларым, қылма уайым!
Ол тахит, ер орта бүт—менің жайым.
Сіздер оның астында жүгірерсіз,
Өрқашан бабаңызды жоқтап дайым.

Хасан менен Хұсайын ихладылар,
Файша анамыз қасында тұтыпты зар:
— Жара (иара) сол: мен тағы да бір түс көрдім,
Айтпасам болды сол түс ішті жарар.

Басыма қара шатыр салынғаным,
Еткенім менің мұндай не қылғаным?!
Қайғырып түрегелдім (тұра келдім) сізден аулақ,
Көрмесем лынхыза (ныхза) сізді сағынғаным!

— Бұл түсің— айрыласың менен Файша!
Дүниеден мен өтермін осылайша.
Үмбетлерім халдары нешік болып,
Түседі қандай күйге бұл қалайша?!

Өтерін пайғамбардың ол да білді,
Зар тұтып Файша анамыз жылайды енді.
Фатима зарланса, сүйер қызы
Кезінен ағып жасы, жетіп келді.

Жығылды бабасының қасына кеп,
Көзінен аққан жасы кетті сел боп.
— Ай, балам, зүриатым, аман бөл!— деп,
Ұшынан қолдарының алды сүйіп.

— Ай, ата, ұйықтап жатып көрдім бір түс,
Құдайым маған салған не мүшкіл іс?!
Шапаным жағасынан қарс айырылды,
Не пәле— осы түсім, — не күйініш?!

— Балам, ол қабыл болған батаң-дағы,
Көңіліңе түскен зарлық қапаң-дағы.
Мен кетіп, артымда сіздер қаларсыздар,
Айрылған шапан мен ғой, — атаң-дағы!

Фатима мұны естіп, талып түсті,
Қайғы мен назаланып, күйіп-пісті.
— Ай, балам, көп жылама, өмірің өксір,
Құдайдың бәрінен де әмірі күшті.

— Әрқашан, ата, менің ісім кате (хата),
Қайғырып бұл жолыңа болдым қапа.
Дауысы Фатиманың шығып кетті:
— Қалам, — деп, — не ғып сізден ол хысырта?!

– Ай, балам, кешікпей-ақ сен де өлерсің,
Қайғымен жүдеп, азып сенделерсің.
Жұмақтың (ұжмақтың) жанып тұрған—сен-сәулесі,
Кешікпей, балам, маған тез келерсің.

Жаннатта қатындардың саруарысың [2],
Көрерсің жапа-жалғыз Алла ісін!
Қайғырма, иа, Фатима, дүние-пәни,
Табылмас ақыретінің гауһарысың.

Дүниеге алданушы (алданғұшы) болмағайсың.
Кешігіп, жетсе хабар қалмағайсың!
Кімде-кім: “Иа, Фатима!”—десе, балам,
Қиямет қайымғаша қолдағайсың.

Ақырет сенсіз маған қызық емес,
Тілеуін арамзаның құдай бермес.
Иа, балам, әркім сені дос көрмесе,
Ұжмақтың жүзі түгіл, орнын көрмес.

Қуантқан Фатиманы осылай деп,
Сонымен намаз бесін қалды болып.
“Асылат, иа Расул алла!”—деп сонда Біләл,
Сап етті азан даусы құлаққа кеп.

– Аһи, мен халім нашар, бара алмаймын,
Имам боп сәлем тағы бере алмаймын.
Хал нашар, тәнім зайғғы, қуатым кем,
Тұруға аяқ-басым жүре алмаймын.

– Өсиет сөзім қабыл алсын!—дейді,
– Енді орнымда садығым [3] қалсын,—дейді.
– Менің үшін орныма имам болып,
Намазға Әбубәкір барсын! — дейді.

Файша айтты:

– Көрі кісі орын алмас,
Өзі жұмсақ, жұрт оның тілін алмас.
Пайғамбар айтты:

– Орныма сайладым! — деп,
– Кімде-кім мен десе, онан қалмас!

Жүгіріп пайғамбарға Біләл келді,
Пайғамбар:

– Бара алман!—деп, жауап берді.

– Алып бар, Әбубәкір болсын!—дейді,
Келді де, Біләл көпке жауап берді:

– Тілінен пайғамбардың шығады үн,
Олардың айтқан сөзін бұзады кім?!
Пайғамбар келе алмады науқасынан,
Мешітке Әбубәкір имам болсын!

Жылады сахабалар сонда тұрып,
Бос қалған пайғамбардың орнын көріп:
– Барамыз бассыз қойдай қайда шулап?!—
Мешітке зар тұтылар, басын ұрып.

Орнында пайғамбардың жараспайды,
Мәнтығы биіктігі ағаштай-ды.
Жоғына пайғамбардың зар тұтады,
Болмаса орынға олар таласпайды.

Бір қайғы сонда түсті қауым көпке:
“Хақ Расұл бет қойды ма жөнелмекке?!
Артына бір ұйымай қаламыз ба?!”—
Деген сөз естілді аспан көкке.

Аспанда періштелер о да естіген,
Жиылып бұл зарлыққа бәрі келген.
– Бір намаз оқуына қуат бер!—деп,
– Құдая пайғамбарға хал бер!—деген.

Пейіштің болдым ғашық пырағына,
Жеткізер желсең жердің жырағына.
Шулаған сахабаның дауыстары
Естілді хақ Расулдың құлағына.

– Мешітте жылағандай бір дауыс бар,
Иа, Ғалы, не үшін бұлар қылады зар?!
Ғалы айтты:
– Иа, таксыр, жоқтап сізді
Намазын оқи алмай тұрған олар!

Естіп пайғамбардан кетіпті хал,
Жолына құрбан болсын бас пенен мал.
– Намазға барайын да осы жолы,
Онан соң, ризамын, жанымды ал!

Өзіңсің ғала күллі шахбат қадір, —
Болыпты сол уақытта біраз төуір.
Мешітке көтеріп фазыл Ғалы,
Елтімей алып келді болса да ауыр.

Көтеріп мешітке алып келді,
Қалжырап есі кетіп, талып келді.
Ілгері барып өзі отырып алды,
Тұра келіп Әбубәкір қасына ерді.

Намазын ишаратпен қылды тамам,
Қалғанын Әбубәкір тамамдаған.
— Үмбетке менен соңғы көп-көп сәлем! —
Насихат айтпақ бізге сонан қалған.

— Оқысын үмбеттерім әуел намаз,
Ораза ұстап, зекет беріп, айласын қаж (қажы).
Жөнінен иман-ислам хабар біліп,
Қылсынлар құлшылықты, тағы оны жаз.

Оқысын таң намазын күн шығармай,
Іс қылсын құдай үшін мін шығармай.
Мейман келсе алдына барын қойсын,
Сұраушыны жөнелтсін құр шығармай!

“Лә-ила-ила-Алла!” — айтсын иман!
Маған үмбет болады нәпсі тыйған.
Үмбетім, жұмыла сындан бола алмайды,
Тәрк қылып сүннетімді, дүние жиған!

Жігіттер, өтпес жарлық — бойға қорлық,
Қылмасын: ғайбат, зина, өсек, ұрлық.
Тәкаппар Хұсыд, Ғыжыб қарсылығы
Қылмасын шатыр нәж зад шарапқорлық.

Пітір, нәзір, капарат, ғашыр, нәпіл,
Болсын жомарт үмбетім, болса ғақыл.
Аллаға дұшпан болар жалғаншылар
Және дұшпан құдайға бермес бахил.

Кейінгі үмбетіме көп-көп сәлем,
Үмбет сол қабыл қылса, үшбу кәлам!
Бұл сөзін Мұхаммедтің естігенде,
Балқыды жан-жануар, хамма ғалам.

Көңліңе насихатты жүргіл тұтып,
Киерсің ақ жібектен көйлек тоқып.
“Кісі ақысы қиын екен — деп, —бәрінен де!”—
Пайғамбар айтып мұны кеткен қорқып.

— Айтатын бір құдайға датың бар ма?!
Құдайдан алған аят хатың бар ма?!
Алып қал, ақыретке жібермеңдер,
Жігіттер, менде зарра ақың (хақың) бар ма?!

Үш айтқан: “Ақың бар ма, жамағат?!”—деп,
Мойныма (мүфиға) жүктемейін жаман ат,—деп.
— Ант айтып (анықтап) бәріңізден сұрағаным:
Жігіттер, ақың болса маған айт!—деп.

Бәріне хақ пайғамбар бұлай деген,
“Ғақаша” — деген бір шал тұра келген:
— Ақым бар менің сізде, хақ пайғамбар,
Айта алмай қорыққанымнан іште жүрген!

— Ала гөр менде болса хақың!—депті
— Ғақаша, мен де өзіндей қорықпа!—депті.
Дегенде: “Сізде ақым бар”,—естігенде,
Мұхаммед пайғамбарым шошып кетті!

— Ай, тақсыр, міндің түйе сіз бір күні,
Сұрасам бұл ақымды, бар ма жөні?!
Түйені ұрамын деп қамшыланып,
Байқамай салып қалдың сонда мені!

Әрқашан уағдада тұрған сізсіз,
Мойныңды үмбет үшін бұрған сізсіз!
Сүйкеніп менің түйем түйеңізге
Бір қамшы сонда маған ұрған сізсіз!

— Ендеше, болдым разы, мойныңды бұр,
Ғақаша, көп отырма, орныңнан тұр!
“Қалмасын қияметке қысас”—деген
Ал дағы бір сыпыртқы, сен мені ұр!

— Айтпайын десем, өзің қақсадың көп,
Жоқ еді сізге сақтар бойымда кек.
Еді ғой маған тиген ғазат қамшың,
Мен ұрсам сыпыртқымен бола ма еп?!

– Олай болса, түр, Білөл, үйге баршы,
Мені ұрсын бұл Ғақаша, ап кел қамшы!—
Білөл барды жүгіріп Фатимаға:
– Қамшы қайда, Фатима, алып берші!

– Көріп отыр ма енді атам жүдеп,
Жіберді біздің үйге сізді не деп?
Қамшыны не қылады, Білөл тақсыр,
Бабама, айтшы қамшы, неге керек?!

– Қамшысы пайғамбардың тиген оған,
Көңіліне сонан бері күнә болған.
Ғақаша пайғамбарды ұрам дейді,
Бұл қамшы соның үшін керек болған.

– Бара гөр олай болса, Хасен жаным,
Хұсайын—көзім нұры, данышпаным!
Бабаң үшін Ғақаша сіздерді ұрсын,
Айтыңыз Ғақашаға, балаларым!

Мешітке Білөл тақсыр жетіп келді,
Қамшыны қолына алып бекіп келді:
– Фатима сәлем айтты, иа, Ғақаша:
“Бабасы үшін бұларды ұрсын!”—дейді.

Ғақаша айтқан сонда кепті дейді,
– Мен өзім көріп едім көпті,—дейді.
– Біреу үшін біреуді ұрғанменен,
Біте ме, тақсыр, қысас? — депті,—дейді.

– Қысас бітпес оныңмен, үр өзіме! —
Ғақаша қуанады бұл сөзіне.
Сахаба отыз үш мың шыдай алмай,
Жас алған бәрі жылап сол сөзіне.

Хасен айтар:

– Ғақаша, тыңда сөзді,
Бабам үшін ұрсаңшы бүгін бізді!
Кегің сонда бітетін болса сенің,
Қабат үр Хұсайын мен екеумізді!

Ғақаша ондай сөзді құлаққа алмас,
Қдалып пайғамбардан тіпті қалмас.
– Мені үр!—деп, тұра келген Әбубәкір,
Сөзіне оның айтқан құлақ салмас.

Шыдамай тұра келген ғаділ Ғұмар
Бәрі де тілек қылып жатыр солар.
— Сіздердің бұл арада не ісіңіз бар?!
Ғақаша пайғамбардан өзі сұрар.

— Мені үр!—деп, жетіп келді хазірет Ғұшман,
— Сені ұрып болайын ба Хаққа дұшпан?!
— Ұрасың пайғамбарды қалайша?—деп,
Тұрыпты ашуланып Ғалы арыстан.

— Ей, Ғалы, мен сескенін қорықпан сенен,
Пайғамбар: “Ұр” — деп өзі рұқсат берген.
— Тиме балам, Ғақаша өзімді ұрсын,—
Деп нәби ер Ғалыға тоқтау берген.

Бәрі де отырыпты мұңайысып,
Барады Ғақашаны көзі тесіп.
— Тақсыр, сіз биікте едің, мен жерде едім,
Ұрайын, тұрар болсаң төмен түсіп.

Пайғамбар:

— Жарайды!—деп, төмен түскен,
Ғақаша жұртты айырды ақыл естен:
— Сол күнде мен жалаңаш едім, тақсыр,
Қайтеді шешінсеңіз кешікпестен?!

— Олай болса, шешінбей болмайды екен!
Ғақаша алмай қысас тұрмайды екен.
— Қылышпен мұны шапсақ қайтеді?!—деп,
Наза боп сахабалар шулайды екен.

Пайғамбар бәрінің де көңлін басқан,
— Жалғанда құтылайын мен қысастан.
Көтеріп ол мүбәрак көйлектерін:
— Ғақаша, ұра көр! — деп ішін ашқан.

Кетпей ме соларды айтсам көңіл кірі,
Арзан ғой имандыға ұрмақ төрі.
Набуат муһрі [4] сонда көзге түсіп,
Мешіттің ішін жарық қылған нұры.

Жазылған: “Ләй-ләй-илла-алла!”—сөз,
“Мұхаммед-расул Алла!” — һәм естіңіз.
Ынтызар болған ісі көрінген соң,
Ғақаша енді соған салды ғой көз.

Ағызған енді көзден қанды жасын,
Бір сүйген сол мұһрінің айналасын.
Қылып ем көрмек үшін мұһріңізді! —
Деп жылап, аяғына қойды басын.

Неше жыл туынды ұстап, бірге жүрдім,
Көре алмай көптен саған ынтық едім.
Кеше гөр білместігім болса, тақсыр:
Шүкірлік алхамдулла жаңа көрдім.

Естіп сахабалар қалды қайран,
Мақсатын Ғақашаның білсін қайдан?!
— Жолыңда құрбан болсын ата-анам!
Үмбетке ғасы болған тиген пайдаң!

Осыны арман қылып көп ойландым,
Көруді үміт қылып бек толғандым.
“Арқаңа ернім тисе, тақсыр Расул,
Болар ма отқа перде!”—деп ойландым.

— Ғақаша, құтты болсын қонған дәулет!
Махшарда кір ұжмаққа қылып сәулет!
Иманды маған үмбет болсын тегіс
Шарапат сенен өнген тұқым-әулет.

Кімде-кім көрем десе ұжмақ жүзін,
Барлығы Ғақашаға салсын көзін.
Ең әуел пайғамбардың мұһрін көрген
Табылмас көзге сүрме, қылсам ізін!—

Сахаба келіп бәрі сүйген қолын,
Оңғарды Ғақашаның құдай жолын.
Дәулетке сондай үлкен жеткізгей-ді,
“Құдай-бір, пайғамбар-хак!”—деген құлын.

Топ тарқап бұл мәжілістен кетіп қалды,
Ғақаша ақылменен ұжмақ алды.
Фазыл ибн Ғаббас пен Ғалы батыр
Үйіне пайғамбарды алып барды.

“hy-hy” [5] — деп, төсегіне барып жатты,
Тілінде айтты кәлима шаһадатты.
Құдайдан Ғазірейілге болды жарлық:
— Ақырын бар достыма, барма қатты!

Үмбетсіз қалды кәнір тірі жүрген,
Сөйлегіл жұмсақ тілмен барған жерден.
“Қонаққа құдіретіме келсін!”—дегіл,—
Басқаны онан артық қылма! — деген.

Ғазірейіл есігіне жетіп келді,
Үстіне бір ағыраби кебін киді.
— Есікте бір ағыраби тұр, иа, тақсыр!—деп,
Мұхаммед пайғамбарға хабар берді!

Фатима екі қайта:

— Кірме! — деген,
— Пайғамбар ауырып жатыр, жүрме!—деген.
— Ауырса, көңлің сұрай келіп тұрмын,
Сен маған өзге жауап берме!—деген.

Пайғамбар үшіншіде көзін ашты:
— Кім, балам сеніменен жауаптасты?
— Болмайды бір ағыраби, “Кірме! — десем,
Ей, баба, меніменен көп дауласты.

— Балам-ау, ағыраби емес, оған тиме!
Атаны алып, баланы салар күйге.
Ол тұрұр сізді бізден айырғұшы,
Келген-ді бір жұмысқа біздің үйге.

Үй бұзып, қабір қылар мекенінді,
Ол бұзар шаттық күлкі отаныңды.
Есік аш, рұқсат тілеп тұрған шығар,
Басына, жамыл, балам, шапаныңды.

Фатима өз буынын баса алмайды,
Сасқаннан барып есік аша алмайды.
Көрмейді көз жасымен еш нәрсені,
Қандай жан сонда көзге жас алмайды?!

Берген соң рұқсатты неге тұрсын?!
— Ғазірейіл — айтты сонда — келін кірсін!
— Келдің бе, жан алғалы өңің қашып,
Асығып, бүгін жаным, не ғып жүрсің?

— Құдайың сәлем айтты қисапсыз көп,
Жіберді: “Бара көрші достыма!” — деп,
Аспанда періштелер айтты дүрүд:
“Не қылса өзі білсін хабибім! [6]”—деп.

– Жатырмын салып төсек, мамық жастап,
Кім келді бұл араға сені бастап?
Жебірейіл достым қайда, иа Ғазірейіл,
Сен келдің қай араға оны тастап?!

– Жебірейіл жерге таяу көкте қалды,
Таудан үлкен өзінің мүлкі бар-ды.
“Сөйлесер енді кісім қалмады!”—деп,
О дағы көк жүзінде көп сандалды.

Тілесен, иа, Мұхаммед, жаныңды алам!
Болмаса, тағы тимей, қайтып барам!
Нұх нәби мың жасаған; о — дағы өткен,
Әйтеуір бір өлмегі бар туған адам.

— Олай болса Жебірейіл достым келсін,
Қалайын арыздасып, мені көрсін! —
Лезде (лахазда) жетіп келді рух аламин,
Естіш бұл дауысты: “Не ғып тұрсың?!”

— Қош келдің, бәрекелді, иа, Жебірейіл,
Ғазірейіл маған келді құрып сейіл.
Алдынан оның келіп хабар бермей,
Айт маған не себепті қалдың кейін?!

— Аспанда қайғыменен жүрдім шеттеп:
“Ғаламға нұр еді ғой Мұхаммед!”—деп.
Қуантар сізге келіп шаттық емес,
Сол үшін келе алмадым сізге беттеп.

Құдайың сәлем айтты бейне һаят,
Ендірді сүйіктіге ахбар аят.
Хор ғылман дарасәлам,—бәрі әзір тұр,
Әзір (хәзір) тұр хила пырақ, һәм шапағат.

Жүмладан (баршадан) артық қылған құрмет сыйың,
Махшарда құрасың той, ұлы жиын!
Боласың халыққа басшы, шапағатшы,
Нәрсе жоқ бір зәредей саған қиын.

— Еш маған керек емес дүние-сарай,
Қиналдың шығарыңда, шыбын жан-ай!
Басқаны өзім үшін сұрамаймын,
Сұраймын: “Үмбетімнің жайы қалай?!”

“Үмбетім, үмбетім!”—деп, әуел бастап,
Мен жүрмін үмбет үшін көзді жастап.
Баладай жетім қалған зар жылатып,
Кетемін үмбетімді қайда тастап?!

Жебірейіл мұны естіп қайран қалар,
Сөзіне Мұхаммедтің ғажаптанар (ғажаптанар).
— Қайғырма үмбет үшін, иа, Мұхаммед!—
Алладан осылайша келді хабар.

Жақсы ғып жаратпасам сені, тіпті,
Жаратпас едім әуел жер мен көкті.
Күндіз — күн, түн болса ай — жарық қылып,
Жаратпас едім мұнша ғалам, тіпті!

Бір сенің құрметінде қылдым бәрін,
Өткіздім және де оның баршаларын.
Бәрінен де үмбетті артық қылдым,
Құранда көрмедің бе аяттарын?!

Тілесен, фирдауста [7] болсын көрің,
Қылайын жаннат ағыла жатқан жерің!
Болмаса, иа ғарышта тұрасың ба,
Өзің біл, бүгін, достым, қайда енерің?!

— Басыма мен не қылсам, пайда болар,
Күн менен шын жарықтық Айда болар.
Қай жерде үмбет болса, сонда болам,
Өлгенде үмбеттерім қайда болар?!

— Өлген соң үмбеттерің жатар жерде,
Қоямын не ғып сені қара жерге?!
— Ендеше көп қозғама, мен бармаймын,
Жатамын үмбетіммен жерде бірге!

— Разы бол, достым енді өлер шақта,
Жібердім Ғазірейілді жан алмаққа.
Ғазірейіл, кинамай ал достым жанын,
Кешікпей келсін жылдам біздің жаққа!

— Разымын жарылқаса үмбетімді,
Маған бер, көтерейін бейнетінді.
Барлық үмбет бейнетін маған татқыз,
Кесіп ал, маған десең десең, мың етімді!

– Өлерде жарылқайын үмбетінді,
Үмбетін қылып жүрсе сүннетінді,
Дін күткенін тозаққа жібермейін,
Көтердім қанша болса міндетінді!

– Ата-ана, құрбан қылдым, мен перзентті,
Қидым ғой Ибраһимдей шекер бетті,
Мен саған соның бәрін жібергенде,
Құдая, бермейісің бір үмбетті?!

– Өлсе үмбетін, азапқа салман!—дейді,
– Өлерде жанын қинап алман!—дейді.
– Тозаққа күймес, түспес үмбеттерін,
Жамағат намазына барған!—дейді.

– Намазға, ол жарылқа, барғандарды,
Ауызға: “Хақ”—деп мені алғандарды,
Жарылқа үйдегісін, түздегісін,
Бара алмай оқып үйде қалғандарды!

– Мені сүйер, кімде-кім сені сүйсе,
Кім азапқа түседі құдай десе?!
Кімде-кім бір сөждеге басы тисе,
Өкпеле Махшар күнде отқа күйсе!

– Артымда, ау, дариға, үмбет қалды,
Қинап ал үмбет үшін шыбын жанды.
Намазды жөнін біліп оқи алмай,
Жарылқа: “Ләй-ләй-илла-алла!”—деген жанды.

Өтіпті үмбет үшін жанын қинап,
Үмбетке, шүкір, Алла, жоқ қиналмақ.

– Оларды Махшар күнде жарылқайын,
Қалғанын үмбетіңнің сонда жинап.

– Иа, үмбет, уаһи үмбет, қайран үмбет!
Жан-үмбет, тәнім — үмбет, үйрен үмбет! —
Салауат жүз қақсасам, бір айтпайсың,
Боласың пайғамбарға қайтіп үмбет?!

Үмбетін өлерінде тілеп алған,
Қасына Әбубәкір жақын барған.
Фазыл бен, Ғаббас пен Ғалы батыр,
Сахаба намаз қылсын өзге қалған!

Жатыпты өтерінде беті терлеп,
“Кұдая, үмбетімді бере көр!”—деп,
Басқалар не дегенін біле алмайды,
Жатыпты: “үмбетім!”—деп көп күбірлеп.

Қасына Ғайша анамыз барған екен,
Құлағын ақырын ғана салған екен.
Айтыпты: “Уай, үмбет, уай, үмбет!”—деп,
Ғазрейіл сонда жанын алған екен.

Ләй-ләй-ила-алла, иа, Раббым хақ!
Нәбиім бар дүр менің: ол—Мұхаммед!
Сали алла ғалия уа сахым,
Уасаламму тиссалма һәм тиассабат.

Алласалұт уасәлам ғалик, иа, Ахмет,
һәм Хамид, һәм Махмұтсың, һәм Мұхаммед!
Мұстафа үмұжатаба, иа мархаба,
Би хадд үби ғададант болсын рақмет!

Алсалут уассалам хабиб Алла,
Уалсілат уалсалам нәби [8] Алла.
Кімде-кім бір салауат айтса саған,
Дәулетін екі дүние берсін Алла!

Мұхаммед айналайын, дүние салды,
Жанлары нұрдан болған нұрға барды.
Денесі тілегінше жерде болып,
Шарапат арылмастай бізге қалды!

Су құйып ибн [9] Ғаббас — Ғалы жуды,
Мисабіт Мәдинаға айы туды.
Қылғайсың аһыл иман зумырасындай,
Кұдая, көтергенде жасыл туды!

Аспаннан кітап келді бір Мұбашыр,
һәм тәһир; ол-Мұхаммед, һәм Мұтаһыр!
Салауат айтты: “Әуелі өз күдіретім,
Онан соң періштелер сен мұны көр!”

Жебірейіл Мекаил мен тұрыпты оң,
Исрафил Ғазрейіл мен тұрыпты соң.
Періште жаназаға сыймай кетті,
Есебін (хисабын) хақтан басқа білмейді сол!

Онан соң шаһариарлар, сахабалар,
Тұтыпты аһыл күбит тағзиятлар.
Аспанда—құс, дарияда — балық, бақа,
Бәрі де паған тұтып жыладылар.

Шулады жерде, көкте періштелер
Аспанда, жер үстінде жын-перілер.
Жан-жануар, тау мен тас, шөп пен ағаш,
— Бәрі де бір налысып, жылайды зар.

Жыламай адам пенде тұрсын қайтіп,
Пайғамбар жөнелген соң қосын тартып?!
Ал, Мөшһүр, сен һәм тұтқыл тағзиятын
Қапанды тарқатарсың кеңес айтып.

Қай күні: бір ғажайып дүйсенбі күн:
Өтіпті Расул алла, уақыты-бесін.
Дәлелім бұл сөзіме: құранда-аят:
“Қула тағала аң маитта наһым мисстун”.

Зар тұтып сахабалар сандалады,
Ағлай ғыланға жан барады?
Мұхаммед, хақ Мұстафа о да өткенде,
Көне, өлмей, бұл дүниеден кім қалады?

Кітабым әр орында түссін көзге,
Жайылсын нұсқа болып орта жүзге.
Сөйледім өз халімше білгенімді
Кетейін тағы кіріп басқа [с]өзге.

Орнына Әбубәкір патша болды,
Екі жыл төрт ай тұрып, о-дағы өлді.
Жұмақтың, махшар күнде кілтін ашып,
Кіргізер өзіп сүйген мумин [10] құлды.

Онан соң он жарым жыл тұрды Ғұмар,
Басқадан әділетте артық Ғұмар.
Көтеріп дәуірінде ислам дінін,
Бейне (бина) қып мың төрт жүз мешіт, өтті Ғұмар.

Әділдік салтанатын құрды Ғұмар,
Екі жұрт: Фарап, Ғажам—биледі Ғұмар.
Һайбаты, ғадалаты жұрттан асып,
Шаһит боп алпыс үште өтті Ғұмар.

Онан соң патша болды хазірет Ғұшман,
Патшалық он екі жыл құрды Ғұшман.
Ішінде тоқсан жастың шаһит болып,
Атанып Залнұрайын жұмаққа ұшқан.

Онан соң Халифатта тұрды Ғалы,
Жаратқан құдай артық арыстаны.
Орнына пайғамбардың бес жыл тұрып,
Шаһит боп алпыс үште өтті Ғалы.

Пайғамбар айтқан отыз жыл болды тамам,
Ғұмардан соңғы ақымақ ұзын адам.
Ғалыдан соңғы қысқа пітна—деген,
Хадис бар ол Мышкентте пайғамбардан.



III. Мұхаммед ізбасарларын бейнелеген шығармалар

Ахтам хазірет һәм Ғалы батыр

Бисмилла, қалам алып жаздым хатты,
Үміт қып пайғамбардан шапағатты.
Жанаділ шаһарының патшасы
Естиді: “Батыр бар.—деп—Ғалы атты!”

— “Балуан боп, жер-жиһанды, дүниені апты”—
— Естимін. “Батыр жөк,—деп,—ол сияқты!”
Елдегі батырларын жиып алып,
Қауіп қып ер Ғалыны жұртына айтты.

— Шаһары Мединеде тұрған,—дейді,
— Мұсылман көп уалаят қылған—дейді.
— Соғысты, дінге кірмей, қылғандардың
Әскерін шаһар бұзып, қырған!—дейді.

— Қырады, Ғалы келсе, елімізді,
Бұл біздің өзгертеді дінімізді.
Батырлар соның үшін жоламаңдар,
Қоймайды, келсе аман, бірімізді!

Әкелсе Ғалы басын кесіп маған,
Біреуің күшің келін, жетсе шамаң,
Төгер ем дүние-малын аямай-ақ,
Қызымды ханым қылып берем соған!

Балуандар жиылысып ақылдасты,
Бірінің сөзін бірі мақұлдасты:
— Ең мықты балуаның барыңыз!—деп,
— Қайсымыз өкелеміз осы басты?!

Ішінен Қабыл деген шықты бірі,
Шоңқитқан талайларды, тұлғасы ірі.
— Ғалының басын алу маған оңай,
Қоям ба, дүниеде жүрсем тірі?!

Қасына патшасының барды Қабыл:
— Иа, тақсыр, рұқсат қыл, бер бізге әмір!
Барайын, Ғалы басын әкелемін,
Көңіліннен қорқу кетір, қылғыл сабыр!

Патшасы мұны естіп қуанады,
Көңіліне шаттық кіріп, жұбанады.
Қабылдың бұл сөзіне риза болып,
Ниетін: “Барам деген!”—құп алады:

— Медине шаһарына барсын!—дейді,
— Алтынды керегінше алсын!—дейді.
— Мақсатым—сол Ғалының басын алмақ,
Батырдың қалағаны болсын!—дейді.

Қабыл ер Мединеге бармақ болды
Жауына өңай ойран салмақ болды.
“Бұйрықсыз, Ғалы басын әкелер!”—деп,
Патшаның көңіліне шаттық толды.

Бір бедеу құс канатты атқа мінді,
Медине тарапына Қабыл жүрді.
Қуанып, шаттанумен ерте-кеш те:
“Алам,—деп—Ғалы басын”—көңілі тынды.

Арада бір нешелер күндер өтті,
Қабыл ер Мединеге жетін кепті.
Арасы отыз күндік Мединеге
Ол өзі аз-ақ күнде келіп жетті.

Көреді Мединенің ол қаласын,
Алыстан көзге түскен ғимаратын.
Жолықты Ахтам атты сахабаға,
Жүр екен сейіл қылып ел арасын.

Кәпірге Ахтам келіп:

— Кімсің? — депті

— Бұл жерде не жұмыспен жүрсің?—депті.

Сахаба сауалына жауап бермей,
Қабыл айтар:

— Сен өзің кімсің?!—депті.

“Сен кімсің?”, “Сен кімсің?”—деп, тұрысады,
Біріне-бірі айтпай, тырысады.
Біріне-бірі жауап үш қайтарып,
Ақыры жөн-жобаға шығысады.

Ахтамға Қабыл сонда берді жауап:
— Мен келдім Жанаділден осы тарап.
“Бір балуан Ғалы атты бар!”—деп еді,
Ғалының басын алып, қылам ғарап (көріп).

— Ей, батыр, Ғалыны іздеп келемісің?
Ғалыны көрушіге еремісің?
Бұрыннан ол адамды коре алмасаң,
“Ғалы”,—деп айтқаныма сенемісің?!

Қабыл айтты:

— Ғалыны корсет маған!

Ез болмай, адам болсаң ерге ұқсаған.
Атын айтып, көрсетсең, еш бөгелмей,
Ғалының басын шауып кесіп алам!

Көңіліне хазірет Ахтам қиял кірді.
Өтерін бұ дүниенің сезіп білді:
“Ғалыны анық іздеп келген болса,
Кәпірдің жаман екен,—деді—түрі!”

Біздерге жан аямақ бермес пайда,
Дос үшін жаным пида, қылсам айла.
Мен өлсем, жалғыз адам, түк құрымас,
Ел үшін ер Ғалыдай батыр қайда?!

“Ендеше сол Ғалыңыз—менмін!—дейін,
Жәрдемді бір Алладан мен тілейін.
Перзентім, жамағатым—бәрін қойдым,
Осыны Ғалы үшін бір көрейін!”

Қараңыз әмір қылған Қүдіретке,
Келе ма ажал көрініп осы ретте?!
Қорқа ма өлтіретін бұл жауыздан,
Батырды қоя бермей жекпе-жекке?!

—Ер Ғалы мен боламын, танымасаң,
Шаһарға талай-талай ойран салған.
Тапсырып бір Құдайға әрбір істі,
Жолдассыз талай ердің басын алған!

Мұны естіп Қабыл батыр ашуланды,
Қылышын қынабынан суырып алды.
— Басынды, Ғалы болсаң, алайын!—дегі,
Қасына хазірет Ахтам жетіп барды.

Кез болды жапан түзде мұндай бір іс,
Екеуі айдалада салды ұрыс.
Таяғын Ахтам хазірет алды қолға,
Тұрмады бекер қарап бұ да тыныш.

Алланың риза ісі тағдыр болды,
Басына хазірет Ахтам қылыш ұрды.
Иа, Алла, инна илаһа ражигүн,
Сахаба тақсыр Ахтам шаһит болды.

Ахтамның басын кесіп, алды қолға,
Бас кетіп, құр денесі қалды мұнда.
Шат болып, көңілі өсіп, Қабыл көпір
Жанаділ шаһарына—түсті жолға.

Білмеді осы сырды ешбір адам,
Ахтам мен Қабыл еткен оқиғадан.
Қабылға кез болғанын хазірет Ахтам
Білмеді басқа еш жан бір Алладан.

Патшаға басты алып келді жетіп,
Қуанды патша сонда қорқу кетіп.
Шаттанып, аямады мүлік-малын,
Жақсылап той қылуға әмір етіп.

Ғалының басы қолға кеп тигенде,
Той қылды патша сонда күллі елге,
— Ғажайып болсын мұнда барша халық,
Жайылсын бұл атағым әрбір жерде.

“Ғалының басыменен” тұман кіріп,
Бұл патша ойламады пікір қылып.
Сөзінен өзі айтқан аса алмады,
Қабылды жақын қылды, қызын беріп.

Той қылып Жанадіде тұра тұрсын,
Қуаныш бір азырақ бұ да көрсін.
Медине шаһарынан сөз сөйлейік,
Тыңдаңыз, қандырайын құлақ құрышын!

Отырып мешітке кеп хақ пайғамбар,
Сахаба кастарында шаһриарлар.
Намазын тамам қылып оқып болып,
Махырапқа қарсы отырып карады-лар.

Қараған козін салып төңірекке,
— Халайық, құлағың сал—осы кепке!
Үш күнде нам азда Ахтам көрінген жоқ,
Қыдырып кетті ме өлде қиыр шетке?

Не себеп келмегені Ахтам мұнда,
Жамағат, қандай хабар қайсыңызда?
Сұраймын бәріңізден білген бар ма,
Кетті ме сапар қылып басқа жайға?!

— Иа, Біләл, сен хабарын айтшы!—дейді,
— Үйіне хазірет Ахтам баршы!—дейді,
— Сұрашы әйелінен: бары-жоғын,
Бір хабар мұнда алып қайтшы!—дейді.

Біләл сонда орнынан тіке тұрды,
Ахтамның үйіне қарай жүрді.
Хақ расул жұмсаған соң, тоқтау бар ма,
Жүгіріп бөгел мей-ақ келіп кірді.

Сұрады қатынынан Біләл барып,
Тыңдады Біләл сөзін қатын көрін.
— Үйінде бар ма, жоқ па, Ахтам?—деді,
— Айтыңыз бұл жөнінде бізге анық!

Біләлге жамағаты жауап берді:
— Ахтамның келмегені үш күн,—деді,
— Кеткенін қайсы жаққа біле алмадық,
Білмедік, не оқиға болған енді?

Жылайды балталары мұны естіп:
— Не болды ағамызға? Әлде не етіп?!
Жылаған балаларды көргеннен соң,
Тұрыпты тақсыр Біләл есі кетіп.

Көңіліне мұңдық толып Білөл тұрды,
Жоқтығын Ахтамның шаһар білді.
Кешікпей сол арада хазірет Білөл,
Тезірек пайғамбарға жетіп келді.

Ахтамнан Білөл хабар әкелмеді,
Пайғамбар мұны естіп егіледі.
“Үш күн жоқ болды!”—деп отырғанда,
Жебірейіл Алла өмірімен келеді енді.

Мешітте отырғанда жұрт қайғыда,
Жебірейіл келіп айтты Хақ расулға:
—Айтайын Ахтам сахаба оқиғасын,
Хабиби бір Алланың, мұны тыңда!

Ол Ахтам жанын қиды Ғалы үшін,
Ғалыға қылған оның достығы үшін.
Берді ғой шыбын жанын пида қылып,
Құдайым қабыл қылса оның ісін!

Әміріне болса да күдіретті,
Біз айтып тауыспаспыз үшбу кекті!
Ол Ахтам шейіт болды, тәні мұнда,
Жанаділ шаһарына басы кетті.

Бір көпір келді-дағы басын алды,
Медине даласында кез боп қалды.
Пида ғып достық үшін ғазиз жанын,
Әйелі, балалары жетім қалды.

Жебірейіл пайғамбарға мұны айтты,
Айтты да, көп кешікпей және қайтты.
Әмірін бір Алланың баян етіп,
Айтады ан хазіретім насихатты.

Ахтамның перзенттері жылады зар:
—Білмедік атамыздан ешбір хабар.
Зар қылып пайғамбарға келіп жылап:
Хазіреті пайғамбардан сұрады олар.

Жыласып пайғамбардың тізін (тізесін) құшты,
Хақ расул тізе түгіл қойнын ашты.
Бек әйбат басын көріп балалардың
Есіркеп көңіл мүшкіл зар жыласты.

Жидырды енді хазірет тамам елін,
Қалдырмай шақыртқызды бір де бірін.
—Жан қалмай жиылыңыз бәріңіз де,
Айтайын бір оқиға, тыңда мәнін.

Айтады:

— Ей, пенделер, Ғалы қайда?
Шақырындар, тез жетсін арыстан да!
Хабары іздеп жатқан жеткеннен соң,
Кешікпей жетін келді батыр мұнда

Еңіреп, Ғалы келсе, отыр бәрі,
Арыстан қайран қалды көріп, әні (өне).
Бұлардың көз жасына ғажапланып:
— Иа, расул, бұл не хал?—деп, кірді Ғалы.

Ғалыға пайғамбарым берді жауап,
Шерленіп жиылғандар тұрды қарап.
Егілген Ахтам хазірет балалары,
Ғалы да жылай берді оларды аяп.

Айтады қақтығыстың оқиғасын,
Ғалыға достық үшін қиған басын.
Естін хазірет Ғалы сол арада
Ағызды домалатып көзден жасын.

—Естіген адам көңілі болмай ма тұл?!
Арыстан, үшбу айтқан сөзімді біл!
Әйелін, балаларын жесір тастап,
Істеген достық үшін ісін көргіл!

Хақ расул оқиғаның айтты бәрін,
Достыққа пида қылған шыбын жанын.
Қатын мен баласына қарамай-ақ,
Дүниесін талақ салды, мүлік, малын!

Көзінен жасы парлап Ғалы тұрды,
Алдына пайғамбардың тағзым қылды:
—Мен үшін жанын пида қылған болса,
Иа, тақсыр маған рұқсат бергіл!—деді.

—Иа, тақсыр, Мединеде тұра алмаймын,
Кегімді Алла ондаса, неге алмаймын?!
Ұл-қызын достық үшін жетім етті,
Тірі боп өш алмасам, жүре алмаймын!

Ғалының көңілі кетті баруына,
Себеп жоқ енді бармай қалуына!
Тітіреп өне бойы, түгі шығып,
Кәпірден өшін барып алуына!

Иа, тақсыр, рұқсат бер балаңызға,
Қайғының қасіретіне жанамыз ба?!
Ақ бата, рұқсатты сіз берсеңіз,
Дұшпаннан барып өшті аламыз да!

Баруға Жанаділге көңілі қатты,
Шын достық жанын қиған мехнатты.
Иллаһи, амин еткіл Алла тағала, —
Деп айтып тіленеді рұқсатты.

Пайғамбар ол уақытта қиял қылар:
“Бармаса, Ғалы батыр күпті болар.
Жіберсе, рұқсат бермей, бұл Ғалыны,
Жақсы емес, арыстанның көңілі қалар!

Ғалыға рұқсат бермей енді болмас!
Қасына ерері жоқ жалғыз жолдас!
Сапарын, дұға қылсам, онғарар!”—деп,
Ойлады сол арада көзіне ап жас.

Жасартты Хақ пайғамбар нұрлы жүзін,
Қызартып жылауменен екі көзін:
— Қыл, -дейді, — мінажатты бір құдайға,
Иа, Раббы, жәрдем берер жалғыз өзін!

Ғалы үшін Хақ пайғамбар қылды дұға,
Зар жылап тұра келді шерлі ұл да.
Жылады:

—Бабам!—деп, тізе құшып,
—Дұғаны аяжат қыл—деді расул алла!

Жөнелді Ғалы арыстан амандасып,
Сұрасып бақилықты арыздасып.
—Ғапу қыл!—деп бір-біріне, —қателерін,
Бәрі де шулап тұрды көп жыласып.

Фатима, Хасен, Хұсайын қастарында
Көзінің алды толған жастарына.
Қиыспай бірін-бірі егілісті,
Түскен соң осындай іс бастарына.

Көңілін көріптердің шаттандырып,
Тағы да дұға беріп уандырып.
—Оңғар—деп,- сапар жолын арыстанның
Ғалыны өз қолымен аттандырып.

Бәрі де достарының зар-зар тұтып,
Басына қауіп-қатер ойлар түсіп,
Фатима, Хасен, Хұсайын жақын келіп,
Егілді орамалмен көзін сүртіп.

Көргендер шыдамады зар жылады,
Жыламай тұрсын не ғып елдің бәрі?!
—Құдайым көрсетсін,—деп,—аман-есен,
Жалғыз кетіп барасың, тақсыр Ғалы!

Ер ұғылы амандасып жүріп кетті,
Хақ расул Ғалыға көп дұға етті.
Ғалыны жамағаттан оңашалап,
Айтады арыстанға өсиетті:

—Ей, Ғалы, мынау сөзге құлағың сал!
Кіріптар қиын істе қалсаң егер,
Біздерге не де болса хабар берсін,
Дүлдүлге оңашада сөйлесіп қал!

Пайғамбар ер Ғалыға осыны айтты,
Жиылған—Мединеге бәрі қайтты.
Сыйынып бір Аллаға тәуекел ғып,
Жанадұл тарапына бір-ақ тартты.

Аллаға тәуекел ғып жүріп кетті,
Ойлаған шер арыстан бір ниетті.
Бір айлық жер екен екі арасы,
Үш күн, үш түн болғанда келіп жетті.

Ер Ғалы бір оңаша үйге барған,
Табынған жанған отқа, құдай ұрған.
—Бұл қалай—деп,— шаһардың рәсімі,
Қатыннан хазірет Ғалы кеп сұраған.

Қатын айтты:

—Сен өзің кімсің?—деді,
—Бұл шаһарда не қылып жүрсің?—деді.
—Жаныңда жолдасың жоқ, жалғыз өзін,
Қорықпай жалғыз жүрген ерсің тегі.

Ғалы айтты:

— Мен бір жүрген балуанмын,
Шаһарда сейіл құрып жүрген жанмын.
“Бұл жақта мұндай патша бар!”—деген соң,
Әдейі соны іздеп келген жанмын.

Қатын айтты:

— Білмесең, болар қиын,
Бұл шаһарда өтпекші үлкен жиын,
Шаттық бар бұл шаһарда сондай ғажап,
Той қылып беріп жатыр ерен сыйын.

Айтамын білгенімді енді сізге,
Аларсыз, жасырды деп, көңіліңізге.
Дүниеде аты шыққан бір балуан
Хабары естілген-ді мына бізге.

— Бар, — дейді, — бір балуан Мединеде
Пар келмес оған адам бұл дүниеде.
Күйеуі пайғамбардың, — деп айтады,
— Атын оның: “Арыстан Ғалы” — дей ме?

— Жоқ, — дейді, — бұл дүниеде ондай балуан,
Сан түрлі шаһарларды гарық қылған.
Естіп бұл атағын біздің патша
Ерлерін қорыққаннан жиып алған.

Айтады:

— Ей, халайық, сөзім тыңда,
Маңайда болып жатыр көп оқиға,
“Бар, — дейді, — Мединеде Ғалы батыр”,
Басын кесіп әкелсең бірің мұнда.

Бәрін де дүние-мүлік берем! — деді,
— Бәріңнен соны жақын көрем! — деді,
— Бір балуан әкелсе Ғалы басын,
Қызымды және соған берем! — деді.

Сонда оны Қабыл балуан көрді мақұл,
Қайтпаған бұрын жаннан, өзі батыр.
Патшаның қызын алса, дүние малын,
Мұнан артық не керек, міне, ақыл!

Келмеген бұған қарсы неше мың көп,
Ойлады: “Мәселені шешемін!”—деп.
Пәтшамен көп алдында шарт қылысты:
“Әкелем, Ғалы басын, кесемін!”—деп.

Арманы Ғалы басы-патша дерті,
Қан байлап, Қабыл балуан берді сертті.
Сонымен Қабыл батыр Мединеге
Жолдассыз жалғыз өзі жүріп кетті.

Болғанда Ғалы басы — патша дерті,
Қабыл ер орындамай берген сертті:
Неше күн-түн жүрді де, көп кешікпей,
Ғалының басын Қабыл алып кепті.

Патшамыз басты көріп, бек қуанған,
Болмаған енді бұған қорқарлық жан.
Той қылып, қыз бермекке Қабыл ерге,
Неше күн той қылуға жұрт жиналған.

Осындай тамашамен жасап тойды,
Батырға енді Қабыл көңіл толды.
Көріп пен қасерлерге: “Алындар!”—деп,
Есігін қазынаның ашып қойды.

Той қылып, қуанғаннан, патша ғажап,
Бір сөзді естиміз ғой тағы аздап.
Бармақшы Мединеге жұртын жиып,
Алмақшы мал-мүлкін қылып харап.

Татпаған үш күн, үш түн Ғалы тағам,
Қатыннан алып біраз жеді тағам.
Дүлдйге:

—Тәуекел!—деп, мініп алды,
—Иа, Алла, бере гөр,—деп—қуат маған!

Шаһардың ортасына Ғалы кірді,
Жаратқан Құдай артық тақсыр шерді!
Қылмай-ақ ешбір қауіп күйінгеннен,
Әскердің ортасына келіп тұрды.

Келгенін арыстанның көрдің бәрі,
“Кімсің”—деп, “Не ғып жүрсін?”—тұрды бәрі.
—Шаһарды—мен—бір балуан: аралаған,
—Жүрмін,—деп,—жоқ жоғалтып,—тұрды Ғалы.

Патшаға—мұны естуші—хабар берді,
—Шаһарға келді бөлек мейман!—деді.
—Осындай ат-киімі бәрі ғажап,
Көрмедік бұл сияқты адам!—деді.

Патша айтты:

—Ол жігітін келсін!—деді,
—Ғажайып тамашаны көрсін!—деді.
—Осындай салтанатты көргеннен соң,
Әр жерде паш қып мақтай берсін!—деді.

—Екенін біздің мұндай көріп білсін,
Шынымен көргеннен-ақ қорқу қылсын!
Жаяды жүрген жерде ондай адам,
Атағым жер жүзіне көтерілсін!

Дүлділге Ғалы арыстан сөйлеседі,
Екеуі бір-біріне үндеседі.
Патшаға олар барып келгенінше
Дүлділмен Ғалы арыстан кеңеседі:

— Мен кірсем кәпірлердің арасына,
Ұшырасам қайғы, мехнат пәлесіне (паласына),
Кешіксем, иа шықпасам, хабар білмей,
Бұл жерде қозғалмай-ақ тұрасың да!

Шықпаса менің үнім, жүре бергіл!
Бабама расул Құда хабар бергіл!
Уағыдам саған берген менің осы—
Егер де жай кешіксем, кетпей тұрғыл!

Сәлем айт—Хасен мен Хұсайынға,
Ағалар мен жұбайым Фатимаға.
Бәріне сәлемімді жеткізесің,
Сұраушы біз көріпті сахабаға! —

Осылай тақсыр тұрды сырын шертіп,
Насихат бір-біріне қарыз етіп.
Шарт қылып уағыда айтып тұрғанында,
Патшаға шақырушы келді жетіп.

Алдына ол патшаның барды жетіп,
Ғалыға орын берді құрмет етіп.
Аллаға жалбарынып дұға қылып,
Ішінен лағынет айтты, қайғы бекіп.

Кәпірлер Ғалы екенін танымайды,
Жауыққан ақиқатқа жарымайды.
—Қай жерден, қай уалаят адамысыз,
Бар ма деп жұмысыңыз?—жөн сұрайды.

—Құлақ сал бұл сөзіме мейман адам,
Не көрдің, не естідің бұл шаһардан?
Біздерге көргеніңнен баян қылғыл,
Ғажайып, неше алуан тамашадан!

Ғалы айтты:

—Еш нәрсені көргенім жоқ,
Жайымен жүрген едім сейілдеп кеп.
“Бұл жақта әділ патша бар”,—дегесін,
Келіп ем саяқатқа соны іздеп.

Патша айтты:

—Мейманым түк білмесеңіз,
Еш нәрсе бұл шаһардан көрмесеңіз!
Елім түр үлкен шаттық, қуанышта.
Айтайын сізге даяр сүйіншіміз.

Шығып ед алыс елде бір балуан,
Сұрасаң, аты оның “Ғалы” атанған.
Баһадүр Қабыл деген батыр барып,
Әкелді басын кесіп Мединеден.

Балуанды Ғалы деген білемісің,
Алдына бас әкелсе, көремісің?!
Сол үшін шаһардағы ойын-тойы
Мейманым, айтар болсақ әңгімесін.

Ғалы айтты:

—Ол Ғалыны танушы едім,
Өзіне әр заманда барушы едім.
Үйреніп неше түрлі ойындарын,
Қызметті мен де сонда қылушы едім.

Ғалының алдына әкеп қойды басты,
Ішінен алтын табақ бетін ашты.
Қолына басты алып, шыдай алмай,
Аһ ұрып, ағызады көзден жасты.

Патша айтты:

—Сен жыладың бұған не үшін?
Төгілттің бір көргеннен көздің жасын!
Бұл сенің жылауыңда не хикмет бар,
Айтыңыз, ей, мейманым, шынын, расын.

—Мен өзім жоқты іздеп шықтым!—дейді,
—Сауалды патшасы айтқан ұқтым—дейді.
—Ғалының басы емес, шын танысам,
Жолдас боп, қанша дәмін іштім!—дейді.

Ғалының мен айтайын нұр сипатын
Ұзыны, көлденеңі үйлес жақын.
Бір қарыс маңдайы бар, нағыз батыр,
Ауызбен айтып болмас оның затын.

Кеуделі, өзі шалқақ форымдарын,
Сөзбенен келтіре алман оның бәрін.
Шын күмәнсыз танимыз біз Ғалыны,
Үйрендім неше түрлі ойындарын.

Патша айтты:

—Ол Ғалыны танысаң сен,
Анық бір шарт өзіне артамын мен.
Ғалыға жолдас болып, жүрген болсаң,
Көрсетші сол ойынды пәрменіңмен.

Ғалы айтты:

—Корсетейін ойын жақса,
Сүйегін қырық арыстан жерге қақса,
Бір жерге бәрін тіркеп қойса да үйіп,
Секіріп мен түсемін арғы жаққа.

—Домалақ келтіріңіз бар темірді,
Қырық сегіз пұттан болсын ауырлығы.
Екеуін екі қолмен аспанға атам,
Түскендей үйлеріңе әрбір түрлі.

Көрсетем қылыш ойын тағы сізге,
Ғажайып ойыным көп онан да өзге.
Ғалының шәкірті боп көрсетейін,
Жиылған жамағатқа, түссін көзге!

Жанаділ шаһарының жиды бәрін,
—Көргіл,—деп,—қонақ балуан ойындарын!
—Кәнеки, ойыныңды көрсет!—дейді.
Келтіріп неше түрлі форымдарын.

Мақсаты, арыстанның, ойы бөлек,
Себеп қып хайламенен жауын білмек.
“Ахтамның басын алған қайсысы екен?”
“Өш алсам, еркін,—дейді—онан ерек!”.

Жөнелді тамашаға жұрттың бәрі,
Ретпенен тұрды өңшең балуандары.
“Жан қалмай бұл шаһардан жиылар!”—деп,
Тұрыпты ортасында хазірет Ғалы.

Ғалы айтты:

—Жан қалды ма бұл шаһардан?
Ей, тақсыр, мен бір сөзді айтам саған!
Шыдамай шер арыстан сұрайды енді:
— Ғалының басын алған қай балуан?

Патша айтты:

—Ол келеді, көрсең!—деді.
—Ойынын көріп, өнерін білсең!—деді.
—Келтіргіл Ғалы басын алған ерді.
Үйретіп әркімге өнер берсін!—деді.

Қабыл ер қалған екен оңашада,
Қызы мен сұқбат қылып тамашаға.
Патша:

—Тез келсін!—деп, хабар берді,
Қабыл да келе жатыр тұра сала.

Ырғандап аяқ басып Қабыл келді.
Қасына патшасының қарай жүрді.
Ішінен, оны көріп, шыдай алмай,
Алсам деп Ахтам өшін Ғалы тұрды.

Сүйегін қырық арыстан қойды қатар,
Болды да ар жағына бір-ақ атар.
Межеден қырық құлаш асып-түсіп,
Титтей жоқ көңілінде қауіп-қатер.

Секірін әрлі-берлі өтті дейді,
Аяқпен арыстанды тепті дейді.
Сүйегін қырық арыстан бір тепкенде,
Уатып күл-күл қылып кетті дейді.

Темірді екі домалақ аспанға атты,
Түсірмей кезек-кезек қайта қақты.
Бір-біреуі жүз сегіз пұттан екен,
Резина доптай қылып домалатты.

Ойнынан бәрі шошып, көрген жанның
Аңырып, таңырқасып болып даң-дүң.
Ғалы айтты:

—Кәне, енді біз көрейік
—Өнерін Қабыл деген балуанның!

Ғалының болса егер басын алған,
Өнерін көрсетсінші неше алуан.
Патшасы:

—Бар, —деп оған бұйырғанда,
Ішінен Қабыл батыр қорқар жаман.

Келеді Қабыл балуан шарасыздан,
Патшаның әмірімен “бар” деп айтқан.
Ғалы айтты:

—Көрсет қазір өнерінді,
Расында Ғалы басын болсаң алған?

Ол жерде Қабыл тұрып ашуланды,
Қолына тұра сала қылыш алды.
—Мен былай Ғалы басын түсірдім!—деп
Қылышын қолына алып жетіп барды.

Ғалы да оны тосып қарсы барды,
Қылышын оп-оңай-ақ тартып алды.
Кәпірдің белін ұстап қысып еді,
Батыры сонда демін ала алмады.

Малғұнға Ғалы қолы тиді қатты,
Жанына ол Қабылдың жаман батты.
Сол шақта құлағынан мықтап ұстап,
Кәпірді айналдырып аспанға атты.

Жазасын ол балуанның оңай берді,
Айналып бозторғайдай қайта келді.
Ер Ғалы қағып алып, жерге ұрып,
Өлтіріп бұл кәпірді көңілі тынды.

“Алдым — деп, — Ахтам кегін,” — шүкір қылды,
Жиылған барша кәпір мұны көрді.
Арыстан айғайлады:

—Кел, деп,—бәрің!

Озінше көрсетуге бір өнерді.

Патшасы көрген кезде мынау істі,
Басына арылмастай қайғы түсті:
—Бек дұшпан осы бізге көрінеді,
Табындар бұған лаж бәрің!—депті.

Ер Ғалы енді тоқтап тұра алмады,
Сабыр ғып бұрынғыдай жүре алмады.
—Біз көріпке бір медет бере гор!—деп,
—Қуат бер,—деп,иад қылып бір Алланы.

Патша айтты:

—Барындар!—деп, балуандарға,
Шегініп қорқып кейін тұрғандарға,
Патшаның бұйрығына амал бар ма
Ұмтылды шарасыздан қаптап сонда.

Жабылды жан-жағынан балуандары,
Бәрінің ортасында жалғыз Ғалы.
Әрбірі мың кісілік дегендерін
Жапырып бұйым көрмей талқандады.

Біріне қылыш ұрса, бірде найза,
Оқ атып бір де бірі қылмады айла.
Ол Ғалы төрт мыңының бәрі қырды,
Қан қылды ат баурынан әрбір жайда.

Патшасы ер Ғалыға келді жақын,
Сұрайды арыстаннан оның затын:
—Иа, балуан, сенің өзің, кімсің?—дейді
—Білдірші бәрін бізге, айтып атың!

—Сұрасаң, менің атым Ғалы балуан,
Шаһарды ойран қылған неше алуан.
Мұхаммед—бабам аты—Хақ пайғамбар,
Деменіз: “Мына пақыр шықты қайдан?!”

Ұлдарым: Хасен менен Хұсайын бар,
Фатима халал жұптым, білсең болар,
Әбубәкір, Ғұмар, Ғұсман, өзім—Ғалы—
Жолдасы пайғамбардың — төрт шарияр.

Нәсілім—араб, тұрағым—Медине шаһар,
Қылышым қолымдағы кам зұлпықар.
Ей, патша, тағы менен не сұрайсың,
Астымда мінген атым дүлділім бар.

Мұны естіп ол патшаны қайғы басты,
Білген соң Ғалы екенін қатты састы.
Ғалыдан қорыққаннан ол патша:
—Бізге аз милат беріңіз!—деп сұрапты.

—Беріңіз бізге рұқсат, біраз заман,
Қапысыз алды-артымды жисам тамам!—
Рұқсатты Ғалы тақсыр береді енді:
—Армансыз қалмаңыз, —деп, —енді маған!

Кәпірлер неше күн-түн жиылады,
Көптігі құмырсқадай құйылады.
Кәпірдің көптігіне қайран қалып,
Ер Ғалы бір құдайға сыйынады.

Арыстан бір оңаша жерге түсті,
Кәпірлер дамыл таппай жиылысты.
“Пері ме, адамзат па, жәдігөй ме?!”—
Қайғырып патша сонда қайғы жесті.

—“Бұл Ғалы өлі!”—десек, тірі екен ғой!
Айтулы дұшпандардың бірі екен ғой!
Қуанып, бекер мәз боп, жүрсек біздер,
Дәл бүгін ішімізде жүр екен ғой!

Жиылып жұрттың бәрі ақылдасты,
Бірінің бірі сөзін мақұлдасты.
Қайратын Ғалы арыстан көзбен көріп:
“Қырар, —деп, —мұнан жаман!” —қатты састы.

Жиылды балуандары майдан жерге,
Бәрі де соғысқалы —жалғыз ерге!
Намазын тақсыр Ғалы тамам қылып,
Келіпті әдейі сайлап алған жерге.

Ғалыға барлық кәпір қойды атты,
Ұмтылды шер арыстан жаман қатты.
Шабылған шу-шу иттей адамдардың
Барлығы опат болып, қырғын тапты.

Кәпірлер қырғын тапты неше алуан,
Қырады онды-солды Ғалы балуан.
Қаптаған әскерлері жаман сасып,
Алдына патшасының бәрі барған.

Тарқады күн батқан соң кәпір бәрі,
Онаша жерге түсті хазірет Ғалы.
“Ғалыға нешік хайла қыламыз?!” —деп,
Жиылып кеңеседі жас пен кәрі.

Жиылып ақылдасты бәрі келіп:
—Бір орды қазайық, —деп, —терең қылып!
Ені оның сексен құлаш, һәм тереңдігі,
Қояйық бетін жауып жылмағай қып.

Бір түнде жиылысып қазды орды,
Жабылып таң атқанша әбден болды.
“Ғалы келсе, бұл жерге, жығылсын!” —деп,
Білдірмей ордың бетін жауып қойды.

Оқып ап таң намазын, Ғалы тұрды,
Жиылған көп адамды көзі көрді.
Дүлділін мінін алып, тәуекел ғып,
Топтанған кәпірлерге қарай жүрді.

—Бере гөр өзің медет, жалғыз Алла!
Қыл енді дәрғаһыңнан бұ зар пенде!
Ниетін кәпірлердің білсін қайдан,
Түп-тура жетіп келді қазған орға.

Кез болып бірде бакка, бірде сорға.
Ғалы да, дүлділі де білмеді онда.
Секіріп ат аяғы тайып кетіп,
Сыпырылып түсті тақсыр қазған орға.

Дүлділі ыршып алға секіргенде,
Сыпырылып Ғалы қалды ор ішінде.
“Жоқ қылып орды жауып тастаймыз!”—деп,
Жабылды барлық көпір бір кісіге!

Шұқырға терең қазған Ғалы түсті,
Көпірлер мұны көріп қуанысты.
“Ұстайық енді атын,—деп, қаумаласып,
Дүлділге бәрі келіп, жабылысты.

Дүлділге Ғалы арыстан айтқан бұрын:
“Көпірдің жолатпа,—деп,—бір де бірін!”
Қалың көп маңына ордың жолатпады,
Ғалымен жүздесуге сол Дүлділін.

Дүлділі өте алмады топты бұзып,
Алыстан қарай берді күдер үзіп.
Қасына жуи алмас болғаннан соң,
Жөнелді Мединеге бетін бұрып.

Арада сусыз жатқан шөл бар еді,
Ең кемі айдан астам жол бар еді.
Екі-үш күнге жеткізбей арасына,
Медине қаласына таяп келді.

Намазда отыр екен хақ пайғамбар,
Сахаба қасында бар көп жарандар.
Иа Алла, хақ расул пайғамбарға
Дүлділдің кісінегені болды хабар!

Намазын оқып болды барша халық
Келіп тұр дүлділ дауысы құлаққа анық.
Біләлға өмір қылды сол арада:
—Үйіне арыстанның келші барып!

—Тезірек көп кешікпей баршы!—деді,
—Не болғанын хабарын алшы!—деді.
—Ғалы үйіне келді ме, иа, жоқ па,
Дүлділдің құлағыма даусы келді.

Жүгіріп сонда Біләл тысқа шықты,
Мешіттің тарапынан көзін тікті.
Жанаділ—Ғалы кеткен жолдарынан
Бір қара бұлдыраған көрініпті.

“Әлде не?”—деп, Біләл оны тұрды бағып,
Бір қара келе жатыр құстай ағып.
Үстінде, жақын келсе, шер Ғалы жоқ,
Келеді Дүлділ дара оттай жанып.

Ол Біләл тұрды сонда қайран қалып,
Келеді пайғамбарға қайта айналып:
—Үстінде ер Ғалы жоқ, Дүлділ келді,
Ей, тақсыр, күмәны жоқ, білгіл анық!

Дүлділ де көп кешікпей келді жетіп,
Жылады сахабалар шу-шу етіп.
Үстінен ер Ғалыны көрмеген соң,
Тұрыпты тақсыр расул есі кетіп.

Құшақтап ер Ғалының Дүлділ атын,
Бас қойды аяғына хазіретім.
Көзінен жас ағыза көп жылады,
Біле алмай не болғанын, бұл хикметін.

—Иа, Біләл, баршы,—деді,—Фатимаға,
Хасен мен келсін Хұсайын шаһиза да.
Бір хикмет болған екен шер Ғалыға,
Бір қасірет берді бізге Алла тағала!

Хасен мен Хұсайынға берді хабар,
Фатима мұны естіп көп зарланар.
Жиылып пайғамбардың құзырына
Бәрінің жүректері от боп жанар!

Дүлділді жыласады ортаға алып:
—Қалды,—деп,—Ғалы қайда?—бәрі налып.
Расулге көп жамағат тілек етті:
—Хабарын беріңіз—деп,—бізге анық!

Жылайды бәрі шулап жиылған жан:
—Бере гөр өзің қуат, иа, Ханнан!
Мінажат қылды Хакқа пайғамбарым:
—Өзіңсің жаратушы жоқты бардан!

Кәрімсің өзің патша әуел—ақыр,
Пендеңе бәрі әшкере бітті заһыр!
Беруші мүшкілдерге өзің асан,
Сұрайын дәрғаһыңнан мен бір пақыр!

Жиылған ан қызырға бұ жамағат,
Иа, Раббы, бұл дұғам бір қабыл аманат!
Ғалының бізге жайын мәлім етсін,
Дүлділге тіл бере гөр осы сағат!

Үн берді бір құдайым ол Дүлділге,
Сол жерде тұлпар шұлғып келді тілге.
Еңкейіп пайғамбарға құрметпенен,
Келеді адамдарша сөз сөйлеуге:

—Ассалаумағаллейкум, Хақ пайғамбар,
Беремін ер Ғалыдан сізге хабар!
Қылайын қазір баян көргенімді
Тындасаң, құлақ қойып, көп жарандар!

Жанадiл шаһарына барды Ғалы,
Үйіне барып ойран салды Ғалы!
Кәпірлер айламенен ор қазған соң,
Жығылып ор ішінде қалды Ғалы.

Көп сәлем Ғалы сізге тапсырды сөз,
—Бергін—деп, —Хазіретке хабарды тез!
Фатима, Хасен, Хұсайын — айтты сәлем,
Жеткіздім бәріңізге естісеңіз!

Жаксылық болғай енді, расул, онда!
Арыстан кәріп болып қалды орда!
Үстімнен сыпырылып қала берді,
Жадынан қалдырмаңыз дұғаларда!

Осылай бастан-аяқ оқиғасы,
Иа, тақсыр, көргенімнің бәрі осы!—
Мұны естіп пайғамбардың есі кетіп,
Мөлтілдеп домалады көзден жасы!

Пайғамбар мұны естіп қылды дұға:
—Жәрдемді беруші—өзің, патша құда!
Ғалыны кәпірлердің мехнатынан
Қорға!—деп, бір Аллаға қылды нала!

—Өзіңе сенгеннен де, қылдым зарлық,
Ғалыға келтірме, —деп—кіріптарлық!
Фатима, Қасен, Хұсайын—қылады зар:
—Жетімдер-жесір, қылмағыл, әм кәріптік!

Мінажат дұға қылды хақ пайғамбар,
Ғалыны айтып көзге жас ағызар.
—Өлі ме, тірі ме екен Ғалы арыстан?—
Құдайым, фазылыңменен бергіл хабар!

Дұға ғып тұрды расул есі кетіп:
“Қолдар, —деп,—кәріптікте әлде не етіп?!”
Сол шақта Жебірейіл пайғамбарға
Алланың пәрменімен келді жетіп.

—Алланың әмірімен келдім, —дейді,
Келгенін хақ расул де білді дейді.
Хабибі достына Жебірейілмен
Хабарды ер Ғалыдан берді дейді.

—Иа, наби, қылдыңыз сіз көп мінажат!
—Иа, Алла, міне, келдім үшбу сағат.
—Қайғырма—Ғалы үшін, иа, Мұхаммед,
Арыстан қазір онда сау-саламат!

Арыстан орға түсіп жатты!—дейді,
Кәпірлер таспен жабылып атты!—дейді.
Жібермей тастарының біреуін де
Қанатым тигізбестен қақты!—дейді.

—Арыстан қапылдыкпен орға түскен,
Құтылып Дүлділ сонда сізге жеткен.
Мен тұрмын қанатыммен орды жауып,
Жібермей атқан тасын тигізбестен.

Күмән жоқ бұл сөзімде, білгіл анық,
Қайғының мехнатында болды кәріп.
Ер Ғалы үшбу күнде сау-саламат,
Жалғыз-ақ жатыр, тақсыр, орда қалып!

Қуанды мұны естіп расул құда,
Есітіп шат болыпты сахаба да!
Фатима қуат тауып бұл хабардан
Серпілді Хасен, Хұсайын шаһзада да!

Бәрі де мұны естіп қуанысты,
Аллаға шүкір қылып, көңлін басты.
Бәрі де бір тілекпен мінажат қып:
“Бере гөр—деп,—Ғалыға қуат-күшті!”

Айтады Жебірейіл пайғамбарға:
—Қажетің көңліңе алған бар ма?!
Айтыңыз тілегіңізді көңілдегі
Жеткізер Алла тағала ойға алғанға!

Айтады жауабында тақсыр расул:
—Көрсем—деп,—арыстанның дидарын сол!
Бір Алла өзі берсе, мүшкіл емес,
Фазылы илан, Көрім бірла, Қүдіреті мол!

Дидарын арыстанның көрсем!—дейді,
—Хал-жайы нешік екен, білсем!—дейді.
—Бір Алла фазылымен жеткізсе егер,
Ішіне сол шұңқырдың кірсем!—дейді.

Жебірейіл пайғамбарға берді жауап:
—Құдайым азын берсе, емес ғажап!
Алладан өмір келсе, бізге өңай,
Жеткізер кешікпей-ақ, көргіл бір-ақ!

Келді хабар Жебірейілге бір Құдайдан:
—Апар,—деп,—пайғамбарды тұрған жайдан!
Сұрауын дұғасының еттім қабыл,
Көңлінен, жүзін көріп, шықсын арман!

Жарандар, тындасаңыз осы кепті,
Алланың құдіретімен өмір жетті.
Дүлдiл мен пайғамбарды қоса алып,
Жанадiл шаһарына алып кептi.

Хақ расул қуанады бек шаттанып,
Дұғасын қабыл алды Жаббар-халық!
Көп ұзамай сол ордың жағасына
Пайғамбар еш кідірмей тұрды барып.

Ғалыға құдай берген мұндай бір іс,
Алланың өмірінде—бөрі дұрыс.
Пайғамбар жар қасында тұрса тындап,
Ғалыдан зар илеген шығар дыбыс:

—Иа, Раббы, білдім бір хақ барлығыңды!
Құп тұттым мойын ұсынып барлығыңды!
Шүкіршілік, үшбу күнде бір біз аман,
Басыма салдың бүгін тарлығыңды.

Жылады осыны айтып Ғалы қайдар,
Естіді оның үшін хақ пайғамбар.
—Мүптама мен жатырмын қазған орда,
Иа, Раббы, бұл ісіңе болдым душар!

Берген соң жан бір уыс топырақтан,
Жараттың күллі тірі мақұлық исан.
Тілейін, иа, илаһа, фазылыңнан,
Миблаған кәріптерге бергіл жәрдем (жардам)!

Күн бар ма көретұғын балам жүзін,
Жетер ме бір Аллаға менің сөзім?!
Шаһзада Хасен, Хұсайын—шекер балым,
Фатима—сүйер жарым, халал жұптым!

Жер жүзін көрсетер ме құдірет көрім,
Бабама жетер ме екен менің зарым?!
Бір дұға бабам қылса, Құдай үшін,
Қалар ма сая тауып шыбын жаным?!

Көзінен домалатып ағызар жас,
—Құтқар,—деп,—бұл мехнаттан бізді халас!
Зар кариан көңлім менің үшбу күнде,
Бұл сөзді айта берсем, көңлім пәс.

Шүкірлік, жүрегімде бар Құдамыз,
Зар илеп, құдіретіне сыйынамыз.
Болмаса бір өзіңнен медет жәрдем,
Біз, пандақ, кәріптікте не қыламыз?!

Жылады осыны айтып арыстан Ғалы,
Ән хазірет мұны естіп шыдамады.
Батырдың зар илеген үнін естіп,
Ол ордың жағасына жетін барды.

Хақ расул дыбыс берді таяу барып,
Естіді хазірет Ғалы тындай қалып.
Шақырған пайғамбардан үн жеткенде,
—Лаббай!—деп, жүгірді жүрек жанып.

Дауысын естіп тақсыр есі кетті,
Бір Алла несіп қылды естімекті.
“Өңім бе, түсім бе әлде осы менің?”
—Аллаға риза болып, шүкір етті.

Қуанды пайғамбар көрін (аны) оны,
“Саламат екен ғой, —деп, —енді Ғалы!”
Батырды аман-есен көргеніне
Шүкір ғып, жад қылады бір Алланы.

Тастарын хақ пайғамбар қолына алды,
Ішіне терең қазған орға салды.
Созылып ұзарды да әлгі тастар
Құданың құдіретімен тура барды.

Тастарды Ғалы ұстады келгеннен соң,
Шүкір ғып құдіретке сенгеннен соң.
Пайғамбар сау-саламат тартып алды,
Тілегін Хақ тағала бергеннен соң!

Көрісті аман көріп бірін-бірі,
Қосылу қиын емес, жүрсе тірі.
Жүзіне жүзін қойып пайғамбарым
Бұзылып, егіледі, көңілдері.

Шат болды пайғамбарды көрін аман,
Сұрайды—әйел—ерін, —бәрін тамам.
Әбубәкір, Ғұмар, Оспан, бибі Фатима,
Сұрайды амандықты сахабадан.

Пайғамбар амандықты түгел айтып,
Жеткізбей жарастықты тұрсын қайтіп?!
Көрісіп аман-есен болғаннан соң,
Хақ расул көп кешікпей кетті қайтып.

Алладан өмір болса, не бар қиын.
Болып па Жебірейілге ол да бұйым?!
Көзді-ашып жұмғанша-ақ жеткізіпті,
“Көрсін—деп, —Медине мен тап өз үйін!”

Құданың шүкір қылып бергеніне,
Пайғамбар өзі мұнда келгеніне!
Мәз болып жас балаша, қутың қағып,
Мінеді ырғып Ғалы дүлділіне.

Сыйынып дүдділіне Ғалы мінді,
Шаһардың ортасына таяу жүрді.
“Өлтірдік ор ішінде!”—деп шулаған,
Ғалыны дүйім халық тірі көрді.

Патшасы мұны көріп, жаман састы,
Ес кетіп ақылынан, көп адасты.
—Пері ме, жәдігөй ме?!—десті бөрі,
—Ай, бұған хайла қылу еш болмас-ты!

Патшасы әмір берді тамам елге:
—Жиылсын палуандары майдан жерге!
Бәрің де жабылысып соғысыңыз,
Жарамас баруларың бір ме бірге!

Жиылды қанша әскер сол майданға,
Жанаділ батырынан қалған бар ма?
Патша айтты:

—Бармандар,—деп,—жекпе-жекке,
Бәрің де жабылындар бір Ғалыға!

Патшасы көп көпірдің бәрін жиды,
Көп қойға бір-ақ бөрі жалғыз тиді.
Ер Ғалы зұлпыхармен сілтегенде,
Өлікті шапқан шөптей майданға үйді.

Бір үлкен соғыс болды сондай қатты,
Ер Ғалы: “Бір Алла!”—деп, ойын сапты.
Тыңдасаң, енді кепті арыстаннан,
Көпірлер у-шу болып, қырғын тапты.

Жиылған мың сан қолдың бәрін басты,
Өліктер төбе-төбе болып жатты.
Менменсіп, көпір болған батырлардың
Кейін шауып, кейбірін аспанға атты.

Патшасы сөйлесуге келді тілге,
Ғалы айтты патшаға:

—Кір,—деп—дінге!

Ол көпір айтқанына көнбеген соң,
Өлтірді қылышпенен оны демде.

Мұсылман қылды сонда қалған қолын,
Үйретті дін исламның өмір жолын.
Дүниесін беруге олар аямады:
—Алыңыз,—деп Ғалыға мүлік-малын.

Ер Ғалы Мединеге қайтпақ болды,
Шаһарды мұсылман ғып, көңлі толды,
Патшасын өлтірген соң, дінге кірген
Біреуін сол шаһарға патша қойды.

Тәуекел өзін-өзі жолға салып,
Қайтады Мединеге алтын алып.
—Пақыр ма міскіндерге берейін,—деп,
Келеді шер арыстан соны ойға алып.

Ер Ғалы кегін қуып ер Ахтамның
Шашуға дайын болды қиып қанын.
“Өлсем де жолын іздеп, арманым жоқ,
Дін үшін пида болсын тән мен жаным.

Оздырды Мединеге бір адамды:
—Қуант,—деп,—бұрын барып пайғамбарды.
—Аман-сау келеді—деп, Ғалы батыр,
Айтыңыз бұрын барып осы халді.

Жөнелді Мединеге енді көріп (ғарып),
Сүйінші сұрамаққа бұрын барып.
Бәрі де естігендер асып-сасып:
“Расулді, жолықсақ,—деп—тауып алып!”

Мешітке намазда отыр пайғамбарым,
Жамағат намазда отыр болған бәрі.
Келуші сәлем беріп, тізе бүкті
Айтуға бастан-аяқ көргендерін.

—Ассалаумағалейкум, Хақ пайғамбар,
Жіберді сүйіншіге Ғалы қайдар.
Жанаділ шаһар халқын мұсылман ғып,
Келеді елдей көшіп, қазына бар.

Қуанды мұны естіп пайғамбар да,
—Сүйінші айтыңдар,—деп—жақындарға!
Фатима, Хасен, Хұсайын шаһзада бар,
Жеткізер Алла тағала ойға алғанға.

Жиылды сахабаның баршалары,
Медине: әйел-еркек, жас пен көрі.
—Алдына ер Ғалының барамыз!—деп,
Қуанып шаттықпенен шықты бәрі.

Тұрады бәрінің де көңілі өсіп,
—Бере гәр қадір Алла бізге!—десіп.
Жақындап Мединеге келіп қалды,
Келеді тақсыр Ғалы елдей көшіп.

Алдынан ер Ғалының шықты бәрі,
Қуанып көріседі пайғамбары.
Шаһриар сахабалар, күллі жұртпен
Көрісті кезек-кезек хазірет Ғалы.

Шүкір ғып, бірін-бірі көріп аман,
Жеткізді құдіретімен хақ тағалам.
Әкелген алтын-күміс қазынасын
Алдына пайғамбардың бәрін салған.

Шақырды Ахтам достың балаларын,
Шығарып жүрегінен жараларын.
—Ала бер керегіңше алтыннан!—деп,
Алғызды сүйгенінше қалағанын.



Сараң бай мен Ғалы арыстан.

Онан (анден) соң Әбубәкір — оның (аның) жары.
“Сыдық” — деп ат қойыпты пайғамбары.
Сіздерден (сізлардан) медет (мадат) тілеп, сөз сөйлейін,
Мен — кәріп (ғарыб): барша жанның күнәһары.

Онан соң Хазірет Омар әділ (ғаділ) өткен,
Ұлына (ұғлына) дүре бірлан үкім (күкім) еткен.
“Шапағат мен кәріпке қыла ма?” — деп,
Сіздерден мендей ғасы үміт еткен.

Біреуі шаһиарының — молда Ғұсман.
Құран оқып мұсылман дінін күткен.
Шапағат—махшар күні — бізге қылғыл,
Пайғамбар екі қызын бірдей қосқан.

Онан соң жомарт болған Ғалы-арыстан,
Фатимамен екеуін Құдай қосқан.
“Күнәм көп, шапағат қыла ма?!” — деп,
Қиссаға [е]сіміңізді қылдым дастан.

Онан соң Хасен, Хұсайын — шаһизатым,
Сахаба, ал асқап жамағатым (жамифатым).
“Дүние мен ақыретте жәрдем (иардем) қылғыл!”
Қабыл ғып мен кәріптің мінажатын!

Иад еттім, пайғамбарды қылдым зары,
Кәріптің болса екен медеткері.
Сіздерден медет тілеп, сөз сөйлейін,
Әулие-пайғамбардың баршалары.

Иад еттім біразырақ Ғазиз атын,
Иа, Алла, қабыл қылғыл мінажатым.
Бұл дүниеде адамдарға ғибрат үшін,
Сөйлейін ер Ғалының рауаятын.

Рауаят имамлардан бізге қалды,
Сахаба пайғамбардың тілін алды.
Атыңнан айналайын Шаһимардан,
Наданды талай-талай жөнге салды.

Билеген жердің жүзін пайғамбары,
Кішісі төрт жарының – батыр Ғалы.
Жазайын ер Ғалының бір қиссасын,
Қалсын да бізден біраз жәдігері (иадигары).

Пайғамбар үмбетіне дін үйретті,
Ғалыны: “Арыстаным (арсыланым)” – деп, еркелетті.
Ғалының патша болған заманында,
Бай болып, Мединеден бір жан өтті.

Ол байдың тамам жаннан дәулеті мол,
Шариғатты ойламай жүріпті сол.
Өзі сараң: ешкімге дәм бермейді,
Қайыр – (ықсан) сауаптан жуыпты қол.

Алдаған сараң байды дүние бок,
Жинаған алтын-күміс қисабы жоқ.
Үйіне қонақ келсе, жолатпайды,
Асында – ғүшүр, малында зекеті жоқ.

Өзінің мұсылмандық белгісі бар,
Естіген бұрын әдет (ғадат) үлгісі бар.
Намаз, руза, зекетпен жұмысы жоқ,
Еш адам сараңдықта болмады пар.

Бар екенін біледі бір Құдайды,
Көңіліне салды Құдай осындайды.
Үйіне қонамыз деп келген болса,
Ұрып, сабап жіберген бірталайды.

“Сараң бай” – деп, атанды тамам жанға,
Мінезін естігендер қалды таңға.
Қайыршы келсе, сабайды байлап қойып,
“Ұқсас – деп, аңыз қыпты – Қарынбайға!”

Айтады қайыршыға: “Нең бар мұнда,
Менен басқа бай жоқ па өзге алдыңда?
Келген қонақ сұраушыдан мазам кетті,
Басқа жақта ел болса, бар, кет сонда!”

Жоламастан түңілді жанның бөрі,
Бай-кедей, қатын-бала, жас пен кәрі.
Молдалар шариғаттан сөз сөйлесе,
– Мазамды алмай жүр, – дейді, – әрмән әрі!

Бір күні бір сахаба барды дейді,
Пейілі сараң байдың тар-ды дейді
“Ұрысың ғой мезгілсіз қаңғырған”, —деп,
Ұрып, сабап басларын жарды дейді.

Байғұсты ұрып байлап салды дейді,
Пәлеге құтылмастай қалды дейді.
“Сен мұнда неге келдің сұраусыз?!” —деп,
Қысымға неше түрлі алды дейді.

Сахаба түк айта алмай жаман сасып,
Сараң бай ашуланды қара басып.
Ұры деп байлаған боп қойған екен.
Бейшара ел жатқан соң, кетті қашып.

Сахаба өзі батыр, асқан ер-ді,
Сараңнан байқаусызда қорлық корді.
“Қонба, — деп, — мені мұндай сабады!” — деп,
Ғалыға ертең келіп арыз қылды.

Естіген соң таң қалды жанның бәрі,
Сахаба қайран қалды баршалары.
Бас-көзі қан болып келгеннен соң,
Анық естіп білінті хазірет Ғалы.

Ғалы ойлады: “Ол байға барайын!” — деп,
“Сараң байды бір сынап қарайын!” — деп.
Үстіне жаман-жұман киім киіп:
“Қайыршы боп, бір қайыр сұрайын!” — деп.

“Бір рақым ол байғұсқа қалайын!” — деп,
“Әуелі қайыр сұрап алайын!” — деп.
“Дұға қылып халіне бейшараның,
Жолына шарифаттың салайын!” — деп.

Ғалы айтты:

— Ашуланба оған, — дейді,
— Тұрыңыз тілектес боп мұнда, — дейді.
— Құдайым бейшараға таупық берсе,
Берейін жолдас қылып саған! — дейді.

Мұны айтып бір есекті мінді дейді,
Ақылы тақсыр ердің кең-ді дейді.
Қайыршы елеусіз бір мүсәпір боп,
Үйіне сараң байдың келді дейді.

Ауылына қайыр сұрап Ғалы келді.
Өл байға тыста жүрген сәлем берді.
Қараса, киімі жаман, жүзі көркем,
Кісіні келіп тұрған көрді дейді.

Қасына жақынырақ жетіп кепті,
Ғалыны көргеннен соң есі кетті.
— Өзіңнің киімің жаман, түсің жақсы,
Шаһарда мен көрмеген кімсің?!—депті.

— Мен жүрген мүсәпірі елдің!—дейді,
— Естіп байлығыңды білдім!—дейді.
— “Бір нәрсе құдай үшін бере ме?!” — деп,
Мен сізді әдейі іздеп келдім!—дейді.

Үйіне кіріп кетті жауап алмай,
Сөзіне құдай деген құлақ салмай.
Үйінен шыға алмады ашуланып,
Ғалының айбатына (һайбатына) шыдай алмай.

Сонда Ғалы сөйлейді тыста тұрып:
— Менің бір батамды алшы қайыр беріп!
Ұруға бұрынғыдай бата алмапты,
Ғалының арыстандай формын көріп.

— Қайыр бер маған біраз тілімді алсаң,
Сөзіме сауап болар, құлақ салсаң.
Ай, сорлы, ақыретте азық болар,
Аз ғана қайыр беріп, батамды алсаң!

Ей, байғұс, қайыр берші маған деймін,
Мен разы болайыншы саған деймін.
Бермесен қайыр-зекет бұл дүниеде,
Барғанда ақыретке жаман деймін.

Әзірейіл бұл жаныңды алар деймін,
Қу басың көр астында қалар деймін.
Бұл малың жылан менен шаян болып,
Жабылып сол уақытта талар деймін!

Ауылыңа келген екем кешке таман! —
Бұл сөздің сараң байға бәрі жаман.
— Беретін бір тиын жоқ жүре бергіл,
Мезгілсіз мазамды алған қандай надан?!

Көп сөйлеп бас ауыртпа сөзің құрысын,
Саулатып жарапазан не ғып тұрсың?!
Басқаны батаңменен жарылқасаң,
Тентіреп елден елге не ғып жүрсің?!

Сөзіне сараң байдың қайран қалды,
Ерлігі тағы қысып ойына алды.
Бір сойқан енді саған салайын деп,
Ер Ғалы:
— Шапшаң шық!—деп айғай салды.

Дауысынан қорыққаннан шыға келді,
Шыдай алмай жарты тілім нанды берді.
Ішінен бір мың теңге бергендей боп,
Үйіне қайғы тартып кіреді енді.

Сараң бай танымады Ғалы ерді,
Ол байғұс қайыршыны көзі көрді.
“Пендеңе таупық берші, құдай-ау!”—деп,
Қайран боп батыр Ғалы жүре берді.

Құдай-ау, жаратпасаң неге мұндай?!
Қорыққаннан жарты тілім нанды берді-ай!
Ішпей-жемей қайыр-зекет бермей жиып,
Қайтеді ақыретте жиған малды-ай?!

Ғалы батыр үйіне қайтып келді,
Бастан аяқ көргенін айтып келді.
“Жатқанға бір күн көрге мың ділда!” — деп,
Жар салып жинап алды тамам елді.

— Жан қалмай шақырған соң келсін!—дейді,
— Менің патша екенімді білсін!—дейді.
— Көрге жатқан кісіге сый беремін,
Салтанат тамашамды көрсін!—дейді.

Жар салды осылай деп хазірет Ғалы,
Бұл хабарды есітті жанның бөрі.
“Көрге жатып мың ділда аламын!” — деп,
Жиылған айта алмады жас пен көрі.

Есітті бұл хабарды ол сараң бай,
Оны да сараң қылған патша-құдай.
“Олжаны тегін жатқан алсам ба?” — деп,
Толқиды байдың көңілі олай-бұлай.

Ер Ғалы тамам елге хабар шашты,
Ерінген осы олжадан жарамас-ты.
“Олжаны тегін жатқан алсам ба?!”— деп,
Сараң бай қатынымен ақылдасты.

— Әй, қатын, патшаға барсам ба екен,
Ерлік қып қалың топты жарсам ба екен?!
Жатқанға бір күн көрге нем құрайды,
Бос жатқан ділданы алсам ба екен?!

Қатыны айтты:

— Отырсаң көтің қысып,
Тірідей не қыласың көрге түсіп?!
Қызықпа, тілімді алсаң, осы олжаға,
Бара ма жай отырсаң ішің пысып?!

Еш адам патшаны жеңе алмайды,
Не айтса патша сөзін кек алмайды.
Шаһарда сенен батыр толып жатыр,
Оңай болса, көрге түсіп, неге алмайды?!

Қорқақ па бөрі сөның жүрегі жоқ,
Көңілі тасып тұрған зерделі жоқ.
Олжа деп тегін жатқан қызығасың,
Сөзіңнің былшылдаған керегі жоқ.

— Адам деп сөз айтып ем сені!— дейді,
— Келе ме қорыққанның жөні,— дейді.
— Олжаны тегін жатқан алма дейсің,
Құртарсың бүйте берсең мені!— дейді.

Жатқанға бір күн көрге қылма қауіп! —
Сараң бай барайын деп көңілі ауып.
Жатқанға нем құрайды бір күн көрге,
Алайын тегін олжа ебін тауып.

Сараң бай ақша алғалы келді дейді,
Көрмеген бұрын мұндай елді дейді.
“А, патша, ділдан қайда?!”— дегеннен соң,
Түсерін мұның енді білді дейді.

Сараң бай осы топқа келді жетіп,
Көрмеген адамдарды тамаша етіп.
Алдына кеп патшаның сөз сөйлейді,
Ойында ділда алам деп үміт етіп.

— Ай, патша, тағыңызбен ағар!—дейді,
Кәрібің талап қылып бағар!—дейді.

.....
.....
Бұл байдың қайран қалды сөздеріне,
Еш нәрсе көрінбейді көздеріне.

— Кім жатса осы көрге беремін,—деп,
Көрсетті бір мың ділда көздеріне.

Ғалы айтты:

— Патшалығым менің—дейді,
— Алғаны бір мың ділда тегін,—дейді.
Түспеді көрге қорқып өңшең жаман,
Көрелік ерлігінді сенің!—дейді.

— Ай, патша разымын саған!—дейді,
— Қылайын қызметінді тамам!—дейді.
— Біткенше бір күн тамам қасымызда,
Кісілер әзір қып қой маған! — дейді.

— Қызметінді асырмалық күннен әрі! —
Бұл іске қайран болды хазірет Ғалы.
Біткенше бір күн тамам жібермеймін,
Тұрады осы жерде жанның бәрі.

Ол көрге мақұл көріп жатпақ болды,
Бір күнін мың ділдаға сатпақ болды.
Жатқан соң көр ішіне сараң байдың,
Ауызын кәдімгідей жаппақ болды.

Жатуға бір күн көрге ерінбейді,
Өз малы титтей көзге көрінбейді.
Өзге жұрт қайран қалып, қорқып тұрса,
Сараң бай: “Ділда алам!”—деп, күлімдейді.

Ол көрге: “Ділда алам!” — деп, жатты дейді,
Беттерін қараңғы қып жапты дейді.
Қараңғы көр ішіне жалғыз жатып,
Алаңдап жан-жағына бақты дейді.

Көрге қойып, қырық қадам кетті дейді,
Жалғыздық бейшараға жетті дейді.
Ол байғұс жан-жағына қарап тұрса,
Бір нәрсе жарқ-жүрқ етіп кепті дейді.

Ол нәрсе келе жатыр түсі суық,
Көрмеген мұндай нәрсе өзі туып.
Бір ерні-жерді, бір ерні көкті тіреп,
Тілімен бұл дүниені алды буып.

Көрінген жылан екен келді жетіп,
Тілдерін олай-бұлай жалаң етіп.
Аузына жарты тілім нан жабысып,
Сонан кейін ол жылан қалды кетіп.

Онан соң Мүңкір-Нәңкір келді жетіп,
Күрзисі таудай екен, қолға тұтып.
Жап-жалтыр көзі жалғыз табақтай боп,
Сараң бай қорықты жаман есі кетіп.

Көзінен от шашырап тұрды дейді,
— Ман рәббик!—деп жауабын сұрды (сұрады) дейді.
— Аулақ жүр, қондырмаймын!—дегеннен соң,
Күрзімен ашуланып ұрды дейді.

Дал-дал боп, күрзі тиіп, кетті сонда,
Салмағы қара жерге жетті сонда.
Періштелер бөлегін жиып алып,
Ақылын әуелгідей етті сонда.

Сараң бай ойбай салды сонда шошып,
Сұрайды періштелер тосып-тосып.
Дауысы талай жерге кетті дейді,
Жер келді екі жақтан бүйірін қысып.

Сараң бай көрде жатып салды ойбай:
— Жөлықтым қандай іске—дейді,—құдай?!
— Малынан зекет бермей аздырған!—деп,
Жылан мен шаян келді таудай-таудай.

— Түк бермей еш адамға жүрдің не ғып?!
Нан бердің жарты тілім, кетті қағып,
Біздерді дүниеде аздырдың!—деп,
Жылан, шаян боп малдары жатыр шағып.

Сараң бай көрде жатып, ғазап тартты,
Ғазаптың неше түрлі дөмін татты.
Ұрады періштелер күрзіменен,
Шаққаны жылан-шаян онан қатты.

— Ай, патша, тағыңызбен ағар!—дейді,
Көрібің талап қылып бағар!—дейді.

.....
Бұл байдың қайран қалды сөздеріне,
Еш нәрсе көрінбейді көздеріне.

— Кім жатса осы көрге беремін,—деп,
Көрсетті бір мың ділда көздеріне.

Ғалы айтты:

— Патшалығым менің—дейді,
— Алғаны бір мың ділда теңін,—дейді.
Түспеді көрге қорқып өңшең жаман,
Көрелік ерлігіңді сенің!—дейді.

— Ай, патша разымын саған!—дейді,
— Қылайын қызметіңді тамам!—дейді.
— Біткенше бір күн тамам қасымызда,
Кісілер әзір қып қой маған! — дейді.

— Қызметіңді асырмалық күннен әрі! —
Бұл іске қайран болды хазірет Ғалы.
Біткенше бір күн тамам жібермеймін,
Тұрады осы жерде жанның бәрі.

Ол көрге мақұл көріп жатпақ болды,
Бір күнін мың ділдаға сатпақ болды.
Жатқан соң көр ішіне сараң байдың,
Ауызын кәдімгідей жаппақ болды.

Жатуға бір күн көрге ерінбейді,
Өз малы титтей көзге көрінбейді.
Өзге жұрт қайран қалып, қорқып тұрса,
Сараң бай: “Ділда алам!”—деп, күлімдейді.

Ол көрге: “Ділда алам!” — деп, жатты дейді,
Беттерін қараңғы қып жапты дейді.
Қараңғы көр ішіне жалғыз жатып,
Алаңдап жан-жағына бақты дейді.

Көрге қойып, қырық қадам кетті дейді,
Жалғыздық бейшараға жетті дейді.
Ол байғұс жан-жағына қарап тұрса,
Бір нәрсе жарқ-жұрқ етіп кепті дейді.

Ол нәрсе келе жатыр түсі суық,
Көрмеген мұндай нәрсе өзі туып.
Бір ерні-жерді, бір ерні көкті тіреп,
Тілімен бұл дүниені алды буып.

Көрінген жылан екен келді жетін,
Тілдерін олай-бұлай жалаң етіп.
Аузына жарты тілім нан жабысып,
Сонан кейін ол жылан қалды кетіп.

Онан соң Мүңкір-Нәңкір келді жетіп,
Күрзісі таудай екен, қолға тұтып.
Жап-жалтыр көзі жалғыз табақтай боп,
Сараң бай қорықты жаман есі кетіп.

Көзінен от шашырап тұрды дейді,
— Ман рәббик!—деп жауабын сұрды (сұрады) дейді.
— Аулақ жүр, қондырмаймын!—дегеннен соң,
Күрзімен ашуланып ұрды дейді.

Дал-дал боп, күрзі тніп, кетті сонда,
Салмағы қара жерге жетті сонда.
Періштелер бөлегін жиып алып,
Ақылын әуелгідей етті сонда.

Сараң бай ойбай салды сонда шошып,
Сұрайды періштелер тосып-тосып.
Дауысы талай жерге кетті дейді,
Жер келді екі жақтан бүйірін қысып.

Сараң бай көрде жатып салды ойбай:
— Жолықтым қандай іске—дейді, -құдай?!
— Малынан зекет бермей аздырған!—деп,
Жылан мен шаян келді таудай-таудай.

— Түк бермей еш адамға жүрдің не ғып?!
Нан бердің жарты тілім, кетті қағып,
Біздерді дүниеде аздырдың!—деп,
Жылан, шаян боп малдары жатыр шағып.

Сараң бай көрде жатып, ғазап тартты,
Ғазаптың неше түрлі дәмін татты.
Ұрады періштелер күрзіменен,
Шаққаны жылан-шаян онан қатты.

Сараң бай есектей боп бақырады:
— Өлдім, — деп, — Ойбай, Ғалы! — шақырады.
Тоқтайды: “Ғалы” — десе, ғазаптары,
Періште: — Ман рәббик! — деп ақырады.

Сөзіне жауап таппай жатыр сасып,
Дауысы нашарланды, халі қашып.
“Мен — түйең, мен — қойың, мен — жылқың!” — деп,
Жылан мен шаяндар кетті басып.

Азаптың сондай түрлі көрді бәрін,
Білмейді ойбай салып не қыларын.
Ғалының қасындағы көп адамдар,
Есітіп жылап тұрды қатты зарын.

Сараң бай шыңғырады дамыл алмай,
Азапқа неше түрлі шыдай алмай.
Ғалының қасындағы тамам жандар,
Жылайды бәрі қорқып есі қалмай.

Періште неше түрлі азап етті,
Күдайым оған берді мұндай дертті.
Шығады неше түрлі көрден дауыс,
Естіген адамдардың есі кетті.

Жамағат сонда тұрып жалынды кеп,
Бәрісі ақыреттің қайғысын жеп:
— Ей, тақсыр, енді қорқар қияметтен,
Байғұсты енді көрден алыңыз! — деп.

Дауысы сонда шықты тым-ақ жаман,
Жылайды қорыққан соң талай надан.
Шыққан соң ащы дауыс хазірет Ғалы,
Шыдамай енді жүрді көрге таман.

Шыққан соң ащы дауыс, халі қашты,
Баршасы көрге қарай қадам басты.
Тазалап үстіндегі топырағын,
Сағат жарым болғанда, аузын ашты.

Қараса, шала-жансар болған екен,
Көріне жылан-шаян толған екен.
Ажалсыз жан шыға ма, жамағатлар?!
Ғазапты шыбын жанға қылған екен.

Біреуі тыста тұрып сәлем берді,
Иа, Алла, асан қылғыл ондай жерді.
Құданың құдіретімен ол сараң бай
Бір сағатта қырық жылдық азап көрді.

Талқан қып бұзып алды жапқан көрді,
Барша жұрт қайран қылды Ғалы ерді.
Сараң бай есі ауып, құлап қалды,
Сонан соң көтеріп үйге алып келді.

Ол байғұс бір күн, бір түн жатты талып,
Жаны бар кеудесінде қойды салып.
Дем салып Ғалы батыр қойған екен,
Көтерді сонда басын демін алып.

Ол байғұс бір күн, бір түн талған екен,
Құдайым мұндай күйге салған екен.
Отырды қозғала алмай қайран қалып,
Қалжырап есі кетіп қалған екен.

Жарадан сау жері жоқ тұла бойы,
Жабылып шаққан екен жылқы-қойы.
Сараң бай сол бойымен өліп кетсе,
Олгенде болар еді-ау үлкен тойы.

Бай сойлейді:

— Жарандар, келдім қайдан?
Етімнің сау жері жоқ мынадайдан.
Қарайды төңірекке көзін салып,
Енді сөз естіңіз сараң байдан.

Бай айтады:

— Ауылдан келдім мұнда,
Түбіме менің жетті бір мың ділда.
Есіме жаңа түсті, мен сөйлейін,
Қандай күйге мен түстім көр ішінде?!

Жаранлар, көрге түсіп жаттым, — дейді,
— Өз жаныма жамандық етім! — дейді.
— Шапағат қылғыл, тақсыр, мен көрінке (ғаріпке),
Болмаса су түбіне кеттім! — дейді.

Ол байғұс жылап-жылап тағы талды,
Бірнеше шошып, қорқып ойбай салды.
Біразырақ жатты да, есін жиып,
— Аһ! — деп енді басын жұлып алды.

– Бү дүние, енді білдім, өтеді екен,
Түбіме жиған малым жетеді екен.
Бұл малды көбейтем деп қимағанлар,
Жанына азап-залал етеді екен.

Мен сорлы ділда алам деп көрге жаттым,
Қырық жылдық көр астында ғазап тарттым.
Жалғыз-ақ бір жылан тимей кетті,
Ғазаптың онан басқа бәрін тарттым.

Малдарым жылан, шаян болды, – дейді,
– Көр ішіне баршасы толды, – дейді.
Екі кісі сұрайды: “Ман рәббик!” – деп,
Сөйлесем, күрзіменен ұрды! – дейді.

– Көрмеген екеуінің түсі суық,
Көрмедім ондай адам өзім туып.
Көзі бар маңдайында бір табақтай,
Аузынан от шығады, кеттім күйіп.

Айтамын көп азаптың енді несін,
Қорыққан соң қалмады титтей есім.
Өз малым ғаріп жанға дұшпан (дұшман) екен,
Шіркінді жанға бермей, “досым” – десем.

Жылан мен шаян басты қазған көрді,
Баршасы – өзім малым: көзім көрді.
“Біз – малың: зекет бермей аздырған!” – деп,
Жабылып мен байғұсты талай берді.

Азапқа шыдай алмай көп жыладым,
– Құтылар күн бар ма екен?! – деп жыладым.
“Енді өлсем, тағы сондай қылады!” – деп,
Уайымын соның үшін жеп жыладым.

Азапты қатты көрдім малым үшін,
Барады күйіп-жанып іші-тысым.
Өз малым өз жаныма дұшпан екен,
Иа, тақсыр, шапағат қыл жаным үшін!

Дүниеде жан жоқ екен мендей болған,
Ерінбей өлгенінше дүние қуған.
Өкініп өз ісіне бұл бейшара,
Көзінің жасыменен бетін жуған.

— Мен бұрын мұндай істі білмес едім,
Құлаққа айтқан сөзді ілмес едім.
Боларын мұндай азап бұрын білсем,
Бұл жерге ділда алам деп келмес едім.

Ешкімнің алмаушы едім насихатын,
Дүние үшін көп тарттым көр мехнатын.
Ей, тақсыр, енді білдім бұл ісінді,
Көрсін деп маған қылған мархабатың.

Сипады сонда Ғалы басын, көзін,
Басына жастық қылды екі тізесін (тізнін).
— Бейшара, көп жылама, басың көтер,
Мәхкам тұт шарифаттың айтқан сөзін.

Бұл істі бір құдайдан білгіл!—дейді,
— Соңынан шарифаттың ергіл!—дейді.
— Өзіңе жиған малың шаян болды,
Дұрыстап зекетінді бергіл!—дейді.

Құлшылық күндіз-түні етті дейді,
Айтқанын шарифаттың күтті дейді.
Рузасын (оразасын) қаза намаз жиып алып,
Сонан соң тақуа болып кетті дейді.

Ол байғұс тақуа болып дінін күтті,
Сұрады күндіз-түні шарифатты.
Бұрынғы істеріне тәубе қылып,
Онан соң мейман күтіп өмірі өтті.

Қазасын руза, намаз жиып алды,
Байғұсты Шаһимардан жолға салды.
Істерін шарифаттың мөккам ұстап,
Ақырда-иман тауып, дүние салды.

Жаранлар, алдап жүр ғой дүние деген,
Жақсылар ақыреттің қамын жеген.
“Әлужул лайд хіл алжіте үлкен заһида”,—деп,
“Көрмейді пейіш жүзін сараң!” — деген.

Бұл айтқан пайғамбарым бір хадисі,
Тұзу жолдан азбасын әр пендесі.
Дүниені бұ тіріде кимағандар,
Қор болар ақыретте ғазиз басы.

Әркімге ғибрат үшін жаздым мұны,
Жайымыз қайда болар махшар күні?!
Бір Алла, рахматың көп, жарлығы қыл,
Ғапу қыл мен кәріптен көп күнәны!

Баршаға ғибрат үшін жазған сөзім,
Басқаға ғибрат болсын айтқан сөзім.
Не ғамал, не қайыр жоқ біз кәріпті,
Иа, Рахым, жарылқағыл жалғыз өзің!

Жарылқар сенен басқа кісім де жоқ,
Күнәдан қылар басқа ісім де жоқ.
Айтамын ғасылықпен бұрынғыны,
Келері өз басыма есімде жоқ.

Кәріп ем бір кітаптан осы сөзді,
Бұлайша келтіруге салдым көзді.
Баршасын сөз шығарып, өлең қылдым,
Жамағат, ғайып қылма енді бізді!



Ғалының мырзалығы

Пайғамбар — Хақ Мұстафа, Құдай дос-ты,
Ғалыға Фатима атты қызын қосты.
Хасен бірлан Хұсайын онан туып,
Кұнайыр (Күнәкар) көп үмбетке ара түсті.

Солардың қайтайын деп жүзін көрін,
Аталық шапағатпен көңіл ерін,
Үйне ер Ғалының Хақ пайғамбар
Жарқ етіп шыққан таңдай келді кіріп.

Ер Ғалы шер арыстан батыр екен,
Жалғанда мал жимаған пақыр екен.
Хасен менен Хұсайын онан туып,
Ауырып төсек тартып жатыр екен.

Өлімнің ешкім білмес ерте-кешін,
Жорыпты жақсылыққа көрген түсін.
Қызы менен күйеуіне айтты дейді:
— Қылындар нәзіралла Құдай үшін!

— Ауруы балалардың жаман! — дейді,
— Бір Құдай айтқызып тұр маған! — дейді.
— Нәзіралла Құдай үшін қылсаңыздар,
Жазылар бұл балалар аман! — дейді.

Құдайдан жоқ бұларда аяйтын ой,
Кәнеки, сойып берсек, боз қасқа қой!
Жек көріп ит дүниені жимағанмен,
Кей уақыт керек орны болады гой.

Союға халал емес Дүлдүл еті,
Тауық жоқ шақырарға, үреге — иті.
Жоқтықпен сүйген құлын жолдас қылған —
Құдайдың ол бір ғажап құдіреті.

— Бізде мал жоқ Дүлдүлден өзге — дейді,
— Құрбандық бір жанымсыз сізге! — дейді.
— Балалар бұл аурудан жазылса аман,
— Садақа үш күн ораза бізге! — дейді.

Пендеде дүние қуған сана бар ма,
Тәңірінің қылған ісіне шара бар ма?!
— Біз-дағы үш күн руза тұтамыз! — деп,
— Шулады ауырып жатқан балалар да.

Есікте бір күңі бар алып келген,
Кәпірден ат көтіне салып келген.
— Мен-дағы үш күн руза тұтамын, — деп,
— О дағы өз аузынан уағда берген.

Тілеуі бесеуінің бірдей келді,
Балалар ауруынан жазылды енді.
Нәзір қылған үш күннен құтылуға
Бел байлап оразаға бұлар кірді.

Дүниені өздерінен қылған арам,
Бұлардай болмайды ғой бұл күнгі адам.
Бес жан бірдей ораза болды дейді,
Керек қой ауыз ашарға халал тағам.

Жимаған керек қылып дүние боқты,
Қолында жоқ болса да, көңіл төқ-ты.
Кеш болса ауыз ашарға даярлауға
Татымдық бір саларлық тұз да жоқ-ты!

Үйіне бір жәһиттің (жәйттің) Ғалы барды,
Жіп қылып иіруге жүнін алды.
— Жіп иіріп бір шекпендік береміз, — деп,
— Күңі мен Фатиманы іске салды.

Фатима кешке шейін иірді жіп,
Болыпты жақсыларда осындай кеп.
Арпаны ұн қылып, нан пісіріпті:
“Кеш болса, қуансын, — деп, — балалар жеп!”

Кеш болып, ауыз ашардың болды кезі,
Мұның бар арт жағында қызық кебі.
Бесеуі бір дастарқанға отырыпты,
Меншіктеп бір-бір нанды өзді-өзі.

Есіктен бір бейшара айғай салды,
Аузына ал дегенде Құдайды алды.
— Пақырмын, Мүсәпірмін, ашпын! — дейді,
— Жазбаған бұл (бір) жалғанда маған малды!

– Мен Мүсәпір айрылған ақыл, естен,
Несіпсіз жаралған соң ерте-кештен.
Мал-жаным, жайы-күйім жауға кетіп,
Жылаулы тұтқынмын! – деп, – қолға түскен!

Естіп батыр Ғалы иек қақты:
– Фатима, біз жемейік бұл тамақты!
Теп-тегіс алып бар да, соған берші,
Зорлығын бүгін көрген бізге шақты.

Фатима айтсыменен тұра келді.
Апарып барлық нанды оған берді.
Өздері жегенінен артық көрін,
Бәрі де бұл нәубетке қуанды енді.

Түн өтіп, ертеңгі күн руза тұтты,
Бұл нәубетпен бұлардан бұл түн өтті.
Бес нандық ақшасына алып арпа,
Жіп иіріп, жөйіттің жүнін тұтті.

Иірді кешке шейін жіпті дейді,
Арпаны алған үн қылып үкті дейді.
Қолына алып жейін деп отырғанда,
Бір жетім тағы есікке кепті дейді.

– Жетіммін, жылаулымын, ата-анам жоқ,
Қайысар қабырғасы маған жан жоқ,
Құдайға шын құлаған жан бар ма екен,
Қылатын бүгін (бұл күн) менің қарнымды тоқ?!

Демендер мені: “Неге бүйтіп жүрсің?!”
Түспеген өз басына қайдан білсін?!
Қарынымды Құдай үшін кім тойғызса,
Есесін соң пейіштен Аллаһ берсін!

Ғалы айтты:

– Фатима, тұршы! – дейді,
– Зарына қанды құлақтың құрышы! – дейді.
– Бес нанды біз жегенмен не болады,
– Апарып бәрін соған берші! – дейді.

Жымиып, езу тартып күлді дейді:
— Ас болмас, біз жегенмен енді! — дейді.
— Бейшарам, назырқанбай ала гәр! — деп,
Жақсы сөз, жылы жүзбен қуат берді.

Бұл күнгі жан мұндайды жек көреді,
Жалғыз уыс үн берсе, көп көреді.
Жақсы сөз, жылы жүзбен бермек түгіл,
“Қаңғырған-ақ көп екен!” — деп береді.

Тәңірім, неге жараттың бізді мұндай?!
Бүйткенше әуел бастан жоқ-ақ қылай!
Бір тарыдай бойында қасиет жоқ,
Қоңыраудай сылдыраған біз-бір сұмырай!

Түн өтіп, ертеңгі күн атты таңы,
Рузаға бел байлады бұлар тағы.
Жалғанда Құдай үшін жан қинаса,
Пендені бір жарылқар болар шағы!

Жөйтке тағы барды кеше барған,
Бес нандық өлшеуменен арпаны алған.
— Жіп иіріп бір шекпендік береміз! — деп,
Күңі мен Фатиманы іске салған.

Арпаны үгіп үн істеп, нан қылыпты,
Кеш батып, қас қарайып шам болыпты.
Жаңа алдына даярлап қойған кезде
Бір мүсәпір есіктен жан келіпті.

Есіктен бір бейшара айғай салды,
Аузына ал дегенде Құдайды алды.
— Пақырмын, мүсәпірмін, ашпын! — дейді,
— Жазбаған бұл жалғанда маған малды!

Тентіреп есігіңе іздеп келдім:
“Үрпағы пайғамбардың — сіз!” — деп келдім.
“Маған нан ос есіктен табылар!” — деп,
Үміт қып анадайдан көздеп келдім!

“Осы үйде бар шығар, — деп, — шын мұсылман!” —
Аштықтан шамам кетіп мен қысылған.
Тамырым, танысым жоқ мен — бір кәріп,
Құр кетіп әр есіктен сағым сынған.

— Бар болса үйде халал тағам, — дейді.
— Беріңдер, мұсылмандар, маған! — дейді.
— Есесін соң пейіштен Аллаһ берсін,
Пендеде жоқ түр (тұр) менен жаман! — дейді.

Естіп батыр Ғалы тасты дейді:
— Фатима, шытпа бұған қасты! — дейді.
— Кешеге міскін менен жетімнен де
Мұның мұңлық-зарлығы асты! — дейді.

— Біз берсек бұл тамақты бүгін қиып,
Құдайдан көгереміз сауап тиіп.
Жегенменен бес нанды не болады,
Теп-тегіс берші соған бәрін жиып!

— Мен шытып қабағымды не қылғаным,
Құдайдан мейман еді сағынғаным.
Емес пе алған бәйгем, тапқан олжам —
Жерлерден ойлағандай табылғаным.

Қайтыпты пақыр-міскін судай тасып,
Қолына бес нан бірдей болды несіп.
Құдайға шүкірлік қып бұлар жатты,
Қатықсыз қара сумен аузын ашып.

Жуырда аш кісіге таң атпайды,
Бір ауыз оған кейіп тіл қатпайды.
Көрінсе бір бейшара көріп-міскін,
Тыржындап ендігі әйел ұнатпайды.

Біз келдік сұм дүниеге қайдан туып,
Мұздаған әлдеқашан көңілі суып.
Біз ондай жазатайым мінез қылсақ,
Қатындар жіберетін үйден қуып.

Бұл жалғанда жақпайды: “Бер!” — деген сөз.
“Бер!” — деп айтсаң, алартып қарайды көз.
Сырт айналып қатындар күңкілдейді:
“Қаңғырған-ақ осы үйге болад, — деп, — кез!”

Үш күн түгел болған соң, аузын ашты,
Бейнеттеніп, жүдемес ішуге асты.
Томсырайып бәрі де отыр еді,
Бұл үйге ақ пайғамбар қадам басты.

Отыр екен бәрі де келсе кіріп,
Бұрынғыдай болмапты ажар, көрік.
— Не хал болды сендерге? — деп сұрапты.
— Өңі-түсін бәрінің сынық көріп.

“Ақыл-малда, — деп айтқан, — көрік-көмейден”,
Қайдан кірсін ажары, ас жемеген?!
— Деніміз сау, Құдайға шүкір! — депті,
Пәлен-түген “ас жоқ! — деп үндемеген.

“Қымыз, сүт жоқ, — демейді, — қатық, айран”,
Жоқ болса да ықтияры бір Құдайдан.
Хал-жайынан бұлар сыр бермеген соң,
Тамаша хақ пайғамбар қалды қайран.

Ауру деуге ыңқыл мен күрсілі жоқ,
“Аш емеспіз, — деседі, — қарнымыз ток”.
Бәрі бірдей ажарсыз көрінген соң,
Бір қайғы, пайғамбарға қадалды оқ!

Бұлардан ала алмады хабар, тілді,
Хазіреті рухы Алладан хабар келді.
Бастан-аяқ сырының бәрін сөйлеп.
Құдай сөзі — Құранның аят енді:

“Садақа үш күн руза” — басы сөздің,
Іс қылды айтқаныңша бұлар сіздің!
Бес жан бірдей ораза болды! — дейді,
“Болмайық, — деп, — санына уағдасыздың!”

Нәзірін айтқаныңыз опа қылды,
Қорыққаннан қиямет аттай желді.
Жүн түтіп, жіп иіріп алған нанын
Алдына қойған кезде міскін келді.

Еш нәрсе сүйікті емес ішер астан,
Кешкен пенде біледі аштық бастан.
Ішер астан Құдайды артық көріп,
Бәрін берді міскінге тастамастан!

Ертеңгі күн тағы да болды сондай,
Өзі аш қалып, бермес ешкім мұндай.
Жаңа алдына даярлап қойған кезде
Кез болды қарны ашқан жетім сұмырай.

Бүгін тапқан бес нанды бұған берді,
“Қараспасақ болмас, — деп, — оған енді!”

Бұл жалғанда өзі жеп тойғанынан
Құдай үшін беруді артық көрді.

Үшінші күн тағы да қылды кәсіп,
Жүн түгіп, жіп иіріп жабырласып.
Алдарына даярлап қойған кезде
Бір мүсәпір есіктен келді ашып.

Жиып соған берісті барлық нанын,
Жалғаннан Құдай үшін қинап жанын.
Ғалының уысында тұрар емес,
Жалғанның берсе-дағы барлық малын!

Және сонда бергенде, не деп берді?!
“Бейшарам, қарның тоя же!” — деп берді!
“Қарның ашса, күн сайын келіп тұр” — деп,
Жылы сөзбен көп қуат, медет берді.

— Мұны саған беремін Құдай үшін,
“Түседі, — деп ойлама, — бір жұмысым!”
Мақтап кетсін бізді деп, ойға алмаңыз,
Ондайлықпен, сірә, жоқ менің ісім!

Бәрібір: мейлің мақта, мейлің бокта,
Төңір алдына бір барар: аш та, тоқ та!
Қайырар деп қаруын ойламаймын,
Бір жабдық, бір шаруа керек уакта.

Құдайдан қорыққандықтан, беріп тұрмын.
Еріткен сары майдай еріп тұрмын.
Бізді Құдай осындай жарылқар деп,
Келгенінді құп тамаша көріп тұрмын!

Біз қарасақ бұл күнде жаман көзбен,
Жөнелтсек жекіп сені суық жүзбен,
Таңла махшар күнінде патша Құдай
Қиын ғой теріс қарап тұрса бізбен! —

Қанағаттық аз дүние болса несіп,
Аш қалғандай үй іші, кетсе ашып.
Жалғыз-жарым тіленші келсе есікке,
Қатындармен тұрамыз теріс қарасып.

Бұл жалғанның аштығын бұлар көрді,
Кәріп-міскін сыйлады жетімдерді.
Дүниені ләззатпенен беріп еді,
Көне, Құдай оларға нені берді?!

Айтқан соң кітап сөзін керек ұстау.
Келіспес қолға алған соң, қайта тастау!
Бас бұларды сақтады Хақ тағала
Күнінде қияметтің қиын – қыстау!

Дүниеде қылғаны үшін аштарды тоқ,
Бұларға қияметте қиындық жоқ.
Зырқыраған бойымен ұрмақ барар,
Сықылды атылғандай мылтықтан оқ!

Көрген көріп, көрмеген көрмей қалар,
Зырқыраған бойымен ұрмақ барар!
Жақсы сөз, жылы жүзбен шырай берін,
Тәңірім өзі алдынан тосып алар!

Жебірейіл пайғамбарға хабарласты,
Ғалының бұл мінезі қатден асты!
Құдайдан бұл жарлықты естіген соң,
Ұмытты ұйықтар ұйқы, ішер асты.

Пендесін жаратып па білмей Құдай?!
Қойыпты кейбіреуге бермей Құдай.
Құдай жалғыз Ғалыға Құдай емес,
Жан біткен бәрімізге бірдей Құдай!

Сыйлап бақ жоқ-жарлыны келсе күшің!
Беріп бақ тапқаныңды Құдай үшін!
Бізді Құдай осындай жарылқайды,
Ғалының қылсақ біз де қылған ісін.

Біреуді олай, біреуді былай көрме,
Мейман келсе, қыбыжықтап жылай берме!
Жақсы, жаман болса да, Хақ жаратты,
Қылған ісін Құдайдың сынап берме!



IV. Деректі дастандар

Шонтыбай қажы

Ассалаумағалейкум, ай, Қажеке!
Медине, құтты болсын, бардың Мекке,
Қыл-көпір ол, сираттан [1] өткендей боп,
Сау қайтып есен-аман келдің жеке.

Қажылар опат болған әрбір елден,
Алладан керім екен бұл бір келген.
Сізге біз қалай айтсақ жарасады,
Бөлініп сол қырғыннан аман келген.

Келдің бе есен-аман, данышпаным
Дін үшін қайрат (ғайрат) қылған арыстаным!
Көрісіп пайғамбармен, құшақтасып,
Төрт жармен (иармен) құтты болсын табысканың!

Медине, Мүнәре [2] көрдіңіз бе?
Жайларда Харам-Шариф [3] жүрдіңіз бе?
Пайғамбар михрәбінде [4] намаз оқып,
Есіктен Баб [5] Әлсәлем кірдіңіз бе?

Келдіңіз сондай абзал жайға барып,
Тілеулес болып жатқан біздер көріп (ғаріп).
Көз көріп, аяқ жүріп, қолмен ұстап,
Тауап қып айналдыңыз Руза Шариф.

Бір жатқан Әбубәкір, Хазірет Ғұмар,
Тарқаған бәрін көзден көріп құмар.
Келетін ол жебірейіл қадим жайлар
Сайрап тұр көңіліңізде айтсам солар.

Аралап кезіп келдің дүние жүзін (иүзін),
Ұнатып қостағаның құдай сөзін.
Зиарат қылғаныңыз құтты болсын
Фатима—пайғамбардың сүйер қызын!

Мекке мен Мединенің бәрі ғараб,
Баршасын көріп келдің қылып талап.
Сол жерде жұртқа (иұртқа) дұға қылғаныңыз
Жүзденіп (иүзланып) Ан-хазіретке қарсы қарап.

Тәкиеге [6] – Мединеге қондыңыз ба?
Нұрланып сондай жайда толдыңыз ба?
Жұма (жұмға) күн зиараттың артығырағы (артықрағы),
Жаннаты Ал-Бақияда болдыңыз ба?

Мүнәбиғ, Шылымшия, хазірет Ғұшман, –
Пайғамбар екі бірдей қызын қосқан.
Қажеке, қалды ма екен сізде де арман
Төрт жармен сондай жайда жолығысқан?!

Көзбенен көріп келдің шаһариарды,
Медине, Мекке есімді шаһарларды.
Тұрпаты Хазірет Ғали жоқ болса да,
Қадимжай сол Рузада рухы бар-ды.

Қылдыңыз оған дұға көңілге алып,
Тұрған соң жадыңызға (иадыңызға) құдай салып,
Зиарат қылғаныңыз құтты болсын
Жаннаты Ал-Бақияға тірі барып!

Ибраһим-пайғамбардың жалғыз ұлы (ұғлы),
Сахаба жеті мәшһур кәтте тұғлы.
Басында дұға қылып тұрғаныңыз –
Имамға имам Мәлік болып тұғыры.

Түз айдап, барады екен несіп тартқан,
Бара алмай не бітірді үйде жатқан?!
Аз уәж пайғамбардың мұтаһараты
Тоғызы бір күмбезде алтындатқан.

Және бар сол күмбезде Ғайша анамыз,
Көре алмай сондай жайды көп санамыз.
Сіз – бір шам жанып тұрған ортамызда,
Айналып біздер – келген пәруанамыз [7].

Болды ма сізге басшы далил [8] онда,
Бар ма еді ортаңызда терең молда?
Зейнеп, Рахия және де Әм Кашом, –
Қыздары пайғамбардың жатқан сонда.

Басына хазірет Ғаббас барғаныңыз,
Табылған бұ жолда ойға алғаныңыз.
Рузасын имам Хасен көзден көріп,
Қажеке, таркады да арманыңыз?!

Пайғамбар рузасына паналадың,
Жақсыны жамандардан сараладың.
Бәрін де сахабаның зиарат қып,
Көрістан Бақиһыны араладың.

Саны жоқ, хисабы көп мешіт көрдің,
Қыдырып бәріне де жүріп кірдің.
Тамамдап Мединені болғаннан соң,
Қарата һуде [9] тауға енді жүрдің.

Келтірді тәңірім айдап, біл, сіз үшін,
Медине – араладың іші-тысын.
Хазіреті Хамза башлық жетпіс екі
Шаһид пен пайғамбардың сынған тісін.

Зиарат қылдың бәрін, болсын қабыл,
Жерлерге аяқ бастың жетпейтін қол.
Баруға енді Мекке жабдыктанып,
Бет түзеп шығып мұнан жүрдіңіз жол.

Қағазға жаза берсем кетер сыймай,
Көзіңнің ағызғаның жасын тыймай!
Артында дәл бір нәрсең қалғандай боп,
Жөнелдің пайғамбарды ішің қимай.

Жеткізген сондай жайға, Алла тағала-ай,
Қажылар опат болған талай-талай!
“Шыныңмен, Руза-шариф, қалдың ба?!” – деп,
Талды ғой көз артыңа қарай-қарай!

Бір түйе кебеже салған екеу ара,
Көлік жоқ бас-басына дара-дара.
Өң менен түстей болып қала берді
Медине, Руза, Шариф, бес мұнара.

Сусыз шөл, жапан кезін, таудан астың,
Артыңа бұ жалғанды тастап қаштың,
Арманың бала жастан ойыңа алған
Байтолла [10] қағба болып аяқ бастың.

Түйесін бәдеуилер жаяу айдап,
Иініне ихрам [11] кидің, рида [12] байлап.
Жамыратқан қозыдай боп улап-шулап,
Жүгірдің ләббайклап сонда айғайлап.

Бү жалған фәни дүние шықты есіңнен,
Көп қызық көрдің ракат іс күшіннен.
Шарапат сізден біздер үміттіміз,
Сау барып, есен-аман келісіңнен.

Жалаң бас, болдың сонда жалаң аяқ,
Айырылып ел-жұртыңнан жүріп саяқ.
Тірідей кебін киіп, жөнелгенің
Қайырылып алды-артыңа қарамай-ақ!

Басқаны қажы ісінен қылдың харам,
Шарттарын кітап айтқан айлап тамам.
Қарата Байтоллага бет қойғанда,
Жөнелдің ұшқан құстай көкке таман.

Өлімге бердің басты ыңғайланып,
Ақырет жабдығын жеп, соны ойланып.
“Азирфих Әл-куағид” – деген Алла,
Жүгірдің Байтолланы жеті айналып.

Байтолла қара жабу төрт бұрышты,
Көруге көтеріліп көңлің ұшты.
Есіңнен мал-жан шығып кетіп еді
Дариядан бері өткен соң, сонда түсті.

Айналдың Байтолланы көбелектей,
Қарамай жолдағыға баса-көктей.
Қажеке, армандайсың әлі күнге
Қалғанға сонда жаның шығып кетпей!

Көңілді қойған үшін бардың Хаққа,
Болмаған қайтуға ойың еш бұ жаққа!
Келтірген айдап Құдай еріксіз сізді
Жүзінді көрсетуге біздің баққа.

Тірідей сонда үстіңе кебін кидің,
Желге тоңып, жалаңаш күнге күйдің.
Ғалайық-ғуайықтан түгел кешіп,
Қол сұнып хыжыра сұр тастан сүйдің!

Ұмтылдың дін жолына іштен туа,
Періште ғамалыңа болған куә.
Мақам Ибраһимде намаз оқып,
Хақы үшін ел-жұртыңның қылдың дуа!

Дін үшін қайрат қылған сіз – бір батыр!
Талай бай боқ басында өліп жатыр.
Муминін [13] мумнат дұғаңыздың
Ішінде болдық па екен біздей пақыр?!

Жақсылық, талап ойлап жолға түстің,
Қатын-бала, мал-жаннан түгел кештің!
Су алып өз қолыңнан, мейірің қанып,
Құдыктан зәмзәм Шариф тойғанша іштің!

Қажеке, кабыл болсын бұ қылығың,
Бұйырған бұл өзіңе халал малың!
Күнәны ішкі-тысқы кетіруге,
Суына зәмзәм Шариф шомылғаның!

Бақытына ел-жұртыңның аман келдің,
Шарапат дұға тиіп (етіп), жүріп көрдің.
Рүкін [14] Ғырак, рүкін Шам, рүкін Хатим, –
Жүгіріп арасында аттай желдің.

Сағынып сыртыңыздан жұртың жоқтап,
Ап келді бақытымызға Құдай сақтап!
Тұрғандай ол ғаршының саясында,
Рүкін иамайзиде тұрдың тоқтап.

Көрмеген біз білмейміз жер шамасын,
Қарамансаң, қолың ұзын, жол табасың.
Қажеке, айналайын қолыңыздан,
Қағбаның құшақтаған босағасын!

Шақырған сізді сонда төңірім қалап,
Бас қосып жүрдіңіздер өңшең манап.
Құдайдан күнәһыңның кешілмегін
Қол жайып сондай жайда, қылдың талап!

Бастаған құдай оңға жүрісіңді,
Ұнатты дос-дұшпаның бұл ісіңді.
Тіледің сондай Шариф жайда жүріп,
Ағайын, халық, қарындас, жар, досыңды!

Тағы да болсаң тірі, барасың ба?
Барсаң сонда, бізді еске аласың ба?!
Милин хызырын зиарат қып,
Жүгірдің Сафа, Маруа [15] арасында.

Бардыңыз түйе мініп Арафатқа [16],
Жүрмейді ешкім мініп ол жерде атқа.
Бесін мен намаздігер қосып оқып,
Ұйыдың сондағы көп жамағатқа.

Басына шығып келдің Арафат тау,
Арман не ақша көп боп, болса ден сау?!
Дұғаның шексіз қабыл болар орны
Кім қылар: “Болмайды!”—деп, бұл сөзге дау?!

Сол жерге ап келінген мұқфөл [17] — шариф,
Бесігін Фатиманың және де алып.
Зиарат қылдыңыздар назар салып,
Жалғанда көре алмаған біздер көріп.

Ойлаған тілегінді берді құдай,
Күнәдан әбден пәк боп, болдың жұда-ай!
“Болды, — деп, — дұға қабыл” — естігенде,
Жүрегің қуанғаннан жарылғандай!

Жиылған Арафатта көпті көрдің,
Күн бата Мұздалифа [18] тауға жүрдің.
Қалмайтын бір зәредей бойда күнә,
Сол жайға қасиетті енді келдің.

Пайғамбар сонда тұрып дұға қылған:
— Сақта, — деп, — үмбетімді ғазабыңнан!
Күнәсын үмбетлерім ғапу қыл!—деп,
Бір жанын үмбет үшін қылған құрбан!

Құдайдан сол уақытта хабар жеткен:
— Кешілді үмбеттен, — деп күнә біткен!
Нақаттан кісі өлтірген кешілмейді,
Көп алып кісі ақысын бек ренжіткен!

— Құдай-ау, көп түйінді өзің шештің,
Білемін, Қадір алла, сенің күштің!
Бар ауыр екі күнә кешілмесе,
Кешкенде, үмбетімнің несін кештің?!

Сол түнде хақ пайғамбар жатты жылап,
Көз жасын топырақ пен шаңға бұлап.
Наз қылып, досы (досты) еркелеп сұраған соң,
Тақат қып тұра алмады-ау ешкім шыдап!

– Ай, достым, көп түйінді шештің, – дейді,
– Куә бол, періштелер, естің (естідің) – дейді.
– Уұқуф [19] Арафатта тұрған жанның
Күнәсын қанша болса кештім! – дейді.

Қажы барар пайғамбардың жолын қуған,
Махшар күн болса үміткер жасыл тудан.
– Күнәдан арылады пендем, – дейді, –
– Баладай анасынан жаңа туған!

Бізге айтқан хақ пайғамбар құдай сөзін,
Жаратқан абзал қылып тәңірім өзін.
Сол жайды аяғымен басып келген,
Қажының көзге сүрме қылсақ ізін!

Көресің іздеп Мекке сол барғаның,
Баянсыз өлі-ақ қалар сұм жалғаның.
Аяқпен басып келген сондай жерді
Қажеке, сіздердің де бар ма арманың?!

Бардыңыз сондай Шариф абзал жерге,
Жарасар қандай айтсақ, сіздей ерге.
Қауым боп жамағатпен оқыдыңыз,
Хұфтанды намазшаммен қосып бірге.

Фейд [20] күні, оныншы күн Құрбан айда,
Қажы бармаған байлықтан көрмес пайда.
Оқыдың таң намазын сарғайтпастан,
Мәшхар Әл-Харам деген абзал жайда.

Қонақтап сондай жайда жатқаныңыз,
Жалғанды ақыретке сатқаныңыз.
Қажеке, қабыл болсын бастан-аяқ
Шайтанға жетпіс тасты атқаныңыз!

Күн шықпай, міне, келін даярландың,
Бір-бір қой кісі басы сатып алдың.
Ағызып таудан қанын сарқыратып,
Құдайға жаныңды айтып құрбан шалдың.

Мойыныңнан парыз, уәжіб [21] түсіп қалған,
Кетумен естен шығып фәни жалған.
Тастарды жалаң аяқ басып жүрдің
Үстіне тастаған ет пісіп қалған.

Адамзат қайдан білсін көрмей, әні,
Қайда жүр болса сіздей жұрттың бөрі?!
Не қылып сондай жайда жүреді екен?
Берік екен күдеріден адам жаны!

Қажеке, ажал жетпей өлмей жүрдің,
Арманың не соларды көзбен көрдің?!
Минедіе [22] төрт мешіт бар зиарат кәт,
Бәріне аяғыңмен жүріп кірдің.

Үш күндей құрбан шалып оңтайландың,
Барсам деп бала жастан сонда ойландың.
“Болсын — деп — мұныменен парыз тамам!”
Тағы да Мекке келіп жеті айналдың.

Бү жалған, бәрімізден қалар фәни,
Күн болса барып көрер біздер де, әні.
Хадиша анамыздың жатқан жайы,
Көрдiңiз ол жаннат Әл-махалланы.

Сахаба жатқан сонда әулие көп,
Шаһидтің [23] ол жердегі есебі жоқ.
Кәріптер (ғарыптар) әрбір жұрттан барып өлген,
Жетпейді көптігіне жердегі шөп.

Ол бір тау шықтыңыз ғой Қубайысқа [24],
Айтыңыз көргенiңдi бiз байғұсқа.
Жете алмай арманда боп жүрген жан көп,
Тон келте болғандықтан, әм қол қысқа.

Жерлердi көрдiңiз бе, ай, жарылған?
Күнәдан әбден пәк боп сiз арылған.
Жұртыңыз келсе екен деп тiлеп тұрды,
Көруге ынтызар боп, көп сағынған.

Көрдiңiз пайғамбардың туған жерiн,
Тазалап жуып келдiң күнә кiрiн.
Далилдер басшы болған көрсеттi ме:
“Зиарат қылдыңыз, — деп, — жер кiндiгiн!”

Сөйлескен Мұса Хаққа тауында Тор,
Тартады қиямет күн Исрафил [25] сор.
Баршасын тамам айлап сiз келдiңiз,
Ақыры зиараттың — Жаббал нұр.

Далилдер басшы болып оңыңызда,
Бірге еріп періштелер соңыңызда.
Әулие Шейх Мұхаммед зиаратын
Бастыңыз кіре беріс жолыңызда.

Бар шығар көңіліңізде бұл арасы,
Коп таудың Мекке шаһары—бір дарасы.
Елестеп көз алдында тұрған шығар:
Қырық бір есік, ол-жеті мұнарасы.

Бү жолда арып-ашқан сізді жақтар,
Шарапат дұғаң тисе, құдай сақтар.
Сауабы (шуабы) өзге жылдан артық болып,
Және де болған биыл қажы-әкбәр [26].

Сіз — бір ер: Орта жүзге үлгі салған,
Ерлерден қасиетті үлес (ұлыс) алған.
Есіл мен Мойыншақтының арасындай
Оңай боп жүруіңе тоғыз (тоқуз) барған.

Жарасар қалай айтсақ, таксыр, сізді,
Кез қылып сейлеткен соң төңірім бізді.
Арғын, Қыпшак, Найман мен Керей, Уак,—
Бастадың басшы болып Орта жүзді.

Ала аяқ сіз—біз жүйрік таптан шыққан,
Көрген соң көленкенді шайтан бүкқан.
Ықыласың құдайыңа қабыл болып,
Пірлерден қасиетті бәһра [27] жүкқан.

Серкедей жұртты бастап салып кеттің,
Пайғамбар Рузасына барып жеттің.
Қара күреш (грош) тиынсыз қалғандарды
Шарапат дұғаңменен алып кеттің.

Ту болдың заманында бұл Қыпшаққа
Жасыңнан қойған ерсің көңілді аққа!
Жетектеп алып барып енгізгенің (инкізгәннің)
Соңыңнан ергендерді сол ұжмаққа!

Алтын мен күміс өнген көрігіңнен,
Жасыңнан дін ісіне жерігіңнен!
“Шонтыбай, Батырқожа” — атанып ең,
Айырылып қалай қалдың серігіңнен?!

Еді гой дін жолында шын жақының,
Естуші ек жастан сізді біз пақырын.
Таяныш бір босаған жоқ үйдей боп,
Қайғымен тарап тұрған сол ақылың.

Тірі адам бұ жалғанға қайтін тояр?
Мың күнәға бір тәубе қылсаң, жояр!
Батырқожа қажыны айтқан жерде
Көрген жан ішкен асын жерге қояр.

Ендігі бола берсін қалғаны аман,
Сіздердей туа бермес енді анадан!
Шапағат-пайғамбардан, пірден-дуа,
Тиген соң, болғаныңыз қәтеб [28] заман.

Жүзіңе токкен Құдай иман нұрын,
Даярлап Мединеден келдің орын.
Пайғамбар жолын қуған үмбетісің,
Сала көр кәріптерге (ғарибларға) көздің қырын.

Пірлердің назар-кәрде, наббат тиген,
Құлсың гой, уа, алла ғылым — Құдай сүйген!
Өлімге өлмес бұрын басты байлап,
Тірідей тоғыз жола кебін киген.

Рия жоқ парыз іске мақтан деген,
Бетінді сол қайтарма хақтан деген.
Бет алып бара жатқан уақытыңызда
Тақсыр-ай, бір сөз болды-ау: “Сақтан!”—деген.

“Бұл не?”—деп, жүре бердің ойыңа алып,
Иабинуғқа өтш, дария түстің барып.
Өткен күн, көрген жан мен жүрген жерлер,
Ұмыт боп бара жатыр ойдан қалып.

Қажекен мүрид [29] қылған Орта жүзді,
Айтайын толып жатыр қай бір сөзді?!
— Бабасы Қажекемнің жеп көрсін! — деп,
Бименде алып келген бір дарбызды.

Әркімнен сондай дарбыз келе берген,
Әр жерде тәңірім сондай бере берген.
Басшы қып нами қазақ Қажекемді,
Соңынан бәрі шұбап ере берген.

Атағы Алты Алашқа сол білінген,
Ауызға ер Шонтекем ерте ілінген.
Пәтерде иесі жоқ бір дарбыз тұр,
Пышақпен елеусіз боп бір тілінген.

“Біреу ғой тағы мұны алып қойған,
Құдайым бере берсе, бар ма тойған?
Қайтеміз алып жүріп сол бәрін?!”—деп,
Қажекең алдына алып мұны сойған.

Аузына: “Бисмилла!”—деп, бір салыпты,
Дарбыздан бір-бір кескен бәрі алыпты.
Алды тәтті болған соң, арты-кермек,
Қажекең жұтып қойып таң қалыпты.

“Көріпке (ғаріпке) қайда жүрсең, жақ бол”—деген,
“Ниетің қалыс болып, хақ бол”—деген.
Болған соң дарбыз дәмі екі түрлі,
Есіне түсе қапты: “Сақ бол!”—деген.

— Дарбыздың дәмі болды басқа,—депті,
— Кез болдық бір зиянды асқа!—депті.
— Ауызға мұның дәмі келіспеді,
Жеместен бәрің тегіс таста!—депті.

Тастаған бір татпастан сонда бәрі,
Бар екен сол дарбызда бір у—дәрі.
Байқамай сол бір кесіп жұтқаннан соң,
Шарапат қасиетпен сезген, әні!

Жүруге алып қойған түйе жалдап,
Қиын ғой ондай жолда көптен қалмақ.
Бойына Қажекемнің у жайылып,
Дерт болған жүргізбейтін ауыр салмақ.

Болғанын бір сұмдықтың білдің сонда,
Түйеге: “Тәуекел!”—деп, міндің сонда.
Әрі-бері жүргеннен соң ұзамай-ақ,
Бір күйге жан қиналып кірдің сонда.

Күйдірген уы құрғыр, өртеп ішін,
Кетірді сонда бойдан қуат-күшін.
Елжіреп іш-бауырың, от боп жанып,
Бір түрлі қап-қара боп кетті түсін.

Жалғаннан менің көңлім суынбаған,
Қажы бармай күнә-кірім жуылмаған.
Көрген соң Қажекемді жолдастары,
Қойдай маңырап, қозыдай шуылдаған.

Қажекем өңі жаман қашып қалған,
Бек жүдеп жолдастары жасып қалған.
Дегендей: “Енді қайткік тар жерде?!”—деп,
Қажылар мұны естіген сасып қалған.

— Бір жара болды бізге қиын!—десті,
— Қажының көрдік кеткен күйін!—десті.
— Қараған өзімізге жолдастармен
Қайталық кел Иабнуғқа кейін!—десті.

Қажекең мұны естіп болды наза:
— Ниетім шын құдайға едің таза.
Бетімді пайғамбардан қайтармаңдар,
Өлейін түйе үстінде, жетсе қаза!

Мен үшін тоқтап жолда қонбаңыздар,
Төсекті шөптіктегі оңдаңыздар.
“Мұхаммед құдай дос-ты”—деп, шығып-ем,
Бетімді пайғамбардан бұрмаңыздар!

“Пайғамбар мен сүннәті [30]” — деп, шықтым үйден,
Өртеніп өне бойым от боп күйген.
Болар ма көрер күнім барып көзбен,
Құтылып басқа түскен мұндай күйден?!

Шыныңмен, ажал, маған жеткенің бе?!
Бұйрығым түйе үстінде біткенің бе?!
Рузасын пайғамбардың қоре алмастан,
Арманда қайран көзім кеткенің бе?!

— Деп, жылап, көп мінажат, қылдың нала:
— Қайтар, —деп, —бү бәленді—Иа, Раббана!
Пайғамбар шапағатшы өзі қолдап,
Кеңіткен, тарылғанда, Хақ тағала!

Пайғамбар қолдап өзі, пана берген,
Үмбетін қолдан тартып ала берген.
Аузына пайғамбарды алғандықтан,
Жазылып, бойы жадырап сала берген.

Күндердің сондай жерде қиын тары-ай!
Бар құдай пендесіне болған пана-ай!
Өлімнен үмбетлерін алып шыққан
Атыңнан айналайын пайғамбар-ай!

Сөйледім бір күйзеліп талған жерін,
Құтқарып хақ пайғамбар алған жерін!
Оңалып сау-саламат жүріп кетіп,
Жарқырап шамша саулап жанған жерін!

Көп шығар көрген-білген мұнан қалған,
Аузыма сөздің шынын тәңірім салған.
Құдайдан тағдыр жетіп опат болды-ау,
Қажылар әрбір таптан биыл барған!

Кеткенім ұнамайды айтпай мұны,
Сөз емес жаситұғын оны-мұны.
Жылына қажы әкбәр тура келіп,
Еш шексіз өлгендердің болған жолы!

Қаратқан үйден шығып басын оңға,
Бар құдай қасиетті бастап жолға.
Ғазиздер Шариф жайда барып өлген,
Түсер ме қақсағанмен біздің қолға?!

Шонтекем, айналайын, тақсыр-пірім,
Бастаған Орта жүзді кемеңгерім.
Айырылып ел-жұртымнан жүрген күнде
Тарқаған сізді көріп ішкі шерім!

Мен қажы көргенім жоқ сізден басқа,
Ер едің атың шыққан “Алты Алашқа!”
Ерлерім қажы жолында зая болып,
Көкірек-қайғы, көз толып қанды жасқа!

Ажалсыз келдің тірі, өлмеген соң,
Не білер үйде жатқан жүрмеген соң?!
Жандай – дос, балдай – құрдас-құрбылардан,
Сағындым бір де-бірін көрмеген соң!

Өзі қожа күллі қажы кетіп еді,
Ерлікпен бұрын бір қажы етіп еді.
Ишаннан ол Ғайсабек дуа тиіп,
Оның да дәрежесі жетін еді!

Бү жолы талай жанды бастап барды,
Жұмақтан онда өлген жан орын алды.
Қарабұжыр, Тентек пен Қанжығалы,
Бәсентиін, Сүйіндік жесір қалды.

Өзіне құлап еді күллі Әжібай,
Ер еді дін іздеген бір қажымай.
Кеудесін жалаңаштап кетіп еді,
Дүниенің көз салмастан көп-азына-ай!

Талпынып әрбір істі қылып бақты,
Мінезбен жақсы қылық жұртқа жақты.
Жасында дәл отыз бес Қағбада өткен.
Сағындым қатты жоқтап бала Ысхақты!

Өзіммен және тату құрдас еді,
Бірге өскен кішкентайдан сырлас еді.
Немере, шөберенің ортасында
Жаныма жалғыз ерген жолдас еді.

Бір таптан Күлік деген жалғыз кеткен
Ер еді жастан әрбір талап еткен.
Бұйырып топырағы Шариф жайдан
Мешіттің Хәрәм Шариф ішінде өткен.

Жолында жүруші еді қысы-жазы,
Жібермей есіл ерді малдың азы.
Жаннаты Әл-Махаллаға барып өлген—
Еламан: Естай ұлы—Жүніс қажы.

Ерлікпен мұнан бұрын сол бір барған
Талап қып аз дәулетпен мешіт салған.
“Рузасын пайғамбардың бір көрсем!” — деп,
Құдайдан зарлап тілеп қылған арман.

Алдымнан өтіп еді сабақ алып,
Жүзінен иман нұры тұрған тамып.
Мен жүрмін өуре болып бұ жалғанда,
Айырылып сол бөрінен қапы қалып.

Дүйсекей: Қабыл ұлы Шашке барған,
Бай еді бейнет көрген шаруа-малдан.
Қызығын көп дәулеттің көріп көзі,
Мекке мен Мединеге барып қалған.

Төрт түлік малға толған айналасы,
Бай еді бұзылмаған сол қаласы.
Байлар көп бармай қаңғып үйінде өлген,
Болғанмен неме керек сан карасы?!

Жайылма, Ақкөл менен ел Тентектен,
“Шұбар төс, шынжыр балақ” — шыққан тектен.
Сарп қылып дүние малын барған Мекке,
Жан өтпес кара қазақ Әлібектен!

Қажы барған мал қызығын әбден көрді,
Бай болып, бармағандар қаңғып жүрді!
Қызықты дәулетінен қашып кеткен
Баласы Сұңқарбектің Бәйтен ер-ді!

Айтқан жоқ мұның бәрін ешкім маған,
Ілмейтін кісі көзге мен — бір таған!
Інісі Шыңғыс қажы: Қарабұжыр—
Бәйтен мен бірге барған батыр Таған.

“Қызыл тіл—бозбалалар, —өнер алды”,
Талап қып қағба қажыға екі-үш барды.
Төленгіт Еркесары інісі еді,
Айталық абзал туған батыр жанды.

Қыстауы — Қарағайлы-Уак еді
Жадыраған жазғы күндей шуақ еді.
О да өткен Бейсен қажы бұл сапарда,
Жасынан ойлағаны тауап [31] еді.

Көңіліне жастай Құдай салған еді,
Тағы бір мұнан бұрын барған еді.
Ермұхаммед қажы өлді, заты—Сырым,
“Итемген” бұрынғы аты қалған еді.

Қажылар айтылмаған мұнан да көп,
Мен қылдым білгенімді әңгіме кеп.
Сөйледім қысқа қылып, көп ұзартпай,
Ұзартсам, мылжындықтан бола ма деп.

Жылында қажы-әкбәр қажыға барған,
Көп рақат қанша жиған көрді малдан!
Құдай менен пайғамбар қалаған соң,
Айтылмыш өңшең ерлер сонда қалған!

Келмеген бір де-бірі Әжібайдың,
Бөбекей — Фиан молда Шегебайдың.
Айтайын қайсы бірін жұрт білмейтін,
Аты бар, атағы жоқ бықсық байдың?!

Жаннаты, Әл Махалладан қылған жайын
Басына тас қойдырған қылып дайын.
Мал-мүлкін талақ салып: “һу!” деп кеткен,
Айтыңыз жеті рудың Үсен байын.

Күн бұрын жабдықталып (жабдықланып)жайланбаған,
Ашылып, жүрер жолы байланбаған.
Партия, мәжілістің—бәрін тастап,
Алданып жұрт сөзіне айналмаған (айланбаған)!

Жұрт көрген оның байлық, салтанатын,
Бала-жетім, жесір боп қалды қатын.
Сабаз-ай, Шариф жайға барып өлді-ау,
Періште шақырған соң атап атын!

Жарасар атты кісі мінсе тайды,
Жаратқан Құдай артық Күн мен Айды.
Елі-Алтай, қыстауы—Есіл, қажыда өткен —
Інісі Баймен қажы — Жақсыбай-ды!

Сөз шашқан ақын Мәшһүр талай жерге,
Ағады судай шапшып биік өрге.
Сарықозған: молда Иманқұл інісі еді,
Қылышбай қатынымен барған бірге.

Бір барып келіп еді мұнан бұрын,
Жан екен көрген рухы құдай нұрын!
Бү жолда қатынымен қабат өліп,
Пейіштен жатып алды, алып орын!

Ерлерді қозғап Мәшһүр мақтасын да,
Есілдей тасыған соң, ақпасын ба?!
Бір зәкіге [32] сақшы, Мұхаммед көрші болып,
Қалыпты Байтолланың қақпасында.

Басына тас орнатып, жазу қойған,
Ерлер ғой құдай нұрын көрін тойған.
Топырағы Шериф жайдан бұрқ еткен соң,
Қатынымен екеуін бірге қойған.

Батырқожа қажекең сол жерде өлген,
Сұраусыз онда өткен жан ұрмақ кірген.
Бабасы Шонтекемнің және сонда,
Төртеуін таксыр өзі қолдан көмген.

Сүм жалған әуре қылған бір параны,
Жалған гой жалмап жұтқан хан-қараны!
Сөйлейді аса мақтап жолдастары —
Қақсал: Монтай баласы — Төртқараны.

Қайратты, дұшпан қорыққан арыстан-ай!
Жасынан жақсылармен жарысқаны-ай!
Сөйлеген өсиеті—бір кітап сөз,
Шаһбаздың сөзге жүйрік данышпаны-ай!

Қалмаған орнын ұстар жақсы бала,
Ағайын артындағы жай аз ғана.
Жұлдыздай Өмірзая туып, батқан,
Болғанын арты қысқа қара, сана!

Бабасы Қожамқұлды Алаш білген,
Дін жолын, өлім қамын ойлап көнген.
Інісі: Ақбөбектің Жайпаң қажы,
Жаннаты Әл-Махалланың өзінде өлген!

Төртқара:

— Жүр, Жәке, —деп барған екен,
— Қалдырмаймын, —деп, бедел салған екен.
— Мінезі қатын-балам жаман еді,
Барсам, бұзар, —деп, келмей қалған екен.

— Қалуға келдім ойлап мұнда, —депті.
— Иа, Мұхаммед-Мұстафа, қолда! —депті.
— “Қажының орны бар”, —деп, —әуреленіп,
Талпынбасын көп қожа-молда! —депті.

Адамның жатпас қарап өнерпазы,
Сайраған Мәшһүр—жаздың қоңырқазы.
Таптан — жеке, рудан жалғыз барған —
Ер екен Жағалбайлы-Бәден қажы!

Қажының ол Қарабай жамағаты,
Қызы еді Мәштек абыз—Зәбира аты.
Тауында Тор, Сина шаһид болған,
Қабыл боп хатым-құран салауаты.

Баласы Төтеқажы бірге барған
Батырқожа қажыны бәделге [33] алған.
Бір өзінен үш қажы аттандырып,
Бұған да түгел болған фәни жалған.

Адамның бұ жолда өлген бәрі сара,
Тілеуін қабыл қылған хақ тағала.
Фатима бұлағында қаза болған —
Халқынан Қарақозған-Мырзақара!

Адамды біткен дәулет түрлентіпті,
Түбіне бұ дүниенің кім жетінті?!
Құлажан-Сәдібектен — кетіш еді,
Алладан қаза жетін о да өтіпті.

Қажылар сол жайда өткен ұрмақ кірді,
Тілеуін көңілге алған Құдай берді.
“Ойында озған-шыңда озар”, — деген осы,
Айтыңыз: Ерден ұлы Бименде ерді!

Атасы Алаш білген Ерден батыр,
Ту ұстап, тұлпар мінген, тігіп шатыр.
Бименде ер сонан туған, ерлік қылып,
Жастанып Байтолланы жатқан ақыр.

Ұраны-Бағаналы: Барлыбай-ды,
Бабасы жау шайқаған Сандыбай-ды!
Қалай айтсаң жарасар Бименде ерді,
Жастанып барып жатқан Шариф жайды.

Ұлытау, Қаракеңгір қонысы еді,
Қылған іс, жүрген жолы дұрыс еді,
Бәйгеден қосқан аты шаппай келген,
Найманның бала жастан болысы еді.

Дүниеде сүріп дәурен, қызық көрген,
Бақыттың шамасы жоқ оған берген.
Інісі-болыс болып жүрген Саукым,
Күйік боп көз алдында жастай өлген.

Баянсыз бұ дүниеден көңілі қалған,
Екенін әбден білген фәни жалған.
Қатынды—тұл, баланы жетім тастап,
Ерлікпен дүние шашып, қажыға барған.

Алланың салғанына пенде көнген,
Біреуге—кеш, біреуге ерте келген.
Сол былтыр Жүзінұлы Жылқайдарға
Табысып болыстықты қолдан берген.

Жасынан әр өнерді талап еткен,
Мақсатқа ойына алған түгел жеткен.
Найманның бірсыпырасын ертіп алып,
Жалғанды талақ тастап, қажыға кеткен!

Қалмайды кімнен дейсіз фәни жалған?!
Бас қосып өңшең ерлер Мекке барған.
Мұхаммедрахым ишан ғазиз ерді
Жолдас қып дін жолында ертіп алған.

Жан еді артық туған Ноғай заттан,
Сөзі анық ол кітапқа жазған хаттан.
Алланың сүйген құлы болғаннан соң,
Мекке мен Мединеге барып жатқан.

Көңіліне білген жанның түсті жара,
Болған соң хақ тағдыры не дүр шара?!
Жатырқап: “Нәсілі ноғай!” — демесеңіз,
Кісі еді Атбасарда жеке қара.

Жолдас боп Бимендемен барған бірге,
Шариф жай барып жатқан абзал жерге.
Шам шариф, Мысыр, Бейрут патшалары
Таңданған: “Неткен жан!”—деп Бименде ерге.

Сықылды керуен дүние болып көшкен,
Шамшырақ жүз жыл жанған бір күнде өшкен!
Ішінде өзге жанның формы бөлек,
Көрініп көп ішінде көзге түскен.

Мұнда да басшы болған қалың елге,
Бақыты асқан өз тұсында күннен-күнге.
Қарата өлеріне өнер қылып,
Болды ғой шет болғандай қоз бен тілге!

Ел Найман алты болыс айналасы,
Байлықпен малға толған сары даласы.
Бағаналы, Балталы баласына
Сықылды болып өткен дуанбасы.

Көрінген топ ішінде мойны қудай,
Тасыған мырзалығы аққан судай.
Найманның жеке қара төресі еді,
Көтерген хақ пайғамбар жасыл тудай.

Жұмыс жоқ бұ жалғанда онан қалған,
Арманын қылып өткен ойына алған.
Құйқытжып, төңкеріліп сөйлегенде,
Сөзіне дінсіз кәпір пейілін салған.

Болғаны Атбасарда үштің бірі,
Күнде той, күнде базар жүрген жері.
Жалғанда армансыз боп өтпеді ме,
Пейіштің болып орны сол қақ төрі?!

Сескенген дұшпан көңілі көрсе бойын,
Адам байқап болмаған ғақыл ойын.
Қамы үшін дін-мұсылман тілеу тілеп,
Қалдырған Мединеде мәулед [34] тойын.

Ісіне дүние—ақырет басшы болған,
Ақшасын төрт жүз теңге берген қолдан.
Алты жүз теңгеменен мәулед қылып,
Хақына дін-мұсылман дұға қылған.

Басшы боп ойлап тапқан мұндай ойды:
Сойдырған сатып алып отыз қойды.
Ас—күріш, шай мен нанды төгіп шашып,
Аш-арық сол жердегі әбден тойды.

Шонтекем — Арғын, Қыпшақ болған басы,
Батырқожа қажы боп төл жолдасы.
Кіші жүз: Ахмет қажы, ер Бименде,
Бас қосып сол қазақша берген асы.

Отыз күн Мединеде сол жатыпты,
Қызыққа бұ жол барған көп батыпты.
“Мұндай жан қазақта да бар екен!”—деп
Медине, Мекке халқы ұнатыпты.

Жаратқан абзал қылып тәңірім, өні!
Көзіне көрінбеген дүние малы.
Шаһардың Мекке пақыр-пақырасы:
“Өлді,—деп шуласыпты—қазақ ханы!”

Алтынды боқтай көрін, дорбалаған,
Кем-кетік маңайына қорғалаған.
Файриддин басқа мазһаб [35] төрелері
Құлдай боп қызметінде жорғалаған.

Таусылмас есіл ердің айтсам кебі,
Табылар тараулатсам сөздің көбі.
Өсиет Орта жүзге үлгі салған,
Айтсам да қалай мақтап, келер ебі!

Құлақ сал үшбу сөзге, азаматым,
Жайылған алты Алашқа жазған хатым.
Той қылып дүйсені күн-мәулед мейрам,
Оқытқан пайғамбарға құран-хатым.

Дер едің: “Періште ме?”, – көрсең түсін,
Айтайын толып жатқан қайбір ісін.
Қажылар Шариф-жайда қылған соны,
Күллі мумин-мұсылман тілеуі үшін.

Онда өлген жанға жоқ-ты сұрау ғазап.
Дейсің бе айтылған сөз ойын-мазақ?
Оқытып сондай мәулед, тілеу тілеп,
Ешбұрын қылған емес біздің қазақ.

Жұрт сүйсінген Шонтекем келгеніне,
Құданың біз ризамыз бергеніне!
Күллі мумин мұсылман баласынан
Бір дұға қажылардың өлгеніне!

Бар құдай қажыларға рахмет етсін
Дос-жардан артта қалған дұға жетсін.
Мақал бар: “Аз сөз—алтын, көп сөз—көмір”.
Аяғын енді Мөшһүр тамам етсін.

Сөз қылған қажыларды Мөшһүр-Жүсіп,
Кетеді бір сөйлесе желдей есіп.
Пайдам жоқ бір басыма қылған титтей,
Сонымен бара жатыр ғұмырым кешіп.

Жалғанда жапа тартып, жүдеп азған,
Шыға алмай болдым әуре батпақ саздан.
Халық-жұрттан ізгі дұға үміт етіп,
Мүсәпір-Мөшһүр-Жүсіп мұны жазған.

Құдайдан тілек тілеп, көтердім қол,
Жүруге талап қылып бір сапар жол.
Қызмет қып алдыңызда аттай желдім,
Қажеке, көріскенше қош-аман бол!

Бір дұға еске бізді алғаныңда,
Көз бір қырын, көгерермін, салғаныңда.
Ала гөр жадыңызға ай, қажеке,
Және де сол жайларға барғаныңда!

Жазылмас жүрегіңе түскен жаран,
Көп болған құдайды ойлап хамидшынаң.
Аталық үміткермін шапағатыңнан,
Тілеулес қияметтік біз—бір балаң.

Дүниеден біз де бір күн қыларымыз көш,
Дәрмен жоқ күресерге, қайнайды іш.
Жазылды үшбу нұсқа жылан жылы
Жылында мың сегіз жүз ол тоқсан үш.

Ісінен дүние-ақырет хабары жоқ,
Сол мұнан артық өнер (һөнәр) табарым жоқ.
Опасыз бұ жалғанның ортасында
Бір жерге тұрақтарға қарарым жоқ.

Өлгендер шақырады: “Жүр!”—деп, “Жүр!”—деп,
“Қиямет болсын тез сол, бірге көр!”—деп.
“Сіз келсеңіз, қиямет болар еді!
Біздерді көп сарғайпай, жылдам кел!”—деп.

Біз қашан оларға айттық: “Бізді күт!”—деп,
Қоймайды еркімізге кепіл (қабыл): “Тез жет!”—деп.
Іште тумай жатқандар, о да айғайлар:
“Сен кетсең, біз шығармыз, кетші, кет!”—деп.

“Жүр, жүр!”—деп, біреу тартып, біреу қуар,
Әркім де ақыл болса, осыны ұғар.
Мақал сөз бұрынғыдан бар емес пе:
“Бір жақтан біреу өлсе, біреу туар!”

Есіктен біреу тұрса: “Жүрші, жүр!”—деп,
Үйде біреу отырса: “Кетші, кет!”—деп.
Не барқадар табарсың сонда отырып,
Үйде біреу отырса: “Тұр, жөнел!”—деп.

Бү дүние, ойлап тұрсаң, менде осындай,
Не барқадар тұрғаныңмен, міне осындай?!
Өлімнің олмес бұрын қамын ойла,
Өлімді біліп ойла, ғапіл қалмай!

Мәшһүрдің шығар сөзі қалай-қалай,
Белгісіз не болары екіталай.
Қаңғырып ел ішінде күн өткізбей,
Жеткізсін шариф-жайға Хақ-тағала-ай!

...Ажал бір қайда болса, бір-ақ келер,
Өлмей ме жаман үйде ауырып жатып?!

Жай жатсаң, үйде қарап бос қаларсың,
Қашқанмен, Тәңірі алдына бір барарсың.
Қыбырлап тіршілікте жүре (сүре) берсең,
Жүрсең де бірде қалып, бірде аларсың!

Шыныңмен бұ жалғаннан өттің, кеттің,
Мақсатқа ойыңа алған барып жеттің!
“Аста білсе – дегендей – доста білмес”,
“Бірі болса, бірі жоқ” – болып кеттің!

Іш қайнар, күресерге амалың жоқ,
Жауға қылған сыртыңда қамалың жоқ.
Жыландай басқан ізің білінбейді,
Бұрынғы қайран жастық амалың жоқ!

Ит дүние, іздеп мақсат, түстің жолға,
Аяғың кетпей теріс, басқан оңға.
“Адамның ойлағаны болмайды” – деп,
Түспейді көңілдегі, сірә, қолға!

Басында биік таудың шынар ағаш,
Тал менен бітер қайың сол аралас.
Дәурені өз басыңнан бір өткен соң,
Артына фәни жалған бір қарамас!

Жапырақ жазғытұрғы – жердің көркі,
Бү дүние – бұлаңдаған қызыл түлкі.
Нәзіктер ғақылы дана, парасатты,
Жетпейді бағасына дүние – мүлкі.

Сабырлы адам асықпайды артын ойлап,
Дүниені өткізеді күліп, ойнап.
Сыртына сыр шығармас сабаздарың
Парасат, ғақыл менен білер ойлап.

Жақсыны біле алмайды жаман танып,
Токтамас кейбір адам тілге нанып.
Жақсының жақсылығын біліп сырттан,
Жүреді кей даналар көңіліне алып.

Жақсыны қайдан білсін жаман адам?!
Малменен адамсынған кейбір надан!
Бір мақсат көңілге алып, жүрмін іздеп,
Бозбала, бола корме әуре бізден (біздан)!

Кім білсін осы күнде біздің халді-ей,
Сырты алтын көрінсе де, іші жезді-ей?!
Бір жерде Мәшһүр кеңес құрады екен,
Жұрт мойнын бұра ма екен жақсы сөзге-ей?!

Мен жүрмін мақсат тілеп сол қысы-жаз,
Қолға алдым қалам, сия, һәм ақ қағаз.
Ерге ер серік болып түгел туған
Көп емес, бір таптан табылар аз!

Жайылған Мәшһүр сөзі талай жерге,
Есілдей аға берген биік өрге!
Құрметін жақсылардың танитұғын,
Құдайым ғұмыр берсін талапты ерге!

Түрленіп күннен-күнге Мәшһүр жүрсін,
Дүниеде не бар, не жоқ, жүріп көрсін!
Таныған асыл қадірін сабаздардың
Мақсатын тәңірім өзі бере берсін!

Мен жүрмін – барлық-жоқтық ойыма алмай,
Дүние жүр қашсам-дағы қуып қалмай!
Құрметтеп ғылым қадірін білген жанға
Жүремін тірлікте тілден салмай!

Жүремін: “Иа, Алла!”—деп, Хаққа жылап,
Жаманнан қайыр білмес қашып жырақ.
Нәрседен сол көз көрген ғибрат алып,
Кім жақсы, кім жаманын – көріп сынап!

Аралап Мөшһүр жүрген дүние жүзін,
Ұнатқан тамам Алаш айтқан сөзін.
“Алты айлық-жолдық” — жерді алты басқан,
Қалдырмас өзін аттан есек өзін!

Жақсының жақсы екенін кім білмейді,
Жамандар жақсыменен тең келмейді!
Біреуді біреу таныр сырттан қарап,
Тұлпардан есек өзін кем көрмейді.

Мен жатсам, үйде қарап, біледі кім,
Сұраймын: дертке — дауа, Құдайдан ем!..

Аруағын мен қозғадым өңшең ердің,
һөммәті жар болған соң ұстаз пірдің,
Қыс күні, айы-қаңтар, Есіл бойы,
Числосы кәдуілгі декабрьдің.

1893 ж.



Нүсіпхан

Бастайын: “Бисмилла!”—деп, сөздің басын,
Бір Алла әр пендесін өзі оңдасын!
Жамиғат, құлақ салып тыңдасаңыз,
Айтайын Нүсіпханның бір қиссасын.

Ақылға болмасақ та асқан дикан,
Жастықтың арқасында кездік жиһан.
Тыңдады жырымызды жақсы—жайсаң,
Болмаса да бұрынғы батыр, бек, хан.

Көрмеген ешкім опа мал мен жаннан,
Аттанған кебін бөзбен бұл жалғаннан.
Ақыны Баянауыл—Керекудін
Сөйлейді Мәшһүр-Жүсіп Нүсіпханнан.

Аралап губерниялық Семей жерін,
Тамсанттым өнеріммен Найман елін.
Мейман боп сол аймақта жатқанымда,
Естідім Тобықтының кеменгерін.

Талапкер Тобықтыда Нүсіпхан ер,
Тұсында өз жұртына болыпты бел.
Перзентсіз осы мырза дүниеден өтіп,
Сол себеп зайыптары жұтыпты шер.

Нүсіпхан бір атадан жалғыз екен,
Өнерде асып туған Арғын екен.
Жолында Болатнайдың дүние салып,
Үш жүздің баласына хабар берген.

Жаралған жалқы болып әуел бастан,
Үлгісі толып жатыр жұртқа шашқан.
Әкесі Нүсіпханның Садуақас жомарт,
Ер екен мырзалықта топтан асқан.

Қолыма қалам алып жазамын хат,
Болсам да жас бозбала, сөзім қымбат.
Өтіпті жастайынан болып қапас,
Тыңдасан құлақ салып көп жамиғат.

Ғаламда жан жаралған алуан-алуан,
Опасыз баяны жоқ, шіркін, жалған.
Жарандар, ықыласпен мақұл көрсең,
Берейін біраз жырлап Нүсіпханнан.

Дұға қыл [тыңдаған] жан оқығанда,
Мақтанба: “Малдымын!” — деп, жиған пұлға!
Басына қаза, өлім келсе жетіп,
Кім көшпей, дүниеге болар тұлға?!

Әркімге зейін, өнер құдай берген,
Жақсының даңқы шығар талай жерден.
Нүсіпхан ата-анадан жалғыз ұл боп,
Жасында молдалардың алдын көрген.

Кем болған адам емес ішер астан,
Әрдайым алғыс алған жолдас, достан.
Жалғыз боп үш атадан жаралыпты,
Келеді осылайша көп болмастан.

Дәулеті еш аз емес шалқар көлдей,
Мизам мен шарифатқа жүйрік бірдей.
Жетім-жесір, кәріпке жәрдем беріп,
Халқына камқор екен асқар белдей.

Шығыпты ұрығынан [ол] Қарабас,
Нүсіпхан артық туған — бір ғауһар тас.
Өнерге, дәулет пенен бәрі жеткен,
Сонда да еш адамға қылмаған қас.

Нүсіпхан қатарында бағлан екен,
Беделді барған жерде болған екен.
Ие боп әр шаһарда жақсы атаққа,
Байлықпен он төрт дүкен салған екен.

Әр жерге сауда жасап барған екен,
Сұлуға көздің қырын салған екен.
Өзінде аға да жоқ, іні де жоқ,
Үміт қып төрт қатынды алған екен.

Өлем деп кім айта алар бірден ойлап,
Барыпты Қызылжарға малын айдап.
Айдаған бес жүз қой мен үш жүз атты
Сатыпты Болатнайда бәрін жайлап.

Қызылжар аймағында Болатнай базар,
Нүсіпхан жәрменкеге берген ажар.
Жомарттық әр жағдайда жасаған соң,
Мырзаға жамифаттар салған назар.

Саудасы Болатнайда сәтті болды,
Тоғанақ сексен түйе жүгі толды.
Алдағы болар істі кім болжайды,
Сапары алғашында болған оңды.

Болатнайдан шығып келді Қызылжарға,
Артқызып товарларын сексен нарға.
Қасына Қызылжардың Бескөл түнеп,
Жасады тағы сауда хан базарда.

Нүсіпхан көп нәрсе алды сол базардан,
Қайтатын уақыт болды-ау Қызылжардан!
Бір қонып Қызылжардан шыққан күні,
Денесі жас мырзаның ауырлаған.

Жабысты қызыл тұмау “зертең” деген,
Келеді желе жортып бортеменен.
Көз, тіл де ол жайында көп болып ед:
“Нүсіпхан—құрбы ішінде серке!”—деген.

Күн сайын жөтел қысып шыдатпапты,
Жас мырза осы жолын ұнатпапты.
Болатнай, Қызылжарда жарты ай болып,
Саудасын жасады ерлер тым-ақ қатты.

Шыққалы он жеті күн ұзағалы,
Ауылына тез жетуді құзағалы.
Айдаған алдарында малдары бар,
Дәмдерін тата жүріп сыбағалы.

Жайнаған қарақаттай екі көзі,
Сарғайып зертең соққан қызыл жүзі.
Шақырып жолдастарын қасына алып,
Мінеки, Нүсіпханның айтқан сөзі:

- Келесің немене ойлап, қарақтарым,
Қосылған жанды—жақты манаптарым.
Дәулетім жиған—терген босқа қалды-ау,
Қолымнан қайыр қылып таратпадым!

Мұнарлап шыққан күнді бұлт басады,
Жазмыштың өлшеуінен кім асады?!
Бақ—дәулет бірдей қонған бекзадамен
Қандай жан тақыт үшін таласады?!

Тоттанар пайдаға аспай жарактарым,
Айтылмай қалып жүрер талаптарым.
Мен үшін отған, судан тайынбайтын,
Сөзіме құлағың сал, шырақтарым.

Келесің, жолдастарым, немене ойлап,
Жалғанның қызығына бар ма тоймақ?!
Қалмайды осы аурудан менің жаным,
Кетіндер бұл сапарда мені жайлап.

Анадан тумак—сүннет, өлмек—парыз,
Шығып ем сәтсіз күні малымды айдап.
Жалынып—жалбарынғанмен ажал қоймас,
Сөйлейін бір азырақ жайды сайрап.

Дүниеден мен кетемін, наныңыздар,
Бар болса қарыз хақын алыңыздар.
Тоқтатып тоғанакты, жүк түсіріп,
Шатыр тігіп, төсекті салыңыздар!

Дені сау жігіттерде кемшілік жоқ,
Құбылған тоты құстай күнім қайда?
Атадан мың туса да, бір жалғыздық
Кетеді быт-шыт болып әрбір жайға.

Жалғаннан өтуіне арман бар ма,
Пендеде ажал қумай қалған бар ма?!
Жиырманың бесеуінде мендей болып,
Перзентсіз о дүниеге барған бар ма?!

Жалғызға жылағанмен лаж бар ма,
Артымнан іздер ағам, інім бар ма?!
Дарияның аралында шынар едім,
Орнымда көктеп туған бір ұл бар ма?!

Жіберген хақтың ісін бұзу бар ма?!
Қайтейін, бұрынғыдай күнім бар ма?!
“Дараның орны құрыр!”—деген осы,
Бір қадам аттап басқан ізім бар ма?!

Тағдырдан ажал жетсе, кім құтылар,
Көңілімде екеу болсам, арман бар ма?!
Жалғызбын деп жалынсаң да, ажал қоймас,
Көнбеске құдай салса, шарам бар ма?!

Тиыннан теңге құрап, байимын деп,
Мендей боп қаңғып кеткен надан бар ма?!
Пайда қуып шығам деп, мұндай болдым,
Зор дертке душар етті амал бар ма?!

Ісіне күдіреттің шара бар ма?
Елге жетіп, тірі көрер заман бар ма?
Баласы он жеті Арғын ойнап-күлген,
Сіздерден тататұғын тағам бар ма?

Кеудемнен шыбын жаным кеткеннен соң,
Татитын он тиынға бағам бар ма?
Жалғыз едім, далада жоғалдым ғой,
Артымда дәулетке ие адам бар ма?!

“Қалды – деп – асқар белім!” – айтар едім,
Артымда іздеп келер ағам бар ма?
“Қалды – деп – тас қорғаным!” – айтар едім,
Артымнан дөңге шығар бабам бар ма?

Өлгенше бозінгендей боздайтұғын,
Мені ойлап жылайтұғын анам бар ма?
“Жетім тайым жетер!” – деп айтар едім,
Шырылдап жылап тұрған балам бар ма?

Басуға екі аяқты дәрменім жоқ,
Көтеріп ат үстінен алыңыздар.
Дені сауда жігітке кемшілік жоқ.
Құбылған тоты құстай сәніңіз бар.

Қан болды түкірігім кесек-кесек,
Түріне мына аурудың қараңыздар.
Дариға, тіршіліктен күдер үздік,
Енді мені өліге санаңыздар!

Дарияны жарып шыққан шынар едім
Орнымнан көктеп шығар бүрім бар ма?
Тағдырдан ажал келсе кім құтылар,
Артымда белгі болар қызым бар ма?!

Тиыннан пайда қуған сұмға ұсап,
Иттей боп жемтік қуған салақтадым.
Жаспын деп жалғыздықты ойламаушы ем,
Төрт болып екі көзім алақтадым.

Келесің құрбыларым немене ойлап,
Жалғанның қызығына бар ма тоймақ?
Қалмайды осы дерттен шыбын жаным,
Кетіндер бұл сапарда мені жайлап.

Өлген пенде тірілмес бұл жалғанда,
Елге артып сүйегімді бармаңыздар!
Сүттен-ақ, балдан төтті қайран етім,
Батырып арқан табын салмаңыздар!

Жолдастар, бұл жалғанға нанбаңыздар,
Арманда мен көріпті (ғаріпті) қылмаңыздар!
Балдан төтті, сүттен ақ тәнімізді,
Қабірге терең қазбай салмаңыздар!

Сұраймын, жолдастарым, наныңыздар,
Қарыз-хақың бар болса, алыңыздар!
Бейсенбі, бүгінгі күн, кабір қазып,
Сәскеде — ертең жұма салыңыздар!

Нүсіпхан осыны айтты арыздасып,
Қорқады-ау көп жігіттер қаны қашып,
Шешуге буулы тенді дөті бармай,
Қияды-ау арқандарды асып-сасып!

Сол жерде жүк түсіріп, шатыр тікті,
Қалмады жігіттерде үрей тіпті.
Біразы Нүсіпханды күтпек болып,
Біразы күзетпекші көлік, жүкті.

Шатырдың ішіне ерлер төсек салды,
Алдына екі жігіт қарсы барды.
Баладай сол сабазда күй қалды ма,
Көтеріп азаматтар аттан алды.

Көтеріп шатырына кіргізеді,
Өлімнің шын хабарын білгізеді.
Ішкізін ерге шұбат әлдендіріп,
Сөздерін ілтипатқа ілгізеді.

Кешкі асқа бір серкені сойғызады,
Наукасты қуырдаққа тойғызады.
Тәбетін Нүсіпханның ерлер ашып,
Ақыры жылама деп қойғызады.

Көзінің жасын тыйып, болмай-ақ ез,
Ақылға қайраттанып келді де тез.
Жиып ап маңайына жолдастарын,
Мұң шағып, бағлан жігіт сөйледі сөз:

— Атадан туған ұл ем өзім дара,
Жалғызға біз секілді тәңірім пана.
Арт жағым тақыр қалды-ау, айтар едім,
Жаныңа ара тұрмас қатын—бала.

Жалғыз басым жоғалды-ау қаңғып жүріп,
Артыма сөз жазайын мен бейшара.
Бейсенбі—бүгінгі күн қиналғаным,
Ертең жұма келеді-ау ауырлана.

Өзім өлсем, орныма белгі ғой,—деп,
Отырды қарындаш пен қағаз ала.
Қарындашпен жазған тез өшеді деп,
Ойланды қаламға да көзін сала.

Хат жазды қалам алып тоғыз парак,
Дәуітке қалам малып жылдамырақ.
Арттағы әлеуметке қойып талап,
Тілегін баяндаған бір азырақ:

— Хат жаздым—деді Мырза—арт жағыма,
Тапсырып үй ішімді жаратқанға.
Рақымы тәңірінің мол емес пе,
Баршасын ауызына қаратқанға.

Үш жүздің баласында жаттық бар ма,
Дұға қыл жастай өткен мен пақырға.
Баласы Садуақастың мен Нүсіпхан,
Перзентсіз айналды артым шын тақырға!

Дұға қыл бір көріпке жаны ашыған.
Дініне исламның мойын сұнған.
Көп қайыр тіршілікте жасап едім,
Алдыма келгеңінде көп мұсылман.

Сайраған Нүсіпханың бұлай өтті-ау!
Бір перзент өз белінен болмай кетті-ау!
Саудамен сапар шегіп жүргенінде,
Дариға-ай, орта жолда ажал жетті-ау!

Әуелі арыз айтам Арғын елге,
Жұртымда үлкен-кіші, кеменгерге.
Атадан тумақ-сүннет, өлмек-парыз,
Туған жан кірмей қалмас қара жерге.

Науқас боп баттым бүгін қайғы-шерге,
Енуге таяу қалып қазған көрге.
Алтынның жарқыраған сынығы едім,
Бір күнде ұшып кеттім соққан желге.

Арманды ішімдегі шығармаққа,
Отырмын қиялданып ел аулақта.
Тапсырам дұға қыл деп білгендерге,
Тағы да арыз жазып Арғын жаққа.

Шырақсыз жалғыз басым өтсе-дағы,
Еске алғай Арғын-Қыпшақ даналары.
“Кешегі от боп өшкен Нүсіпхан”, –деп,
Халқымның тие берсін дұғалары.

Кез болдым өсімдіктей бозқырауға,
Жаксылық болар екен қай уақытта?!
Балдан тәтті, сүттен ақ қайран денем,
Көмілер көп ұзамай топыраққа.

Кімде-кім үлкен-кіші жатырқау жоқ,
Дұға оқы мен жалғызға әр уақытта.
Жиырма бес мүшелімде ажал жетті,
Ғұмырлық болмай ие зор бақытқа.

Аман бол Кіші жүзде: Алтын, Жаппас,
Науқасқа кез боп тұрмын емін таппас.
Өлімді көрмеген соң кім болжайды,
Өлген жан тірі адамға жауап қатпас.

Кімде-кім бұл хатымды қолына алса,
Білгендер дұғаларын бізге сатпас.
Әркімнің хал-қуаты таусыларда,
Зіркілдеп ажал келін тыным таппас.

Мұсылман, сөзім осы тыңдағанға,
Кездейсоқ жігіт сағы сынбағанға.
Елімде жарып шыққан шынар едім,
Өткір ет шалғыдайын шыңдағанда!

Дариға-ай, тең болғанмен шын шынарға,
Илдім бүгінгі күн мен сынарға.
Беруші ем қонақ етіп, ылғи сыйлық,
Ақындар келе қалса жыр жырларға.

Қайғымен іш құса боп сәлем жаздым,
Жарандар, сөге көрме жырлағанға.
Бұрынғы пайғамбардан артық емен,
Дүниеге солар мойын сұнбаған ба?

Кірсем де темір үйге құтылмаймын,
Кезекті ажал жетіп шырмағанда.
Мәңгіріп пенде шіркін қалады екен,
Бақытын біреу келіп ұрлағанда.

Айналайын, құдай-ау,
Жараттың өзің адамды,
Қүдіретіңмен бар қылдың
Он сегіз мың ғаламды!

Бүгін көрген ертең жоқ,
Опалы деме заманды.
Жастықпенен білмедім
Жақсы менен жаманды.

Қаңғыртып жүріп жоқ қылдың,
Мен секілді наданды.
Отыз жігіт ішінде,
Білмедім жалғыз қалар-ды.

Кім ие боп ұстайды,
Он төрт дүкен базарды?!
Қайран, жұртым, қайтейін,
Татпадым барып тағамды!

Қүдіреті күшті тәңірім,
Қақсаттың мендей сұңқарды.
Кімдер баптап мінеді
Жылқымда алпыс тұлпарды?!

Таптырмады сұм ажал,
Қалуға тірі амалды.
Бір Аллаға тапсырдым,
Сүйген жарым Жамалды.

Керекті қылдың Алласы,
Аманат жанды аларға.
Иесіз қалды дүкенім,
Ашқан әрбір шаһарда.

Бес күндей де болмады,
Жиырма бес жаста көргенім.
Көрген түстей болды ғой,
Қызық дәурен сүргенім.

Ел көре алмай зарланып,
Жапанда қалдым мен ғаріп (кәріп).
Артымда қалған төрт әйел
Отырар кімге алданып?!

Жақынымды жауға ұстап,
Қысса да борыш бермедім.
Жалғыз туып атадан,
Дариядай шалқып өрледім.

Үлестірдім қайыр-зекетті,
Қайда кетті-ау бергенім?!
Төрт сұлуды алсам да,
Бір шикі өкпе көрмедім!

Шамшырақ едім жайнаған,
Өз-өзімнен сөнгенім.
Білдім осы сапарда
Басыма ажал төнгенін!

Мені бүйтіп жөнелтіп,
Шуылдар жолдас сен бе едің?!
Сендерден, ерлер, айырылып,
Жалғыз қалар мен бе едім?!

Арманым көп, дерт күшті,
Халқымды барып көрмедім.
Сәтсіз күні мал айдап,
Ажал қуып желдедім.

Елде қалдың, көп достар,
Топырақ салып көмбедің!
Топтан асқан жігіт ем,
Кім болар енді ермегің?!

Жалған дүние, қайтейін,
Өзегімді менің өртедің!
Безіндей ақ қайыңның,
Жас болсам да берік едім.

Қыраттан қашқан түлкідей,
Қызықты дүние, алдадың.
Күймеге жазда жектіріп,
Үш жорғаны парладым.

Наукас, шіркін, мендетіп,
Соңымнан, сірә, қалмадың!
Сапарға шығып керуенмен,
Тастүлек құстай самғадым.

Отыз екі мизамды,
Тегіс оқып, талдадым.
Көтермей қайда барайын,
Алланың басқа салғанын?!

Тойымы жоқ, кара жер,
Ел көрсетпей, жалмадың!
Үлкен-кіші қайран жұрт
Арыздаспай қалғаным!

Үлкен-кіші, қайран, жұрт,
Қарызым болса алмадым.
Ойнап-күлген құрбылар,
Топырақ қолдан салмадың!

Өлем деген ойда жоқ,
Басыма келіп аңдадым.
Отыз жігіт ішінде,
Ажал, мені таңдадың!

Қызылжарға барғанда,
Жомарттық еттім әр шақта.
Беделім менің бар еді,
Керей менен Уақта.

Жақсы көрген ақынның,
Бірі еді Біржан сал.
Топ бастаған үнемі,
Біржан еді жігіт нар.

Әр жердегі жыраулар,
Біржан салға келмес пар.
Өлгенімді естісе,
Біржан жоқтау шығарар.

Біржан сері ақынды,
Қонақ етіп сыйладым.
Тайлақ сойып құрметтеп,
Сауыққа жұртты жинадым.

Қызықты сол күндерім,
Бір-бір ұшты көзімнен.
Бүгінгі күн хал кетті,
Келмес болып өзімнен.

Арманым мол, дерт қатты,
Еш құмарым қанбадың.
Ойлай берсем таусылмас,
Мақсат етіп алғаным.

Басыма соққан самалым,
Өлімге бар ма амалым?!
Тіршілікпен қоштасып,
Тайғалы түр табаным.

Көпестің қызын бағалап
Мың жорғаға алғаным.
Қандай жанға қор болар
Әттең де менің Жамалым!

Қарсылығы жоқ еді,
Аллаға қылған қамалым,
Өсиетті жақсы айтса,
Құлағымды салмадым!

Шариғатты молда айтса,
Надандықпен нанбадым.
Құдай үшін мал шашып,
Қажылыққа бармадым!

Арафаттың [қарапаның] тауына
Қолымнан құрбан шалмадым.
Байтолланың жолына
Медресе, мешіт салмадым!

Тар заманға кез болдым,
Кеңінен орын алмадым!
“Қажының бейіті”, —дегізіп,
Бір белгімен қалмадым!

Опасыз мына жалғанда,
Далада жатып зарладым.
Орындалмай қалды ғой,
Көңлімдегі арманым!

Қасірет-қайғы таусылмас,
Қайсы бірін айтайын?!
Мойын сұнып тағдырға,
Райдан тез қайтайын.

Өнерлі жастар үйренсін,
Өсиет жазып берейін.
Қош аман бол, жігіттер,
Хақ ісіне көнейін!

Күнәлы болсам егер де,
Қайғы тартып өлейін.
Қиямет қайым болғанда,
Көрешекті көрейін!

Падишадай басымды,
Көртышқанға теңейін!
Күнәлы, сірә, болмасам,
Хордың қызын сүйейін.

Үлбіреген денемді
Топыраққа бөлейін!
Азат болсам жаладан,
Алтынға басты теңейін.

Шаршап келген пақырға
Көлік берген бел едім.
Сусап келген ғаріпке,
Сусын болған көл едім.

Жақынымды қорғалып,
Жауға бермес ер едім!
Байлығымды ұстар кісім жоқ,
Артымда кімге сенемін?!

Өнерлі туған Омарбек,
Хатшы молдам сен едің!
Ақын аға Байкөкше,
Біржанға таяу ер едің!

Тәубе қылдым бір Алла,
Ғапулық сөзбен бүгілдім.
Жазмыш ісіне көнген соң,
Ғаділ жаннан түңілдім.

Достарымды еске алып,
Арт жаққа бір үңілдім.
Майыспас болат қабырғам,
Шерменде болып сөгілдім.

Жан достым еді Ыбырай,
Артымда саған сенемін.
Арманда кетіп барамын,
Қызыл тілмен желемін.

Өнерлі жігіт үйренсін,
Өсиет жазып беремін.
Жалғаннан опа таппадым,
Жаратқан Хакқа сенемін!

Қариясы кеткен соң.
Қараң қалған ел-мұңлық!
Қаңқылдаған қаз кетсе,
Қараң қалған көл-мұңлық!

Ел қонып шөбін жемеген
Жазира жайлау бел-мұңлық!
Жазда жаңбыр жаумаса,
Тозаң соққан шөл-мұңлық!

Қолынан дәулет кеткен соң,
Кедейленген ер-мұңлық!
Мені жұтпай қалса егер.
Қазылған жерден көр-мұңлық!

Мені бүйтіп жөнелтіп,
Жылаған, достар, сен-мұңлық!
Сендердей достан айрылып,
Жапанда қалған мен-мұңлық!

Топырақ қолдан сала алмай,
Көре алмай қалған ел-мұңлық!

Әттен, шіркін, жалғыздық,
Кетпейді ойдан шер мұңлық!
Алланың ісі болған соң,
Бәрі де мұның жөн мұңлық!

Қайыр-зекет бермесе,
Қараң қалған мал-мұңлық!
Басынан бүрі кеткен соң,
Отын болған тал-мұңлық!

Арыздаспай-қоштаспай,
Жылап қалған жар-мұңлық!
Алды-артымда туыс жоқ,
Бәрінен де сол-мұңлық!

Кешір мені, жолдастар,
Мінеки, енді айырылдык!
Болуға болат жарамай,
Жасыған жездей майырылдык!

Қайсы бірін, айтайын,
Жан достарым, тындандар!
Атасы хайуан екен деп,
Әр малды басқа ұрмандар!

Қиямет-қайым болғанда,
Үлкен дауға қалмандар!
Өсек-аяң сөздерге,
Құлағынды салмандар!

Мал үлкенін айтайын,
Түйе деген жануар.
Сүйегі жуан ұршықтай (ұлықтай),
Түптен тартып ішеді-ау
Қай-қайдағы тұнықты-ай!

Ел көшкенде жануар
Халқыңа қызмет қылыпты-ай!
Бозінгенде бота жоқ
Оны да құдай ұлытты-ай!

Танды жарған шолпаным,
Қарайып батты бұлтқа-ай!
Опасы жоқ сұм дүние,
Басыма қайғы жуытты-ай!

Ашылмаған сандығым,
Жүректен салды құлыпты-ай!
Қүдіреті күшті құдайым,
Мұндайлық қылыпты-ай!

Алланың досы (досты) пайғамбар
Тағдырға мойын сұныпты-ай!
Опасы жоқ жалғаннан,
Қайсысы мойын бұрыпты-ай!

Түйе деген бір мал бар,
Өріске ерте кетеді.
Маң-маң басып аяғын,
Ауылға сәнмен жетеді.

Бірінен-бірі озбайды,
Іштегі мұнды, қозғайды.
Ботасы бар бозінген,
Ботасызға мойын созбайды.

Ботасы жоқ сорлы інген,
Үш айнала боздайды.
Бір өлген соң төлі оның,
Бота болып тұрмайды.

Қүдірет жазды көнейін,
Көрем деп пе ем мұндайды?!
Жоктан бар ғып жаратқан,
Пендесін бүйтіп сынайды.

Артымда қалған төрт әйел,
Мені жоқтап жылайды.
Менің асым өткен соң,
Әлдекімге олар ұнайды.

Топтан қалмас Нүсіпхан,
Көрде қайтіп шыдайды?!
Шашылып кетсе дәулеті
Қатындар қайтіп құрайды?!

Сиыр деген бір мал бар,
Зеңгі атаның баласы.
Қасиеті май берер,
Өзгеше екен бағасы.

Қараңғы тұман түскенде,
Адаспайды жолынан.
Жарлылар сауып күн көріп,
Шығармас оны қолынан.

Жақсы аттан жығылса,
Жаманның қанар табасы.
Інісі аттан жығылса,
Басын кеп сүйер ағасы.

Жалғыз аттан құласа,
Неге келер шамасы?!
Артында перзент бар болса,
Орнын басар баласы!

Асқар белі бар болса,
Алдынан шығар ағасы.
Тас қорғаны бар болса,
Айғайлап тұрар бабасы.

Жалғыз болып туған сон,
Тар болад екен шарасы!
Бір шыбындай жан екен —
Періштенің таласы.

Жалғызынан айрылса,
Боздар ата-анасы!
Алланың ісі, қайтейін,
Адамның емес жаласы.

Жан кеудеден кеткен соң,
Ешкімнің болмас таласы.
Ауырып жатқан мекенім—
Омбы, Кереку арасы.

Қамбар ата баласы,
Жылқы деген жануар.
Су ішіп шығып өзеннен,
Құба жонға жайылар.

Мама бие шұркырап,
Құлыншағын табар кісінеп.
Бұзауы бар сиырлар,
Төлін тұрар иіскелеп.

Сиыр деген сол бір мал
О да өріске кетеді.
Кешке таман болғанда,
Зеңгі ата айдап жетеді.

Бұзауды бар жас сиыр
Бұзауын табар мөңіреп.
Бұзауы жоқ қу сиыр
Әр малға барар мөңіреп!

Көзінің жасы төгіліп,
Қабырға, қолы сөгіліп,
Хайуан десе, жігіттер,
Солар жылар ие біліп?!
Сол секілді мен сорлы
Ел көрмей қалдым, көміліп!

Мені естісе төрт әйел,
Көзінен жас төгілер!
Перзенті жоқ алданыш
Қабырғасы сөгілер!

Он төрт дүкен мүкәммал,
Иесіз қалды-ау үйіліп!
Жылай берме жолдастар,
Болмас іске күйініп!

Ажал айдап шығыппын.
Сауда жасай желігіп.
Үйде қалған төрт зайып,
Отыр екен не біліп?!

Отыз жігіт ішінде,
Жалғыз қалдым бөлініп.
Қайғыланып, достарым,
Жылай берме егіліп!

Мал асылын айтайын,
Пейіштен шыққан қой болар.
Марқасын сойсаң қонаққа,
Үй ішін жиын той болар.

Қой да өріске кетеді,
Қойшы қызмет етеді.
Кешке таман болғанда,
Ауылға келіп жетеді.

Қозысы бар жас саулық,
Қошақанын табар маңырап.
Қошақансыз қу саулық,
Әр қойға барар маңырап.

Өз қозысы кеткен соң,
Қошақан қиын табылмақ.
Сол секілді мен сорлы,
Ел көрмей қалдым барылдап.

Он төрт дүкен жиһазым,
Қараң қалды-ау саудырап!
Үйімдегі төрт әйел,
Жап-жас қалды-ау жаудырап!

Әттең, шіркін, жалғыздық,
Қиын ғой орны табылмақ.
Жан кеудеден кеткен соң,
Сүйегім қалар саудырап.

Жылқы деген бір мал бар—
Ер жігіттің ырысы.
Сүтін ішкен жарлының,
Бай кісідей тынысы.

Жүйрік атың—қанатың,
Бағалы алтын, күмісің.
Мініп шықсаң сапарға,
Орындалар ылғи жұмысың.

Қымызын ішкен ашытып (ашыттың),
Ұйқысы келіп мас болар.
Сексендегі шал бақса,
Он бестегі жас болар.

Тас заманның белгісі,
Жақынға жақын қас болар.
Бұл өлімнің белгісі,
Ерімеген қара тас болар.

Артымда қалған туыс жоқ,
Ен дәулетке бас болар.
Сол себеп төрт әйелдің,
Етегіне жас толар.

Екеу туса атадан,
Арт жағы оның бармен тең.
Саясы жоқ бәйтерек,
Сазға біткен талмен тең.

Қайырып салған сұңқарың,
Қаз алмаса жерге тең.
Иесіз қалған ақ ордаң,
Болмаса адам көрге тең.

Ақылы жоқ бозбала,
Алды түйық жармен тең.
Зейіні жоқ жас жігіт,
Хайуан дайым малмен тең.

Еріншек болса азамат,
Сексендегі шалмен тең.
Жақыныңнан жау шықса,
Ызғарлы жауған қармен тең.

Жақсыдан ұқсаң ақылды,
Алуа, шекер, балмен тең.
Жалғыз тусаң атадан,
Алды-артың тармен тең.

“Баймын” — деген түк емес,
Көктемде кеткен қармен тең.
Алтау тусаң атадан,
Қаптай көшкен елмен тең!

Бәрің бірдей бай болсаң,
Көктемдегі селмен тең.
Көш бастар ағаң бар болса,
Көңіліңе қуат белмен тең.

Қаза келсе басыңа,
Көлденең қазған ормен тең.
Байлық деген түк емес,
Көрген күнің зармен тең.

Тіріде көрген аз байлық
Көйлектен жуған кірмен тең.
Жарлылық деген түк емес,
Бір терлеген термен тең.

Жалғыздықты ойласам,
Сүйекке біткен шермен тең.
Иен қалған дәулетің
Жаңбырдан аққан селмен тең.

Қайғырғанмен болмайды,
Жазмыштың ісі жөнмен тең.
Тар заманның мысалы
Жезден тартқан сыммен тең!

Екеу топтан сөйлесе,
Жігіттік те нармен тең.
Жалғыз топта сөйлесе,
Құлауға тұрған жармен тең.

Тіршілікте тартқан аз қайғы,
Көңілге тұрған кірмен тең.
Перзентсіздік белгісі,
Менің артым кіммен тең?!

Жігіттік кетсе басыңнан,
Қылыш кескен қынмен тең.
Әрқашан да, жарандар,
Білген сөзің шынмен тең.

Аман қалса бұл жаным,
Болар ед сөзім нұрмен тең.
Ұлдың жақсы туғаны,
Аспандағы күнмен тең.

Ініңнің жақсы туғаны,
Желкілдеп өскен гүлмен тең.
Қыздан қалса бір белгі,
Алтындап тіккен тумен тең.

Дәулет болса қолында,
Буулы жатқан пұлмен тең.
Шыбын жанның шыққаны,
Жел ұшырған құммен тең.

Көр азабын ойласам,
Ақпай сіңген сумен тең.
Топырақтың мысалы,
Көртышқан қазған інмен тең.

Жігіттің қызу қимылы,
Екпіндеп соққан желмен тең.
Өпасы жоқ дүние,
Бекер аққан сумен тең.

Қайғы-уайым таусылмас,
Қайсы бірін терейін?!
Уақыт маған таянды,
Тәуекел етіп жөнейін!

Жақсы менен жаманды,
Айттым теріп аз ғана.
Өнеге алсын осыдан,
Талабы бар бозбала.

Қасіреттен зиян көп,
Одан басқа не дейін?!
Жалғаннан опа таппадым,
Жаратқан хаққа сенейін.

Ойлаған ой түгесілмес,
Қайсы бірін айтайын?!
Құнанбай атты көрімді
Көре алмай кеттім, қайтейін?!

Үлкен-кіші жолдастар,
Жылатпайын бөріңді.
Ыбырайдың достығы,
Бір Аллаға мәлім-ді.

Қажылыққа жіберсін,
Жамал атты жарымды!
Оз орнына жұмсасын,
Бағулы жатқан малымды.

Ыбырай еді жан достым—
Құнанбайдың баласы.
Арғы атасы Өскенбай—
Тобықтының ағасы.

Жалғыз достың мен едім,
Душпанның қанар табасы.
Хабар салса барушы ем,
Партия болса таласы.

Жан достыма сәлем де
Туысындай мені көруші ед.
Болыстық сайлау болғанда
Маған қатты сенуші ед.

Жөнім бөлек келуші ем,
Соңынан қолдап еруші ем.
Ұлықтардан қысылса,
Мизам тауып беруші ем.

Бар Тобықты бұзылса,
Бауырына қойдай телуші ем!
Күш-қайратым ақша еді,
Топырақтай төгуші ем.

Өзім жалғыз болған соң,
Артымда соған сенуші ем.
Мал ғана қоймай өсіріп,
Егінді де егуші ем.

Шәуешекке барып ем,
Сауда ісіне қанық ем.
Жаңа пастор сандыққа,
Бес жүз теңге салып ем.

Аяғөздік татар көпестің,
Айттырып қызын алып ем.
Көш-жәнекей Жамалдың,
Зейініне таң қалып ем.

Былтыр еді алғаным
Жалғанда қалды зарымен.
Сол Жамалды жылатпа,
Тілеймін жолдас бөріңнен!

Сөзіме айтқан нанындар,
Армансыз болып қалындар.
Жан кеудемнен кеткен соң
Қабірге қырын салындар!

Ауылымды шулатпай,
Ыбырайға барындар!

Құнанбай атты көрімді
Шариғатқа нандырсын.
Жамал атты жарымды
Қажылыққа бардырсын!

Байтолланың жолына
Медресе, мешіт салдырсын!
Шырақсыз едім жалғаннан,
Шырағымды жаңдырсын!

Жас тілегін берейін,
Тәубе қып көңілін қандырсын.
Жеті кісі орнына
Бедел қажы бардырсын.
“Қажының ауылы” — дегізіп,
Бір белгі маған қалдырсын!

Айналайын, Омарбек,
Қасыма таяу келсеңші!
Шөлдеп, ансап барамын,
Қолыңнан сусын берсеңші!

Жаның бірге жаралса,
Меіімен бірге өлсеңші!
Жаның бөлек жаралса,
Жаратқан хаққа сенсеңші!
Кетті ғой менің керуенім
Мінеки, енді көрсеңші!

Нүсіпхан осыны айтып арыздасты,
Шошыды отыз жігіт, қаны қашты:
— Бағланым, шыныңменен кеттің бе?! — деп,
Отырып жолдастары нуылдасты.

Бұзылған Нүсіпханның қызыл жүзі,
Жайнаған қарақаттай екі көзі.

... ..
Талықсып, күйі кетіп жатқан кезі.

Омарбек шын сенімді досы еді:
— Қалам ба арыздаспай?! — деп жылады.

— Бағланым, шыныңменен кетгің бе?!—деп,
— Мінеки, Омарбектің айтқан сөзі:
Атыңнан айналайын, Нүсіпханым,
Жаннаттан орның болсын мәһарбаным.
Жаныңа құдай қуат берер ме екен,
Болайын айтып шалған қара лағың!

Ақылмен алыс жерді жақын қылған,
Белдеуде күміс ерлі арғымағың.
Саудамен әр жыл сайын кезуші едің,
Семейдің арғы жағын, бергі жағын.

Жылқыда егіз күрең татуым-ай,
Сізден мен енді қайтіп айрыламын?!
Дарига дайым біздің мырзамыз-ай,
Сізді ойлап өмірбақи қайғырамын!

Ажалын артыңда елді зарлатады,
Халқыңды шерлендірін мұнайтады.
Жасымнан жолдас болған құрбым едің,
Насихат енді бізге кім айтады?!

“Ат бер!”—деп енді кімге жалынамын,
Қайғыға бұдан былай малынамын.
Арғынның үш елін де жылатасың,
Үстіме қара шекпен жамыламын!

Жаттағы жастан қалған қарызым бар,
Білмеймін енді менің нем жетеді?!
Бермесе олар алған алашағын,
Әуре боп уақытым босқа өтеді.

Әр жолдан сауда жасап келуші едің,
Қолыма кесек ақша беруші едің.
Бір жолда мың теңге алып, етсем пайда,
Аузымнан шыққан сөзге сенуші едің.

Жалғандағы тілегің естен қалмас,
Ағандай бірге туған көруші едің.
Нелер үлкен базарға аттанғанда,
Қасыңа нөкер болып еруші едім.

Нүсіпхан откенің бе, талғаның ба,
Ажырап біз мүскіннен қалғаның ба?!
Айтып қал ақырғы бір ақылыңды,
Не деймін Ыбырайға барғанымда?!

Мен тұрғай орыс-қазақ жөнін білмес,
Сандалып ақыл таппай қалғаным ба?!
Онерің өрге жүзген ақиығым,
Жете алмай жастай кеттің арманыңа!

Қақпаған Арғын-Қыпшақ шаужайыңа,
Әрқашан олжа орапқан ыңғайыңа.
Жұлдызды жігіт болып қатарыңда,
Бак қонған мырзам едің маңдайыңа.

Омарбек осылайша арыздасып,
Бозбала шулап отыр қаны қашып.
Нүсіпхан сол уақытта талса-дағы,
Көтерді өзер басын, көзін ашып.

Омарбек басын сүйеп отыр қарап,
Сол жерде сөзге келді аузын ашып:
— Сүм жалғаннан ғапіл боп отем, — дейді,
Қинала сөйлемекке арыздасып.

Ойланып тоқтау қылды хат ұсынып,
Жолдастары толғанды тым қысылып.
Қолынан Омарбектің ұстап әлсіз,
Сөйлеуге ыңғайланды бір күрсініп.

Айтады арт жағына үлгі шашып:
— Сен болдың, әр сапарда естім, — дейді.
— Мінеки, өздеріңмен арыздасып,
Фәниден бақи жайға көштім! — дейді.

— Айтайын мен сендерге бір ақылды,
Тыңдауға жарайтұғын шын нақылды.
Сойлейін дос-жарандар болған істі,
Сый беріп, разы еттім көп жақынды.

Дүниенің тіреу болмас жалғанына,
Алланың пенде конер салғанына.
Қолыңа кара жорға ат тұлдап ал,
Ыбырай, — бәрі таныр барғаныңда.

“Теңізде суды жарған алтын балық,
Аушының ілінді, —де, —қармағына!
Отыз үйрек бір сұңқарға жолдас бопты,
Барып қайту жері алыс бір сапарда.

Сапары Қызылжардың кеселді боп,
Кез қылған, топ үйректі қызыл қанға.
Сұңқары ортасынан ұшып кетіп,
Артына қайырылмады шақырғанда.

Ішімде қайғы-шерім басым болып,
Ыбеке-ау, көп қиналдым бұл жалғанда.
Сұңқарым, жиын топтан ұшып кетіп,
Қарасын көрсетпеді-ау самғағанда.

Айырылып сұңқардан біз қалдық жасып,
Көз жетпес биік таудан ұшты асып.
Көсемі ғайып болып арасынан,
Қайғырды отыз үйрек қатты сасып.

Аспанда тауды айналған асыл сұңқар
Қарайып түңілткендей бұлтқа батып.
Сандалып отыз үйрек жол таба алмай,
Шуылдап келе жатыр басы қатып.

Бар екен алтындаған төрт тұғыры,
Оларға қайғы-дертін кетті шанып.
Бұрынғы өтіп кеткен пайғамбардың,
Орнын жүргендейсіз сіз де басып.

Осындай бір нәубетке кез болған соң,
Қорыққаннан келіп тұрмын сізге сасып.
Дәм ішсем, соның өзі қан татиды,
Біз тұрмыз түк айта алмай, көңіл жасып!

Дөрежең артық туған өнерпазым,
Кетіп тұр жолымызды тұман басып.
Ыбеке-ау, осындай іс көріп тұрмын,
Жасырмай бәрін сізге айтсақ ашып.

Құдайдан соң сүйенішім, ақ пейілім.
Мүдләмен сізге хабар беріп тұрмын.
Өстіп айта барғандарың жылайсыздар,
Оған да көзім жетіп сеніп тұрмын.

Сұңқарды көре алмаспыз тәңір алдынсыз,
Өткен аз сұм дүниеден еш қапысыз.
Мұнымды, асылзадам, сізге шақтым,
Болған соң жұртымызда ардақты сіз!”

Нүсіпхан осылай деп бастайды енді,
Алланың қосқанынан қашпайды енді.
Иманды жеті мәртебе тамам айтып,
Құбылаға бетін қоя бастайды енді!

— Басымнан бір жастықты-ал,—деп айтты,
— Аттанып Тобықтыға бар!—деп айтты.
— Баяндап Ыбырайға біздің жайды
Хабарды баршасына сал!—деп айтты.

Бетінен албыраған қаны кетті,
Сайраған бұлбұл құстаң сәні кетті.
Қыннан қылыш суырған секілденіп,
Біткен соң жазулы уақыт, жаны кетті.

Омарбек қабілетті, өзі молда,
Дауыстап азан айтты оң мен солға.
Ішінен отыз жігіт Нүсіпхан жас
Жөнелді уақыт бітіп, сапар жолға!
Жіберген қабіршіге сегіз жігіт
Қабірін даяр қылды тағы сонда.

Омарбек озып туған о да манап,
Баршасы таһарат алып, қылды санат.
Ақиық Нүсіпхан жас кеткеннен соң,
Сол жерде қойды қолдан жаназалап.

Көтеріп Нүсіпханды жүргізді енді,
Тағдырдың анықтығын білгізді енді.
“Алланың бұйрғаны болады”—деп,
Деғдарды қабіріне кіргізді енді.

Қойған соң бетін жауып, жылайды енді,
Жыламай мұндай ерге шыдай ма енді?!
Түйедей шөгіп жатқан көртопырақ,
Балшықпен бетін сулап сылайды енді.

Қайғымен өншең манап жүдейді енді,
Алладан: “Иман бер!”—деп, тілейді енді.
“Қайтіп қиып кетеміз—деп—қайран ерді?”—
Басына бір-екі күн түнейді енді.

Ойлайды ер Омарбек ақыл ойды,
Бұл қайғы бозбаланың түсін (жүзін) жойды,
“Жатқанмен, бұл Нүсіпхан тірілмес!”—деп,
Шөгерін, түйелерге жүгін қойды.

Жылаған бір жалғыздың құрметіне,
Алланың тоқтау бар ма құдіретіне?!
Онан соң жиырма күн жүрін келіп,
Жетіпті Тобықтының ел шетіне.

Омарбек жолдастарын қасына алды,
Азырақ кеңес қылып, ақыл салды.
Көл болып көздің жасы төгілген соң,
Сол жерде Нүсіпханды ауызға алды:

— Келесің, жолдастарым, немене ойлап,
Жалғанның қызығына бар ма тоймақ?
“Өлмейміз!”—деп, жастыққа сенбеңіздер,
Бұлбұлың кетті қайда тұрған сайрап?!

Жігіттер, қаза жетсе, өлмейсің бе,
Кешегі Нүсіпханды көрмейсің бе?!
Қанша сөз қарыз қылып айтып кетті,
Хабарын Ыбырайға бермейсің бе?!

Омарбек осыны айтты сол арада,
Ақылға озып туған ол да дана.
Жігіттер өншең бағлан тұрса қарап,
Бақыршы жетіп келді Садық бала:

— Ақылға озып туған, ер молдеке,
Тарқайды, қалай айтсам, шер молдеке?!
Анадан туғаныңда ағаш бесік
Кіретін алтын бесік — көр, молдеке!

“Құдай-құл, Мұхаммедке үмбет!”—десең,
Қылмаймыз пұлға қастық, сен, молдеке!
Қай жігіт сіздей болып сөз табады?
Өзің барып айтқаның жөн, молдеке!

Жасыннан құрбы болған жолдасыңның
Хабарын өзің барып бер, молдеке!

Ақ жүзін Ыбырайдың көр, молдеке,
Сапарға ертең ерте жүр, молдеке!
Естіртіп төрт жеңгеме сыпайылап,
Мырза үшін мойынынды бүр, молдеке!

Жас бала осыны айтып тақылдайды,
Өзгесі бала сөзін мақұлдайды.
— Олай болса, жігіттер, барайын!—деп,
Омарбек қара жолға ат тұлдайды.

Басқасы жер шамасын мақұлдайды,
Тұлдаған қара жорға ат аршындайды.
Табаны қызған құла ат жорғаласа,
Төбінгі бауырында сартылдайды.

Жүз сомға құнанында алған екен,
Өзінен құнан жорға оза алмаған.
Таңдаулы наше жылқы әкелсе де,
Ешбірі бұл жүйріктей бола алмаған.

Құйысқанда сом күміс,
Шағылысып күнге, жалтылдап.
Жібек жабу жабылған,
Күміс жүген жарқылдап.

Үзеңгісіне күміс жалатқан,
Шағылысар күнге жарқырап.
Омарбек шықты сапарға,
Алдынан самал аңқылдап.

Үстінде молдекеңнің шекпен манат,
Буулы қанжығада ішік жанат.
Құндыздан басқа киген көмшат бөрік.
Ортеніп өзегі оның от боп жанад.

Омарбек күндіз-түні бірдей жүрді,
Қайғымен көп ойлап (бөгеледі) күйеді енді.
Тілегі Омекеннің қабыл болып,
Таң ата Құнанбайға жетеді енді.

Арада бір аптадай жол жүріпті,
Қос атқа кезек мініп тез жүріпті.
Әуелі Құнанбайға жолықпай-ақ,
Аулына Ыбырай мырза кідіріпті.

Жабырқап ер көңілі тұрды ойлап,
“Қалайша айтамын, —деп, —мұны жайлап?”
Тілеуі дос жандардың қабыл болды,
Ыбырай жылқысын жүр суға айдап.

Желбегей, белбеуі жоқ, шатыр қолда,
Жолдас жоқ Омекеңнің жалғыз өзі.
Тұлданған қара жорға атты көріп,
Жылайтын Ыбырайдың келді-ау кезі!

Астында Ыбырайдың қоңыр жорға,
Сырт етіп сырлы таяқ сынды сонда.
Қос атты Омарбекті көргеннен соң,
Құлауға ат үстінен қалды зорға.

Омарбек жақын келіп сәлем берді,
Сәлемін Ыбырай алып: “Сөйле!”—деді.
Тенселіп ат үстінде Омекең жас,
Іштегі сонда ақтарды қайғы-шерді.

Ордаға Ыбырай ертіп кірді-ау өзі,
Солқылдап жасқа толып екі көзі.
Жиналған әлеуметке сәлем беріп,
Мінеки, Омарбектің айтқан сөзі:

— Ассалаумағалейкум, Абай аға,
Аман ба ауыл-аймақ, бала-шаға?!
Жеңгелер қадірменді, есенсіз бе,
Сапардан өте алыс келдім жаңа.

Үш жүздің баласына аты әйгілі,
Күйлі ме, сау-саламат мырза-баба?!
Айтуға ауыр істі тура кеп тұр,
Бұл Семей өлкесінде едің дана.

Ыбеке, сіз жылама, мен жылайын,
Қырсығым толып жатыр арылмаған.
Қолымнан ақиығым ғайып болып,
Дариға-ай, іздесем де табылмаған!

Жүгі ауыр кара нарың мен болдым ғой,
Қайғым бар жүрегімде ауырлаған.
Бір қиын іс көрдім ғой, Абай аға,
Жолы ғой пайғамбардың жаңылмаған!

Керейде Біржан салдың батасын ап,
Өнерге он жетіңнен мойын бұрдың.
Үмбеті пайғамбардың болғаннан соң,
Сыйлады, дін қадірлеп, сізді құрбын.

Жасыңнан туын ұстап дін ислам,
Атаңның жолын қуып, айттың нұсқа.
Тұғырдан ойда жоқта ұшып кетіп,
Болып түр сұңқарымның ғұмыры қысқа.

Ыбеке-ау, айтайын да ақтың ісін,
Қарсылық қып айтарға жоқ қой күшім!
Іштегі жалынымды шығарайын,
Ардагер, арғы жағын өзің түсін!

Бір сұңқар, жолдас болған отыз қарға,
Бір күнде мекен салған Қызылжарға.
Құрғырың Қызылжардың кесел болып,
Қарғаны жолықтырған қызыл қанға.

Сұңқарым биік таудан кеткен асып,
Қарайды-ау бір-ақ күнде бұлт басып.
Шуылдап жол таба алмай отыз қарға,
Сандалып келе жатыр қаны қашып.

Ыбырай мырза сол шақта,
Ар жағын өзі сөйлеген.
Көзден тоғіп ыстық жас,
Отыра қалып көлденең:

— Аға-ла-әйкум-мус-сәлам, Омарбегім,
Байқадым келген жерден сөздің тегін.
Қылыштай қынасынан босқа алынған,
Дегдарға кез болды ма жігіт өлім?!

Омарбек жалғыз өзі келгеннен соң,
Шошынып болмай қалды көңіл қошым.
Қара жорға келген соң тұл жамылып,
Жалғаннан өткен екен жалғыз досым!

Біреуді үйде, біреуді түзде алады,
Жалғанға опасы жоқ бар ма сенім?!
Қарсы ұшқан, қасқыр көрсе, ақиығым,
Қайтпаған қалың жаудан тастүлегім!

Сұм жалған мынау болды алдағаның,
Арман ғой қолдан топырақ салмағаным!
“Баласы Тобықтының бұзылар!”—деп,
Партия жиылысына бармағаным!

“Өткен іске өкінбе”—деген сөз бар,
Кім білмес топ ішінде зарлағанды?!
Өтерін жан досымның сезбей қалып,
Кім ұғар біз секілді алданғанды?!

Шынымен кеткенің бе, асыл құрбым,
Ауызба-ауыз арыздаспай қалғаным-ай!
Қара жорға келген соң тұл жамылып,
Көзіме ыстық жасты алғаным-ай!

Жалғаннан кеткеніңді енді біліп,
Мінеки, топ ішінде зарландым-ай!
“Төгілген толмас”—деген тағы сөз бар,
Алланың бұл ісіне таң қалдым-ай!

Құдай-ау, күдіретіңе танданамын,
Жалғызды көп ішінде таңдағаның!
Қалғанмен арт жағыңда таяқ ұстап,
Келіспес ауылына бармағаным!

Ақылға, амалға артық серігім-ай,
Сен қара ат тұл жамылып келгенің-ай!
Тірлікте айрылмаспыз деген достым,
Күдірет бір көрсетпей кеткенің-ай!

Сайлауда талас болса келуші еді,
Бір туған бауырындай көруші еді.
Ұстасып болыстармен сотқа барсам,
Қиыннан мизам тауып беруші еді.

Көңілде көп болды ғой менің шерім,
Қысылсам, сүйеу болған асқар белім!
Тобықты, Керей, Уақ қуат көрген,
Нашарға сусын болған шалқар көлім!

Айырылып серігімнен қайғы тартып,
Сенделіп сұм жалғанда кімге сенем?!
Өңім бе бұл оқиға, түсім бе деп,
Өртеніп отыр, міне, бүкіл денем.

Пендеге жазмыш ісі не көрсетпес,
Жан достым бір кеткен соң оралмайды.
Тұрғыдан қайырылмас боп, ұшқан бүркіт
Қайта кеп сол мекенге қона алмайды.

Белгісі шын достықтың осындайда,
Қалдырды достым бізді қиын жайға.
Кезінде Нүсіпханнан пайда көрген,
Мырзалар ауыр күнде табылмай ма?!

Байқасам, бізді қырсық шалған екен,
Жан достым шын дүниеге барған екен.
Арғында өнерімен асқан бағлан,
Жас кеткен кезі үшін арманда екен.

Өнердің жұртын тапқан данасына,
Не жетер досымның бағасына.
Айырылып серігімнен шермендемін,
Қалам ба дос-дұшпанның табасына.

Қанша өзім дегенменен айта алмайсың,
Бұл күнгі Тобықтының бабасына.
Қайғымен көп ішінде даусым шықса,
Қалармын жамандардың жаласына.

Омарбек, сен көрінбей, отауға түс,
Шай да бар, сол отаудан қымыз да іш.
Айтайын Қүнекеңе өзім барып,
Әйтеуір Тобықтыға болды ауыр іс.

Үстіме жартас құлап кетіп еді,
Япырым-ай, осы екен ғой түндегі түс!
“Алланың ажал оғы!”—деген осы,
Болар ма бұған қылар қарсылық іс?!

Сыйынып, тәубе қылып жалғыз Хаққа,
Ыбырай шерлі болды-ау сол уақытта!
Баласы Құнанбайдың Абай мырза,
Мінеді үш ұмтылып қоңыр атқа.

Асығып шаршап келген хатшы Омарбек,
Түседі өзі барып отау жаққа.
Кіргізіп Омарбекті ақбоз үйге,
Есмағұл мырза інісі қалды ұзаққа.

Жөнелді қоңыр атқа қамшы басып,
Келеді жау қуғандай асып-сасып.
Үйіне Құнанбайдың келді кіріп.
Байлаусыз қоңыр аты кетті кашып.

Әуелі қол қусырып сәлем берді,
Алдына шарт жүгініп отырды енді.
Құнанбай төсегінде отыр екен,
Ыбырай сол уақытта сөйлейді енді.

Жүдеген Ыбырайдың сағы сынып,
Байқайды ер Құнанбай көзі түсіп.
Келбетін Ыбырайдың көргеннен соң,
Қолынан ақ шақшасы кетті түсіп.

– Шай ішіп, қайран әкем, қандыңыз ба,
Мен келдім сәлем беріп алдыңызға.
Қымыз бен шұбат ішіп отырам деп,
Мойынға ауыр жайды алдыңыз ба?

Ей, әке, бір шаруамен келдім саған,
Көп елге үлгі айтқан арғы бабаң.
Қызыл шайды тәтті деп іше бермей,
Құдайға құлшылық ет, келсе шамаң!

Басыңа нокталы олім келсе жетіп,
Жаныңа ара тұрмас қатын-балаң.
Жолына қажылықтың барамысың,
Келерсің бұл сапардан есен-аман!

Біреуді сөзбен жеңдім деп ойламаңыз,
Ажалға тоқтау салмас інің-ағаң.
Аз күндік көрер жарық рет болса,
Болғай да сізге, бізге тәңірі панам.

Өтіндім, қажылыққа барасың ба,
Сөзіне Ыбырайыңның нанасың ба?
Алпыстың алтауына анық келдің,
Құлшылық етпей, жолдан қаласың ба?

Әке, енді өзінді-өзін білесің бе,
Құлаққа тілек сөзді ілесің бе?
Жаратты Алла сізді Құнанбай ғып,
Күнәнды жумай, отқа күйесің бе?!

Болмаса қажылыққа мен кетейін,
Артымда тілек тілеп қаласың ба?
Аллаға құлшылық қып көңілің сеніп,
Құрбанды Ғарапаға шаласың ба?

Жасыңнан жақсы ауылға таңдап қонып,
Жайлы орын ақыреттен аласың ба?!
Ақсүйек топтан озған тұлпар едің,
Тұнықтан жүзіп ішпей, қанасың ба?!

Көңіліңе қартайдым деп қайғы келсе,
Балаңды түзу жолға саласың ба?
Жұрт барған қажылыққа бармай қалып,
Қайғы өртеп ұлғайғанда жанасың ба?!

Айтшы енді: барасың ба, бармайсың ба,
Сөзіңе Расулымның нанбайсың ба?!
Алпыстың алтауына жасың келді,
Байқашы, өзінді-өзін барлайсың ба?!

Салсаң да темір үйге кетіп қалсам,
Артымда арман қылып зарлайсың ба?!
Аллаға сенің күшің мүлде жетпес,
Күнәға өлген күні жанбайсың ба?!

Отырсың, неменеге, үндемейсің,
Мені әлде айдаһар боп жалмайсың ба?
Сөзімді қатты айтсам, кешіргейсіз,
Баюға көлден балық қармайсың ба?

Қу жаным, қатты айтпасам, қысылды енді,
Жанған отқа жанымды [ұшырды] енді!
Сүйенішім, қолымдағы ақ тұйғыным,
Көз жетпес терең ойға түсірді енді.

Сөзімнің бастан-аяқ амалын тап,
Айтайын келгенен соң түсімді енді.
Ұқыпты болыңыз да, тыңдап шықшы,
Сөйлеуге жұмбақ түсті тура келді.

Ей, әке, туып едің жаннан ерек,
Ақылға, амал, ойға болдың зерек.
Түсімнің басы мынау, жорысаңыз,
Орнаттың төр алдына қос бәйтерек.

Жайқалған жапырағы ағаш емес,
Болғанда бірі-мейіз, бірі-өрік,
Сүйегін өрігімнің жүрмін теріп.
Аспанда дауыл соғып, бұршақ жауып,
Қойыпты мейізінді Құдай бөлін!

Ордасын үлкен үйдің түтін басып,
Отаудың босағасын өрт шалды ғой.
Жау алып үй ішінің жиһаздарын
Ақбоз үй шала өртеніп, бос қалды ғой!

Тайдырды өрге жүрген аяғымды,
Ілгері жұрттан озып жүрмесін деп.
Тұғырдан ұры әкетті қыранымды,
Аң қуып, бек жадырап күлмесін деп.

Тамам ит қабамын деп камалап жүр,
Сындырдым сермеймін деп таяғымды.
Қуғаңда қашағанды құтқармайтын,
Өрістен жау әкетті саяғымды.

Кенеттен ғайып болған ақ сұңқарым,
Жоғалды бәйге бермес боз тұлпарым.
Бар екен сол сұңқардың төрт туғыры,
Кім білсін арты оның не боларын?!

Оралмай зымнан-зия болған сұңқар,
Артына қайғы уытын кеткен шашып.
Көрініп бірде сұңқар, бірде тұлпар,
Жоқ болған қанат бітіп бұлттан асып.

Түсімде Қызыр Ілияс кеп көрінген,
“Адамға қатты айтпа”, –деп аян берген.
Түсімді осыменен тоқтатайын,
Балаңыз қысылған соң сізге келген.

Түсімді, міне, сізге шықтым айтып,
Жүрегім өртенген соң қайғы басып.
Бармасаң қажылыққа мен кетейін,
Отырмын жүрейін деп арыздасып.

Осындай қиын істі көргеннен соң,
Сіз білдің мен де жылап келгеннен соң.
Ай, ата, ғұламасың шалқар көлдей,
Мен сізді ренжіттім өртенген соң.

Жасыңда құтқармадың қашағанды,
Сиынып есіңе алып жасағанды.
Шешін бер өнерпаздай бұл түсімді,
Санаймыз білер деп көп жасағанды.

Құнанбай сонда ойланып көтерді бас,
Көзінен Ыбырайдың төгілген жас.
Сөйлеуге ынғайланып етті ишарат:
– Жорымай бұл түсінді, – деді – болмас!

– Сөз тыңда олай болса, Абай балам,
Атаңды көрдей қыстың қалай, балам?!
Үш жүздің жиынында дауға түсіп,
Қиынды шешіп едім талай, балам!

Ойланып, сабыр қылып, сөз сөйлейін,
Шешейін түс жұмбағын енді, балам!
Келген беттен байқап ем сөз ынғайын,
Алла қайғы салған соң саған, балам.

Алпыстың алтауына толды жасым,
Барайын қажылыққа, келсе шамам.
Ажалдан құтылатын пенде бар ма,
Өлмесе қайда кетті ата-бабаң?!

Болса да жігіт бағы маңдайында,
Ешкімге опа бермес мына жалған.
Біреуді үйде, біреуді түзде алады
Жазудан кімді артылтқан хақ тағалам?!

Қысылын сен сұрадың әр жауапты,
Айтайын білгенімді мен де саған.
Келген жерден аңғардым сөздің шыны,
Болмайды Құдай ісін [сол] айтпаған!

Тыңдадым оқиғанды құлақ салып,
Нүсіпханға ұқсайды көрген түсің.
Олай-бұлай бұлқынып талпынғанмен,
Еш пенде өзгерте алмас тағдыр ісін.

Ақылды туып едің өзін зерек,
Өнерге және ойға болдың бөлек.
Орнатсам төр алдына қос бәйтерек,
Бірі-сен, бірі-Нүсіпхан болса керек.

Аспаннан дауыл соғып, бұршақ соқса,
Сөзі ғой партияшыл жіктің жеңіл.
Көпшілік бір есікке кеп таласса,
Төресін даудың айтар сен ақ пейіл.

Сүйегін іздеп келген өрігім сен,
Боласың әлі дағы жұртқа өктем.
Қолымдағы мейізім Нүсіпхан ғой,
Жүргенде ұзақ жолда қаза жеткен.

Бұл фәни опасы жоқ жалған шығар,
Буының қайғыменен талған шығар.
Көп иттер қабамын деп қамаласа,
Табасы дұшпаныңның қанған шығар!

Отаудың босағасын өрт шалса егер,
Нүсіпхан ол да өзіндей бағлан шығар.
Сенімен бір жыл туған боздақ еді,
Періште оң сапарға жазған шығар.

Алланың сүйген құлын жастай алмақ,
Құдайым күнәсыз ғып алған шығар.
Ешкімге қас қылмаған өндірі еді,
Жұмаққа аялдамай барған шығар.

Биледі ел, Абай балам, асылыңды,
Тапсырдым бір Аллаға ақырыңды.
Туғаның рас болса Өскенбайдан,
Қор қылмас тәңірі сенің жақыныңды.

Жұмсадың қажылыққа, мен барайын,
Айтайын енді саған ақылмды.
Уақытым қажы болар енді келді,
Садақа бер, жина да пақырыңды.

Барсам деп қажылыққа ойлаушы едім,
Кімде кімнің күнәсын Алла білер.
“Күнәлы!” — деп, айтып ұрма әйелінді,
Табалап дұшпандарың күліп жүрер.

Тағы да ескертерім мынау, ұлым,
Сатпай жүр жауға еліңді, жақыныңды!
Жақын ісі адамға болар арман,
Дұрыс көрем бұл жайға мақұлынды.

Ағайынға хабар сал, жалғыз қалсаң,
Қайрат бітер еліңді есіңе алсаң.
Пендені түріне қарап бағалама,
Киім қасиет болмайды, маған нансаң.

Қадірін біл балуан, мерген, ақыныңның,
Батқанын жұрт білмесін тақымыңның.
Бір атты бір жаяумен дауласса егер,
Білгізбей сөзін сөйле жақыныңның.

Ұл тумас бұл Арғыннан Нүсіпхандай,
Қор болған пенде көп қой тілге нанбай.
Қайғы мен қасіреттен түк пайда жоқ,
Жыладың бағанадан салып ойбай.

Құдай бір, пайғамбар хақ тыңдағанда,
Жетеді кімнің көзі бұл жалғанға?!
Біреуді үйде, біреуді түзде алады,
Пендесін жаратушы сынағанда.

Халық үшін кең жаралған бағланым-ай,
Алысқа айдап ажал барғанын-ай!
“Сабыр, түбі—сары алтын”, — деген сөз бар,
Көнеміз жазмыш басқа салғанын-ай!

Сабырлы адамға лайық мінез-құлық,
Ұл тумас Нүсіпхандай Тобықтыдан.
Ер еді, жас та болса көпке ұнаған,
Шариғат пен мизамға жетік туған.

Дос қылдым, бата бердім екеуіңе,
Іс-қылық екеуінде бірдей болып.
Сендерге амандықты ылғи тілеп,
Жүруші ед әрқашан да көңілім толып.

“Жылады!” — деп, сені мен сөкпен балам,
Қайыстың дос, туысың құлағанға.
Жолдас үшін айтқанды ойға да алман,
Сөйленер әртүрлі жай жылағанда.

Желікпе күштімін деп тірлікте сен,
Біреуді жылатуға келсе шамаң.
Тату бол ағайынмен, құрбыңменен,
Тілеймін жүргеніңді есен-аман.

Үйіне Нүсіпханның мен барайын,
Ешкім жоқ таяқ ұстап көрісерге.
Қиналдым есім шығып, толғанайын,
Естіртіп қайғыларын болісерге.

Хабар сал Тобықтының баласына,
Қайдағы ақылдының данасына.
Өлгенін Нүсіпханның білдірмесең,
Қаларсың дос-дұшпанның табасына.

“Құнанбай қажылыққа барад!”—деп айт,
Естіген ағайынға жарасуға!
Қайғырып досың үшін жылап келдің,
Әкесі тоқтау айтар баласына.

Ақыл айтып баласын жұбатқан соң,
Бет жуып, белге кісе буынады.
Алдырып құла жорға ерттеп мініп,
Аулына Нүсіпханның жол қылады.

Қолында Ыбырайдың қос шабарман,
Жігіті бар болатын ұстайтұғын.
Солардың басын құрап, отау етіп,
Өзінің інісі есепті жұмсайтұғын.

Күңіrentіп жаршы ертіп төңіректе,
Шабарман екі жігіт салды хабар.
Бастығы Дүйсенбек боп хабаршының,
Шыңғыстау аймағына берді хабар.

Құнанбай Семей жаққа тез аттанбай,
Аулына, ойға қалып, қайта оралды.
Ат байлап кермесіне атқосшысы,
Келуін адамдардың күтіп қалды.

Пендесін не қылмайды төңірім ісі,
Көріптің (Ғаріптің) қайғыланып біткен күші.
Ауылына Қүнекеңнің жиналмақшы,
Семейге аттанарда бір топ кісі.

Неше рет Құнанбаймен ақылдасқан,
Оның да қажы болмақ бар арманы.
Ұстайтын пандығы бар Қүнекеңнің,
Сол жерде келген жанның таң қалғаны.

Дүйсенбек — жетпістегі ол бір кәрі,
Аймағы-бес-алты ауыл балалары.
Есіктен сәлем беріп, кіріп келіп,
Мырзамен сөйлесу ед ынтызары,

Дүйсенбек сол есіктен кіріп келсе,
Құнанбай қол қусырып сәлем берді.
Қимылы қарт мырзаның қиын еді,
Бұл оның өзгергенін бірден білді.

Қарайды Құнанбайдың форымына,
Айналып қалғандығын торығуға.
— Біреуді—үйде, біреуді түзде алады.
Ажалдың кез болған соң жорығына.

Алланың шек келтірме құдіретіпе,
Сәлемет, аманбысың Құнанбайым.
Күйіндің неге осынша, дегдарым-ау,
Артыңда бар емес пе Ыбырайың?!

Құдірет қабыл қылсын істің жайын.
Аттансаң қажылыққа жеме уайым.
Жұртты ойлап артта қалар не қыласың,
Аман жүр барған жерде өзің дайым.

Қиын іс маған-дағы сезіліп тұр,
Аңғардым бір оқиға болған жайын.
Айтсаншы қайғыңызды көңіліндегі,
Тарқасын іште жүрген бар уайым.

Есен ғой малы-басың, мырза, деймін,
Қалың жұрт қайырымына ырза деймін.
Меккеден қажы атағын алып келіп,
Дегенің орындалып тұрса деймін.

Құнанбай Дүйсекеге қарайды енді,
Айтпақ боп уайымды көңіліндегі:
— Білдіру маған парыз, сұраған соң,
Тыңдай бер ішімдегі шерімді енді.

Жарайды-ай, Дүйсеке, сұрар сөзің,
Өлімнің кім біледі келер күнін?!
Нүсіпхан бұл дүниеден көшкен екен,
Соған кейіп налыған менің түрім.

Өзі жалғыз атадан жетім еді,
Өнерге мизам оқып жетіп еді.
Қызылжар, Болатнайға бармақ болып,
Пайда үшін сауда жасап кетіп еді.

Мінеки, амал бар ма, құдай ісі,
Тағдырға еш пенденің жетпес күші.
Қарызын Ыбырайға жина деп ед,
Болған соң қарыз алған талай кісі.

Дос болды, құрдас болды Ыбырайға,
Жолдас жоқ оған жетер Ыбырайда.
Ыбырай қарыздарын жинап еді,
Парызынан құтылайық осындайда.

Қажыға барамыз ғой, ерінбейміз,
Разымын Ыбырайдың бұл ісіне.
Ыбырай досы үшін жылаған соң,
Менің де қайғы кірді енді ішіме.

Дүйсенбек:

— Олай болса, көріңіз, Құнанбайым,
Айтпай-ақ біліп едім сөз ыңғайын.
Нүсіпхан дүниеден шын қайтты ма,
Рас болса, иман берсін бір құдайым!

Ешкімге опа бермес мына жалған.
Құдайым сүйген құлын жасында алған.
Екеуіміз болсақ-тағы ақылы асқан,
Артылып жан туған жоқ Нүсіпханнан.

Жалғаннан арманда боп өткен шығар,
Жазулы хақ орнына барған шығар,
Перзентсіз қыршынынан тез қиылды,
Іші оның өтсе-дағы арман шығар!

Орнына атасының озат туған,
Орданы ұстап қалған бағлаң шығар.
Алдынан жарылқасын бір Алласы,
Мезгілсіз ажал сұмырай алған шығар.

Күнеке, көп қайғырмай, сіз де тоқта,
Шапағат қыл деп жалын пайғамбарға.
Дүниеден талай саңлақ өткен жоқ па,
Жеткен жоқ ешбіреуі тіпті арманға.

Құнанбай мұны естіп шаттанды енді,
Тәубе қып күнә сөзден сақтанды енді.
Кеңесіп таң атқанша өңшен манап,
Алпыс бес адам болып аттанды енді.

Жиылып өңшең бек, би Семей барған,
Кеш барып, бір пәтер үй жалдап алған.
Басқа жан Құнанбайдан сөйлемеді,
Ыбырайды сөйлетпей тию салған!

Ыбырай атка отырды дегдар затты,
Қолпаштап алға салды өңкей қартты.
Екі күн осылайша суыт жүріп,
Жолаушылар орта жолдан асып қапты.

Пандат оқып, ертемен тағы жүрді,
Семейден ешбір адам білмей қалды.
Ыбырай озайын деп бұландаған,
Құнанбай қатты сөйлеп ашуланды:

— Ей, балам, түспе алға, үлкен сыйла,
Рұқсат мына жолда бермен!—дейді.
— Аулына менен бұрын барам десен,
Жүзінді ақыретте көрмен!—дейді.

Осылай жоқтау салды баласына,
Шақыртып алды көптің арасына.
Ыбырайды әңгімемен алып жүрді,
Ауылы Ақөткелдің жағасына.

Байлығы Нүсіпханның жаннан бөлек,
Семей мен Керекудің арасында.
Құнанбай елді бастап алып жүрді,
Ақылдың кім тоқтамас данасына?!

Ауылына топты адам жаяу барды,
Тоқталып жақын барып хабар салды.
Шаптырып екі адамды жіберген соң,
Төрт әйел алдарынан шыға қалды.

Токталмай Жамалдарға барғаннан соң,
Шығарды төрт келіншек тәртіппенен.
Азырақ ілгері қарай жүрді баяу,
Етпекші үлкенге сәлем әдеппенен.

Жамал да сол уақытта бірге барған,
Алыстан топқа бота көзін салған.
“Күдай-ау, қандай күйге түсірдің?!”—деп,
Шошынып қауіп қылды Нүсіпханнан.

Байқады адамға айтпай жалғыз өзі,
Аяғын жылдам басып үйге кірді.
Елжіреп іші-бауыры жүре алмады,
Болғанын бір жағдайдың болжап білді.

Бір қатер бойын билеп сасқалақтап,
Қолынан құманы да түсіп кетті.
Он жеті қызметшіні шақырып ап,
Тігуге шатырларды әмір етті.

Шатырларды тіктіріп даярлаған,
Төселіп корпе, сырмақ гүл жайнаған.
Қойдырып самауырынның бірнешеуін,
Қымыз бен шұбат қойып дайындаған.

Түсірді Құнанбайдың атын байлап,
Шатырға отырғызды бәрін жайлап.
Бір-бір аяқ ұстатып қолға қымыз,
Күжілдеп шәугім, самауыр тұрды қайнап.

Құнанбай барған күні сабыр етті,
Айтуға молдалықты кісі сайлап.
Әуелі шай ішіліп, артынан ет жеп,
Жігіттер қызмет етті гүл-гүл жайнап.

Құнанбай көк шатырда болды қонақ,
Сөйлеуге Құнанбайдан басқасы олақ.
Айтуға Құнанбайдан бата алмаған,
Жолбасшы сөйлетпейді алдын орап.

Құнанбай таң атқан соң тұрады енді,
Мойнын жан-жағына бұрады енді.
Нөкерлер еріп келген оянған соң,
Оңаша аз әңгіме құрады енді.

Бет жуып, киімдерін киеді енді,
Нүсіпхан жас та болса киелі еді.
Шай ішіп болғаннан соң өңкей манап,
Ордаға сәлем беріп кіреді енді.

Дүниенің көз жетпейді көптігіне
Иесі жоқ болған соң септігі не?!
Бұл сөзді жан айтпады тілге келіп,
Шақ жетті естіретін ендігіге.

Байлығын қисап қылсаң шалқар көлдей,
Сөзінді бастау қиын шыдам жетпей.
Жібектен неше түрлі кілем тоқып,
Оюлап ілген екен тұсқа өрнектей.

Төріне көк шағидан сырмақ төсеп,
Отырды көрпе үстіне мырза билер.
Меспенен, тегенемен шұбат әкеп,
Аяққа құйды жігіт қызметшілер.

Ұсынды меймандарға шара аяқпен,
Қонақтар қымыз құйған аяқ ұстап.
Бір жұтып ыдыстарын алға қойып,
Отырды үй ішіне көзін тастап.

Алдына Құнанбайдың қымыз келді,
Бозбала шұбат ішкен қызулы еді.
Қүнекең тер сүрткен боп, жасын сүртіп,
Көңілі қарт қыранның бұзылды енді.

Шұбатты ішкен соң би қызынды енді,
Құнанбай қара тер боп қысылды енді.
Алдына бір шыны аяқ шай құйғызып ап,
Жамалға шымылдықтағы ұсынды енді.

Қымызды не ғып ішсін сынап берген,
Жамал да шыны аяқты қолына алды.
Бір ұрттап, әрі қарай ішпей қойды,
Алдына шыны аяқты қоя салды.

Уайымдап, іштен тынып, ішпей берген,
Айналып өз кесесі қайта келген.
Алдында даяшы боп жүрген жігіт:
“Ішпеді жамал”, — деп айта келген.

Бәрі де шұбат ішіп тез тойынған,
Қол жайып дастарқанға дұға қылған.
Меймандар бір-біріне қабақ қағып,
Ақыры сөз бастауға ыңғай қылған.

Қүнекең қара тер боп, қысылды енді,
Білегін арыстандай түрінді енді.
Үстінен пұшпақ ішік жұлып тастап,
Шешініп төр алдында жүгінді енді.

— Дүйсеке, неге отырсың бекер қарап?!
Іс бар ғой отырғанмен тамашалап.
Туып ең менен бұрын көпті көріп,
Сөзінді кімге айтасың оңашалап?!

Дүйсеке, жасың үлкен едің аға.
Физзат қып, құрмет етіп, берсем баға.
Жасымнан бәйге бермес тұлпар едім,
Шаба алмай мен отырмын кетіп шама.

Ер едің менен бұрын көпті көрген.
Іс бар ма отырарлық бұл арада?!
Бағы жоқ, тілеуі жоқ жан емессің,
Сол себеп жолды бердім сіз данаға!

Үш жүзден өнері озған ер Құнанбай,
Қарыштап сөйлер сөзден бүгілді енді.
Айырылған құрдасынан Ыбырай да,
Бұл топта сөз сөйлеуден безінді енді.

Құнанбай жан-жағына алып қарап:
— Жүруге қажылыққа еттім талап.
Меккеге барып тауап еткім келді,
Жол берсе, бұл сапарда құдай қалап.

Отырып сөз айтады топты жарып:
— Бұл күнде шабандаған біз бір ғаріп.
Бес сайлау дуанбасы болсақ-тағы,
Бұл күнде тоқтап қалдық естен танып.

Айтатын алда сөзің, Ыбырайым,
Сөз тыңда, Жамал келін, құралайым.
Шығып ем көңілге алып бір Алланы
Шаруаның Дүйсеке аға айтсын жайын.

Дүйсеке, аз сөйледің бағанадан,
Азырақ сөз айтсаңшы бұрынғыдан.
Лебізінді естімекке біраз адам,
Осы үйде тосып отыр манағыдан.

Дүйсеке:

– Сөйле деп маған айттың, Құнанбайым,
Сен барда мен сөз айтып не қылайын?!
Онерлі артық туған ақиығым,
Орнымды басатұғын жүйрік тайым.

Құнанбай:

– “Жақсы туса–ел ырысы”, – деген сөз бар,
Дүйсеке-ау, бұрынғыдан мирас қандай?!
Алпыстың алтауына толған шақта,
Шығады енді бізден өнер қандай?!

Шымылдыңтың ішіндегі Жамалға айтты:

– Тең достың мына отырған Ыбырайым!
Алпыс алтыға келгенде, мен желігіп.
Үлгі айтып топ ішінде не қылайын?!

Тадам ба, таппаймын ба сөз ыңғайын,
Жеткізіп айта алам ба шаруа жайын.
Сөз сөйлеу шешенсініп оңай емес,
Кей кезде таба алмайсың іс орайын.

Жамиғат, олай болса сал құлақты,
Дүйсекең маған берді рұқсатты
Келіп ем сағынғаннан амандаса,
Сөз тында, Жамал балам, дидар затты.

Аллаға құлшылық қып көңілің сенсін,
Жүрмек боп қажылыққа атаң келген.
Баймын деп бұл жалғанда айту бекер,
Сан патша алтын тағын тастап кеткен.

Жалғаннан көз жұмылып ерте кеткен,
Бұл дәулет кімнен қалмас жиған-терген?!
Алдында серігі жоқ мына Ыбырай,
Күңіреніп қайғы оты ішін керген.

Шөлдегенге сусын болған шалқар көлім,
Бұл жалғанда сындырмас адам көңілін,—
Жөнін айтып Нүсіпханның, Жамал балам,
Сағынып амаңдаса саған келдім.

Жүремін қажылыққа, еремісің,
Шөлдесем, қолдан сусын беремісің!
Нүсіпхан алыс жолға кетін еді,
Ай, балам, көрмеймісің, көремісің?!

Жөнін айтып Нүсіпханның, Жамал балам,
Ергенің қажылыққа пайда, балам.
Көңлің әрбір іске өремпиді,
Жүректің жалын отын байқа, балам!

Не сөйлесең Аллаға сеніп сөйле,
Күнәлы сөйлеп сөзді жүрме, балам!
Асылдың тұқымы едің бала құстай,
Ақиық дегдар едің сен де, балам!

Сағынып келіп едім құстай ұшып,
Білдің бе Нүсіпханжан қайда, балам?
Асқар белің, жөн айтар атаң едім,
Сұңқардан хабар білсең, сайра, балам!

Айтпасқа болмаса егер амал бар ма,
Айтатын менен басқа бабаң бар ма?!
Алланың қосқанына кім көнбейді,
Кей істе ақыл табар бабаң бар ма?!

Әлдилеп беттен сүйіп мауқың басар,
Анықтап қайғы арылтар балаң бар ма?
Қүдірет не қылса да, өзіне оң ғой,
Көнбеске құдай салса, іпамаң бар ма?

Құдайға құлшылық қыл сен де, балам,
Қайғырып өткен іске болма алаң.
Ашиды саған жаным, Жамал келін,
Көнбеске, уа, дариға-ай, бар ма шарам?!

Құлақ сал — бұл сөзіме Жамал келін,
Айтуға ойлап турған сөзім дайын.
Нүсіпхан дүниеден көшкен екен,
Пақырға иман берсін бір Құдайым!

“Пенде жоқ өлмейтуғын!”—деген—осы,
Жазыпты Қызылжардан мекен жайын.
“Көңіл жоқ қалмайтуғын!”—деген—осы,
Тоқтау қыл, көп жылама, айналайын!

Қанаты бүтін сұңқар сынған екен,
Жұмақтан Алла жазсын кең сарайын!
“Қажыға Жамалымды жүргізем!”—деп,
Кәрі атаң, келіп отыр, Құнанбайың!

Сонда Жамал босаңсып,
Бұлайынша толғайды:
—Күнекең айтқан сөздері,
Қайғылы жайды қозғайды.

Айналайын, жан ата,
Кезінде болдың хан ата!
Сіз келген соң біліп ем,
Бір сұмдық бізге бар, ата!

Қақсатып келдің келінінді,
Құлағыңды сал, ата!
Алпыс алтыға толғанда,
Ыңғайсыз келдің би ата!

Құлшылық етіп Аллаға,
Қажылыққа бар, ата!
Сөйлесем артық кешіргей,
Келінінді жақсы ата.

Сүйгенімнен айырылып,
Болдың дүние маған тар!
Кешегі жүрген жан серік,
Бір көруге болдым зар!

Сөзімнің басы: “Бисмилла!”
Айтайын, жұртым, сөз тыңда!
Көкірегім шер болды-ау,
Дүние шолақ құрғырға!

Пайғамбар да өткен дүниеден,
Жалғанға болар кім тұлға?
Ажал сұмырай кездесті,
Өнерлі туған жалғызға.

Ажалдың оғы тиіпті,
Бақшада қонған бұлбұлға.
Тірісінде болып ед,
Халқына сөзі мың ділда.

“Бисмилла!”—деп сөйлейін,
Әуелгі сөздің басынан.
Жалған сөзді қоспайын,
Айрылдым ғой асылдан!

Қарсы келген жерің жоқ,
Шариғаттың сөзіне.
Жылады деп сөкпе, жұрт,
Мұң шағамын өзіңе.

Кім бар мендей арманда,
Сұңқарын қолдан ұшырған?!
Артық туған жалғызым,
Өнерін жұрттан асырған!

Қыс кигізіп пүлішті,
Жаз кигізген жасылдан.
Аламын деген дұшпаны
Аяғына бас ұрған!

Былтыр еді келгенім,
Қайғым бір қатты осыдан.
Жылаған бізге қуат бер,
Бір жаратқан осыдан.

Қазақ еді халқымыз,
Рахман сөзді құрайын.
Көзімнің жасы нұр болсын,
Кешіргей Алла-күн-айым!

Сүйегі жоқ қызыл тіл,
Сайратып сені сынайын.
Бұтағы жоқ шыбықтай
Бұралып, қайтіп сынайын?!
Арыздаспай, қоштаспай,
Арманда-кетті-ау жұбайым!

Аузыма алып жалбардым,
Жаратқан Хақ алланы.

Ешкімге опа таптырмас,
Дүние пәни жалғаны!

Иман тапқай дегдарым,
Жаннатқа тура барғанда.
Бір ауыз арыз айта алмай,
Көңілдің қатты арманы!

Сабырлық қылам дер едім,
Артында жоқ қалғаны.
Бізге ауыр бола ма
Зұлжәләл хақтың салғаны.

Жиылып келдің манаптар
Жүрегімді жарғалы.
Он жеті жаста зарланып,
Құмарым менің қанбады.

Қарабастың ұрқынан
Өнерлі туған дегдарым,
Дарияда жүзген шортаным,
Аушының түсті қармағы!
Иесіз қалды шуылап,
Теріп-жиған бар малы.

Атамыз Адам сопы еді,
Топырақтан жаралған.
Діні мұсылман баласы,
Ұрығынан таралған.

Үш атадан жалғыз боп
Жеткізген алла талаптан.
Құр болмаған дегдарым,
Дін ислам тағаттан.

Сыртың сұлу кең өрім,
Орман түлкі жанаттай.
Сүйенішім кім болар,
Қайғы басты қабақты-ай!

Жесірлік басқа кез болды-ау
Ашылмас басым мазақтай.
Қателі сөзім бар болса,
Зұлжәләл жазба ғайбатқа-ай!

Алланың сүйген пендесі
Ақыретте нұрланар.
Пайғамбар өткен дүние ғой,
Жалғаннан өлмей кім қалар?!

Шерімді қозғап жылайын,
Көкірек кірі ашылар.
Екеуі болса арман жоқ,
Жалғыз өлсе, кім қалар?!

Қабірге жалғыз қойғанда,
Мүңкір, Нәңкір келгенде,
Рахман ием, өзін сал
“Көрім алла” дегенге.

Тәңір досты пайғамбар,
Шапағат ойлап назар сал.
Қиямет махшар күнінде,
Төрт шаһарбаз қасына ал.

Құрығын тура салған соң,
Әкетті Шолпан асылды.
Орлап қазған қара жер
Алдымызда дайын-ды.
Қияметтен қорқамын,
Қалайша болар жайым-ды?!

Аспандап ұшқан текті құс
Ойпаң жерге қонбайды.
Анадан жақсы ұл туса,
Түбі затсыз болмайды.

Асылымнан айрылып,
Көрем деп пе ем мұндайды?!
Жалғызымның қабірін
Бір көрмей көңілім тынбайды.

Опасы жоқ сүм жалған
Бір қалыпта тұрмайды.
Аларына келгенде
Жалғызға мойын бұрмайды.

Жалғызымнан айрылып,
Кең дүнием болды тар.
Су орнына жүрмейді,
Сапырып ішкен шекер, бал.

Сүйенішім кім болар,
Қайғыға болдым кіріптар.
Жалғызға ара тұрмады-ау
Қисапсыз жиған мүкәмәл!
Қолымнан өтпей арманда,
Жапанда қалып ақсұңқар!

Дүние бар деп не етейін,
Дүние құмай кетейін.
Қажыға Алла жеткізсе,
Мен де артыңан жетейін!

Ыбырай досқа тапсырған,
Артында қалған бейбақты.
Алдында тұрған бала жоқ,
Досына сапты салмақты.

Ыбырай сынды дос келді,
Дос неліктен бос келді?
Бір ауыз лебіз шығармай
Неге аядың құр желді?

Қазадан қашып құтылмас
Туралап салған қармақты,
Құр қылмас деп ойлаймын,
Шын ойламас ардақты.

Ниет қылдым Аллаға,
Байтоллаға бармаққа.
Жеті кісі жолдас қып,
Бедел қажы қылмаққа.

Өтерінде бағланым,
Өзіме сөзін арнапты.
Мал, қазынасы бар ғой деп,
Ақылменен барлапты.

Өткенін көзім көрмедім,
Соңынан еріп өлмедім.
Жапанда сапар шеккенде,
Қолымнан сусын бермедім.

Алланың берген ризығын,
Үйде отырып термедім.

Үш ұйықтасам, ойда жоқ,
Жесір болам деп пе едім?!
Саламат келсең сапардан,
Зарланып қайғы жер ме едім?!

Хақ тағала жол берсе,
Қажылыққа барайын.
Байтолланы көргенде,
Көтерілер ме екен талабым?!

Иесіз қалған бұл малға,
Несіне, жұртым, қарайын?!
Артымда қалған үш бейбақ,
Рұқсатын алайын.

Аз күн жолдас болып ед,
Арыздасып қалайын.
Арманда кеткен жалғызға,
Ұжмақтан берсін сарайын!

Өкінгенмен болмайды,
Тәуекел ойлап қарайын.
Тәңірім басқа салған соң,
Пайда бермес уайым.

Жалғаннан сапар шексеңіз,
Жыршыдай боп сайрайын.
Қажыға сапар ішексеңіз,
Мен де сізден қалмайын!

Екеуінің достығы Аллаға аян,
Жамал жастың жылауын жұрт тындаған.
– Ақыреттік досымнан айрылдым!– деп,
Ыбырай қатты өксіп зар жылаған.

Былайша толғап Ыбырай,
Өлең айтып жылайды.
Нүсіпхан түсіп есіне,
Көздің бір жасын бұлайды:

– Ешқашан да, кәрі-жас,
Жалғанға сенім болмайды.
Баяны жоқ сұм дүние,
Бір қалыпта тұрмайды.

Жиырма беске келгенде,
Ажалдың торы шырмады.
Қолдан топырақ салуға,
Өлімі елде болмады.

Сеніп болмас, байқасам,
Опасы жоқ жалғанға!
Өнерлі туған деғдарым
Қарыштап ұшқан қамалға!

Омбы мен Кереку арасы—
Достым, сенің мекенің.
Айта жүрер сондағы ел,
Сүйегің Тобықты екенің.

Сізді қалдым таба алмай,
Әкемнің тілін алмадың.
Артыңнан қалдым шаба алмай,
Себебі үйде болмадым.

Тәлім беріп, үлгі айттың,
Тентек пенен шалыққа.
Арманда кеттің, жан досым,
Тисе де пайдаң халыққа.

Көзіңнің қырын көп салған.
Жарымжан, жарлы, пақырға.
Өлімнің оры жолықты,
Жүргенде алыс сапарда.

Арманда өткен досым-ай,
Арыздаспай қалғаным.
Жаудыратып тастады,
Төрт бірдей жас алғаның!

Иесіз қалды шашылып,
Жиған қазына бар малың.
Жапанда каза келгенде.
Қасында мен [болмадым]!

Күнәсіз болсам жалғанда
Алдымнан бір күн қосылар.
Бейшара болған төрт зайып,
Не болар кейін осылар?!

Өкінгенмен болмайды.
Өтер ісің өткен соң.
Шақырғанмен келмейді,
Таусылып демі біткен соң.

Қиямет қайым болғанда,
Сүйегің сонда қосылар!
Моласын көрмей досымның,
Көңілім қашан басылар?!

Қылығың еске түскенде,
Көзімнің жасы жосыды-ай!
Құран-хатым қылайын,
Жан досымның басына-ай.

Серігімнен айрылып,
Көрген күнім осы ма-ай?!
Қосылар күнім болар ма,
Гауһардың асыл тасына-ай!

Болыпты ер Құнанбай қажы бармақ
Байларға қажы бармақ үлкен салмақ,
Тоқтатып Жамал жасты көңіл айтып,
Шығарды жеті кісі беделге арнап.

Жүк келді сексен түйе есен-аман.
Толықсып тоқтамай тұр, шіркін заман!
“Иесі жоқ бұл малды не қылам?”—деп,
Жамал жас зар жылайды одан жаман.

Құнанбай дін жолына жүрмек болды,
Алланың не салғанын көрмек болды.
Омарбек баратұғын даяр болды,
Жамал жас о да бірге жүрмек болды.

Ыбырай жолдас болған әр уақытта,
Ақсарбас айтып сойды жалғыз хаққа.
Ауылында Нүсіпханның төрт күн жатып,
Жөнелді жеті кісі қажы жаққа.
Омбыға Ыбырай дос шығарып салып,
Қош айтып әрең қалды сол арада.

Жөнелді сол арада өңкей манап,
Бет алып Байтоллаға қылды талап.
Жамал жас күндіз-түні ұйқы көрмей,
Жүрегін шер мен қайғы алған қамап.

Көнбеске пендесінде шара бар ма?
Бұрынғы пайғамбардан қалған сүндет.
Бір айдай ек араға тынбай жүріп,
“Жақындап келе жатыр я құдай!”—деп.
Келеді құдай жолын көңіліне алып:
“Иа, Алла, ниетімді қабыл қыл!” — деп.

Аман барып қуанышты болғаннан соң,
Меккеге тәуеп қылды сонда барып.
Айтқанын Нүсіпханның екі қылмай,
Сол жерге мешіт, медресе қойды салып.

Сол жерде екі ай жатып бітіреді,
Жақындап Қарапаға (Арафатқа) бет түзеді.
Жамал жас сол арада бек шаттанды,
Қолынан Қарапада құрбан берді.

Болған соң намаз оқып сыртқа шықты,
Өсиет айтқан сөздің бәрін қылды.
Байтолла есігінен қарап тұрса,
Жазылған жазу көріп, оны оқыды.

Сурет тұр бас жағында оны көрді,
Ұқсайды Нүсіпханға оның өзі.
Ұстап тұр қаражорға шылбырынан,
Жамалға тура қарап екі көзі.
Шақырып жолдастарын қасына алып,
Жамалдың сонда жылап айтқан сөзі:

—Айналайын, Құдайым,
Басыма салдың уайым!
Бағланымды көргенде,
Жыламай, қайтіп шыдайын?!

Суреті кепті бұл жерге
Аллаға шүкір қылайын.
Қасында өлсем арман жоқ,
Тілекті берші құдайым!

Жас тілекті шын берсе,
Құдіреті күшті, құдай-ай!
Көзімнің жасын көрсеңші.
Шын сұрадым, иа, Алла-ай!

Тілегімді берсеңші,
Берер болсаң тілекті,
Осы жерде өлсемші!
Өзіңе Жаббар тіледім.
Қасынан орын берсеңші!

Жамал жас осыны айтып зар еңірепті,
Жылайды жолдастары, қасірет шекті.
Беріпті шын тілегін расул хақ
Айтқан сөзін бір Алла қабыл етті.
Сол күні дүниеден кеткен көшіп,
Жамал жас сонда қалып, мекен етті.

Сонды қайтып Жамал жас дүниеден,
Дәлилге біреу барып берді хабар.
Қазақ жоқ, сол арада бәрі араб,
Қазақтан екі кісі жалбарынар!

Болғанда мынау – алтау, анау – екеу,
Сегізі сол арада зар жылады.
Дәлил кеп сол арада және жылап,
Қасына үлкен зират қоя салды.

Күнекең бәрін жайлап үйге қайтты,
Құдай үшін дұға қылар білген [бастас].
Біз-дағы мұсылманның баласымыз.
Оқыған жан дұғасын бұған сатпас.

Дүниеден көшкен бұрын талай адам,
Түрлаусыз кімнен қалмас мынау жалған?!
Естіген жан бұларға бір дұға қыл,
Кез келер бұл өлімге талай адам.

Өтетін ойласаңдар дүние ғой,
Өйласын әркім өзі: “Мен де барам!”
Қате болса, ғайбатқа бұйырмаңыз,
Аяғы бұл кітаптың болсын тамам.

1887 жж.

Жантемір қажы

Айтпаймын мен бұл сөзді тіпті тектен,
Келеді бір жел гулеп аспан көктен.
Ішіме сақтауыма сөз сыймайды,
Жүйрік боп озғаннан соң Сүйіндіктен.

Ақынның сөз дарыған тіл-жағына,
Келтірер ойға алғанын ырғағына.
Әр түрлі әңгіме ғып сөз айтады
Жүйрік ат, шешен жігіт жұрт бағына!

Ұстаның темірінде таты бар-ды,
Молданың артта қалар хаты бар-ды.
Сөйлеймін мен жұртыма әңгіме ғып,
Аталған жұрт аузында аты барды.

Байлардан қылман дөме құнан-тайды,
Біледі бұл Орта жүз біздің жайды.
Айтарға ауызға алып ерінемін,
Аты бар, атағы жоқ бықсық байды.

Сөзіме ақы алмаймын, пара алмаймын,
Жалпандап әр есікке бара алмаймын.
Сақидың сүйсінемін мінезіне,
Жаным қас-пейілі тар, сараң баймен.

Ісіне бұл заманның болдым құса,
Бозбала, шамаң келсе, маған ұса (ұқса).
Ерігіп мен үйімде ішім пысып,
Бір сақи, бір сараңды қылдым қыса (кисса).

Туған соң, жазды Құдай бізге көрді,
Бұйырған адамзатқа қара жерді.
Қолыма қағаз бенен алдым қалам,
Сөз қылып қозғайын деп жомарт ерді.

Күші бар жүйрік аттың табанында,
Болады әркім білгіш аمانында.
Сүйіндік сегіз болыс, жұрт алды еді,
Мұса менен Секербайдың заманында.

Секербай, Мұса болып қатар жүрді,
Көп нөкер әрбір таптан қасына ерді.
Солардың келген, кеткен қонағына
Айтамын мен сақилық қылған ерді.

Айтамын танық емес, анық ерді,
Анығы: сол еңбегін тәңірім берді.
Кім айтар мырза емес деп көрген жанда —
Баласы Еркебұлан Жантемірді?!

Басына орнаған соң дәулет құсы,
Тігулі үй сыртында тұрды қосы.
Кеше Мұса, Секербай заманында
Мырзалық іркілместен қылған—осы!

Қатардан бір қалмаған қара басы,
Жылы—қой, жетпіс үште биыл жасы.
Жантемір мырза атанды жас күнінен,
Берумен жарастықты қонағасы.

Құлаштап дастарқанын, өзін жайған,
Шығарған келген жаңды ет пен шайдан.
Тастамай сол әдетін қылып кетті,
Күнінде қол қысқа боп, дәулет тайған.

Уақытында дастарқаны жұрттан асты,
Сан малын сапырумен судай тасты.
Ақмола, Семипалат арасына
Дәулетін мырзалықпен жүріп шашты.

Ісі жоқ бұл жалғанның мұнан қалған,
Нәрсесін істеп өтті ойына алған.
Ақыры ерлігінің осы болып,
Жомарттық екпінімен қажы барған.

Ер еді судай төккен малдың қанын,
Құдайға қиып қолдан берді өз жанын.
Ақшамен пәленше жүз қажыға барды,
Сұрама үйде қалған малдың санын.

Сараң деп Жантемірді қай пенде айтар,
Еңбегі әр не қылған хақтан қайтар,
“Пәлі, тауып кісісін сөйлепті!”—деп,
Сөзімді естіген жан басын шайқар.

Сөйлеймін өз тұсымда жұрт асқанды,
Өнері сөйлеуіме ұнасқан-ды.
Мен едім көрген Мәшһүр Жантемірді,
Күнінде қыстап жүрген Қарбасқанды.

Айта алман сол күндегі салтанатын,
Қылған күн Құдай түгел қолғанатын.
Үлбөпе Ақынбайдың қызы еді ғой,
Өзіне лайықты боп туған қатын.

Зікірия онан туған қандай еді,
Қант пенен бал қосылған нандай еді.
Сүйіріктей судан шыққан қоп-қолайлы,
Баланың Сүйіндікте маңдайы еді.

Күні еді толған сонда шарасына,
Көз тойған айдап жүрген қарасына.
Аяғы әр нәрседен тая берді,
Күйгеннен сондай асыл баласына.

Зікірия мен Мағауия кете барды,
Оларды қыршын жаста ажал алды.
Бірсыпыра үй толы жан бәрі кетіп,
Тақауи бір енеден жалғыз қалды.

Жұлынып шығып еді мұның өзі,
Бір шақта жұрт аузында болып сөзі.
Жоқ жерден кемшілікке айналдырды,
Көп жұрттың ерікке қоймай тіл мен көзі.

Тандап жүріп Кәкімдей сұлуды алды,
Аямай шашып, төгіп беріп малды.
Пәленше-түгенше мен туып сонан,
Еңбегі шын болған соң және жанды.

Сол күнде не жүйірікпен жарысып жүр,
Омбы, Семей, —бөріне барысып жүр.
Бір жақ емес, әр жақпен бір ұстасып,
Сеңгір-сеңгір таулармен алысып жүр.

Еңбегі бір кем болмай жанған шоқтан,
Опасыз өшін алып дүние боктан.
Қайтпаған, қарсыласқан, беті ешкімнен,
Сескеніп қымсынбастан атқан оқтан.

Арыстанның ауызынан айырып жем,
Болған жоқ өз тұсында ешкімнен кем.
Алты алаш сол себепті атын білген,
Жаманды үйде жатқан біледі кім?!

Біп-бітеу қабырғасы сөгілместен,
Кетті толған бойымен төгілместен.
Келгенше жетпіс үшке жігіт қалпы,
Бүкірейіп белі биттей бүгілместен.

Дау-жанжал, ұрыс-керіс іңкөры еді,
Деп айтпас ешкім оны: “Тым кәрі еді!”
Бой сымбаты түп-түзу боп жаралған,
Деген қиғаш адамның сұңқары еді.

Анадан енді тумас мұндай кісі,
Таусылмас жазсам қанша қылған ісі:
Он бес пен жиырма бес күніндегі
Бой, сымбат, әр мүше мен ажар-түсі!

Сапары барған қажы келер кейін,
Асықпаңыз тыңдаушылар оған шейін.
Тамамдап бастан-аяқ теруіме
Мөлшері жетпей жатыр ақыл, зейін.

Қолы ашық, емес пе еді тілі-шырын?!
Айтайын қылғанының қайсы бірін?!
Танымай жүруші едің бұрын бәрің,
Мінеки, таныдың ба анық ерін?!

Жадағай есіл өмір өтті түзде,
Нәш бар еді аузынан шыққан сөзде.
Жандарал губернатор жұрт аралап,
Баянға келіп еді өткен күзде.

Еді ғой бір келмейтін ердің ері,
Халқына бар еді ғой керек жері.
Ұлыққа жетіп барып ауыз айтқан
Сөзінің сондағы еді мынау түрі:

— Тақсыр, сіз ортамызға келдің!—депті.
— Жүрсіз ғой пайдасы үшін елдің!—депті.
— Осы тұрған бұқара, народ-жұртқа,
Аз болғанда мың теңге бердің! — депті.

— Ол қалайша десеңіз, ат бара алмай,
Ақырып, зәрені алып, айғайламай,
Бұйрық жоқ пәлен жерден күтсін деген,
Жұрттың көбі килікті абайламай.

Жетпіс асып келіпін мұнша жасқа,
Келгендігім — ақ кірді, міне, шашқа.
Халық, жұртты есіркеп аяп келген,
Мен ұлықты көргем жоқ сізден басқа!

“Күтпесең, жіберем, — деп, — сені айдатып!”
Алдынан уряднигін айғайлатып.
Жаман-жұман начальник, чиновниктер,
Қан сорпа қылушы еді ат байлатып.

Ісіңіз қылып тұрған осы күнгі,
Асыл зат екендіктен берді белгі.
Қазақты мұнан былай аралаушы
Ұлыққа бір жақсы орнек салдың үлгі! —

Ұлыққа осы сөзі жетіп еді,
Арғы-бергі жағынан өтіп еді.
Бір сөзбен народ-жұртқа риза болып,
Ешкімге қылмай сойқан кетіп еді.

Жақсы өтіп, бұл дүниеде жаман қалды,
Белгісіз не болары заман қалды.
“Білмейді дәнеменің надан паркын”, —
Деуменен жұрттың көбі аман қалды.

Әрқашан көзге түсер жүйрік озып,
Шыдамай айғай-дуға бүйірі қызып,
Тағы бір сондай күннің келсе кезі,
Көрермін: кім сөйлейді мойнын созып?!

Төңкерген қалай-қалай шараларды,
Теңгерген жаман-жұман қараларды.
Доптай-ақ домалантып жүгіртетін
Көшеде талай ақсақ балаларды.

Баянтау бауырында жатушы еді,
Тигізіп нысанадан атушы еді.
Ақсақтармен қажасып ойнасқанда,
Жұрт күліп шек-сілесі катушы еді.

Өзіне қыдыр дарып, дуа қонған,
Жері жоқ қысы-жазы мұздап тоңған.
Ұрысы мен керісі бір тамаша,
Халқына ұлы думан, базар болған.

Бір Құдайдан басқаға сыйынбаған,
Бір көсілген аяғы жиылмаған.
Жәкең байғұс отырған сияз топта
Жұрттың ерні күлкіден тыйылмаған.

Бұл мінезі мұнымен бұ да тұрсын,
Сөйлеп кетсе қандырап құлақ құршын.
Енді сондай ер қайда көңіл ашар
Білгіштермен өш болған жалған құрысын!

Арканың айтын айттап, тойын тойлап,
Жарқылдап жас-кәрімен күлін ойнап.
Көз салмай бар-жоғына кете барды,
Бұрынғы парыз болған күнін ойлап.

Талғамай көрінгенге берген асын,
Өткізген айт пен той ғып өмір жасын.
Ақ құлын: “Қабибулла!—деген Хадис,
Жігіттер, көрдіңіз бе енді расын?!”

Қатардан кара басы қалмай жүрді,
Өнерін бұл Орта жүз тегіс көрді.
Қалтада не бар, не жоқ,—жан білмеді,
һәмматпен талап қылып қажыға жүрді.

Ер екен еңбегіне кеткен дуа,
Ерлердің туған екен жолын қуа.
Көркейіп бұл сапарға барғанына
Арғын түгіл, өрдегі Найман куә!

Құрметтеп аттандырған қанша кісі,
Ісіне жүрген-түрған ерін іші.
Жөнелген жарастықты қылып тойын,
Байлармен қатар түсіп қылған ісі.

Құдайға шын ықыласын берген құлап,
Ағызып екі көзден жасын бұлап:
“Бұл жерге қайтып мені келтірме!”—деп,
Қол жайған тілеп Хақтан боздап, жылап.

Рудан—жалғыз, таптан кетіп жеке,
Болмай ма оған тиген қызыл шеке?!
Белгілі Тілембек пен осы болды
Медине, шын ықыласпен барған Мекке.

Бәйгеден айқын озған қырғын көк-ті,
Ер еді о да шыққан жерден текті.
Жаннатіл Бақияның өзінде өлген,
Ұрпағы ер Олжабай Тілембек-ті.

Тілеуін шын тілеген Құдай берді,
Медине, Мекке халқы тегіс көрді.
Шала-шарпы танықпен жұмысым жоқ,
Айтқым келіп барады бұл екі ерді.

Атақ үшін өуре боп көбі барып,
Келгеніне мәз болып қажы атанып.
Қалашы, базаршы боп жүрген жан көп,
Шабадан мен самаурын, шайнек алып.

“Құтылмас—деген сөз бар-иман ерден”,
Басқанмен не жұғады қара жерден?!
Зат пен тек жұрт көзіне бір түсірмек,
Барды не, бармады не затсыз жерден?!

Тірде Тілембекті жан білмейді,
Ондайды елеп ешкім көзге ілмейді.
Құны асты өлгеннен соң мың сан жаннан,
Өлшесен, оған ешкім пар келмейді.

Ешкіммен келген-кеткен жоқ жұмысым,
Білемін бармағанын менің үшін.
Сөйледім барып өлген сақиларды
Ұнатып сол бұрынғы қылған ісін.

Бара ма қалтасына ақша сыймай,
Көбі жүр босқа жерге салып шимай.
Қалтақтап сараң келе беретұғын
Құдайға шын беруге жанын қимай.

Шашады біздің қазақ босқа малды,
Шашпаса, кәне, уыстап, не олжа алды?!
Құдай-дағы сүйсініп оңдыны алар,
Шын ықыласпен аямай берген жанды.

Тілембек Мединенің өзінде өлді,
Тамам жұрт шарапатын, көзбен көрді,
Бірден соңғы бұл жолғы бәйгені алған—
Мінеки, көрдіндер ме Жантемірді?!

Сөзіме құлақ қойып тыңда тосып,
Кетемін түзге лағып жосып-жосып.
Құдайдың қонағасы берген жері—
Жылда бір мұсылманның басын қосып.

Мол болса сондай жерде тиын-сиын,
Телміртіп тілегенді кету қиын.
Майданы ғарасаттың сықылданған
Бас қосқан дін-мұсылман бұл бір жиын.

Ойға алған зиаратқа бару қиын,
Қиыны сол: бармайсың аяп тиын.
Шақырған пенделерін сынау үшін:
“Біріне көрсетсін, —деп бірі сыйын!”

Барады жаннан кешкен ердің ері,
Саулаумен пұшпағынан ағып тері.
Сараң кейін жүреді тасаланып,
Жомарттың көзге түсер бұл бір жері.

Кісіден бір босанбай жүрер жолы,
Меккенің болған күні анық толы.
Қажы көп арсалаңдап қайтып келген
Жете алмай Хажар асуад тасқа қолы.

Ер керек болар басшы сондай жайда,
Түсіріп жолдасына біраз пайда.
Бір барған Сүйіндіктен он жеті жан
Демей ме арсалаңдап: “Жәкең қайда?”

— Жәке, сіздің басқадан орның басқа,
Анадайдан көрініп Айдай қасқа!
Алдымыздан жол салып қар бұзғандай,
Қолымызды тигізсең ана тасқа!

Жәкең сонда белгілі бір жөткірді,
Жөткірген соң бойына күші кірді.
— Белбеуімнен жабылып ұстандар!—деп,
Жетпегенге қолының ұшын берді.

Тасқа қарай бет қойды қадам басып,
Өзге жаннан иығы бөлек асып.
Тік көтеріп алдынан бұлай қойып,
Қара жолды салмай ма алдын ашып?!

Қарағанға бетіне береді пұл,
Пұл алған соң жол беріп қалады сол.
Қолы ашықтық мінезін бастаған соң,
Еріксіз жолды батырың алмай ма сол?!

Ең алдымен өзінің қолы тиіп,
Құшақтап Хажар асуад тасты сүйіп.
Сол арада жан-жаққа пұл шашқан соң,
Көрген жан ерімес пе бұған иіп?!

Шашқан пұлды таласып алып жатыр,
Жәкең қолды қалтаға салып жатыр.
Пұлға айналып қалған соң, тіл байланып,
Кейінгіге жол босап қалып жатыр.

Түсін кетіп бойыма ғайып пірім,
Сөйлеп-сөйлеп тарқаттым ішкі шерім.
Жұрт көзіне көркейіп түсіп кеткен
Сәтті күнде жаралып туған ерім!

Қайтпақ боп тамам жан Мекке айналған,
Көшуге енді керуен ыңғайланған.
Сонда Жәкең сөйлеген мойнын созып,
Әуелден айтқан сөзі оңға айналған:

– Байтұлла, келіп едім сенің үшін,
Ондағы керек қылмай елдің ішін.
Мені алып қал, жіберме қайта Арқаға,
Ер тонарлық ежелгі қайда күшің?!

Өз басыма өзімнің жаным ашып,
Кеткеннен соң сүйіндім тастан асып.
“Сияз топқа жібермес, кіргізбес!” – деп,
Келіп ем паналауға саған қашып.

Партияға барамын, сенен кетсем,
Сияз топқа бір кіріп күжілдетсем.
Құным сенің мойынында, ей, Байтұлла,
Төбелесіп біреумен өліп кетсем!

Жастығымда жан маған беттемеді,
Ешкім тұрып: “Тұр, менен кет!” – демеді.
Арыстандай ақырып жүргенімде
Қанша айтсам да, онша айттым, кектемеді.

Шаштың ағы басымда болды тұман,
Деп айтатын кісі жоқ: “Алтын құман”.
“Шал ғой, кімді мұқатып тастайды!”—деп,
Кектейтін, сірә, енді жаман-жұман.

Түскен кезде шабады жүйрік күйі,
Үзілмейді, қайыстың жетілсе иі.
Жамандармен мені арпалыстырмай,
Алып қал көп ұзатпай, Хақтың үйі!

Қаралдыңды көрумен тойдым ғой мен,
Енді қарным ашырып жіберме сен!
Сарыарқаға қаңғыртып тағы айдасаң,
Сені: “Құдай үйі”,—деп айтпасым шын!

— Алып қал! Алып қал!—деп, көп жылады.
Жабдығын бір жанының жеп жылады.
Шын ықыласпен бұл сөзді айтқанына
— Куә бол, ей, халайық!—деп жылады.

Шын ағызған көзінен сонда жасты,
Тұнып жатқан көңілдің кірін ашты.
Сап-сау жүрген кісі еді құлан ұрып,
Сонан соң-ақ ауруға араласты.

Әр мүшеден өл кетіп ауру кірді,
Ішке тұрмай ішкен ас жүдей берді.
Қайтқан жұртпен ілесін әрең жүріп,
Тор, Сина тауына бірге келді.

Ауру әбден тауысып қуат-күшті,
Періштелер ап кетіп ажар, түсті.
Тамам қажы жеті күн карантин боп,
Тұтқын болып дәрігерге қолға түсті.

Ойына түспей ме сол ел-жұрт енді,
Сүйеу қылсын бұл жерде, айтшы, кімді?!
Жан-жағына қараса дәнеме жоқ,
Жалғыздықтың жаманын сонда білді.

Жаудырап екі көзі қалды тірі,
Мінеки, шын туысқан керек жері!
Шаһиттік дәрежесін камал тапқан,
Құдайдың анық қалап сүйген ері.

Қызығын бұл жалғанның көрген көзі,
Таптан-жеке, рудан-жалғыз өзі.
“Алырфиқ шым алтырық”, –деп айтылған,
Біліндер шын екенін Хадис сөзі.

Бозбала, білесіңдер ненің сырын?!
Сөйлесем сырдан сөзді, ол – бір шырын!
Шаһиттік бәйгесінің ең алды–осы,
Жалғызға жалғыз салар көздің қырын.

Жомарттық, шаһитлік пен–кітап сөзі,
Кәріптік [ғарыбтік]ол екінші келіп кезі.
Жалғыздық дәреженің ең ағыласы,
Үш шаһит болса арман не, жалғыз өзі.

Ел-жұрттан осынша алыс жерге жүріп,
Отырған бір пенде жоқ сусын беріп.
Жаны ашып, жапа-жалғыз жатқанына,
Ғазірейіл егіледі су боп еріп.

Құдайдың шын сүйгенін о да білді.
Қымсынып қысқа ұстайды бұған тілді.
Шыжымдап ақырын ғана тартады-міс,
Алғандай үзіп қана наннан қылды.

Пендесін бұл халдегі тәңірім аяр,
Қүдіретпен қылған ісін жұртқа жаяр.
Жабдығын жуып көму қылу үшін,
Періште хисабы жоқ болар даяр.

Ер кетті, әңгімесі қолда қалсын,
Асыл тас, теңге түсіп (еңбегі асып), жолда қалсын!
Алған соң Құдай сүйіп құшағына.
Пендесі қайда қалса, онда қалсын!

Әр түрлі әрқайсысы сөйлер шатып,
Сөз қылдым мен ерімді үйде жатып.
Жақсыға–хат, жаманға дәнеме емес,
Тұрғанда Жүсіпбекке қатты батып.

Жантемір барып өлді-ау жақсы жолға,
Жан біткен қуанады туған ұлға.
Ендігі туғандарда бола бермес,
Ұл болып туғанымен мұндай тұлға!

Ісінің айналған соң ақыры оңға,
Сөз болды мұнша әңгіме бұрын-соңға.
Хабарын телеграмның естіген соң,
Қаламды ақын Мәшһүр алды қолға.

Қаламды бір алған соң Мәшһүр қолға,
Бұрылып қарамайды оң мен солға.
Бермеді жазған қолы өзіне ерік:
“Қажылар келсін, тоқта, тұра-тұрға”.

Қалпыма мен баяғы қайта бердім,
Қаламды тоқтатпастан тарта бердім.
Жолығып қажыларға келгендерге
Жәкеңді әңгіме ғып айта бердім.

Қажының келген бірін көрмей көзім,
Ойыммен соға бердім менің өзім.
Барғанның естін келген әңгімесі:
Өзімнің үйде отырып айтқан сөзім.

Қажы көп орғып-орғып келген жосып,
Көбейтіп бұрынғыға жамап қосып.
“Имамбек келеді, —деп, — енді қашан?”
Мен тұрмын салып құлақ соны тосып.

Қылмаймын бармадым деп қажыға арман,
Бітпесең маған, дүние, онан да әрмен!
Өзі ойға алып бір келсе, жолығармын,
Болмаса, кім де болса, іздеп барман!

Құдайдың өзгеге-қыс, маған-жазы,
Сол үшін есеп емес көбі, азы.
Дүниесін шашып-төгіп құр алақан,
Бар ма екен жұсап келген тегіс қажы?!

Жарайды ең аз болса, мыңмен барған,
Мол болса, бола берсін онан да әрмен (арман).
Мекке мен Мединеде қол жайғанда,
Болмасын барған жаннан бір құр қалған.

Дүниенің сонда керек көп пен азы,
Бәрі де көрінгеннің болса разы.
Бір тиын үйге қайтып әкелмесе,
Әне, сол—Құдай үшін барған қажы!

Жалақтап төрт-бес жүзбен қажы барса,
Телмірін ондағылар құр боп қалса.
Сол екі жайға қимай алып қайтқан
Ақшамен керек-жарақ нәрсені алса.

Не Құдай, не пенде емес мұнан разы,
Сол үшін жарамайды қолдың азы,
Өзіне керек-жарақ үшін барған—
Дәптерде (даптарда) мұның аты: “базар қажы”.

Наумит боп қалса солар зарлап тұрып,
Қылады саған дұға қарғап тұрып.
Нанбасаң: тірі кісі бір көреді,
Қаларсың кедей болып әлі-ақ құрып!

Құр қоймай қол жайғанға бере берсең,
Қызығын дүниенің шашып көрсең.
Кетеді бұрынғыңнан шараң асып,
Байқарсың бұл сөзімді тірі жүрсең!

Туған жоқ бұл сөзіме деуші: “пәлі!”
Келген күнде біледі көрген, әні!
Істеп келген жұмысының көрініп тұр,
“Кірістір-ай!”— сұрайсың көбің әлі.

Бөз орайсың басына сәлде салып,
Бір құранды мойныға асып алып.
Қазақ сорлы дал (қор) болды-ау осы күнде,
Қарадан қожа шыққан күйге қалып.

Дүние жүзі бұл күнде толып кетті,
Біздерге өлең түстеніп қонып кетті.
Ақыр заман бұ да бір ғаламаты:
Жанның бәрі: “Қажеке!” болып кетті.

Барып сонда өлгеннің арманы жоқ,
Аяп сонан Құдайдың қалғаны жоқ.
Өлмей тірі келгенге сын көп әлі
Көбің дерсің: “Бұл сөздің жалғаны жоқ!”.

Түсініктер

Алдымен ескертеріміз: жақша ішіне алынған сөз бен сөз тіркестері олардың сол замандағы естілу, жазылу ерекшелігін, яғни Мәшһүр-Жүсіп жазған қалыпты білдіреді. Ал, сол жақша алдындағысы, яғни жақша сыртындағысы сол өрнектің бүгінгі жазылу ережесіне сай берілгенін танытады. Сонымен бірге Мәшһүр-Жүсіп туындысын қағазға түсірушілердің жеке бір сөзді түрліше көшіруі кезінде екінші үлгіні бөліп көрсету үшін де жақшаны пайдаланып отырдық. Жекелеген сөз бен сөз оралымдары не толық өшіп, не жыртылып түсіп қалған жағдайда оның орнына тұруға лайық деп, біз санаған сөз үлгілерін квадрат жақшаға алып отырдық.

Ібіліс-шайтан хикаясы.

Көлемі 102 шумақ, яғни 408 жолдан тұратын бұл дастанның 3 көшірме нұсқасы сақталған. Оның ең ауқымдысы Әулеттік мұрағатта сақталған 101 шумақты, яғни 404 тармақты құрайтын Мәшһүр-Жүсіптің ортаншы ұлы Мұхаммедәмен (1888-1921) жазбасы болса, одан көшірген ақын жиені Жолмұрат Жүсіпұлы (1894-1977) нұсқасында тек 2 жол түсіп қалған. Үшінші нұсқа - Қазақстан республикасы Ұлттық Ғылым академиясындағы Орталық Ғылыми кітапхана қолжазба қорындағы Мәшһүр-Жүсіп шығармалары жинақталған 1171 папканың 401 (182) – 411 (200) беттері арасындағы “белгісіз екінші адам” (“белгісіз екінші” деу себебіміз Мәшһүр-Жүсіп шығармаларының екінші томындағы “Жетпіс бап” түсініктемесі ішінде айтылды – Г.Ж.) қолымен жазылған көшірме.

Жолмұраттың Мұхаммедәменнен көшіргені, оның жазбасының (Әулеттік мұрағат: Жолмұрат, 7-дәптер, 29 жіктелім, 1-176.) соңында мынадай ескерту орын алған: “Марқұм Мұхаммедәменнің 1910 жылдардағы өз қолымен жазған нұсқасынан көшірілді. Мәшһүрдің өзінің шығарған қалыбынан өзгерген жері жоқ, дұрыс нұсқа. “Даю мұта харрки әлқам” – Жолмұрат Жүсіпұлы – оныншы ауыл қазағы, Баянаулада – Фазаңа (Мәшһүр-Жүсіптің кіші ұлы Мұхаммедфазылды айтып отыр – Г.Ж.) арнап жазылды. Асығыс жаздым, қатесі болса, ғапу етіңіз. Қатеге мағпу болсын. 1957-25 апрель – болған шамам – таммат – тамам осыменен”. Расында, асығыстықтан болар, кейбір жекелеген сөз орны ауысуларымен қатар, “Мұнымен дәурен сүріп көп күн өтті”, – деп басталатын 22-шумақтың 4-жолы жөне:

“Асыл бар әрбір түрлі адамзатта” — жолын маңдайша еткен ең соңғының алдындағы 101-шумақтың 2-жолы түсіп қалған. Сонда Жолмұрат көшірмесі 100,5 шумақты, яғни 402 жолды құрайды. Осы орайда Мұхаммедәменде, сол арқылы Жолмұратта орын алмаған жалғыз шумақтың: “Су ішіп көздерінен мейірің қанар”, — деген жолды бетке ұстаған 95-шумақтың бұл туындыға 1171 папка мәтіні бойынша енгізілгенін еске саламыз. 1171-де Мұхаммедәмен мен Жолмұратта жоқ бір шумақ орын алса, соның есесіне жеке сөз ауысуларды есептемегенде, сырт қалған 6 шумақ, яғни 24 тармақты ескерсек, оның бізге сақталып жеткен көлемі 96 шумақ, яғни 384 тармақты қамтитынын көреміз.

Алдымен, 1171ге енбеген шумақтарды сараптасақ, оның біріншісі: “Мұнымен дәурен сүріп көп күн өтті” — жолын алға ұстаған 22-шумақ, “Өзіне патша құдай қойды еркін”, — дегенді ту еткен 29-шумаққа ілескен 30, 31, 32-шумақтар және: “Алхияз балла Көрім-Рахман” — тармағын маңдай еткен 41-шумақ, — сонда айналасы 6 шумақ сырт қалғанын көреміз. Осы орайда кейбір сөздер Мұхаммедәменде бір түрлі, ал 1171де өзгеше болған жағдайда, алдымен біріншісін алып, екіншісін соңынан жай жақша ішінде келтіріп отырдық.

Бұл дастан ең алғаш республикалық “Жалын” журналының 1993 жылғы 4 санында (37-40б.) жарияланды, баспаға әзірлеген — Гүлназ Жүсіпова.

Ақыреттің егіні.

Бұл шығарма Қарағанды облыстық “Орталық Қазақстан” газетінде 1991 жылдың 27 шілдесінде (№170) Мәшһүр-Жүсіптің “Уағыз” деген аталыммен басылған дастаны бойынша ұсынылды. Туындының сақталуы, әзірленуі жөніндегі мәлімет, сол шығарма берілер алдында келтірілген: “Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының қолжазбасын мен Ұлы Отан соғысынан елге келген соң, Ешмағамбетұлы Әлімшайқыдан алып едім. Содан бері қараңғы қапаста сақтап едім. Жария заман дін мен тілімізге бостандық берген соң, арабша әріптен қазіргі жазуымызға түсіріп, ақын мұрасын халқыма ұсынып отырмын. Бұл кісі (Мәшһүр-Жүсіпті айтып отыр — Г.Ж.) жасы ұлғайып, қарттыққа қадам басып, алпыс бір жасқа толғанда, кеудесін кернеген шерін халқына арнап, үлгі сөз етіп, өшпес мұра қалдырған.

Бұл мұрасында Мәшһүр қатар өскен қарттарды, молдаларды, барлық ер, әйелдер мен жастарды түзу, адал жолмен жүруге

шақырады. Құдайға құлшылық етуді қатты тапсырады. Махмет Назарұлы - қарт ақын”.

Біздіңше, шығарманы баспаға ұсынушы қарт ақын Махмет Назарұлы дастанның идеялық - тақырыптық негізін, өз кезіндегі және кейінгі адамдар үшін, ғибрат берерлік тәрбиелік мәнін дұрыс ұғынған. Біздің қосарымыз: бізге неғұрлым толығырақ жеткен шығыс алыптары, бүгінде тек шығыс емес, әлем әдебиетінің көшбасшысы саналарлық мақтаныштары: Әл-Фараби (X ғ.), Жүсіп Баласағұни (XI ғ.), Қожа Ахмет Иассауи (XII ғ.), Омар һәйям (XII ғ.), Сағди (XIII ғ.), Хафиз (XIV ғ.), Әбдірахман Жәми (XV ғ.) т.с.с. мұрасын толық зерттеп, сол ұлы дәстүрді сақтап дамытқан XIX ғасырдағы Абай өнегесі мен кейін оны сәтті жалғастырушы: Шәкәрім, Мәшһүр-Жүсіп т.с.с. ақындар бар екенін жете зерделегеннен кейін барып, әсіресе дін тақырыбындағы осындай шығармалар мәнін кең дәйектей аламыз. Міне, Мәшһүр-Жүсіптің басқа шығармалары тәрізді, “Ақыреттің егіні” дастанын жан-жақты саралауды кейінгі арнайы зерттеулер үлесіне қалдыра отырып, біз бұл жолы емле тәртібіне сай келмейтін қателерді түзеумен бірге, біраз араб, парсы сөздеріне түсінік беруді жөн көрдік:

1. Фазыл - өте беделді, фазила – рақымшыл. Мұнда “рақымына алып” ұғымында қолданылған.

2. Ман Рәббик – “Раббың (Құдайың) кім?” – мағынасын береді.

3. Мүңкір, Нөңкір - қабірде тергейтін періштелер.

4. Нәби – пайғамбар, хабаршы.

5. фаһим – түсіну (түсінік).

6. Ғарасат – мекен, орын.

7. Ғасы – күнәкар.

8. Кәлам – сөз.

9. Шүбһә - шүбә.

10. Сахыб - қожа, ие, меншік иесі.

11. Мәзһәб – мектеп, бағыт, ілім.

12. Нығымет – шапағат, қайырым.

13. Нәбәтә - өсу.

Яһуда, Патрос әңгімесі.

Бұл туынды өулеттік мұрағатта сақталған 3 нұсқа: Жолмұрат (1-дәптер, 5-жіктелім, 9-16б.), ақынның кіші ұлы Мұхаммед-фазыл (1890-1969) (1-папка, 121-125б.) және кезінде ақынның

сыйлас адамы, атқосшысы болған Иманғали Маненұлы (1903-1993) (3-папка, 69-766.) көшірмелері салыстырыла отырып өзірленді. Көлемі 69 шумақ, яғни 276 тармақ бұл өлеңнің соңында Жолмұрат ескертуі берілген: “Түгел жазылды”. Ал, шығарма мандайшасында мынадай түсініктеме бар: “Мәшһүр-Жүсіп сөзі: “Яһуда, Патрос әңгімесі”. Ерте заманда бәни Исраил (Израил) қауымынан Яһуда, Патрос — ағайынды екі жігіт болған. Сол екеуінің бастарынан кешкен уақиғасын Мәшһүр өлең қылып сөйлеген. Қолына түскен дүниесін Құдай үшін берген, шашқан қалай?! Адамға бермей, бір тиын шығармай ұстаған қалай, соны танытады (Жолмұрат, 1-дәптер, 5-жіктелім, 9-бет). Бұл 3 мәтін арасында пәлендей айырмашылықтар жоқ. Бұл шығарма ең алғаш республикалық “Жұлдыз” журналының 2002 жылғы үшінші санында (82-876.) жарияланды. Дастанға түсінік жазып, баспаға өзірлеген — Гүлназ Жүсінова.

Опасыз әйел.

Әулеттік мұрағатта жалпы көлемі 105 шумақ, яғни 420 жолдан тұратын бұл шығарманың 4 нұсқасы сақталған. Оның біріншісі — ақын қолжазбасының бастапқы беттері жоқ та, кейінгілері жазылған 4 беті, яғни 2 парағы ғана бар. Ол: “Хан баласы жүгіріп, қарсы шықты”, — деп басталатын 59-шумақтың үшінші: “Көпке топырақ шаша ма жалғыз кісі?”, — тармағымен басталады. Демек шығарманың бастапқы 58,5 шумағы, яғни 234 тармағы Мұхаммедфазыл мен (1-папка, 32-396.) ақынмен іргелес, сыйлас болған Иманмәдіұлы Сұлтанмахмұт (Шолтым) (1897-1983) (1-папка, 15-жіктелім, 47-676.) және Маненұлы Иманғали (3-папка, 12-жіктелім, 49-586.) көшірмелерін салыстыра сұрыптау нәтижесінде өзірленді. Осы орайда Мәшһүр-Жүсіп жазбасы ішінде: “Қатын сонда қуанды: - Құлдық бас! — деп” — дегенді мандайша еткен 76-шумақтың соңғы 2 тармағы мен оған іргелес 77-89-шумақтар және: “Бізді көрді бұл қатын оңай! — дейді” — дегенді алға ұстаған 90-шумақтың бастапқы екі тармағы, айналасы — 56 тармақ сақталмаған. Сонда бізге жеткен ақын жазбасының жалпы көлемі — 32,5 шумақ, яғни 130 жолды құрайды. Сонымен бірге: “Кітаптан мұның бәрін көзім көрді” — деп басталатын 103-шумақ тек Мәшһүр-Жүсіп бойынша енгізілгенін және бізге жеткен ақынның 130 тармағы мен басқа көшірмелерде ара-тұра сәйкессіздік болған жағдайда түпнұсқаға сүйенгенімізді ескертеміз. Мәтіннің ең толық нұсқасы Мұхаммедфазыл мен Иманғали көшірмелері

– 104 шумақ, яғни 416 жол, демек онда тек жоғарыда ескертілген бір ғана шумақ (103-шумақ) орын алмаған.

Сұлтанмахмұтта (Шолтымда): “Соқтығып, пәле болар тигеніңнен” – жолын бетке ұстаған 9-шумақтың бастапқы 2 тармағы, “Татулығы – арадан өтпейді қыл”, – дегенді жалау еткен 15-шумақ – айналасы 6 тармақ қана кірмей қалған. Иманғали мен Мұхамедфазыл арасында жекелеген сәйкеспеулер ұшырасады. Мәселен, Мұхаммедфазылда: “Ат тықыры естілді сатыр-сатыр” – дегенді алға тартқан 45-шумақтың екінші жолы: “Қолында құс, басында алтын шатыр” – деп берілсе, Иманғалида “Қолында құс” орнына “қолда түйғын” – деп өрнектелген екен. Біз құс түрі нақты көрсетілген соңғыны іріктеп алдық. Сондай-ақ Мұхаммедфазылда: “Жүзіңізді көрген соң, көңілім толды” – деп басталатын 52-шумақтың бастапқы “Жүзіңізді” сөзі орнына Иманғалида: “Ақ жүзіңді” – деп берілген екен. Біз бұл тұста да көріністің неғұрлым нақтылана түскеніне сүйеніп, соңғыны кірістірдік. Сұлтанмахмұт пен Мұхаммедфазыл арасында басқа да жекелеген өзгерістер бар. Мәселен, Мұхаммедфазылда: “Бір іске жарамайды көңіл қойған” – дегенді маңдайша еткен 6-шумақтың соңғы жолы: “Алып жеп ақырында көзін жойған” – деп берілсе, Сұлтанмахмұтта соңғы тіркес: “көзін ойған” – түрінде келтірілген. Біз әңгіменің көзін ою емес, көзін жоюға, мүлде құртылғанына тірелгенін ескеріп, Мұхаммедфазыл нұсқасын сақтағанда, жақша ішінде Сұлтанмахмұт үлгісін қоса беруді жөн көрдік.

Осы орайда “Ысқақ айтты: – Бұл қатын менікі анық” – деп басталатын 74-шумақ Мұхаммедфазылда және Иманғалида 72-шумақ ретінде берілсе, біз сөз қисынына, оқиға ретіне қарап, оны 74-шумақ ретінде алғанды жөн көрдік.

Әдһам диуана және Ибраһим.

Бұл дастанның 4 көшірме нұсқасы: Мұхаммедфазыл, Иманғали, Жолмұрат, Сұлтанмахмұт (Шолтым), ақын шығармаларын жинап, көшірушілердің бірі Әшім Қарақызұлы (1893-1989) жазбалары және Мәшһүр-Жүсіп қолжазбасының 2 беті сақталған. Туындының бізде сақталып, анықталғанының мөлшері – 401 шумақ, яғни 1618 тармақ (соңғы шумақтарының біразы 5, 6, 7 тармақтан болып келуін қоса ескереміз). Бұлардың ішінде ең толық жазылғаны – Мұхаммедфазыл нұсқасы. Мұхаммедфазылда: “Мұндай жан көрмеген көз мұнан бұрын” – деп басталатын жетінші шумақ жоқ. Осы орайда бұл шумақтың тек Сұлтанмахмұт

(Шолтым) бойынша енгізілгенін, Иманғали, Жолмұратта да жоқ екенін ескерткіміз келеді. Сонымен қатар Сұлтанмахмұт (Шолтым) бойынша енгізілген: “Пенде ісін мойныма артқаным жоқ”, – дегенді маңдайша еткен 25-шумақтың да басқаларда түсіп қалғанын анықтадық. Сондай-ақ: “Сенбегендер Құдайға қалады екен”, – дегенді алға ұстаған 180-шумақ тек Жолмұрат пен Шолтымда бар да, Фазыл мен Иманғалида орын алмағанын ескерген жөн. Оған қоса: “Иа, Алла, бұл не қасірет бұл жалғанда”, – деп басталатын 278-шумақтың және іргелес 279-шумақтың тек Әшім Қарақызұлы көшірмесі бойынша енізілгенін атап өткіміз келеді. Осы орайда: Әшім жазбасының бізге жеткен нұсқасы: “Сұлтанның артында қалған қатын-баласы туралы” – деген тақырыпты маңдайша еткен шығарманың екінші бөлімі саналатын, яғни: “Бұл сұлтан Құдайды ойға алған екен”, – деген тармақты ту еткен 245-шумақтан басталатынын еске саламыз. Сонымен бірге: “Өзінді іздеп үйімнен шықтым, құдай”, – деп басталатын 160-шумақ және “Мінеки, естің анық шығар жері”, – жолын бетке ұстаған 362-шумақ тек Жолмұрат бойынша кіргізілгенін, Фазылда және басқаларда тегіс жоқ екенін де дәйектеу лазым. Бұл 362-шумақ жалпы Фазылда жоқ шумақтың жетіншісі болса, сегізіншісі: “Лепіріп: “Атам бар!” – деп, келдің тасып” – тармағын қалқалаған 369-шумақ (бұл Иманғали, Әшімде жоқ, Шолтымда өшіп қалған) тек Жолмұрат көшірмесі бойынша енгізілді. Тап осы тәрізді басқаларда болмай, тек Жолмұратта ұшырасу: “Тапсырдым бір Құдайға сені балам”, – деп басталатын 371-шумаққа да тән (бұл айналасы Фазылда жоқ 9-шумақ). Бұған қоса шығарманың соңғы 4 шумағы тек Мәшһүр-Жүсіп жазбасы бойынша орын алғанын, көшірме атаулыда жоқ екенін сараласақ, Мұхаммедфазылда айналасы 14 шумақ, яғни 57 жол (соңғы 401-шумақ 5 тармақтан тұрады) ғана енбегенін, яғни оның көшірмесінің жалпы көлемі – 387 шумақ, яғни 1561 тармақты құрайтынын зерделейміз.

Екінші ең көлемді нұсқа – Иманғали Маненов жазбасы. Онда да Мұхаммедфазылда және басқалардың көбінде жоқ 6, 7, 25, 160, 180, 278, 279, 362, 369, 371 шумақтар мен қатар соңғы: 398-401-шумақтар, яғни айналасы Мұхаммедфазылдағыдай 14 шумақ, 57 тармақ орын алмаған. Оған қоса: “Айырылып қала бердің мал туардан” – жолын маңдайша еткен 329-шумақ (бұл Мұхаммедфазылда бар да, Жолмұратта жоқ) Иманғалида ұшыраспайды. Сонда Иманғали көшірмесінің көлемі Мұхаммедфа-

зылдан 1 шумақ, яғни 4 тармақ қана кем болып, демек 386 шумақ, 1557 тармақты еншілегенін көреміз. Көшірмелер ішінде Мұхаммедфазыл мен Иманғалидан кейінгі орынды иеленген Жолмұратта шумақтардың орын ауысуларымен бірге түсіп қалулардың саны да біршама екеніне көз жеткіземіз. Мәселен, Мұхаммедфазылда, Иманғалида жоқ: 7, 25, 278, 279, 398-401 – айналасы 8-шумақ, яғни 33 тармақ жоқ болумен бірге жеке түсіп қалулар бар. Атап айтқанда: “Әркім-ақ бұл жалғаннан дәурен сүрді”, – деп басталатын 11-шумақ, “Мен диуана ел кезген Әдһам атлы” – дегенді алға ұстаған 24-шумақ пен оған ілескен 25-45 шумақтар, айналасы 20,5 шумақ, яғни 82 жол Жолмұратта қамтылмаған. Бұған қоса: “Балалар жұма күні азат болды” – дегенді маңдайша еткен 47-шумақ, “Көзіндей құралайдың көзі жайнап”, – дегенді ту еткен 50-шумақ, “Ақ сабынмен қол-басын жуындырды” – дегенді алға ұстаған 75-шумақ, “Отырмыз үстімізді жамап бүріп” – айдарындағы 85-і мен оған ілескен 86-шумақ, “Сілкіп киер үйінде жоқ боп киім”, – дегенді қалқалаған 89-шумақ, “Туралық, түзулікте болса кісі” – деп, жол салған 96-шумақ, “Қандай боп қуанды екен ата-анасы?!” – дегенді бетке ұстаған 102-шумақ; “Тірілдім өз-өзімнен көрде жатып”, – деп басталатын 107-мен оған ілескен 108-112-шумақтар, яғни айналасы 6 шумақ, демек 24 жол Жолмұратта жоқ. Сонымен бірге: “Ғайыптан құлағына бір үн келді” – дегенді маңдайша еткен 121-шумақ және “Өлімнің келмес бұрын жолын көзде” – дегенді қалқалаған 123-шумақ, “Бір кісіге аямай берген Құдай” – дегенді алға тартқан 144-шумақ, “Қараңыз қойшы олжаға батқанына” – дегенді жалау еткен 150-шумақ, “Көп жаңбырдан не пайда қара тасқа” – деп басталатын 152-шумақ, “Жаны ашыған кісі боп келді жетіп” – дегенді маңдайша қылған 154-мен оған ілескен 155-шумақ, “Жетеді пенде қайдан түйе мініп” – дегенді бетке ұстаған 158-шумақ Жолмұратқа кірмей қалған. Сондай-ақ “Жылдан-жылға барады заман өтіп” – дегенді қалқалаған 164-шумақ, “Сені есіркер керуеннің аяп іші” – дегенді ту еткен 167-шумақ, “Үш күн - үш түн ас ұрттап ішпейді су” – дегенді алға тартқан 170-шумақ, “Ар жағына дөнекер қорек барды” – дегенді бетке ұстаған 181-мен оған ілескен 182-185-шумақтар Жолмұратта орын алмаған. Сонымен бірге: “Бір құнақта екі жүз жерді басып”, – дегенді маңдайша қылған 198-імен оған ілескен 199-214 шумақтар, айналасы 16 шумақ, яғни 64 жол; “Алласы ашқан айыпты кім жаба алар”, – айдарындағы 231-шумақ пен оған ілескен 232-244-шумақтар,

яғни айналасы 14 шумақ, демек 56 жол; “Анасы айтты: – Құлағың сал, балам! – дейді” – деп басталған 260-шумақ пен оған ілескен 261-263-шумақтар, яғни айналасы 4 шумақ, 16 жол; “Жалаң аяқ, жалаң бас, төсін ашып”, – деп басталған 265-шумақ; “Анадан тумас енді ондай кісі” – дегенді жалау еткен 267-шумақ; “Анасы айтты: - Жанымнан тәтті балам” – дегенді қалқалаған 270-шумақ пен оған ілескен 271-288-шумақтар, яғни айналасы (жоғарыда көрсетілген: 278, 279 ды есептемегенде) 17 шумақ, яғни 68 тармақ Жолмұратқа кірмей қалған. Бұған қоса: “Айтқайсың: Осылай, – деп, – анам халі” – деп басталатын 295-шумақ пен оған ілескен 296-298-шумақтар, яғни айналасы 4 шумақ, 16 жол; “Айырылып қала бердің мал туардан”, - дегенді бетке ұстаған 329-шумақ пен оған ілескен 330-337-шумақтар, демек айналасы 9 шумақ, 36 жол; “Жылады өксуменен бала зарлап” – деп басталатын 345-пен оған ілескен 346-шумақ; “Патшалық пен қалдырып алтын тақты”, – дегенді жалау еткен 351-шумақ, “Ертенді – кеш ақылдан адасады” – деп басталған 357-мен оған ілескен 358-шумақ Жолмұратта сырт қалған. Сонда Жолмұратта жоғы айналасы 130,5-шумақ, 523 жолды құрайды (соңғы бір шумақтың 4 жол емес, 5 тармақ екенін қоса ескеріп отырмыз). Демек Жолмұрат көшірмесі көлемі 270,5 шумақ, яғни 1095 тармақты құрайды.

Өшім көшірмесінің бізге, жоғарыда ескерткеніміздей, 245-шумақтан басталатын екінші бөлімі ғана жетсе, өулеттік мұрағатта Мәшһүр-Жүсіп жазбасының: “Көгөріп талдай өскенің” – деп басталатын 392-шумағының тек соңғы: “Бейнәсіп (...сыз) кеткен балам-ай” – деген тармағымен басталатын ақырғы беті сақталған. Сонымен қатар, жоғарыда аталған қолжазба қорындағы 1176 папканың 173ә[179] бетінде: “Жалғаннан біреу қашып кетін жатыр” – тармағын бетке ұстаған 235-шумақ пен 244-шумақ аралығы, яғни айналасы 10 шумақ, 40 тармақ қана сақталғанын еске саламыз.

Бұл шығарма ең алғаш республикалық “Абай” журналының 1995 жылғы үшінші санында (43-56б.) жарияланды. Түсінік беріп, баспаға ұсынған – Гүлназ Жүсіпова.

Екі жігіт пен бір шалдың әңгімесі.

Бұл шығарма өулеттік мұрағаттағы: Мұхаммедфазыл мен Иманғали көшірмелерін салыстыру барысында әзірленді. Екі шығарманың көлемі бірдей: 102-шумақ, яғни 408 тармақтан тұра-

ды. Шығармадағы 32-шумақ Мұхаммедфазылда былай берілген:

Бұл істі қылмас едім, мұнан қорықтым,
Жігітті өлтірген соң, сонан қорықтым.

“Сарайы хан қызының сасыпты! — деп,
— Айтар!” — деп, енді жаман сонан қорықтым.

Бұл шумақ Иманғалида сәл басқаша өрілген:

“Бұл істі неге қылдым әуел бастан?!”
Ажалы болып бізден өлді арыстан!”

“Сарайы хан қызының сасыпты! — деп,
Айтар!” — деп, енді жаман сонан сасқан!

Енді шығарманың 39-шумағына назар аударамыз:

Бұл істі қылмас едім, мұнан қорықтым,
Жігітті шығарған соң, сонан қорықтым,

Сықылды асылзада ханның қызы

Бұл малай қара, шошқа құлдан қорықтым.

Байыптасақ, біріншіден Мұхаммедфазылдағы 32-шумақ пен 39-шумақ аралығында ұйқас қайталауы бар. Екеуінде де “қорықтым” сөзі 3 рет қайталанып, ұйқасқа негіз болған. Ал, Иманғалидың 32-шумағын алсақ, әрі ұйқас қайталауы орын алмайды, әрі, кейіпкердің іштей желінуі, өкіне бастауы — бәрі шығарма сарынына неғұрлым дөп келеді. Осы екі себепке сүйеніп, біз шығарманың 32-шумағын Иманғали бойынша беруді жөн көрдік. Екі нұсқада жекелеген сөз ауысулары, тармақ сәйкессіздіктері ұшырасады. Мәселен, Мұхаммедфазылда: “Қасына екі жастың жалғыз шалсың” — деп басталатын 3-шумақтың екінші жолы: “Таппасаң егер өлең байғұс шалсың” — түрінде келіп, төртіншісі: “Алданып әңгімемен жол қысқарсын” — деп берілсе, Иманғалида бұл төртінші екінші тармақ ретінде алынып, ол төртінші: “Үш ауыз сөз таппаған, азапталсын!” — деп өрілген. Біз оқиға өрбуіне, кейіпкер табиғатына Иманғали нұсқасы неғұрылым жуық деп тауып, соңғыны енгіздік. Мұхаммедфазылда: “Екі жас үш ауыздан сөз сөйлейді” — тармағын маңдай еткен 6-шумақтың соңғы тармақтары: “Екі жас үш ауыздан сөйлеген соң, // Баяғы көрі шалға кезек келді” — түрінде берілсе, Иманғалида бұл былай алынған: “Екі жас міндетінен құтылған соң, // Баяғы байғұс шалға кезек келді”. Біз “үш ауыздан” дегенді бір шумақта екі рет қайталаған Мұхаммедфазыл нұсқасынан да Иманғали көшірмесі түпнұсқаға жақынырақ болар деп есептедік. Оның есесіне Иманғалиға: “Жаздырып шал байғұсты ерттеп алды” — дегенді ту етіп ұстаған 8-шумақтың соңғы екі тармағы мүлде енбей қалса, біз

оны Мұхаммедфазыл бойынша келтірдік. Мұхаммедфазылда 25-шумақ: “Сен жігіт көзге түстің қайдан? – дедім” – деп басталса, Иманғалида басқаша түрде: “Жарқ етін сен көзіме түстің менің” – деп берілген. Біз сөз мәніне, қыз мінезіне сүйеніп, Иманғалидың алғашқы: “Жарқ етіп” – сөз қолданысы мен Мұхаммедфазылдың кейінгі сөздерін: “көзге түстің қайдан? – дедім” – дегенін біріктіріп алғанды жөн көрдік. Себебі Мұхаммедфазылдағы ұйқасты негіздеген: “... қайдан? – дедім” – сөздеріне екінші тармақ соңындағы: “... шайтан” – дедім”, төртінші жол аяқталымындағы: “... айтар!” – дедім” – сай келетінін ескердік.

Шығарманың жазылған уақытын анықтағанда, Мұхаммедфазыл көшірмесі соңындағы: “1918” – дегенді біз туындының жазылған уақыты деп белгіледік. Себебі Мұхаммедфазыл өзінің көшірген уақытын көрсеткенде, жылымен қоса айын, күнін қоса ескертетінін ескердік.

Бұл туынды ең алғаш республикалық “Сарыарқа” журналының 1995 жылғы бесінші санында (8-14б.) жарияланды. Арнайы түсінік беріп, баспаға ұсынушы – Жүсіпова Г.К.

Хаятбақшы.

Бұл дастанның бізге жеткен нұсқасының жалпы көлемі – 555 шумақ, яғни 2220 тармақ. Әулеттік мұрағатта бұл шығарманың 5 көшірмесі сақталған. Оның біріншісі – ақынның өз қолымен жазылған түпнұсқасы болса, екінші, үшіншісі, әрі неғұрлым толық жеткені – Мұхаммедфазыл мен Иманғали көшірмелері. Төртіншісі – Мұхаммедәмен көшірмесінің бастапқы бір беті, яғни 18 жолы, сонымен қатар шығарманың соңғы бөлегі: “Уалтиын уалызитун” – хақы үшін” – тармағымен басталатын 522-шумақтан кейінгісі, демек соңғы 34 шумағы, немесе аяққы 136 жолы мүлде жоқ. Сонда Әменде орын алмаған тармақтардың жалпы көлемі 154 жол боп шығады. Сақталуы жағынан көлемі ең шағыны – Жолмұрат көшірмесі. Онда шығарманың бастапқы бөлімі, яғни: “Ибраһим халал төккен көздің жасын” – деп басталатын 22-шумаққа дейінгі 21 шумақ, яғни 84 жол ғана сақталған. Сонымен бірге шығарманың соңғы бөлегі, яғни Әменде жоқ үзінді: “Уалтиын уалызитун “хақы үшін” – дегенді маңдайша еткен 522-тармақтан кейінгі 34 шумақ, яғни соңғы 136 тармақ қамтылған. Сонда Жолмұратта бардың жалпы көлемі 220 тармақ болып шығады. Түпнұсқа бола тұрып, көшірмелерге мән беру себебіміз: түпнұсқаның сақталу қалпында өзгешелік бар. Біз бұл шығарма-

оны Мұхаммедфазыл бойынша келтірдік. Мұхаммедфазыл шумак: “Сен жігіт көзге түстің қайдан? — дедім” — деп Иманғалида басқаша түрде: “Жарқ етіп сен көзіме түс — деп берілген. Біз сөз мәніне, қыз мінезіне сүйеніп, дың алғашқы: “Жарқ етіп” — сөз қолданысы мен Мұхаммедфазылдың кейінгі сөздерін: “көзге түстің қайдан? — дедім” біріктіріп алғанды жөн көрдік. Себебі Мұхаммедфазылдың негіздеген: “... қайдан? — дедім” — сөздеріне екінші соңындағы: “... шайтан” — дедім”, төртінші жол аяқтағы: “... айтар!” — дедім” — сай келетінін ескердік.

Шығарманың жазылған уақытын анықтағанда, Мұхаммедфазыл көшірмесі соңындағы: “1918” — дегенді біз тексеріп жазылған уақыты деп белгіледік. Себебі Мұхаммедфазылдың көшірген уақытын көрсеткенде, жылымен қоса айын, ескертетінін ескердік.

Бұл туынды ең алғаш республикалық “Сарыарқа” журналының 1995 жылғы бесінші санында (8-146.) жарияланды. Қазіргі таңда біз найы түсінік беріп, баспаға ұсынушы — Жүсіпова Г.К.

Хаятбақшы.

Бұл дастанның бізге жеткен нұсқасының жалпы 555 шумак, яғни 2220 тармақ. Әулеттік мұрағатта бұл дастанның 5 көшірмесі сақталған. Оның біріншісі — ақынның мен жазылған түпнұсқасы болса, екіншісі, үшіншісі, әрқайсысы толық жеткені — Мұхаммедфазыл мен Иманғали көшірмесі. Төртіншісі — Мұхаммедәмен көшірмесінің бастапқы біріншісі 18 жолы, сонымен қатар шығарманың соңғы бөлігі: “Уалызитун” — хақы үшін” — тармағымен басталатын 5-тан кейінгісі, демек соңғы 34 шумағы, немесе аяққы мүлде жоқ. Сонда Әменде орын алмаған тармақтардың көлемі 154 жол боп шығады. Сақталуы жағынан көлемі — Жолмұрат көшірмесі. Онда шығарманың бастапқысы яғни: “Ибраһим халал төккен көздің жасын” — деп 22-шумакқа дейінгі 21 шумак, яғни 84 жол ғана сақталған. Оның мен бірге шығарманың соңғы бөлігі, яғни Әменде “Уалтиын уалызитун “хақы үшін” — дегенді мандаған 522-тармақтан кейінгі 34 шумак, яғни соңғы 136 тармақ сақталған. Сонда Жолмұратта бардың жалпы көлемі 220 тармақ шығады. Түпнұсқа бола тұрып, көшірмелерге мән бергенде түпнұсқаның сақталу қалпында өзгешелік бар. Біз бұл

ны бастап сақтаған адам Мәшһүр-Жүсіп жиені, әрі атқосшысы болған Қасенғали Жүсіпов те, одан алып бізге жеткізген Жолмұрат Жүсіпов деп санап отырмыз. Себебі бұл нұсқа бізге Жолмұрат арқылы жетті. Ал, Қасенғалидың інісі Жолмұраттан ерте қайтыс болғаны, оның жазбасын Жолмұрат ап қалғаны туралы дерек бар. Оның үстіне Жолмұратта қалған бар нұсқа жақсы сақталса, тап осы туынды күн қызуын көбірек қабылдап, соның әсерінен де сарғыш тартып, бастапқы беттерінің жоғарғы бөліктерінің іріп түсін қалуы орын алған. Қасенғалидың ұзақ уақыт қойшы болғаны, жазғы уақыттарда қолжазба салған қалта ма, дорба, сумка ма, әйтеуір оның кигіз үй ішінде ілулі тұрғандықтан да, күн қызуын ерекше қабылдау әсері айрықша байқалады.

Мәселен, бірінші беттің бастапқы 3 жолы мүлде іріп, жыртылып қалып, бізге жетпеген. Беттің жоғарғы жағының оң жақ қапталы шетінегендіктен де, осы тұста орналасқан шығарма шумақтарының тақ қатары, яғни: 1, 3, 5, 7, 9, 11, 13, 15 - жолдары екенін ескерсек, ол жағы мүлде түсіп қалған да, 4-тармақтан бастап жұп қатарлылардың, яғни 6, 8, 10-жолдардың бастапқы бірер әріптері сақталмаған. Ал сол парақтың 2-бетіне келсек, алғашқы 4 жолы мүлде жоқ болуымен бірге, керісінше беттің сол жақ жоғарғы қапталы омсыраюына орай: 6, 8, 10, 12, 14, 16, 18 – жолы, яғни жұп қатарлылары мүлде жоқ. Ал, бар тақ жолдардың ішінде 5-тармақтың бастапқы: “Өлік” деген сөзі түсіп қалса, қалған: 7, 9, 11, 13, 15 – жолдарын оқуға болады. Беттің төменгі бөлегі: 15-тармақтан бастап тұтас сақталған. Тап осы іспетті түсіп қалу 3-4-бетте орын алса, одан кейінгі біраз беттерде беттің жоғарғы бірер жолының кейде тұтас, кейде ара-тұра сақталмауы орын алған. Міне, осындай жағдайда біз қолда бар көшірмелердің бәрін сараптап, салыстырып, шығарманы толық сақтап беруге тырыстық. Түпнұсқадағы 12-шумақтың бастапқы жолы: “Менің айтып тұрғаным – жанның ауылы” – деп берілсе, көшірмелердің бәрінде: Мұхаммедфазыл, Мұхаммедәмен, Жолмұрат, Иманғалида – осындағы “тұрғаным” сөзі орнына “жатқаным” – деп келтірілген. Біз түпнұсқадағыны алдық. Түпнұсқа бар жағдайда, көшірмелерге ауытқымай, бастапқыны сақтау басқа тұстарда да үнемі жүзеге асып отырды. Осы орайда Мәшһүр-Жүсіпте: “Нұры пак дүрс еткенде, жерге түсіп” – деп басталатын 33-шумақ өз орнында жоқ болумен бірге, оның басқа жерде

екенін нұсқаған ескерту белгі бар екенін ескеріп, оны тауып енгіздік. Мұхаммедәменде осы шумақтағы “пак” сөзі орынын “бар” сөзі иеленсе, Мәшһүр-Жүсіпте және басқа екеуінде “пак” сөзі тұрғанын, шығарма мазмұны мен стиліне соңғы сөз жуық екенін басшылыққа алдық. Сонымен бірге: “Неше түрлі орнатқан шөптің гүлі”, — деп басталатын 42-шумақ пен оған ілескен 43-шумақ Мәшһүр-Жүсіпте жоқ болған жағдайда да Мұхаммед-фазыл, Мұхаммедәмен, Иманғалидың бәрінде орын алғанын ескеріп енгіздік. Сондай-ақ: “Жоғары өрлеп аяқты басады екен”, — дегенді маңдайша еткен 94-шумақ та түпнұсқаның өзінде жоқ болса да, көшірушілердің жаңа аталған үшеуінде бірдей орын алғандықтан, кіргізілді. Біздіңше, біз сүйеніп, “түпнұсқа” деп атап отырған нұсқа да Мәшһүр-Жүсіптің бірінші жазғаны емес, өз қолымен көшірген екінші үлгі болу керек. Олай дейтініміз — шығарма соңында ақын өз қолымен мына ескертуді жазып кетіпті: “Өз қолымнан жазған біреуін Сұлтанмахмұт Торайғыровқа беріп едім: “Бастырамын!” — деген соң. “Семейде өзім қашып, жан сауғалап жүргенде, архивте қала беріпті!” — деп нандырды”. (Қараңыз: Әулеттік мұрағат: Мәшһүр, 6-папка, 61-бет). Міне, Мәшһүр-Жүсіп жазбасының негізгісі емес, қосалқы өз көшірмесі (негізгі толығы, дұрысы баспаға ұсынылғаны болуы әбден мүмкін). Міне, соны ескергендіктен де, “Кейбіреудің зінгіттей бар ағасы” — дегенді алға ұстаған 283-шумақтың екінші жолы Мәшһүр-Жүсіпте: “Інісі үшін ағып көр көзден жасы” — делінсе, көшіруші үш адамда бірдей “көр” сөзі орнына “жүр” сөзі алынуы тегін емес деп таптық.

Сонымен бірге Мәшһүрде бар, ал көшірушілер: Мұхаммедәмен, Мұхаммедфазыл, Иманғалида төрт жол жоқ екенін ескертеміз. Ол: “Жаңылды сасқанынан су ағысын”, — деп басталатын 85-шумақтың 2, 3, 4 — тармағы мен 86-шумақтың бірінші тармағы.

Енді Мәшһүр-Жүсіп жазбасындағы парақтардың бір қапталына көлденең жазылған ескертулерге көңіл бөлейік. Мәселен, Мәшһүр жазбасының 16-бетіндегі: “Мөлдір, тұнық лайсыз су ішірейін”, — деп басталатын 144-шумақтың үшінші тармағы: “Аят пенен хадистен сом тастамай” — деп берілсе, сол шумақтың оң жақ қапталында көлденеңнен мына ескерту орын алған: “Сом — піспей қалған темір”.

Шығармада кедей әйел Халиманың өзіне онша тиімді болмаса да, шешесі жоқ жас бала Мұхаммедті асырауға алғаннан

кейін, бұрын суалып кеткен оң емшегіне сүт біткені, арық түйесінің семіз болғаны айтылады да:

Кұрып жатқан бұлақтың көзі ашылды,

Кұдай қолға берген соң бір асылды.

Маған-дағы бір дәурен тиіп еді,

Айырылып қап, ағыздым мен жасымды! —

деген 193-шумақ келтіріледі. Сол шумақпен аяқталған 21-бет соңына мынадай ескерту енгізілген: “Бұл Мұхырарредің екі жарым жаста бір қылықты, сүйкімді баласы өлген. Сол шақта сөйленген сөз”.

Дастанда Хадишаның сауда керуеніне жалданып, Мұхаммед сапар шеккенде, “Насариннің (басқа діндегінің) бір дәкей ғұламасы” болған адамның жол тосып, кезінде Ғайса (Иса) пайғамбар айтқан ескертуі бойынша болашақ пайғамбарды танып, сый көрсеткені сөз болады. Ғұлама Ғайсаның мына сөзін есте тұтады:

Белгісінің, ақ бұлт — болар басы,

Оған қарай домалар таудың тасы.

Ағаш біткен иіліп, сәжде қылып,

Қу ағаштың көгерер және басы! (306-шумақ).

Міне, осы шумақ жазылған беттің оң жақ қапталында көлденеңдеп жазылған ақынның мына ескертпесі орын алған: “Күні бүгінге шейін бір ағаш өмір бойы қурамайды, құламайды, жылда бір иіледі!”. Шығармада одан әрі әлгі ғұламаның Мұхаммедті шығарып сап тұрып, өзінің жаназасына келуді өтінгені сөз болады. Сол өтініш келтірілген 38-беттің “Саған қарар қабылмын, хақ Мұхаммед” — дегенді жалау еткен 341-шумақ тұсындағы оң қапталда мына ескерту берілген: “Хазірет[ке] Жебірейіл хабар беріп, ан хазіретіміз жаназасына даяр болған”.

Шығармада Мұхаммедтің үйлену тойы үшін оның болашақ әйелі Хадишаның малды шашқаны айтылған тұста:

Мұнан артық асыл тас аямда жоқ,

Жеміс түгіл, көбіңе саям да жоқ.

Осы тойға қуанбай қалғаныңа

Қырықты жүз қыл, той түгіл, маям (мим) да жоқ — деген 459-шумақ берілер алдында оң жақ қапталда мына ескерту кірістірілген: “Мим-сәжде есебінде, қырыққа жүреді, “кәф” (каф) жүзге жүреді. “Мимді” “кәф” қылып оқу дегені”.

Шығарма соңында мынадай ескерту орын алған: “50-бетте, (бізше — 49-бетте): “Оған ғашық болғаным әлдеқашан, // Ойнап жүрген күнімде сегіз жасар” (Бұл: “Хадиша айтты: — Жетім

гой, рас нашар” – деп басталатын 447-шумақтың 3-4 жолы туралы айтылып отыр – Г.Ж.). Хадиша анамыз ан Хазіретімізден он бес жас үлкендігі бар. Тумаған күнде қалай ғашық болады? Бұл сөздің мәнісі: пайғамбар әкесі Ғабдолла бұте тыраш екен. Ол ағаш жонып отырса, Хадиша, сегіз жасар қыз, алдына келіп, телміріп, қадала қалып қарайды екен де, отырады екен. Сол құмарлығын танбай жүріпті. Ғабдолла Әминаны алған кезде Хадишаға жуықтасу үшін, сөз айтқанда:

–Енді маған бір тиын құрлы керегің жоқ. Ол күнде сенде бір бөлек түр, кескін бар еді. Ол түрің кетіп қалды! – деген екен. Сөйтсе, ол түр пайғамбар нұры екен. Әминаны алған соң, Әминаға кеткен екен. “Сол әңгімесін сөйлеп айтқан” – дейді. Ол нұр әуел бастап, Адам ата, Хауа анамызда болып, сонан сырғып бірден-бірге келген болса керек”.

“Хаятбақшы” тамамдалып, ел арасына тарала бастағанда, оны иемденгісі келген бір адам әрекетін естіген ақын сол іске өз ренішін білдірумен қатар, шығарманың не мақсатпен жазылғанын, оның қай тұсын қалай ұғыну керектігін де ескертіп, қалдырған екен. Біз әулеттік мұрағатта сақталған ақынның сол жазбасын да толық келтіргенді жөн көрдік: “Бұл Мәшһүр “Хаятбақшы” деп, пайғамбарымыз Мұхаммед-Мұстафа ғалиалслут уасаламның туғанынан бастап, Хадиша анамызды алғандығына шейін өлеңмен қисса қылып сөйлеген. Ол өзі бастан-аяқ уалзихының тәпсірі болып шыққан, оған лимнәшірім мәнісін өлең қылып қосқан. Онан ақ қағаз қалып бара жатқан соң, уалтин уаллазитуныны қосқан. Сол нұсқаны Айдабол ішінде Тілеу: Қошқарбай молданың бір иті: “Өзім шығарған сөз”, – деп, “Жылтыр – Смағұлдың” Қалым дейтұғын баласына жазып беріпті. Өлең арасында: “Мәшһүр” – деген ат болса, қалдырып отырыпты. Соны Мәшһүр көріп қайта жазып: ...

Ақ қағазды шимайлап мұнша лаптап,
һазар аспан тұтатып, жұртты алаптап.
Екі көзі мөлдiреп уалтиын тұр,
Өкпелейтiн кiсiдей кеттiм тастап.

Құнан, дөнен – мiнгенiм – асау тарпаң,
Осы күнде құла ала деген жайқаң (жайпаң).
“Бұл иттен де жаяуым тыныш екен”, – деп,
Қаздай басып келемiн байпаң-байпаң.

“Уаллатин уарллазитун” – хақы үшiн,
Ағаштың iнжiр, зитун көр жемiсiн.

Інжірдің зитун менен қасиеті –
Адамның дерттен таза қылады ішін.

Бойына жесең інжір, сіңеді асың,
Аурудан аман болар іші-басың.
Қақырық, жөтелдердің бәрін жоқ қып,
Рақатпен өтер дәурен сүрген жасың.

Көп пайда Бадбауасир деген желге,
Құрсақ, қуық – пайдалы – және белге.
Жүрек, бауыр, талақтың бекігенін
Ашып және науқасқа ем онан өңге.

Зитун және сүйікті жақсы жұмыс
Жемісін жеп, табылса, майынан іш.
Қасиеті аят пен хадисте бар,
Іштен, тыстан кетірет дертті тегіс.

Түр, сынын хақы үшін айтамын мен,
Жалғаны жоқ, жігітлер, сөзіме сен.
Құдайменен сөйлескен Мұса кәлам, –
Динаре, Тор тауының барлығы шын.

“Оһыз албилдала мен дүр” – Құран сөзі,
Хақында Мекке шаһары келген өзі.
Өзге жайдан Меккенің артықтығын
Теп-тегіс біледі оны дүние жүзі.

Мижаз мағына бұл жерде тамам болды,
Өтіп алсаң көпірден, таптың жолды.
Әрбір сөздің хақиқат мағынасын
Көз үстіне, қарайық, қойып қолды.

Уаллтин дүр дін ғылымы білсең, өне (өні),
Дін ғылымынан табылар ғылым кені (кані).
Уалзиритун мағрипат жемісі дүр,
Білем десең, өзінді өзін таны!

Мағрипат өз алдына ғылым болған,
Құдайым бір көңілге құйса нұрдан.
Мықа мен ғылымлығын түгел кезіп,
Ғарышлар білер мұны нұрға толған.

Тұр, сынын делінген сөзден мұрат,
Ол – Рум мұғаллай хақ Мұхаммед.
“Тажалли хаққа мәзһүр” – болғаннан соң,
Қалдырған үмбетлерге әрбір ғибрат.

“Мұрад не билдаламин”, – деген сөзден,
Естіп жұрт үйренсін мұны бізден.
Көңілі дүр хақ Мұхаммед Мұстапаның
Сөйледім мен тәпсірден көріп көзден.

Бұл сөзде көп мағына бар білінбеген,
Құлақ естіп, еш көзге көрінбеген.
Алданып дүние, ақырет ешбіріне
Өзі бүтін шаһар боп бөлінбеген.

Бір Алла айтып жатыр қиссам етіп,
Білесіз қайдан бәрін (заһыным) зейінім жетіп.
Біздікі болар-болмас бір аз ғана,
Ғалымдар тәпсір қылған жүндей түтіп.

Қиссамның жауабы – бұл: құлағың сал,
Түбінен терең дария гауһарын ал.
“Жараттық – дейді Алла, – біз Адамды
Фиахасан тұқым әр түрлі хал.

Адамға әуел бердік сымбатты бой,
Сүйікті қылдық және жүзін хош рой.
Тіріктік және білім: естіп, көру,
Ішіне салдық және ғақыл мен ой.

Шиботи сегіз сипат Құдайда бар,
Адамда соның бәрін қылды даяр.
Өзгеден Адамды артық қылғандығын
Құранда неше жерде берді хабар.

Қолға алдым әңгіме қып қиын жерді,
Сөйлеуге білмей қалдым, кезім келді.
“Халақа Алла адам ғали сорта”, –
Деп бұған ғалымдар тәпсір берді.

Айтқанмен мұнан әрі өте алмаспын,
Тереңге аса сүңгіп кете алмаспын.
Нығыметін адамзатқа берген Тәңірім,
Мен сөйлеп мөлшеріне жете алмаспын.

Бү сөзбен көтерілді Адам шалқып,
Леп ұрып, шайқатылып, судай қалқып.
Білгенлер сөз мағынасын кетеді елтіп,
Толықсып, еріп тұрған майдай балқып.

Хош шұмма рададнат аят келді,
Қайтардық ол Адамды біз тағы енді.
Сыфыл, сафалын төмендетіп,
Мекенжай қылды бізге кара жерді.

Адамның асып сонда тасқандығы,
Жігіттік дәреженің асқандығы.
Кәрілік ол сығылса пейіліп ғой,
Көнілді кара жердей басқандығы.

Жалғанның керек емес жарлы, байы,
Өлгенде жарылқаса бір Құдайы.
Дүниеде өзі түзу жүрмегеннен
Тозақта баз пенденің болды жайы.

Сығылса пейілінді соған алған,
Деп айтқан: “Оңалмайды оған барған!”
Иман мен ізгі ғамал қылғанларды
Бұлардан сыт-шына ғып бөліп алған.

Дүниеде Хақты есіне алғанларға,
Өлген соң тірілуге нанғанларға,
“Филһим жирағир мүмнүн”, — деп айтылған:
Иман мен біте қайнап барғанларға.

Игі тілек, денсаулықта қылса тағат,
Жаслықта тартқан болса көп рақат,
Тағат пен ол сабырының қолқасына
Құдайдан жақсылық бар би наһаят.

Қылған ісі кәрілікте тұрмас ходқа,
Алмайды оны есептеп расчетка.
— Отказ, — деп, кәрілікте қылған істі,
Дүниеде патшалар да алмас сотқа.

Тағатпен жас күнінде ғұмыры өтсе,
Тірек қылмай әр ғадатын жасы жетсе,
Қылмаса да қылғандай жазылады,
Қыла алмай шамасыздан қойып кетсе.

Шамамыз осы болды жеткен біздің,
Тауыстық қарай-қарай майын көздің.
Мағынасы тәпсірлерде осылай екен,
Филғғым жир ғинұр мүмнон сөздің.

Өзім өліп қалғанмен, өлмес атым,
Өлмейтіннің біреуі – жазған хатым.
Күнде көрсе, өзімді жап танымас,
Таныс болған үш жүзге хикаятым.

[Әулеттік мұрағат: Мәшһүр, 8 папка, 177-184 беттер]”.

Бұл дастан ең алғаш республикалық “Абай” журналының 1993 жылғы сегізінші санында (56-76б.) жарияланды. Арнайы түсінік жазып, шығарманы ұсынушы – Гүлназ Жүсіпова.

“Хаятбақшы” дастанындағы араб-парсы сөздеріне түсініктер:

1. Фирдаус – жұмақтың бірі.
2. Ғадін – жұмақ аталымы.
3. Халал – адал.
4. Әнбие – әулие.
5. Мурсал – жіберілген елші.
6. Нәби – әулие.
7. Әлхамдулилла – барлық мақтау Аллаға тән.
8. Ғали – ұлы, биік, жоғары, сәулетті.
9. Мұғжизат – мұғжиза – керемет.
10. Пәруана (парсы сөзі) – көбелек, түн көбелегі.
11. Хабиб, хабба – сүю, ұнату. Мұнда “Хақтың, Құдайдың ұнатқаны” мағынасында қолданылған болар деп есептедік.
12. Зәбіржат – асыл тас, хризолит тасы.
13. Нығымет – шапағат, қайырым.
14. Махкам – мықты, берік.

Пайғамбардың дүниеден өтуі.

Біз ұсынып отырған бұл шығарманың жалпы көлемі – 163 шумақ, яғни 652 тармақ. Аталған дастан әулеттік мұрағаттағы Жолмұрат (3-дәптер, 5-жіктелім, 10-16 беттері) жазбасы және жоғарыда аталған Орталық ғылыми кітапхана қолжазба қорындағы Мәшһүр-Жүсіп шығармалары жинақталған 1171 папканың 20 [105]–9 [110] (мұнда шығарма беттері керісінше белгіленген: алдымен жоғарғы сан – “20”, кейін “9” саны келтірілген) – беттерін қамтыған белгісіз біреу көшірмесі – өзара салыстырыла

отырып әзірленді. Екі көшірменің де біз келтірген нұсқамен бітпейтінін, “Бұл күні патшалықта әділдік жоқ”, – деп басталатын жалғасы бар екенін ескертеміз. Біздің бұлай бөлуіміз, біріншіден, шығарманың келесі бөлімінің бастапқыға қатысы аз, мүлде бөлектігі болса, екіншіден, Мөшһүр-Жүсіп атқосшысы болған, кейін оның мұраларын жинауда көп қызмет атқарған Иманғали Маненов жазбасында біз қалдырған екінші бөлім “19-бап” – деген айдармен жеке берілген екен. Біз осыны ескердік. Осы орайда бұл шығарманың: “Пайғамбардың дүниеден өтуі туралы” – деген аталыммен ең алғаш республикалық “Жұлдыз” журналының 1996 жылғы екінші санында (113-128 беттер) жарияланғанын (араб әрпінен қазіргіге аударып, баспаға әзірлеген – Г.Қ.Жүсіпова), онда біз ұсынып отырған нұсқадан тысқары 10 шумақ, яғни 40 жол қоса енгенін еске саламыз. Біздіңше, біріншіден, 40 тармақ қосылса да, аяғына дейін алмауға ең алдымен шығарма соңының бастапқыға тақырып жағынан үйлеспеуі әсер еткені анық. Екіншіден, Мөшһүр-Жүсіп мұраларының жиналып бітпеуі, ол кезде Иманғали мұрасының бізге беймәлім болуы да осы қалыпты негіздеді.

Бар мәтінді өзара салыстырсақ: “Әрқашан уағдада тұрған сізсіз” – деп басталатын 68-шумақ Жолмұратта бар да, 1171 папкада мүлде жоқ. Осы орайда біз сүйенген 2 нұсқада көп ретте сөздердің орналасу тәртібі үйлес, орайлас келсе де, біраз тұста мүлде бөлек кету де баршылық екенін ескертеміз. Мәселен: “Өсиет сөзім қабыл алсын” – дейді”, – дегенді мандайша еткен 42-шумақтағы екінші жол Жолмұратта: “Әбубәкір имам боп барсын” – дейді” – түрінде беріліп, кейін 4-жолда да “Әбубәкір” сөзі қайталанатынын ескерсек, 1171де екіншіде “Әбубәкір” сөзі орнына “садығым” сөзі орналасқандықтан, шумақ ішінде бір сөздің екі рет қайталануы орын алған Жолмұратқа қарағанда, 1171-папкадағы неғұрлым ұтықты деп санадық. Сонымен бірге: “Тілінен пайғамбардың шығады үн” – дегенді алға ұстаған 45-шумақтың соңғы жолдары Жолмұратта: “Бұл халін пайғамбардың көргеннен соң, // Жылайды сахабалар мұнан да тым”, – деген қалыпта өрілсе, 1171де бұл былай келтірілген: “Пайғамбар келе алмады науқасынан, // Мешітке Әбубәкір имам болсын!”. Біз бұл тұста 1171ді таңдадық. Себебі, біріншіден, мұнда шығарма мазмұнына сай Біләлдің пайғамбар тілегін жеткізуі орын алса, екіншіден, сахабалар жылауы бұдан кейінгі 46-шумақтың басында тағы орын алған. Демек, Жолмұраттағыны алсақ, екі шумақта да

сахабалар жылауы орынсыз қайталанған болар еді. Мұның есесіне енді біраз ретте 1171-папкаға емес, Жолмұрат нұсқасына иек арту жүзеге асты. Мәселен Жолмұратта: “Бір қайғы сонда түсті қауым көпке” – деген жолмен 48-шумақ басталса, 1171де ол: “Бәрі де басын ұрды дөңбекке”, – деп өзгертілген. Сөз қисыны, адамдар тәртібіне қарап, біз Жолмұрат үлгісін енгіздік. Сондай-ақ: “Разымын жарылқаса үмбетімді” – дегенді ту еткен 133-шумақтың үшінші жолы Жолмұратта: “Барлық үмбет бейнетін маған тартқызы”, - делінсе, 1171де: “Үмбет жанын жеңіл ғып ал, Ғазірейіл”, – түрінде өрілген. Біздіңше, шығарма мазмұны мен идеясына Жолмұрат нұсқасы неғұрлым жуық деп санадық. Кейіннен Алла тағаланың тап осы тәрізді тапсырмасының Мұхаммед жанын алуға байланысты Ғазірейілге берілгенін еске алсақ та, Жолмұрат нұсқасының түпнұсқаға неғұрлым жақын тұру мүмкіндігі анықтала түседі.

Мұның бәрі Мәшһүр-Жүсіптің өз қолымен жазған нұсқалары жоқ жағдайда түрлі көшірмелерді салыстыра сараптау қажеттігін дәлелдейді. Алда басқа туындылар тәрізді тап осы шығарма көшірмелері ел арасынан жинақталып, қосылып жатса, біз ұсынған нұсқаға да болашақта өзгеріс кіріп отыру мүмкіндігін ескертеміз. Мұның бәрі өткен заманда өмір сүрген басқа да қазақ ақындары тәрізді Мәшһүр-Жүсіп мұрасын зерттеу бірер жыл түгіл, бірер онжылдықтар тұсында да толық қамтылып бітпейтінін дәлелдейді. Осы орайда бұл шығарманың әулеттік мұрағатта үшінші бір нұсқасы бар екенін, ол Иманғали Маненовтан көшірген Төлепберген Алдабергенов нұсқасы екенін, сөздердің орын тәртібі, ұйқас реті тұрғысынан автордың осы тақырыпта жазған екінші бір дүниесі тәрізді әсер қалдырғанын ескеріп, оны арнайы саралауды кейінгі материалдар толығыуы, жиналуына сүйеніп, қолға алған жөн деп шештік. Мұның бәрі Мәшһүр-Жүсіптің ел ішіне кең тараған аса бай мұрасын жинау ісін жалғастыра беру керектігін көрсетеді.

Осы шығармада орын алған араб-парсы сөздеріне түсініктер:

1. Набуд – белгілі, атақты;
2. Саруар – көсем;
3. Садық – дос, шыншыл;
4. Мұһр – мөр;
5. һу-һу (һуа) – ол Алла;

6. Хабиб – сүйікті;
7. Фирдаус – жұмақтың ең қадірлісі;
8. Нәби – пайғамбар, хабаршы;
9. Ибн – ұлы; ибн Ғаббас – Ғаббас ұлы;
10. Мумин – иман келтірген.

Бұл шығарма ең алғаш республикалық “Жұлдыз” журналының 1996 жылғы екінші санында (113-128б.) жарық көрді. Баспаға дайындап, қажет түсінік жазған – Гүлназ Жұсіпова.

Ахтам хазірет пен Ғалы батыр.

Бұл шығарма Павлодар облысы, Баян селосының тұрғыны, ақын мұрасын жинаушы Төлепберген Алдабергенов (1932 ж. туған) көшірмесі бойынша әзірленді. Төлепбергеннің кезінде Иманғали Маненовтан көшіргені бізге белгілі. Шығарма ауызша айтушыдан естігенді қағазға кейін түсіру арқылы бізге жеткендіктен де, орынсыз сөз қайталанулары ұшырасуы заңды. Шығарма көлемі 245 шумақ, яғни 980 тармақ. Баспаға тұңғыш ұсынылып отыр.

Сараң бай мен Ғалы-арыстан.

Жалпы көлемі 110,5 шумақ, яғни 442 тармақтан тұратын бұл шығарманың әулеттік мұрағатта үш нұсқасы сақталған. Оның екеуі – Мұхаммедфазыл көшірмесі болса, үшіншісі – Жолмұрат жазбасы. Дастанның: “–Ай, патша, тағыңызбен ағар! – дейді” – деп басталатын 54-шумағының соңғы 2 жолы бұл 3 көшірме нұсқада да орын алмағанын, сондықтан бұл тұсқа көп нүкте қоюмен шектелгенімізді ескертеміз. Туындының бастапқы 6 шумағы тек Фазыл көшірмесінің бір үлгісі (Фазыл, 5-папка, 10-жіктелім, 1-бет) бойынша берілді. Яғни бұл Фазылдың екінші бір көшірмесінде (Фазыл, 3-папка, 76-81-беттер) де, Жолмұратта да жоқ. Фазылдың 2 көшірмесі көбінесе бір-біріне үйлес, яғни бір текті болса да, ара-тұра жекелеген сөз, сөз тіркесулері өзгерісі кездеседі. Мұндай айырым болған жағдайда біз бұған дейінгі – және бұдан кейінгі шығармаларды баспаға әзірлеудегі ұстанымды басшылыққа алдық. Ол шығарма идеясы мен сөздің орын, ұйқасу реті, орынсыз қайталанбауын т.с.с. ескеріп, түпнұсқаға неғұрлым жақын дегендерін енгізіп отыру. Мәселен: “Рауаят имамлардан бізге қалды” – дегенді маңдайша еткен 8-шумақтың соңғы жолы Мұхаммедфазылдың екі нұсқасында бірдей: “Наданды талай-талай жолға салды” – түрінде берілсе, Жолмұратта ең соңғы “жол-

ға салды” тіркемі орнына “жөнге салды” — келтірілген екен. Біз ұйқас құрып тұрған соңғы сөздер үйлесу ретіне қарап, мәселен: “бізге қалды”, “тілін алды” — деп өрілген алғашқы екі жолдағы соңғы 2 сөздің алдыңғысы жіңішке дауысты болғанын ескеріп (“бізге” және “тілін”), соған ұйқасушы төртінші тармақтағы сөз тіркемін жіңішке дауыстылардың үйлесуіне қарай “жөнге” сөзін (“жолға” емес) таңдадық. Ал: “Пайғамбар үмбетіне дін үйретті” — жолын ту еткен 10-шумақтың соңғы жолы Жолмұратта: “Өзі сараң, бір надан бай болыпты” — деп берілсе, біз тағы да ұйқас ретіне қарап, Мұхаммедфазылдың: екі нұсқасының бірінің (5-папкасындағысының) “Бай болып Мединеден бір жан өтті”, — тармағын таңдадық. Өсы орайда Мұхаммедфазылдың екінші көшірмесінде (3-папкасында) “Жан өтті” тіркемі орнына “бай өтті” — орын алғанын, онда бір тармақта “бай” сөзі 2 рет орынсыз қайталануы орынсыздығын да ескердік. Соңдай-ақ: “Өзінің мұсылмандық белгісі бар” — жолын алға ұстаған 13-шумақтың соңғы жолы Мұхаммедфазылда: “Болмады сол уақытта бір кісі пар” — деп, жалпылама айтылса, Жолмұратта бұл ұғым айқындала түсіп: “Еш адам сараңдықта болмады пар” — делінген екен. Біз соңғыны ұсындық, себебі не бойынша пар болмағаны, атап айтқанда, сараңдық бойынша екені Жолмұратта неғұрлым дәл белгіленген деп санадық. Сонымен бірге: Мұхаммедфазылда 32-шумақ: “Қайыр бер маған біраз, тілімді алсаң, // Созіме сауап болар құлақ салсаң, // Ай, сорлы, ақыретте азық болар, // Ей, байғұс, қайыр беріп, батамды алсаң!” — деп берілген екен. Біз бұл шумақтағы кемсіту ұғымы 3-тармақта: “ай, сорлы” — деп бір рет берілгенін, оның үстіне “Ей, байғұс” —деп тармақ бастау, бұған ілесе берілген 33-шумақ басына тән екенін ескеріп, 32-нің төртіншісіндегі: “Ей, байғұс” сөз орамын Жолмұраттағы: “аз ғана” сөздерімен алмастыруды орынды деп таптық. Біз бұл жолы да, бұдан кейін де ақын шығармаларының түпнұсқасы жоқ жағдайда, әулеттік мұрағатқа жинақталған көшірме нұсқаларды салыстырып, шығарма тақырыбы мен идеясына, сөзді орынсыз қайталамау, ұйқасу тәртібі т.с.с. талаптарға сай сұрыптап беру әдісін қолдана отырып, алда ел ішіндегі ақынның тікелей өз жазбасы, немесе бұдан басқа көшірме үлгілері табылып, қосылып отыруын т.с.с. ескеріп, ақын шығармаларын тексеру, баспаға ұсынуда үнемі бір орында тұрмау, ілгерлеу жұмысы жүре беретінін ескерткіміз келеді.

Мұхаммедфазыл көшірмесі соңында шығарма көшірілген уақыт: “19.03.1935” — деп көрсетілсе, Жолмұратта: “26.03.1951” — деп белгіленген. Біздіңше, шығарманың неғұрлым ерте, яғни ақын көз жұмған 1931 жылдан көп ұзамай көшірілуі де көшірме бағасын арттыра түседі деп санаймыз.

Бұл туынды ең алғаш “Ғалы-Арыстанның әңгімесі” — деген атпен “Жұлдыз” журналының 1999 жылғы сегізінші (146-150б.) санында жарияланды. Баспаға әзірлеген — Гүлназ Жүсіпова.

Ғалының мырзалығы.

Жалпы көлемі 69 шумақ, яғни 276 тармақтан тұрағын бұл шығарманың әулеттік мұрағатта екі нұсқасы: Мұхаммедфазыл мен Сұлтанмахмұт (Шолтым) Иманмәдіұлы көшірмелері сақталған. Екі қолжазбаның көп тұсында сәйкестік, үйлестік болғанымен, ара-тұра, орын алған өзгешеліктер де баршылық. Шолтымда үшінші жол: “Хасен менен Хұсайын онан туып”, — деп берілсе, Мұхаммедфазылда “менен” орнына “бірлан” сөзі қолданылған. Біз шығарма идеясына, ақын стиліне кейінгі нұсқадағы неғұрлым жақын деп, соңғыны тандадық. Сонымен бірге Шолтымда сегізінші жол: “Жарқ етіп жаққан шамдай келді жетіп”, — делінсе, Мұхаммедфазылда: “жаққан шамдай” орнына “шыққан таңдай” алынған. Жоғарыда айтылған себептер бойынша біз тағы да екіншіні тандадық. Мұның есесіне: “Иірді кешке шейін жіпті дейді” — деп басталатын 22-шумақтың үшінші жолы Мұхаммедфазылда: “Жаңа алдына даярлап қойған кезде”, — деп келтірілсе, тап осы қолданым: “Арпаны үгіп ұн істеп, нан қылыпты” — жолын маңдай еткен 31-шумақтың үшінші тармағында тағы да килігетінін ескеріп, қайталауға ұрынбас үшін де, Шолтымның: “Қолына алып жейін деп отырғанда” — жолын қалап алдық. Сондай-ақ Шолтымда 31-шумақ: “Арпаны үгіп, ұн қып, нан қылыпты, // Кеш батып, қас қарайып шам жағыпты” — деп басталса, алғашқы “ұн қып” — дегендегі “қып” сөзін одан кейінгі “нан қылыпты” — дегендегі “қылыпты” сөзі орынсыз қайталау боп шыққандықтан да, “қып” сөзі орнына “істеп” — деп берген Мұхаммедфазыл өзгерісін тиімді санадық. Оған қоса екінші тармақ соңындағы: “жағыпты” сөзі орнына Мұхаммедфазылдағы “болыпты” сөзінің ұйқас тәртібі бойынша неғұрлым қолайлы екенін ескердік. Бұл ретте Мұхаммедфазылда алғашқы жолда “үгіп” сөзі болмаса, оны Шолтым бойынша толықтыруды жүзеге асырдық. Шолтымда: “Мен шытып қабағымды не қылғаным”

— дегенді алға ұстаған 38-шумақтың үшінші жолы: “Емес пе тапқан бәйгем, алған олжам” — делінсе, Мұхаммедфазылда “тапқан” мен “алған” сөздерінің орны ауысып: “Емес пе алған бәйгем, тапқан олжам”, — деп өрліген. Біздіңше, бәйгені “тапқан” дегеннен гөрі — “алған, олжаны “алған” дегеннен гөрі “тапқан” сөздері қазақ ұғымына неғұрлым жақын екенін ескеріп, Мұхаммедфазыл нұсқасын енгіздік. Сонымен бірге Шолтымда 60-шумақ былай берілген:

Біз қарасақ бұл күнде жаман көзбен,
Жөнелтсек жекіп сені суық сөзбен.
Таңла махшар күнінде патша Құдай
Қиын ғой теріс қарап тұрса көзбен!

Ал, Мұхаммедфазылда екінші тармақ соңындағы: “сөзбен” орнына — “жүзбен”, төртінші аяқталымындағы: “көзбен” орнына “бізбен” алынған. Біздіңше, “теріс қарап” сөздерінен кейін “көзбен” сөзі алынуы ыңғайсыз. Керісінше “бізбен” теріс қарауда шығарма идеясына, шумақ ішіндегі ой өріміне неғұрлым жақындық бар. Әрі ол “суық сөзбен” жекуден гөрі “Суық жүзбен” жекігенге орайлас келеді. Сөндай-ақ 64-шумақ басталымы Шолтымда: “Дүниеде қылған ісін көңілінде тоқ // Бұларға қияметте қиындық жоқ” — деп берілсе, Мұхаммедфазылда алғашқы тармақ басқаша келтірілген: “Дүниеде қылғаны үшін аштарды тоқ”. Біз шығарма идеясына, ақын стиліне кейінгісі неғұрлым жақын болар деп шештік.

Мұнын бәрі соңғы түйін, ақырғы шешім емес. Алдағы уақытта не ақынның тікелей өз жазбасы, не басқа да көшірмелері табылып жатса, түпнұсқасы табыла қоймаған басқа туындылар тәрізді бұл шығарманың да кейбір тұстарына басқаша қарау да туа беруі мүмкін. Демек шығармалардың жазылғанына кемі жүз жыл, тіпті одан да көп уақыт өткенін, туындылардың алдымен ауызша айтылып, кейін қағазға түсуі мүмкіндігін т.с.с. ескерсек, біраз үлгілерді алдағы уақытта қайта сараптап, сан өлшемнен, електен өткізу міндеті туа беретіні де анық. Мұның бәрі ел арасындағы ақын шығармаларын іздестіріп, жинауды тоқтатпау, бұған көп болып ат салысу міндетін қояды.

Шонтыбай қажы.

Бұл шығарманың үш нұсқасы сақталған. Оның бірі әулеттік мұрағаттағы ақынның көлемі 192 шумақ, яғни 768 тармақтан тұратын өз жазбасы болса, екіншісі содан көшірілгендіктен де,

мөлшері де бірдей әулеттік мұрағаттағы Жолмұрат көшірмесі. Жолмұраттың тікелей Мәшһүр-Жүсіп жазбасынан көшіргендігін көлем деңгейлестігіне ғана қарап емес, оның мәтін соңындағы мына ескертпесіне сүйеніп анықтауға болады: “Таммат-тамам. Мәшһүр-Жүсіптің өз қолымен жазған нұсқасынан көшірілді. 1951 жылы, март, жуадүрнің ескіше бесінде. Көшіруші – Жолмұрат Жүсіпұлы – Мәшһүр-Жүсіптің жиені, шәкірті” (Жолмұрат, 6-папка, 5-мәтін, 18-бет).

Шығарманың қашан жазылғанын Мәшһүр-Жүсіп шығарма аяғында өзі атап көрсеткен:

... Жазылды үшбу нұсқа жылан жылы
Жылында мың сегіз жүз ол тоқсан үш.
... Қыс күні, айы - қаңтар, Есіл бойы,

Числосы кәдуілгі декабрьдің” (Мәшһүр, 7-папка, 2-мәтін, 60-бет).

Осы орайда біз келтірген жолдарға назар аударсақ, “қаңтар” деп январь айын белгілеуіміз Қазақстанның неғұрлым жылы оңтүстік өлкесіне дөп келсе де, солтүстікке келе бермейтінін де байқаймыз. Оған Абайдың 1888 жылы жазылған мына бір олең жолдары дәлел бола алады:

Қараша, желтоқсан мен сол бір екі-ай,
Қыстың басы – бірі ерте, біреуі жай.
Ерте барсам, жерімді жеп қоям деп,

Ықтырмамен күзеуде отырар бай. (Абай, Шығ., 1-том, Алматы, Ғылым, 1977, 97-бет).

Өлеңге берілген түсініктемеде қараша – октябрь, желтоқсан – ноябрь деп дұрыс берілсе, қазір қараша деп ноябрьді, желтоқсан деп декабрьді күнтізбеге шегелеп қойған жайымыз бар. Біздіңше, жалпы Қазақстанның оңтүстігі мен солтүстігіне ортақ күнтізбелерде декабрьді “желтоқсан” деп аударғанда, солтүстік өңірде декабрьдің қаңтар аталуы мүмкіндігін де естен шығаруға болмайды. “Қыстың басы-бірі ерте, біреуі жай” – дегенде, солтүстікте декабрь айы – қыс түспеуі ықтимал күздің соңы желтоқсанға емес, қашан да нағыз қыстың өзі қаңтарға дөп келеді. Сондықтан да Мәшһүр-Жүсіп атамыз: “қыс күні, айы – қаңтар” – дей отырып, оның орысшаға аударғанда, декабрь болып шығатынын да өз қолымен тайға таңба басқандай етіп қалдырған деп санаймыз.

Қолжазбалардың сақталу, көшірілу жағдайын сараласақ, ақын жазбасының кіші беттерге жазылуынан да онда басқа кей

нұсқалардағыдай бет шетінің мыжылып түсіп, не өшіп қалуы жоқ, жақсы жеткен. Қолжазбаның көшірілу сапасына үңілсек, Жолмұраттағыда түпнұсқаға сүйенгендіктен де, ауытқу т.с.с. байқалмайды. Ал, бұл шығарманың ең толық үшінші нұсқасы жоғарыда айтылған Орталық ғылыми кітапханадағы қолжазба қорындағы 1171 папкада сақталған. Белгісіз біреу қолымен жазылған ол көшірмеде бет орындары ауысуы, сөз өзгерулері ұшырасады. Ең алдымен онда бастапқы 41 тармақ мүлде жоқ та, шығарма: “Көзбенен көріп келдің шаһариарды” — деп басталатын 11-шумақтың: “Медине, Мекке есімді шаһарларды” — делінген екінші жолымен басталады. Сол беттің мандайшасында қай шығарма екенін анықтауға септігін тигізер Жолмұрат қолымен жазылған ескерту орын алған: “Шонтыбай қажыға арнап жазғаны”. Әрі қарай 11-35 шумақтар аралығы 1171 папкадағы 276 (457) (1)—283 (461) (8) беттері аралығында орын алса, “Жақсылық, талап ойлап жолға түстің” — деп басталатын 37-шумақ пен “Бардыңыз түйе мініп Арафатқа” — жолын ту еткен 45-шумақтың алғашқы екі жолы аралығы сол папканың 328 (425) (9)—330 (426) (11) беттері арасына қоныс тепкен. Ал, 45-шумақтың: “Бесін мен намаздыгер қосып оқып” — деген үшінші жолынан кейінгісі, яғни 45-шумақтың 2-жартысынан бастап аяғына дейін 231 (427) (12)-беттер мен 291 (456) (70)-беттер аралығы үшінші түйдек болып жеке орын алған. Осы орайда бір бет шекесінде түрлі 3 сан қойылып отырғандықтан, біз де соны көрсеттік. Назар аударарлығы — жақша ішінде келтірілген ең соңғы төменгі сандары: 1-бет пен 70-бет аралығы — әр тұста түптелген бүгін шығарманы біріктіріп белгілеп, бүтіндікте қарастыру талабы деп ұқтық. Ол кіші санды ақын шығармаларын неғұрлым жақсы білетін Жолмұрат белгілеген болар деп шамалаймыз. 1171 папка материалының соңында: “Тамам: “Шонтыбай сөзі” 1919-шы жыл, 28 февраль... Кәтіп Ғабдолғазиз бен Мағрұб...” — деп жазылған да, екінші бетке мынадай түсінік қосылған: “Біз пақырдан бала жоқ. Кім де кім біздің жазған сөздерімізді оқушы болса, Құда[й] ырзалығы үшін біз пақырға дұға қылар ма?!” — деп, үміт етеміз. 53 жасымда, қой жылы” — деп жазылған. Орталық ғылыми кітапханадағы Мәшһүр-Жүсіп шығармалары топтастырылған папкалар ішінде тап осы қолжазбаның біршама жиі кездесетінін ескерсек, көшіруші жайындағы деректерді анықтай түсу алдағы жауапты міндеттің бірі деп санаймыз.

Осы орайда 1171 папкадағы көшірме Мәшһүр-Жүсіптің екінші бір неғұрлым толық жазылған нұсқасынан алынған болар деп шамалаймыз. Себебі Мәшһүр-Жүсіптің біраз туындыларын бір рет қана жазып қоймай, өз қолымен екінші рет көшіріп қалдырғанын білеміз. Мәселен, осының алдындағы алғашқы томда келтірілген “Ізбас қажы” дастанының ақын қолымен жазылған 2 үлгісі болуы, әр үлгіде аздаған жеке сөз өзгешеліктері де орын алуы осыны дәлелдейді. Олай дейтініміз — Мәшһүр-Жүсіп нұсқасы аяғында ақынның өз қолымен: “Тамата тамам” белгісі орын алған. Біз жоғарыда ақынның дастан ішіне жазған сөздеріне карап, шығарманың жазылған кезін 1893 жылы деп белгілесек, ол біз қарастырған үлгінің қағазға түсу мерзімін емес, жалпы шығарманың дүниеге келген шағын көрсетеді деп санаймыз. Ал, біз сүйенген түпнұсқа — не екінші, не үшінші рет ақынның өзі қағазға жазған үлгісі. Олай дейтініміз: тап осы шығарманың соңғы 63-бетінің екінші жағынан бастап “Мәшһүрдің өзін-өзі ертегі қылып сөйлегені” өлеңі де ақынның өз қолымен жазылған да, шығарма соңында: “Алпыс сегізінде жазған Мәшһүрдің бір хикаясы. Айта салған әңгіме ғой...” — ескертуі орын алған. Мәшһүр-Жүсіптің бір шығарманы не жазып, не көшіргеннен кейін, араға жыл түгіл, ай салмай кірісіп отырғанын ескерсек, (әйтпесе 30 томдай мұра қала ма) бұл екі шығарманың да қағазға түскен жылы 1926 жыл деп есептеуге негіз толық. Ендеше біз сүйенген, неғұрлым жақсы сақталған үлгі 1926 жылы жазылған да, 1171-дегі мәтін одан бұрынғы неғұрлым кеңірек алынған бастапқы нұсқадан көшірілген болар деп санаймыз. 1171-дегі көшірмеде алдымен: “Қағазға жаза берсем кетер сыймай” — деп, басталатын 22-шумақтан кейін: “Жеткізген сондай жайға Алла тағалам” — дегенді мандай еткен 23-шумақ еңсе, шығарманың соңғы жағында: “Дүниеден біз де бір күн қылармыз көш” — деп басталатын 192-шумақтан кейін: “Ісінен дүние-ақырет хабары жоқ” — жолын бетке ұстаған 193-шумақ пен 216-шумақ аралығы, яғни 24 шумақ қосылады. Осы орайда Мәшһүр-Жүсіп жазбасының ең соңындағы: “Аруағын мен қозғадым өңшең ердің” — дегенді жалау еткен 217-шумақтың 1171де мүлде жоқ екенін ескерте кеткіміз келеді.

Бұл шығарма ең алғаш Мәшһүр-Жүсіптің 1926 жылғы жазбасы бойынша 192 шумақ көлемінде республикалық “Жұлдыз” журналында 1995 жылдың 11-12 сандарында (148-161б.) жарияланды (түсінік беріп, көшіріп ұсынушы — Ертай Қуандықұлы

Жүсіпов). Біз бұл жолы 1171 папка мәтіні бойынша толықтыру енгізіп, әрі түсініктерді кеңейтіп, ұсынып отырмыз. Ертай ұсынған жарияланымда орынды атап көрсетілгеніндей, Мәшһүр-Жүсіп жазбасы соңында шығарманың қандай жағдайда жазылғаны анық көрсетілген:

“Сарыарқадан бір замандарда қазақ халқы қажыға көп барған. Сонда ғарафада [37] айтуға ауыз бармайтын жаман жүкпалы дерт киіп кетіп, қажылар көп қырғын тапқан. Сонда Қыпшак; Молда баласынан Омар Ыбырайұлы өз үйінде ажалынан өлген. Шонтыбай қажы қырғыннан аман келіп, Омар орнына бата қыла келгенде, Батырқожа қажының үйінде Мәшһүр-Жүсіп қағазға жазып алып, сөйлегенде, естіген жандар су болып еріп кетті. Шонтыбай қажы екі-ақ ауыз сөзге шамасы келді. Бірі: “Шырағым-ай, сонда менің қасымда бірге жүріп пе едің!” – дейді. Бірі: “Тоғыз барған біз осының бір де – бірін білмейміз, қайдан бәрін жаттап, оқып-тоқып жүргенсің?” – деп, риза болып, батасын һәм нағам [38] хасәнін [39] зор берді. Сонан соң ақ Мәшһүр сөзі дәуірлеп көтеріле берді. Сонда Мәшһүр отыз бес жасында қара атпен жалғыз Бұхара, Ташкентке бет алып бара жатқан жолы еді. Хазірет сопы Аллажардың үш жол сөзімен бес жыл жүріп, аман-есен ырғап-жырғап үйіне қайтып келіп түскен”.

Сонымен бірге осы шығарманы баспаға ұсынғанда, жазған Е.Жүсіповтің мына бір пікірін де ескерусіз қалдырмауды жөн көрдік: “Бұл шығармадан қазақтардың ХІХ ғасырда қажыға қалай барғаны туралы мәліметтер алуға болады. Сол сықылды қазақ халқының сол кездегі наным-сенімі хақында мол деректер баршылық. Қажылыққа барған қазақтардың жолда көрген қиындықтары, бір-біріне жасаған ізгілік-қамқорлықтары бүгінгі ұрпақ үшін де өнеге берерлік мәнді. Қазіргі заманда сол кездегі қазақ қажыларының Мекке мен Мединедегі өмірі туралы мәліметтердің тапшылығын ескерсек, бұл еңбектің құндылығы арта түседі. (148-бет)”.

Шығармадағы араб, парсы сөздеріне түсініктер.

1. Сират – араб сөзі. Бұл арада “көпір, сын көпірі” мағынасында берілген;

2. Мүнәре – Мединедегі ғибадат орны болу керек. “Семей таңы” газетінің 1992 жылғы ақпанның 1-індегі санында Т.Арыновтың “Меккеге қай жолмен жүрген?” мақаласында 1883 жылы татар тілінде Қазанда басылған “Маңызды мәселелер кітабы”

материалдарын берген екен. Онда да “Медине Мүнөреге келдік”, – деген мәлімет кездеседі;

3. Харам-Шариф – “Шариф” сөзі мұсылман қауымында “белгілі, ізгі, атақты” ұғымын беруге қолданылса, “харам” сөзі тыйым салынған әдет-ғұрып жиынтығын (мәселен, қажылық кезінде қару асынуға, қырыну, жыныстық қатынасқа, т.б. тыйым салынуы) беруге қолданылады. Демек “белгілі бір әдет-ғұрыпқа уақытша тыйым салынған әйгілі орын”, – деп түсінген жөн деп санаймыз;

4. Михрәб – мешіттерде қасиетті Меккеге бағытталып, құбыланы көрсетіп, намаз оқуға арналған орын;

5. Баб – Мұсылман түсінігінде “баб” сөзі “қақпа” мағынасын беретінін ескерсек, “Әлсәлем қақпасы” деп есептеген жөн болар деп ойлаймыз;

6. Тәкие – қажылыққа барғандар жататын қонақүй тәрізді арнайы үй. “Семей таңы” газетінің 1990 жылғы қыркүйектің 22-сі санындағы Абай музейі қызметкері М.Бейсембаевтың “Құнанбайдың тәкиесі мен мешіті” мақаласында Құнанбай “1874 жылы қажыға барғанда, қазақ қажылары түсетұғын Меккеде бір “Тәкие” үй салып, құдайы қылып еді”, – деп жазылған. Мәшһүр-Жүсіп осы тәкиені айтып тұр ма, өлде басқасы ма, ол жағы белгісіз. Оны анықтау үшін Шонтыбай қажы туралы тағы да деректер жинау керек.

7. Пәруана – парсы сөзі: “Түн көбелегі” мағынасын береді;

8. Далил – жол көрсетуші. Жоғарыда аталған материалда 1883 жылы Қазанда басылған “Маңызды мәселелер кітабынан” келтірілген мынадай сөздер бар: “Далиларны: (жол көрсетушіні) басшы алып барып, Меккеге қайтқанша құры тұрғанымыз жоқ”;

9. худ тауы – Аллаға табыну керектігіне сенбеушілерден худ пайғамбардың жасырынған жері;

10. Байтолла – Байтулла – Алланың үйі – жоғарыда айтылған 1883 жылғы кітапта да осы аталым кездеседі: “Байтоллаға зират қылып, іштегі зиратларға зират қылдық...”;

11. Ихрам – қажылық кезінде мұсылмандар киетін арнайы киім;

12. Рида – ихрамның екі кесек матасының белді орайтын бөлігі;

13. Мумин – Иман келтірген;

14. Рукін – араб сөзі: “тірек, бағана” мағынасын береді;

15. Сафа, Маруа – Меккеге барғанда, қажылық рәсімін өтеу үшін адамдар осы екі тау арасында жүгіреді;

16. Арафат — Меккенің шығыс жағындағы төбелер;
17. Мұқфәл — араб сөзі: “жабық” мағынасын береді;
18. Мүздалифа — Мекке маңындағы жер аты. Жоғарыда келтірілген 1883 жылғы кітапта мынадай дерек бар: “Ақшамнан соң, жүріп түнде Мүздалифаға бардық. Мұнда атамыз Адамның, анамыз Хауаның ұрмақтан шығып, 200 жылдан кейін келіп табысқан жері екен”;
19. Уұқуф — араб сөзі: “аялдама” мағынасын береді. Бұл арада “Арафатта аялдама жасап тұрған жанның”, — деп түсінген жөн деп санаймыз;
20. Фейд-Әйд — парсы тілінде “мейрам” мағынасын береді;
21. Уәжіб — араб сөзі: “борыш, міндет” мағынасын ашуға қолданылып тұр;
22. Мине — Мекке маңындағы жер аты болу керек. Жоғарыда аталған 1883 жылғы кітаптағы мына дерек назар аудартады: “Күн сәске болғанда, Мине тағына келдік, құрбан шалдық”;
23. Шаһид — Шейт-Алла жолында қаза болу;
24. Қубайыс — Аби Қубайс тауы — Адам ата жерленген таудың аты;
25. Исафил — Аллаға ең жақын төрт періштенің бірі. Аңыз бойынша, ақыр заман болғанда, Исафил керней тартып, өліктер тірілуге тиіс. Мәшһүр-Жүсіп осыны ескертіп отыр деп ойлаймыз;
26. Әкбәр — “ең үлкен, ең зор” мағынасында қолданылып тұр;
27. Бәһра — араб сөзі: “үлес”, “пайда” ұғымын береді;
28. Қати-Қатеб — араб тілінде “Қабақ түю” мағынасын береді;
29. Мүрид — шәкірт, ерікті ізбасар;
30. Сүннәт — Мұхаммед істері, сөздері туралы Хадис жиынтығын білдіреді;
31. Тауап — “қасиетті орынға бару” ұғымын береді;
32. Зәки — араб сөзі: “1. Зерек, көреген; 2. “Ақылды, қабілетті” мағыналарын береді;
33. Бәдел — араб сөзі: “ауыстыру, алмастыру” мағынасында қолданылған;
34. Мәулед — Мәулет — “туған күн” ұғымын береді, демек “мәулед тойы” — “Мұхаммед пайғамбар туған күнді атап өту тойы”, — деп түсінген жөн. Өлеңнің бұдан кейін берілген: “Той қылып дүйсенбі күн мәулед мейрам, // Оқытқан пайғамбарға құран-хатым” — жолдары да осы ойды дәлелдей түседі;

16. Арафат – Меккенің шығыс жағындағы төбелер;
17. Мұқфәл – араб сөзі: “жабық” мағынасын береді;
18. Мұздалифа – Мекке маңындағы жер аты. Жоғарыда келтірілген 1883 жылғы кітапта мынадай дерек бар: “Ақшамдан соң, жүріп түнде Мұздалифаға бардық. Мұнда атамыз Адамның анамыз Хауаның ұрмақтан шығып, 200 жылдан кейін келіп табысқан жері екен”;
19. Уұқуф – араб сөзі: “аялдама” мағынасын береді. Бұл арада “Арафатта аялдама жасап тұрған жанның”, – деп түсінген жөн деп санаймыз;
20. Ғейд-Әйд – парсы тілінде “мейрам” мағынасын береді;
21. Уәжіб – араб сөзі: “борыш, міндет” мағынасын ашуға қолданылып тұр;
22. Мине – Мекке маңындағы жер аты болу керек. Жоғарыда аталған 1883 жылғы кітаптағы мына дерек назар аударғанды: “Күн сәске болғанда, Мине тағына келдік, құрбан шалдық”;
23. Шаһид – Шейт-Алла жолында қаза болу;
24. Қубайыс – Аби Қубайс тауы – Адам ата жерленген таудың аты;
25. Исафил – Аллаға ең жақын төрт періштенің бірі. Аңыз бойынша, ақыр заман болғанда, Исафил керней тартып, өліктер тірілуге тиіс. Мәшһүр-Жүсіп осыны ескертіп отыр деп ойлаймыз;
26. Әкбәр – “ең үлкен, ең зор” мағынасында қолданылып тұр;
27. Бәһра – араб сөзі: “үлес”, “пайда” ұғымын береді;
28. Қати-Қатеб – араб тілінде “Қабақ түю” мағынасын береді;
29. Мүрид – шәкірт, ерікті ізбасар;
30. Сүннәт – Мұхаммед істері, сөздері туралы Хадис жинтығын білдіреді;
31. Тауап – “қасиетті орынға бару” ұғымын береді;
32. Зәки – араб сөзі: “1. Зерек, көреген; 2. “Ақылды, қабілетті” мағыналарын береді;
33. Бәдел – араб сөзі: “ауыстыру, алмастыру” мағынасында қолданылған;
34. Мәулед – Мәулет – “туған күн” ұғымын береді, демек “мәулед тойы” – “Мұхаммед пайғамбар туған күнді атап ету тойы”, – деп түсінген жөн. Өлеңнің бұдан кейін берілген: “Той қылып дүйсенбі күн мәулед мейрам, // Оқытқан пайғамбарға құран-хатым” – жолдары да осы ойды дәлелдей түседі;

35. Мазһаб — діни ағым, діни мектеп, бағыт;
36. һәммә — қам жеу, қамқор болу. һәммәті — қамқор болуы;
37. Ғарафа — білу, тану;
38. Нағам — әуен, әуез, саз;
39. Хасән, хысән — жақсы.

Нүсіпхан.

Бұл туындының толық емес нұсқасы ең алғаш республикалық “Жұлдыз” журналының 1996 жылғы жетінші санында (142-162б.) жарияланды. Баспаға әзірлеген — Бейсенбай Байғалы. Осы орайда ескеретін жайт: журналда шығарма авторының белгісіз болып көрсетілгені және туындының бас қаһарманы Нүсіпхан емес, Түсіпхан болып алынып, “Қисса Түсіпхан” аталымымен берілгені. Сол жарияланған мәтіннің соңында-ақ (162-165б.) шығарма авторын т.с.с. анықтауға арналған 2 мақала жарық көрді. Оның бірі “Жұлдызға хат” деген атпен берілген, ақын немересі Сүйіндік Көпеев жазғаны да, екіншісі — Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданынан жолдаған Ж.Айдарханұлы мақаласы. Алдымен Ж.Айдарханұлы жазғанын толық келтірейік: “Менде көп жылдардан бері сақталып келе жатқан бір қисса (дастан) бар. Аты — “Нүсіпхан” (Кейде Түсіпхан деп те сирек те бөлса айтыла береді). Жасымнан жаттап өскен алғашқысын ертеректе қолдан шығарып алдым да, екіншісін, 80 жылдары Т.Жексенбиев ақсақалдан әрең тауып, оқып көрсем, бұрынғыдан көп жері жоқ, әрі аздаған айырмашылықтары бар екен. Бұрыннан жадымда жатталып қалған бірталай жерін қайта қосып, өзімше “редакциялап” тағы бір көшіріп шықтым. Араптың төте жазуымен жазылған бұл қолжазбаның қазіргі қолда бары, мендегісі осы нұсқа.

Оқиға мазмұнына келетін болсақ, өткен ғасырда өмір сүрген Семей өңіріндегі “Өнері асып туған арғын еліндегі” “Нүсіпхан” атты жігіт жайында. Бір атадан жалқы туып, төрт әйелінен бірде-бір перзент көрмеген, асқан байлығы мен қоса ақыл-парасатымен елге ерте танылған шағында, (25 жасында) мерт болады. Қасында шетінен сайыпқыран өңкей саңлақ өнерлі отыз жігітімен жәрмеңкеге барып, қайтар жолында жете алмай, Қызылжарда кенеттен жүрек ауруына шалдығады. Нүсіпханның ақтық демі алдындағы арыздасып, қоштасу зары ары қарай Абай мен Құнанбайға өлімін жұмбақтап естіртуі, ең соңында төрт әйелінің бәрі

(Біздіңше, “бәрі” – деп, журналда кате басылған, “бірі” болуы керек – Г.Ж.) Жамалдың жоқтау-жырымен, аға сұлтанға ілесіп Меккеге бармақшы болуы ойымен аяқталады.

Тарихи дерек бойынша аға сұлтан Құнанбай қажыға 1874 ж. барды десек, демек, бұл оқиға сол жылдармен тұспа-тұс келеді. Өйткені оқиға желісі, ой дәлдігі соны меңзейді.

“Нүсіпханды” – Абай төңіріндегі ақындардың біреуі шығарса керек-ті. Мұндағыға дейін, өз басым не Шәкерім, не Көкбайдікі деп келгенім бар. Кім жазса да, ақындық қуаты толысқан адамдікі. Бейнелі тіл ерекшелігі, көркемдік келбеті көп дастандардан көш ілгері. Өкініштісі, авторы дәл кім екендігін ешкім де дөп басып айта алмайды.

Әдебиеттен аздаған сауатым болғандықтан, біздегі газет-журнал беттерінен, не болмаса бұрын-соңды шыққан ғылыми-зерттеу еңбектерден бұл қисса туралы әлі күнге дейін ештеңе кездестіре алмадым. Мұқаң болса (Әуезов) ол кезде басқа емес екінші Абайымыз Шәкерімнің атын дұрыс атаудан жүрексінді. Мұқаңнан бөлек бұл туындыны білетін әдебиетшілеріміздің өзі, заманымызға жат пиғылды, діни сарынды, жалпақ тілмен айтқанда, бес күндік алдамшы пәни жалғанның опасыздығын айғақтайтын осындай талай аталы мұраға салғырт қарап, елеусіз қалдырды.

Халқымыздың қыруар қазынасының қолындағы осы бір бөлшегі, қазіргі оқырман талғамына татиды-ау десеңіздер. Көпшілік білсін, оқысын деген менікі ізгі ниет қана”. (164-165-беттер).

Біздіңше, қолда басқа дерек болмағандықтан, Ж.Айдарханұлы түрлі жорамалдар ұсынумен шектелсе, журналда алдымен берілген С.Көпеев мақаласындағы мына бір ойлар шығарма авторы кім екенін айқындауға негіз боларлық: “Бейбіт (Бейбіт Сапаралының Құнанбай қажы туралы жазғанына сілтеме жасалып отыр – Г.Ж.) жырдың толық нұсқасы белгілі архивші Бейсенбай Байғалидің қолында болса [керек]” – деп көрсете келе: “Түсіпхан, Жамал тағдыр-талайына қатысты құнды қазыналардың барлығы біздің заманға толық нұсқасында сақталып жетпеген” – деп көрсетеді жазбасында. Иә, бұл Құнанбай, Абай, Абайдың жан досы Түсіпхан және Жамал өміріне арналған жыр-дастан тағдыры жайлы болып отыр. Біз, осы екі ұдай пікірге қарап, жырдың толық нұсқасының не бар, не жоқ екеніне күмән келтіреміз. Енді менің айтпағым: осы жыр-дастанның толық түрі менің

қолымда барлығы жайлы. Бірақ, онда “Нүсіпхан” деп жазылған, яғни бас әрпі “Т” емес, “Н”. Мүмкін, қате көшірілген де болар. Менің қолыма түскен дерек бойынша “Нүсіпхан” дастаны Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің жас жігіт кезінде шығарған алғашқы дастандарының бірі болса керек. Ал, оның ел арасында кең таралуы Мәшһүрдің жақсы көретін шәкірттерінің бірі Әсет Найманбаевтың есімімен байланысты. Яғни, Әсет ақынның жатқа айтуы бойынша, ол дастан Семей, Тарбағатай, Жетісу, Шығыс Түркістан, сол сияқты Қызылжар өңіріне де көп тараған көрінеді.

Дастан былай басталады:

— Ақылға болмасақ та асқан дихан,

Жастықтың аркасында кездік жиһан.

Тыңдады жырымызды жақсы-жайсаң,

Болмаса да бұрынғы өткен батыр, бек-хан.

Көрмеген ешкім опа мал мен жаннан.

Аттанған кебін бөзбен бұл жалғаннан.

Ақыны Баянауыл, Керекудің,

Сөйлейді Мәшһүр-Жүсіп Нүсіпханнан.

Аралап губерниялық Семей жерін,

Тамсанттым өнеріммен Найман елің.

Мейман болып сол аймақта жатқанымда,

Естідім Тобықтының кемеңгерін, — деп, әрі қарай

сөйлеп кетеді.

Біз, мұны еш бұлтартпас дерек-шындық деп қабылдауымыз керек”. (163-бет).

Бұл шығарманың Мәшһүр-Жүсіптікі екендігін авторы айқын көрсетілген шығарма басталымындағы өлең жолдары ғана емес, оның жазылу стилі, ақынның исламды насихаттаған басқа да туындыларымен үндестікте алынғандығы т.с.с. анықтай түсетінін біз бұдан бұрынғы бір мақаламызда (М.Ж.Көпейұлының “Нүсіпхан” дастаны // ҚР БҒМ-нің ҰҒА Хабарлары, Тіл, Әдебиет сериясы, 2002, 2, 43-55б.) кеңірек сөз еттік. Бұл жолы шығарманы баспаға әзірлегенде, алдымен Сүйіндік Көпеев мұрағатында сақталған Биғожин Қаратай жазбасына сүйене отырып, сонымен қатар “Жұлдызда” жарияланған Бейсенбай Байғалы нұсқасымен салыстыру жүргіздік. Осы орайда өулеттік мұрағатта Шығыс Қазақстан облысы, Ақсуат ауданы, Көкжыра ауылы тұрғыны Тоқтағазин Бөкенбектің машинкаға басылған тап осы шығарманың үшінші бір — неғұрлым қысқарақ нұсқасы бар екенін еске салғымыз келеді. Неғұрлым қысқа десек те, бірер

шумақтар алғашқы екеуде де болмаған жағдайда осы үлгіден алынды. Мәселен: “Дұға қыл оқыған жан оқығанда”, — деп басталатын оныншы шумақ бастапқы екеуде жоқ. Бұл тұста “оқыған” және “оқығанда” — деген сөздер бір тармақта екі рет келіп, бірінбірі орынсыз қайталап тұрғанын, бізге жеткен нұсқаның ауызша айтылғанды тыңдау нәтижесі болуы мүмкіндігін, ауызша жеткізілгенде, жеке сөз, сөз тіркестері өзгеріп отыруы ықтималдығын ескеріп, “оқыған” сөзін квадрат жақша ішіндегі “тыңдаған” сөзімен ауыстырғанды жөн көрдік. Себебі бұл жырдың бұрын басу бетін көрмегенін, үнемі ауыздан-ауызға тарағанын, демек оқу емес, айту және тыңдау нәтижесінде авторы еске алынуды мүмкіндігін басшылыққа алдык. Тек оныншы шумақ емес: “Өлген пенде тірілмес бұл жалғанда” — дегенді маңдай еткен 47-шумақтың бастапқы екі жолы Биғожин Қаратай бойынша келтірілсе, оның: “Сүттен-ақ, балдан тәтті қайран етім, // Батырып арқан табын салмаңыздар”, — деген үшінші, төртінші тармақтары басқаларда орын алмағандықтан, тек Тоқтағазин Бөкенбек үлгісі бойынша енгізілді. Сонымен бірге: “Өнерлі жігіт үйренсін”, — дегенді алға ұстаған 122-шумақ және “Сұңқарым биік таудан кеткен асып”, — дегенді ту еткен 280-шумақ тек Тоқтағазин бойынша енгенін, яғни соңғы үлгіге сүйеніп, айналасы 14 жол қосылғанын еске саламыз. Тоқтағазин нұсқасында бастапқы бірінші шумақ болғанымен, 2-6-шумақтар, яғни айналасы 5 шумақ және ара-тұра жекелеген жолдар түсіп қалуын және осы 280-шумақпен тамамдалғанын ескерсек, жалпы көлемі 520 шумақ болатын шығарманың тең жарымына жуығы онда сақталғанына көз жеткіземіз.

Бастапқы екі нұсқаны өзара салыстырсақ, Биғожин Қаратайда бастапқы бірінші шумақ орын алмаса, Бейсенбай Байғалиде 2-8-шумақтар аралығы, яғни 7 шумақ мүлде жоқ. 9, 11 шумақтар (10-шумақтың екеуінде де жоқ екенін айттық) алғашқы екі үлгіде орайлас болса, “Кем болған адам емес ішпер астан”, — деп басталатын 12-шумақ Бейсенбай Байғалиде мүлде жоқ, ал Бейсенбайда 11-12-шумақтар былай басқаша өрілген:

Әркімге зейін, өнер Құдай берген,
Жақсының даңқы шығар талай жерден.
Түсіпхан бір атадан жалғыз екен
Өнері асып туған Арғын елден.
Мизамға шарифат пен бірдей жүйрік,
Кем емес дәрежесі шалқар көлден.

Жолында Қызылжардың дүние салып,
Үш жүздің баласына арыз жазған.
Жалғыз боп жаралыпты әуел бастан,
Үлгісі толып жатыр жұртқа шашқан.

[Жұлдыз, 7, 1996, 142-бет].

Көріп отырғанымыздай, Бейсенбайда бастапқысы 6 тармақтық, кейінгісі 4 тармақтық 2 шумақ қана болып, екі шумақ аралығында тармақ сәйкессіздігі орын алумен қатар, әсіресе екіншіде ұйқас сәйкеспеулері орын алса, бұл Қаратай үлгісінде үш шумаққа созылған, әрі ұйқасу сапасы да неғұрлым жақсы сақталған:

Әркімге зейін, өнер Құдай берген,
Жақсының даңқы шығар талай жерден.
Нүсіпхан ата-анадан жалғыз ұл боп,
Жасында молдалардың алдын көрген.

Кем болған адам емес ішер астан,
Әрдайым алғыс алған жолдас, достан.
Жалғыз боп үш атадан жаралыпты,
Келеді осылайша көп болмастан.

Дәулеті еш аз емес, шалқар көлдей,
Мизам мен шарифатқа жүйрік бірдей.
Жетім-жесір, көріпке жәрдем беріп,
Халқына қамқор екен асқар белдей.

Біз бұл жолы да, бұдан кейін де екі нұсқада сөз түрлішелігі, ұйқас әркелкілігі болған жағдайда ойдың айтылу ретін, ұйқастың неғұрлым жақсы сақталуын т.с.с. басшылыққа алып, неғұрлым сәтті деген үлгісін алып отырдық.

Қаратайда жоқ, тек Бейсенбайда бар шумақтарға арнайы көңіл бөлейік. Мәселен: “Шығыпты ұрығынан [ол] қарабас” – дегенді бетке ұстаған 14-шумақ Бейсенбай бойынша алынды. Сонымен қатар: “Жайнаған қарақаттай екі көзі” – жолын маңдай еткен 25-шумақ; “Ісіне Құдіреттің шара бар ма?” – деп басталатын 38-шумақ пен 42-шумақ аралығы; “Дарияны жарып шыққан шынар едім” – дегенді ту еткен 44-шумақ пен 46-шумақ аралығы (яғни айналасы 9 шумақ) Бейсенбай бойынша енгізілді. Сондай-ақ: “Сұраймын, жолдастарым, наныңыздар”, – деп басталатын 49-шумақ Бейсенбай бойынша алынса, “Айналайын, Құдай-ау, // Жараттың өзің адамды” – дегенді маңдай еткен 76-шумақтың бастапқы екі жолы екі нұсқада да бар болса, соңғы 2

жолы тек Бейсенбайға сүйеніп кіргізілгенін ескерген жөн. Мұндай тек Бейсенбай бойынша енгізілуді: “Тойымы жоқ, қара жер” — деп басталатын 95-шумақ жөнінде де айтуға болады. Бұған қоса: “Көпестің қызын бағалап” — дегенді бетке ұстаған 105-шумақ пен 108-шумақ аралығы (яғни айналасы 4 шумақ та) тек Бейсенбай бойынша толықтырылды. Сонымен бірге: “Ел қонып шөбін жемеген” — жолын ту еткен 124-шумақтың бастапқы екі жолы; “Асқар белі бар болса” — деп бет түзеген 148-шумақ пен “Жалғыз болып туған соң”, — дегенді алға тосқан 149-шумақтың бастапқы екі тармағы да тек Бейсенбай бойынша кіргенін атап өтеміз. Салыстыра қарау барысында: “Сыыр деген сол бір мал”, — деп басталатын 154-шумақ пен оған ілескен 155, 156-шумақтың (бұл 6 жолдық) да Бейсенбайға негіздеде орын тепкенін айтқан жөн. “Қаза келсе басыңа” — деп басталатын 179-шумақтың соңғы тармақтары және оған ілескен 180-шумақтың бастапқы екі жолы, соған іргелес 181-шумақтың соңғы 2 тармағы мен 182-нің және “Ініңнің жақсы туғаны” — деп басталатын 187-нің кейінгі 2 жолы да Бейсенбай бойынша енгізілгенін діндеу түпнұсқа жоқ жағдайда түрлі көшірмелерді салыстыра зерттеу ұтымдылығын дәлелдей түседі деп санаймыз.

Бейсенбайға сүйеніп шумақтар енгізу мұнымен шектелмейді. Мәселен: “Сөзіме айтқан наныңдар”, — деп басталатын 206-шумақ және оған ілескен 207-214 шумақтар, оған қоса: “Бетінен албыраған қаны кетті” — дегенді маңдай еткен 244-шумақ пен оған тіркескен 245-257-шумақтар; сонымен бірге: “Жүгі ауыр қара нарың мен болдым ғой” — дегенді алға ұстаған 275-шумақ; “Бір сұңқар жолдас болған отыз қарға” — дегенді ту еткен 279-шумақ; “Аға-ла-әйкум-мус-салам, Омарбегім”, — дегенді бетке ұстаған 282-шумақ; “Біреуді үйде, біреуді түзде алады”, — деп басталатын 284-шумақ пен оған іргелес 285-шумақ; “Құлақ сал, бұл сөзіме, Жамал келін” — дегенді маңдай еткен 435-шумақ пен оған іргелес 436, 437-шумақтар; “Кім бар мендей арманда” — дегенді алға шығарған 448-шумақ пен оған қапталдас 449-шумақ — бәрі Бейсенбай үлгісінің бұл дастанды әзірлеуге қомақты үлес қосқанын дәлелдесе керек. Осы орайда шығарма соңына қарай мұндай толықтырулар көбейе түскенін де ескерткен жөн: “Аузыма салып жалбардым”, — деп басталатын 453-шумақ пен оған ілескен 454-485 шумақтар аралығы; “Сенін болмас, байқасам” — дегенді маңдай еткен 489-шумақ — бұған айқын дәлел бола алады. Шығарманың соңғы бөлегі Қаратай жазбасында сақталмағандықтан,

ол тек Бейсенбай бойынша кіргізілді. Атап айтқанда: “Қылығың еске түскенде” — деп басталатын 499-шумақ пен оған ілескен 500-520-шумақтар аралығы Бейсенбай нұсқасы бойынша қосылды. Сонда Бейсенбай жазбасы бойынша енгізілген қосымша толық шумақтардың жалпы көлемі — 110 болады. Рет санын ғана келтіріп, нақтыласақ, ол былай болып шығады: 1, 14, 25-шумақ, 38-42 (айналасы — 5), 44-45 (айналасы 3 шумақ), 49, 95, 105-108 (айналасы — 4), 154-156 (айналасы — 3), 206-214 (айналасы — 9), 244-257 (айналасы — 14), 275, 279-280 (айналасы — 2), 282, 284-285 (айналасы — 2), 435-437 (айналасы — 3), 448-449 (айналасы — 2), 453-485 (айналасы — 33), 489, 499-520 (айналасы — 22) — бәрі 110 шумақ.

Енді енгізілген жарты шумақтарды есептесек, оның реттік сандары: 76, 117, 124, 148, 149, 179, 180, 181, 182, 187, 318, 366, 452 — яғни 13 шумақтың жарымы 6,5 шумаққа тең болады. Егер толық пен жарты шумақтарды қоса есептесек, 116,5 шумақ болып шығады. Бұл шумақтардың бәрі бірдей 4 жолдық емес, 6 жолдықтары да ұшырасатынын ескерген жөн.

Ал, жалпы шығарма көлемі 520 шумақ дегенде, оның ішінде 6 тармақтылары 16 екенін, 5 тармақтылары 3 екенін қоса ескерсек, шығарма көлемі 2115 тармақ екені анықталады.

Енді тек Қаратай бойынша енгізілген, ал Бейсенбайда жоқ шумақтарды да есепке аламыз. Олар: “Ақылға болмасақ та асқан диқан” — деп басталатын 2-шумақ пен оған ілескен 3-8-шумақтар; “Кем болған адам емес ішер астан” — дегенді ту еткен 12-шумақ; “Қызылжар аймағында Болатнай базар” — дегенді алға ұстаған 18-шумақ пен оған ілескен 19-шумақ; “Мұнарлап шыққан күнді бұлт басады” — дегенді маңдай қылған 27-шумақ пен оған ілескен 28-34 шумақтар; “Қүдіреті күшті тәңірім” — дегенді бетке алған 80-шумақ; “Қызылжарға барғанда” — деп басталатын 98-шумақ пен оған ілескен 99-103-шумақтар; “Қайыр-зекет бермесе” — жолын маңдай қылған 128-шумақ пен оған жапсарлас 129-шумақ; “Қамбар ата баласы” — тармағын ту еткен 152-шумақ пен оған іргелес 153-шумақ; “Жалғандағы тілегің естен қалмас” — деп, отау тіккен 222-шумақ; “Қақпаған Арғын-Қыпшақ шаужайыңа” — дегенді алға ұстаған 225-шумақ, “Айтайын мен сендерге бір ақылды” — деп басталатын 230-шумақ; “Арада бір аптадай жол жүріпті” — жолымен өріс ашқан 266-шумақ; “Сөзімнің бастан-аяқ амалын тап” — деп сап түзеген 319-шумақ; “Оралмай зымнан-зия болған сұңқар” — тармағын алға шығар-

ған 326-шумақ; “Тоқталмай Жамалдарға барғаннан соң” — деп басталатын 392-шумақ. Сонда Бейсенбайда мүлде жоқ толық шумақтардың саны — 36. Тек бір тармағы жоқ шумақ — саны — 4. Олар: “Нүсіпхан көп нәрсе алды сол базардан” — дегенді маңдай еткен 21-шумақ (Бейсенбайда тек 3-тармағы бар), “Күн сайын жөтел қысып шыдатпапты” — дегенді алға ұстаған 23-шумақ (тек 1-тармағы бар); “Шыққалы ол жеті күн ұзағалы” — жолын алға шығарған 24-шумақ (1-жолы ғана бар); “Келесің немене ойлап, қарақтарым” — жолынан бастау алған 26-шумақ (тек 1-тармағы бар).

Ал, жартысы бар, жартысы жоқ шумақ саны — 35. Атап айтқанда: 13, 16, 78, 82, 83, 87, 112, 114, 115, 118, 126, 130, 132, 136, 142, 143, 145, 171, 179, 196, 235, 237, 241, 272, 273, 325, 327, 399, 400, 405, 407, 419, 430, 433, 451. Егер мұны 17,5 шумаққа тең деп, бір жолы ғана жоқтарды 3 шумақ деп, оны толық жоқ 36 шумақ санына қоссақ, тек Қаратай бойынша енген шумақтар саны — 56,5 болып шығады.

Осы орайда біз тек көзге анық түскен жоқ пен барды тізгенімізді, ал, негізінен алғанда, ұйқас тәртібі, сөз қисынын басшылыққа алып, көбінесе Қаратай нұсқасына сүйенгенімізді атап өткіміз келеді. Мұның бәрі арада кемі 110-115 жыл өтіп, ондаған, жүздеген жатқа айтушылар, көшірушілер толқынын бастан кешіріп, бізге жеткен нұсқалардың әр жердегі көшірмелерін әлі де іздестіріп, жинақтай беру қажеттігін дәлелдейді. Қысқасы, ақынның көп туындылары бізге өз жазбасы, не сол жазбадан тікелей көшірушілер арқылы жетсе де, ара-тұра ел арасына тым кең таралғандықтан да, түрлі түсіп қалуларға, ішінара өзгерістерге ұшыраған бұл тәрізді жекелеген туындыларды зерттеу бірер жылда біте қалмайтын үлкен шаруа дегіміз келеді.

Шығарманың жазылу мерзімін 1887 жылы деп белгілегенде, Мәшһүр-Жүсіптің 3 рет: 29, 35, 48 жасында алысқа сапар шеккенін осы кітаптың жауапты редакторы Қуандыққа әкесі Мұхаммед-фазылдың кезінде ауызша мәлімдегенін ескердік. Шығарманың тап сол оқиғадан кейін көп ұзамай жазылғанын дйтесек, ол ақынның алғашқы сапарға шыққан жылына орайлас келеді.

Жантемір қажы.

Шығарма әулеттік мұрағатта сақталған: Мұхаммедфазыл, Жолмұрат көшірмелерін салыстыра отырып әзірленді. Мұхам-

медфазыл көшірген уақыт – 27.02.1929 жылы, Жолмұрат жазған мерзім – 25.01.1937 жылы екені көрсетілген. Негізінен алғанда, өшіп кету, түсіп қалулары жоқ және көбінесе біріне-бір толық сай келгенімен, ара-тұра жекелеген сөз қалаулар өзгешеліктері де ұшырасады. Мәселен, Мұхаммедфазылда екінші шумақ: “Ақынның сөз дарыған тіл-жағына, // Келтірген ойға алғанын ырағына” – болып берілсе, Жолмұратта екінші тармақ басындағы: “келтірген” сөзі орнына “келтірер” өрнегі қолданылған. Біз сөз қисынына қарап, “сөз дарыған” – деп, “ған” қосымшасын пайдаланып, өткен шақта алғаннан кейін, сонымен бір мезетте, яғни тағы да өткен шақта емес, соның жалғасы ретінде кейін іске асарлық “келтірер” үлгісі неғұрлым ұтымды деп таптық та, “келтірген” сөзін жақша ішінде кейін бергенді жөн көрдік. Сонымен бірге Мұхаммедфазылда: “Кеше Мұса, Секербай уақытында”, – делінсе (11-шумақтың 3-жолы), Жолмұратта: “Секербай, кеше Мұса заманында”, – деп берілген екен. Біз бұл тұста, Мәшһүр-Жүсіптің үнемі алдымен Секербайды емес, Мұсаны бірінші айтатынын, себебі Секербай Мұсаға орынбасар ретінде (керісінше емес) көзге түскенін басшылыққа алып, бастапқы үш сөзді Мұхаммедфазыл бойынша бердік. Осы орайда Жолмұраттың Алматыдағы ҚР Ғылым академиясында жиі болып, ондағы қолжазбаларды реттеуге, көшіруге қатысқанын, демек ондағы ақынға жанашыр, білікті зиялылардың: “Заман талабы солай” – деген кеңесі бойынша мүмкін болған жерде кеңес үкіметіне ұнамайтындарды кейін атау, тіпті ара-тұра кедей рухына лайық сөздерді енгізіп жіберу мүмкіндігін де ескерген жөн. Ал, Мұхаммедфазылдағы соңғы “уақытында” сөзінен гөрі Жолмұраттағы: “заманында” – деп берілген ұғым мағынасы кеңірек, әрі ақын стиліне неғұрлым жақын деп санадық та, кейінгіні Жолмұрат бойынша келтірдік.

Жолмұратта отызыншы шумақ былай өрілген:

Анадан енді тумас мұндай кісі,
Таусылмас жазсам қанша қылған ісі:
Он бес пен жиырма бесте бой сымбаты,
Ажары, мінезі мен қылған ісі.

Мұхаммедфазылда бастапқы екі жол Жолмұратқа толық сай алынғанымен, соңғы тармақтар басқаша келтірілген:

Он бес пен жиырма бес күніндегі,
Бой, сымбат, әр мүше мен ажар түсі!

Біздіңше, екінші жол аяғындағы: “қылған ісі” — сөздерін төртіншіде тармақ соңында орынсыз қайталаған Жолмұрат нұскасынан гөрі, әрі қайталауы жоқ, әрі азамат көріктілігін ашарлық деталдарды соңғы тармаққа шегелеген Мұхамедфазыл үлгісі түпнұсқаға неғұрлым жақын деуге негіз толық.

Сондай-ақ Жолмұратта 34-шумақ мына қалыпта отау тіккен:

Еді ғой бір келмейтін ердің ері,

Халқына бар еді ғой керек жері.

Ұлыққа жетіп барып ауыз айтқан

Жөкеңнің сондағы айтқан мынау сөзі:

Ал, Мұхаммедфазылда төртінші тармақ мүлде басқаша берілген: “Сөзінің сондағы еді мынау түрі”. Біздіңше, ұйқас тәртібімен өлшесек, бастапқы жолдар аяғындағы: “ердің ері”, “керек жері” — деген ұйқас құраған сөз орамдарымен ұйқасуға “мынау сөзі” тіркемі емес, “мынау түрі” — өрнегі көбірек сұранып тұрғанын байқау қиын емес. Тіпті соңғы: “ері”, “жері” сөздеріндегі басты ырғақты “р” дыбысы ұстап тұрғандықтан да, сол “р”-ға “з” дыбысы емес, Мұхаммедфазылдағы “р” неғұрлым жақын екендігі де анық.

Сонымен бірге Жолмұратта 39-шумақ былай өрілген:

Ісіңіз қылып тұрған осы күнгі —

Асыл зат екендіктен берді белгі.

Қазақты мұнан былай аралаушы

Ұлыққа бір жақсы өрнек, бердің үлгі.

Мұхаммедфазылда тағы да төртінші жол сөл басқаша алынған: “Ұлыққа бір жақсы өрнек, салдың белгі”. Біздіңше, екінші тармақ: “берді белгі” — деп аяқталған соң-ақ, төртіншінің соңында да “бердің” сөзін енгізіп, бұл создерді қайталай бергеннен де, Мұхаммедфазылдағы “салдың” сөзі неғұрлым ұтымды екенін байқау қиын емес. Сонымен қатар 2-тармақ соңындағы “белгі” сөзін қайталаған Мұхаммедфазылдың 4-тармақ аяғындағы “белгі” өрнегінен де, Жолмұраттағы “үлгі” нақышы қонымдырақ деп санадық.

Сондай-ақ Жолмұратта 50-шумақтың соңғы жолы: “Һәм-матпен талап қылып қақыға жүрді”, - деп берілсе, келер 51-шумақтың үшінші жолы: “Һәмматпен бұл сапарға барғанына” — делініп, “Һәмматпен” сөзі шумақ аралатпай екі рет қайталанса, Мұхаммедфазылда соңғы “Һәмматпен” орнына “көркейіп” сөзі алынған екен. Біз сөз қисынын, ақын стилін т.с.с. басшылыққа алып, кейінгі нұсқадағыны кіргіздік.

Сол тәрізді Жолмұратта 55-шумақ: “Бәйгеден айқын келген қырғын көк-ті” – деп басталса, Мұхаммедфазылда тап осы жол: “Бәйгеден айқын озған қырғын көк-ті” – деп келтірілген екен. Біз “келген” сөзінен де “озған” сөзі жүйрік сипатын аса түсуге неғұрлым жуық деп санадық.

Біраз ретте Мұхаммедфазыл үлгісі алынса, енді бірде Жолмұрат нұсқасы енгізілетінін біз бастапқыда біраз айттық, тағы бірер үлгі келтіреміз. Мұхаммедфазылда 72-шумақтың соңғы жолдары: “Тік көтеріп жолынан былай қойып, // Қара жолды қылмай ма алдын ашып?!” – деген қалыпта шаңырақ көтерсе, Жолмұратта сәл басқаша: “Тік көтеріп алдынан былай қойып, // Қара жолды салмай ма алдын ашып?!”. Біздіңше, Мұхаммедфазылда алғашқы жолда: “жолынан”, кейінгіде “жолды” сөздері алынса, Жолмұратта әрі “жол” сөзі қайталанбауы, әрі сурет дәлдігі басым. Салыстырсақ: “Қара жолды қылмай ма” – дегеннен де “қара жолды салмай ма” – өрнегі сурет нақтылығы тұрғысынан да өзіне назар аударта алады.

Шығарманың жалпы көлемі – 116 шумақ, яғни 464 тармақ. Туындының шағын үзіндісі: 21 шумақ, яғни бестің біріне жетпейтін бөлегі бұған дейін Мәшһүр-Жүсіп таңдамалысының бірінші томында (Алматы, Ғылым, 1990, 135-137-беттер) “Жантемірге” деген атпен берілсе, толық үлгісі республикалық “Сарыарқа” журналының 1998 жылғы 6-санында (78-83б.) жарияланды. Кейінгіге түсінік жазып баспаға ұсынған – Гүлназ Жүсіпова. Бү жолы салыстыру, сұрыптаудан өткен ең жетілдірілген нұсқасын ұсынып отырмыз.

Мазмұны

I. Аңыз дастандар	3
Ібіліс шайтан хикаясы	3
Ақыреттің егіні	16
Яхуда, Патрос өңгімесі	34
Опасыз әйел	42
Әдһам диуана және Ибраһим.	55
Екі жігіт пен бір шалдың өңгімесі.	101
II. Мұхаммед пайғамбарға арналған дастандар	113
Хаятбақшы.	113
Пайғамбардың дүниеден өтуі	175
III. Мұхаммед ізбасарларын бейнелеген шығармалар	193
Ахтам хазірет һәм Ғалы батыр	193
Сараң бай мен Ғалы арыстан	222
Ғалының мырзалығы.	235
IV. Деректі дастандар	243
Шонгыбай қажы	243
Нүсіпхан	268
Жантемір қажы	327
Түсініктер	340